Қосымша диск

Оқу-әдістемелік құрал Учебно-методическое пособие

A1

Элементарный уровень

Қарапайым деңгей

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

# ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

АСТАНА 2011

Элементарный уровень

A1

Қарапайым деңгей

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

# ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7
Т 93

«Тіл – құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралын» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әзірледі

**Пікір жазғандар:**
Р.Ә. Авакова, С.Ш. Ақымбек, А.М. Алдаш, Е.Қ. Әбдірәсілов, Ж.Р. Әмірова, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.А. Досжан, Т.Н. Ермекова, А.Ә. Жаңабекова, А.Ж. Жапбаров, Ш.К. Жаркинбекова, О.С. Жұбаева, Е.А. Журавлева, А.Ф. Зейнулина, З.С. Күзекова, С.Б. Қоянбекова, Г.А. Мұратова, Х.А.Ордабекова, Г.Т. Өтелбай

Т 93 **Тіл–құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы** / Авторлар: М.Қ. Мамаева, М.С. Жолшаева, М.С. Жылқыбаева, С.М. Иманқұлова, Н.Ж. Егізбаева, Р.Т. Наралиева, Л.Қ. Тұрабаева, Г.М. Текесбаева, Б.Т. Күзембаева, С.К. Нарынбекова, А.М. Байғұтова, Ж.Т. Құлмағанбетова – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 250 бет.

Қазақ тілін меңгерудің қарапайым деңгейін бағалау мақсатында тестілеу әдісімен емтихан тапсыру үшін дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құралында тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және емтиханға дайындалудың тиімді жолдары мен әдістері ұсынылған.

Басылым – азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің әдістемелік материалдарының бір бөлігі.

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін екінші тіл ретінде, шетел тілі ретінде үйренушілерге, тест тапсырушыларға, сондай-ақ оқытушылар мен маман әдіскерлерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне және көпшілік тіл үйренушілерге арналған.

Учебно-методическое пособие предназначено для подготовки к сдаче экзамена по оценке элементарного уровня владения казахским языком способом тестирования. В учебном пособии представлен материал по таким видам речевой деятельности как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической структуре языка, также предлагаются эффективные методы и приемы подготовки к экзамену.

Данное издание является одной из структурных частей методических материалов системы оценки уровня владения казахским языком – КАЗТЕСТ.

Учебно-методическое пособие предназначено для изучающих казахский язык как иностранный, как второй язык, для тех, кто готовится к тесту, для преподавателей и методистов, студентов, а также для широкого круга читателей, изучающих язык.

ISBN 978-601-7185-45-9
УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7

© Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, 2011
© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2011

# МАЗМҰНЫ


Кіріспе........................................................................................ 4
Түсініктеме................................................................................... 8
**I тарау. ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ**........................................................... 10
Тыңдалым бөлігіне шолу.................................................................. 11
**1.** Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест................................................. 14
**2.** Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау............................... 19
**3.** Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест................................................ 29

**II тарау. ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК**.................................. 34
Лексика-грамматикалық бөлікке шолу............................................... 35
**1.** Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест.............................. 37
**2.** Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау....... 49
**3.** Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест........................... 106

**IIIтарау. ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ**................................................................. 118
Оқылым бөлігіне шолу..................................................................... 119
**1.** Оқылым бөлігі. Алдын ала тест.................................................... 121
**2.** Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.................................. 131
**3.** Оқылым бөлігі. Қорытынды тест................................................... 150

**IVтарау. ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІ**.............................................................. 162
Жазылым бөлігіне шолу.................................................................... 163
1. Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар..................................... 165
2. Жазылым бөлігі. Тапсырмаларды талдау....................................... 166
3. Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар.................................... 179

**V тарау. ҚОСЫМШАЛАР**.................................................................... 180
**1.** Тыңдалым бөлігінің қосымшасы...................................................... 181
**2.** Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы................................ 188
**3.** Оқылым бөлігінің қосымшасы ........................................................ 208
**4.** Жазылым бөлігінің қосымшасы ..................................................... 218

**5.** Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері........................................ 229

**6.** Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері........................................................................................ 236

**7.** Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері..... 238

**8.**Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері............................................ 240

**ӘДЕБИЕТТЕР**...................................................................................... 248

# КІРІСПЕ

Тіл үйренушінің басты мақсаты және арманы – сол тілде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Осыған байланысты қазіргі кезеңде тілді үйретудің әлемдік практикасында ең тиімді бағыт ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастықта, белгілі бір жүйеде пайдалана отырып, тілді деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл әдістеме, ең алдымен, оқыту материалдарын «қарапайымнан күрделіге қарай» ұстанымы бойынша орналастыру арқылы тілді үйренудің оңтайлы екендігін, тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді жолдарын айқын дәлелдеп берді. Деңгейлік жүйеде оқытудың бағыттары одан әрі тереңдетіле түсті; осының нәтижесінде әлемде ағылшын тілін үйретудің оңтайлы әдістері жинақталған, тіл үйренушінің тілдік дағдыларының қалыптасуына көмек беретін саналуан оқу-әдістемелік құралдар, шет тілі ретінде ағылшын тілінен емтихан тапсыруға арналған тест жүйесінің кешендері жарық көрді. Әсіресе, тілді шет тілі дәрежесінде меңгерудің деңгейін анықтауға арналған тест жүйесінің, тест тапсыру үшін өз бетінше дайындалуға ықпал ететін оқу-әдістемелік құралдардың маңызы жоғары. Осындай материалдарды пайдаланудың нәтижесінде тіл үйренуші тіл меңгеру сабақтары мен әдістері арқылы нақты бір деңгейге (мысалы, базалық деңгейге) қажетті тілдік құрылымдарды меңгерген соң дәл сол деңгейде тілді меңгергендігін растайтын емтихан бар екенін және ол емтихан мақсатына қарай әртүрлі талаптармен ұсынылатынын біледі, сондықтан емтихан тапсырмаларын түсіну арқылы тіл меңгерудегі білімін одан әрі шыңдай түседі.

Мұндай оқу-әдістемелік құралдар тест бөліктері, яғни тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктер бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуын нақтылайды.

Тіл үйренушіге ыңғайлы тәсілдер бойынша жылдар бойы жинақталған тәжірибені ескере отырып, ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарда алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы тіл меңгеру дәрежесі анықталады, содан соң әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырма мазмұны түсіндіріледі, тапсырма мазмұнын түсіну арқылы оқулық тілдік құрылымды толық түсінуге септігін тигізеді. Осы кезеңдерден соң тапсырмаларға қатысты жаттығулар беріледі. Бұл жаттығулар да тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Қорытынды тест бөлігі алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан тілдік құзыреттіліктерді тексеру тапсырмалары ретінде беріледі. Әрбір тест тапсырмаларының жауаптары оқу-әдістемелік құрал соңындағы қосымшада беріліп отырады, яғни тіл үйренушінің әрбір кезең сайын өзінің жауаптарын тексеріп отыруға мүмкіндігі бар. Жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері үшін аудиожазбалар компакт-дискіде қосымша беріліп отырады. Бұл тәсіл де сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, тапсырмалардың маңыздылығы мен негізгі мән берілетін тұстарын есте сақтау қабілеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру бағытында тіл үйренушілерге әртүрлі әдістемелер бойынша оқу құралдары, сөздіктер мен грамматикалық анықтағыштар, тілді меңгеруді бағалаудың құралдары, ақпараттық сүйемелдеулер, сондай-ақ БАҚ материалдары ұсынылып келеді. Соңғы 15-20 жыл көлемінде өзге тілді аудиторияларға арналып жарияланған сан түрлі оқулықтар мен оқу құралдарының, басқа да лингводидактикалық материалдардың республика өкілдеріне тілді үйрету, меңгерту, сайып келгенде, Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқандығын айрықша атап өтуге тиіспіз.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің халықаралық жүйелермен ұқсастығы бар. ҚАЗТЕСТ жүйесі екі түрлі арнамен беріледі: бірі шетел тілі ретінде тіл үйренушінің тіл меңгеру деңгейін бағаласа, енді бірі қазақ тілін екінші тіл ретінде бағалауға бағытталған. Тест құрамы тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктерден тұрады. Әрбір бөліктер бойынша тапсырмалар «өте оңай тапсырмадан күрделіге» қағидатын негізге ала отырып құрастырылған. Тест тапсырмаларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын мемлекеттік стандарттар* негізінде анықталады

.

Тапсырмалардың өзі тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негізделіп тілдік ортада тіл қолдану мүмкіндіктеріне бағытталған. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер дәрежесінде тіл меңгеру деңгейлерін бағалауға болады. Бұл деңгейлер халықаралық тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген. Деңгейден деңгейге өтуде сабақтастық қағидаты сақталып отырады, төменгі деңгейде белгілі бір тақырып бойынша өте қарапайым тапсырма берілсе, одан жоғары деңгейде дәл сол тақырып қарастырылады, бірақ сөздік қоры да күрделірек, тапсырма түрі де қиынырақ болып келеді.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдың ерекшелігі жоғарыда айтылғандай тест құрамындағы сөйлеу әрекетінің түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық құрылым бойынша тест тапсырмаларына тоқталып, талдап, қорытынды тест тапсыру арқылы тілдік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгеруге жету үшін 100-120 оқу сағаты қажет деп есептеледі.

Қазақ тілін меңгеруде бұл еңбек өз тиімділігін берер деген ниетпен тіл үйренушіге сәттілік тілейміз!

---

* *1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».*
*2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».*
*3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».*
*4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».*
*5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».*

# ВВЕДЕНИЕ

Основная цель при обучении языку – достичь уровня, позволяющего излагать свои мысли на данном языке. В связи с этим на современном этапе в мировой практике обучения языкам одной из передовых является методика поуровневого обучения, использующая в качестве наиболее эффективного способа изучения видов речевой деятельности во взаимосвязи и единой системе. Такого рода методика доказывает, что обучение языку посредством соблюдения принципа расположения учебного материала «от простого к сложному» является наиболее приемлемым и определяет наиболее эффективные способы формирования речевых навыков. Обучение языку по уровневой системе более углублено, благодаря этому разработаны эффективные методы обучения английскому языку, изданы многочисленные учебно-методические пособия для формирования речевых навыков пользователя языка, комплексы тестовых заданий для сдачи экзамена по английскому языку как иностранному. Особое значение приобретает при этом система тестирования для определения уровня владения языком как иностранным, а также учебно-методические пособия, предназначенные для самостоятельной подготовки к тестированию. В результате их изучения для пользователя языка после усвоения определенных навыков, необходимых для того или иного уровня (к примеру базового), зная о существовании экзамена, подтверждающего владение языком на данном уровне и о том, что в зависимости от цели к сдаче экзамена предъявляются определенные требования, выполнение экзаменационных заданий способствует совершенствованию знаний и навыков.

Подобные учебно-методические пособия способствуют формированию навыков по видам речевой деятельности, предлагая анализ тестовых заданий по таким блокам теста, как аудирование, чтение, письмо, а также лексико-грамматическая структура языка.

Учитывая опыт применения наиболее эффективных методов для пользователя языка, совершенствующийся в течение многих лет, в представленных учебно-методических пособиях для начала с помощью проверочного теста определяется уровень пользователя языка, затем идет разъяснение заданий по каждому блоку путем неоднократного анализа однотипных заданий. Таким образом, данные пособия, предлагая задания, содержание которых необходимо усвоить, способствуют пониманию языковой структуры языка. После прохождения данных этапов предлагаются упражнения, вытекающие из заданий. Задания помогают пользователю языка понять специфику языка и закрепить сформированные навыки. Блок итогового теста основан на заданиях для проверки усвоенных ранее языковых умений и навыков. Ответы к тестам по каждому блоку даются в Приложении к учебно-методическому пособию, что дает возможность пользователю языка сверять ответы на каждом этапе. Раздел упражнений предусматривает использование пособия и в качестве рабочей тетради. К блокам Аудирование и Письмо прилагаются компакт-диски с аудиозаписями текстов, что способствует правильному формированию орфоэпических норм языка, запоминанию содержания заданий и основных моментов, на которые необходимо обратить внимание.

На современном этапе для тех, кто изучает казахский язык, предлагается широкий спектр учебно-методических комплексов: учебные пособия, составленные по различным методикам, словари и грамматические справочники, пособия, предназначенные для оценки уровня языка, информационная поддержка и материалы средств массовой информации. Следует подчеркнуть, что опубликованные за последние 15-20 лет многочисленные учебники, учебные пособия и другие лингводидактические материалы по обучению казахскому языку иноязычной аудитории внесли значительный вклад в реализацию языковой политики Республики Казахстан.

Отечественная система оценки уровня владения казахским языком – КАЗТЕСТ аналогична международным системам. Система КАЗТЕСТ представлена в двух направлениях, первый из которых оценивает усвоение казахского языка как иностранного, второй – усвоение казахского языка как второго. Тест состоит из таких блоков, как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической части. Задания каждого блока составлены в соответствии с принципом «от простого к сложному». Особенности формирования тестовых заданий основаны на государственных стандартах, определяющих требования к коммуникативным языковым компетенциям владения казахским языком.*

Задания в зависимости от уровня владения языком направлены на формирование умения пользователя языка употреблять язык в языковой среде в соответствии с потребностями повседневной жизни и среды окружения. Система КАЗТЕСТ позволяет выявить такие уровни владения казахским языком, как элементарный, базовый, средний, уровень выше среднего и высокий уровни, которые соответствуют международным уровням владения языком. При переходе от одного уровня к другому соблюдается принцип преемственности. Если на первоначальном уровне даны простые задания на определенную тему, то на более высоком уровне предлагается эта же тема, но усложняется словарный запас и сами задания.

Особенность предлагаемого учебно-методического пособия заключается в том, что приведенный анализ тестовых заданий и итоговые тесты по таким видам речевой деятельности, как аудирование, чтение, письмо, а также лексико-грамматическая структура языка, способствуют формированию языковых навыков. Для достижения элементарного уровня владения казахским языком считается необходимым 100-120 учебных часов.

Каждому, кто изучает казахский язык желаем больших успехов и надеемся, что наше пособие поможет Вам в этом!

---

* *1. СТ РК 1926-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Элементарный уровень. Общее владение».*
*2. СТ РК 1928-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Базовый уровень. Общее владение».*
*3. СТ РК 1929-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Средний уровень. Общее владение».*
*4. СТ РК 1925-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Уровень выше среднего. Общее владение».*
*5. СТ РК 1927-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Высокий уровень. Общее владение».*

# Құрметті Тіл үйренуші!

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлерде меңгеру үшін тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық бөліктері бойынша қазақ тілін меңгерудің емтиханына дайындық құралы ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралды әрбір бөлік бойынша тест тапсырмаларының түрлері, оларға дұрыс жауап берудің әдістері, әрбір бөлімдердегі тест тапсырмаларының дұрыс жауаптарының кілттері Сіз үшін ыңғайлы болу тұрғысынан берілген.

Оқу-әдістемелік құралдың құрылымы төмендегідей:

1) Алдымен тест тапсырып көруге мүмкіндік беріледі, бұл үшін алдын ала тест ұсынылған;

2) әртүрлі тест тапсырмаларына талдау жасалады, талдау арқылы тілдік құрылымдарды еске түсіріп, оларды нақтырақ түсінуге болады;

3) қорытынды тест арқылы біліміңізді шыңдауға мүмкіндік бар;

4) қосымшада жаттығулар мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері келтірілген.

Алдымен сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша бөліктерге шолу жасалады. Тест тапсырмаларының түрлеріне сипаттама берілген соң алдын ала тест тапсыруға мүмкіндік қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері бойынша репликалар, диалогтер, монологтер мен мәтіндер компакт-дискіде қосымша беріледі. Мүмкіндігінше аудиоматериалдарды бір рет қана тыңдау керек. Бұл өз ретінде есте сақтау мен сөздік қордың қалыптасуына септігін тигізеді.

Тест талдау бөлімінде бөліктер бойынша түрлері мен күрделілік дәрежесіне қарай тест тапсырмаларына түсіндірме жасалады. Тест тапсырмасының жауап нұсқаларына талдау жасалады немесе қазақ тілінің тілдік құрылымдары бойынша қысқаша түсіндірме беріледі. Алайда дұрыс жауап нұсқасы мақсатты түрде әдейі көрсетілмейді. Талдаудан дұрыс жауапты түсініп, саралап табу өзіңізге қалдырылады. Бұл тәсіл де тілді меңгеруге деген ұмтылысты күшейте түсетіні анық.

Тест талдау бөліміндегі шыңдаған біліміңіз арқылы алдын ала тест тапсырудағы кемшіліктеріңізді Қорытынды тест бөлімінде түзетерсіз деген үміттеміз. Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары да алдыңғы бөліктерге мазмұны бойынша ұқсас болғанымен, материалды кеңірек қамту мақсатында өзге де тақырыптар мен жағдаяттар қарастырылады.

Қосымша бөліміндегі тілдік құрылымдар бойынша әзірленген анықтамалар, жаттығулар мен әртүрлі мысалдар қазақ тілі бойынша біліміңізді шыңдайды.

Тест талдау бөлімінде Т́ белгісі («түсіндіру», «талдау» сөздерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Т» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасы бойынша талдау немесе түсіндірменің басталған жерін білдіреді.

Ė белгісі («ескерту», «ескертпе», «еске түсіру», «еске салу» сөздері мен сөз тіркестерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Е» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасына қатысты қазақ тілінің тілдік құрылымы бойынша ескерту немесе грамматикалық элементтерді еске салу бөлігінің басталғанын анықтайды.

Қосымшаларда берілген анықтамалар, мысалдар мен өз бетінше орындауға берілген жаттығулар сіздің қазақ тілінен біліміңізді тереңдете түсетініне сенеміз!

Қазақ тілін үйренуге деген ұмтылысыңызға сәттілік тілейміз!

# Уважаемый Пользователь языка!

Учебно-методическое пособие рекомендовано для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком на элементарном, базовом, среднем, уровне выше среднего, высоком уровнях в соответствии с такими видами речевой деятельности, как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматическая структура языка. Для эффективной подготовки в учебно-методическом пособии представлены виды тестовых заданий по каждому блоку, способы определения правильных ответов, ключи правильных ответов тестовых заданий.

Структура данного учебно-методического пособия такова:

1) перед тем, как приступить к разбору заданий предоставляется возможность сдать предварительный тест;

2) далее приведен анализ разных видов заданий, что позволяет освежить в памяти и лучше усвоить языковую структуру;

3) с помощью итогового теста предоставляется возможность закрепить свои знания;

4) в приложении приведены упражнения и ключи правильных ответов тестовых заданий.

Для начала приведен обзор каждого блока по видам речевой деятельности. После описания вида речевой деятельности следует предварительный тест. Реплики, диалоги, монологи и тексты по блокам Аудирование и Письмо прилагаются на компакт-диске. По возможности аудиоматериал следует прослушать не более одного раза. Это оказывает влияние на формирование словарного запаса и закрепление его в памяти.

В разделе анализа тестов даются пояснения и разъяснения к различным видам тестовых заданий по степени сложности. Варианты ответов тестовых заданий подробно анализируются, либо даются краткие разъяснения по языковым конструкциям казахского языка. Но варианты правильных ответов не указываются намеренно. Умение понять и на основе анализа определить правильный ответ оставлено за Вами, что также усиливает стремление к усвоению языка.

Надеемся, что после усвоения анализа заданий пробелы, которые были допущены в предварительном тестировании будут отработаны и успешно выполнены в разделе итогового тестирования. Несмотря на то, что тестовые задания данного раздела схожи по структуре с предыдущими, здесь предусмотрены другие темы и ситуации с целью охвата большего объема материала.

Правила, справочная информация, упражнения и различные примеры, приведенные в приложении, помогут Вам закрепить свои знания по казахскому языку.

В разделе анализа тестовых заданий знак Т́ (выбрана начальная буква слов түсіндіру – «разъяснение, толкование», талдау – «анализ» и использована иная форма традиционной буквы «Т») означает начало анализа или пояснения к тестовому заданию.

Знак Ė (выбрана начальная буква слов ескерту – «примечание», ескертпе, еске салу, еске түсіру – «напоминание» и использована иная форма традиционной буквы «Е») означает начало информации по языковым конструкциям казахского языка или грамматическим элементам, на которую необходимо обратить внимание, закрепить в памяти.

Искренне верим в то, что справочная информация, примеры и упражнения для самостоятельной работы, данные в приложении, помогут Вам углубить знания по казахскому языку.

Желаем успехов в изучении казахского языка!

I тарау

# Тыңдалым бөлігі

# Аудирование

- Тыңдалым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

# Тыңдалым бөлігіне шолу

Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгеруді бағалауға арналған тыңдалым бөлігі бойынша тест 4 бөлімнен тұрады.

**Бірінші бөлімде** күнделікті өмірде жиі қолданылатын бір сұрақ немесе репликадан тұратын 5 тапсырма беріледі. Тест тапсырмаларында қызметі, мекенжайы, хал-жағдайы, уақыт, ауа райы, жыл мезгілдері, туыстық атаулар және т.б. сұрақтар мен өтіну мәніндегі сөйлемдер қолданылады. Тапсырма қойылған сұрақты немесе айтылған репликаны дұрыс түсініп, дұрыс жауап беруге арналған. Дұрыс жауап нұсқасы қазіргі ауызша сөйлеу ережесіне, этикалық нормаға сай грамматикалық тұрғыдан сауатты болуы қажет. Сұрақтар мен реплика ауызша сөйлеу негізінде құрылған.

**Екінші бөлімде** күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеңіл 4 диалог беріледі. Әр диалог бойынша 2 тапсырмадан беріледі, барлығы – 8 тапсырма. Диалогтер ауызша сөйлесу негізінде құрастырылған үй, көше, отбасы, көлік, аялдама, асхана, кітапхана, дүкен, ауыл, қала, мезгіл, апта, күн райы және т.б. тақырыптарды қамтиды. Әр диалогтегі екі тапсырма алдымен диалогті жалпы түсінгенін, екіншіден диалогтегі ақпаратты есте сақтағанын тексеруге арналған. Тіл үйренушінің диалогті жалпы қалай түсінгендігі диалогтің мазмұны, диалог өтіп жатқан мезгіл, мекен, кімдердің арасында болып жатқандығы туралы сұрақтар негізінде анықталады.

**Үшінші бөлімде** де күнделікті өмірде жиі қолданылатын, бірақ ақпараттары көбірек орташа және ұзақтау 3 диалог беріледі. Алғашқы бір диалог ауызша сөйлеу негізінде құрастырылған, екі диалог – баспасөзден немесе көркем шығармадан алынып бейімделген диалогтер. Мәтін мазмұны жоғарыдағы тақырыптарды қамтиды, бірақ бірнеше ақпарат қатар беріледі. Әр диалогке 3 тапсырмадан беріледі, барлығы – 9 тапсырма. Бірінші тапсырма – диалогтегі нақты ақпаратты түсінуге (бірнеше ақпараттың нақты біреуін), екінші тапсырма – диалогтегі ақпараттарды мағыналас немесе сәйкес сөздермен ауыстыруға, үшінші тапсырма – ақпараттарды салыстыра отырып, диалогтің мазмұнын толық түсінуге арналған.

**Төртінші бөлімде** жоғарыдағы тақырыптарды қамтитын бейімделген 2 мәтін беріледі. Әр мәтінге 4 тапсырмадан беріледі, барлығы – 8 тапсырма. Бірінші тапсырма – мәтіннің тақырыбын табуға, екінші тапсырма – мәтіндегі негізгі ақпаратты түсінуге, үшінші тапсырма – мәтінде берілген бірнеше ақпараттарды есте сақтай отырып, қандай ақпарат жоқ екенін түсіне білуге, төртінші тапсырма – мәтін бөліктері бойынша дұрыс сұрақ қоя білуге арналған.

Тыңдалым бөлігінің тапсырмаларын дұрыс орындау үшін мұқият тыңдауға, жалпы түсінуге, ұзақтау диалогтер мен мәтін мазмұнын толық түсінуге, бірнеше ақпаратты бөлшектеп есте сақтауға, мәтіндегі ақпараттардың берілуіне – грамматикалық құрылымына (болған іс, болатын іс, болып жатқан іс) назар аудару қажет.

**Тыңдалым бөлігінің тапсырмаларын орындау ережесі:**
● Тапсырма саны – 30.
● 25 минут уақыт беріледі.
● Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай беріледі
(5 – өте жеңіл, 8 –жеңіл, 8 – орташа, 9 – қиындау).

**Қосымша диск бойынша нұсқаулық**

Қосымша дискіде берілген бағдарламаны Windows операциялық жүйесіне орнатыңыз. Жұмыс үстеліндегі арнайы белгі арқылы бағдарламаны іске қосыңыз. Пайда болған терезеден Тыңдалым бөлігін таңдайсыз. Мәтіндердің реттік нөмірлеріне сәйкес аудиожазбаны таңдап, арнайы батырманы басу арқылы тыңдайсыз. Аудиожазбаны тыңдау арқылы мәтінге сәйкес тест тапсырмаларын орындаңыз.

Әр тапсырманы орындау үшін 15 секунд уақыт беріледі.

# Обзор блока Аудирование

Тест по блоку Аудирование для элементарного уровня владения казахским языком состоит из 4 частей.

**В первой части** содержится 5 тестовых заданий на повседневные темы, состоящих из одной реплики или вопроса. Такие темы, как место работы, адрес, состояние дел, время, погода, времена года, родственные отношения и т.д. представлены в виде вопросов и просьб. Задания ориентированы на правильное понимание вопроса или реплики и выбор соответствующего ответа. Вариант правильного ответа должен быть составлен в соответствии с современными правилами устной речи, отвечать этическим нормам и требованиям грамматической структуры языка. Вопросы и реплики имеют разговорную основу.

**Вторая часть** посвящена повседневной тематике, состоит из 4 простых диалогов. К каждому диалогу даны 2 задания, всего 8 заданий. Диалоги составлены на разговорной основе по таким темам, как дом, улица, семья, транспорт, остановка, столовая, библиотека, магазин, село, город, время года, неделя, погода и т.д. В каждом диалоге одно задание дается на общее понимание, второе на проверку запоминания информации. Общее понимание диалога пользователем языка определяется на основе вопросов о содержании диалога, уточняется время и место, участники диалога.

**Третья часть** так же, как и вторая основана на повседневной тематике, но уже состоит из 3 диалогов среднего объема с большей информацией. Первый диалог составлен в разговорном стиле, два диалога взяты из публицистических или художественных произведений и адаптированы. Данная также охватывает вышеперечисленные темы, но одновременно представлена разного рода информация. К каждому диалогу даются 3 задания, всего 9 заданий. Первое задание на понимание конкретной информации (одной из нескольких предложенных), второе задание ориентировано на способность передать информацию словами, близкими по значению, третье задание ориентировано на полное понимание информации путем сопоставления.

**В четвертой части** предложено 2 адаптированных текста на вышеперечисленные темы. К каждому тексту предлагается 4 задания, всего – 8 заданий. Первое задание дано на определение темы текста, второе – на понимание основной информации текста, третье задание – на запоминание информации в тексте, понимание и определение недостающей информации, четвертое задание – на умение правильно поставить вопрос к определенным частям текста.

Для того, чтобы правильно выполнить задания по блоку Аудирование необходимо внимательно прослушать текст, понять общий смысл, полностью понять продолжительные диалоги и тексты, детально запомнить большой объем информации, обратить внимание на грамматическую структуру информации в тексте (совершенное действие, действие, которое будет совершено, действие, совершаемое в настоящий момент).

**Правила выполнения тестовых заданий блока Аудирование:**

- Количество заданий – 30.
- Время выполнения теста – 25 минут.
- Задания ранжированы по степени сложности (5 – наиболее легкие, 8 – легкие, 8 – средней сложности, 9 – более сложные).

**Инструкция к прилагаемому диску**

Установите программу на прилагаемом диске в операционную систему Windows. Щелкнув на специальный значок на рабочем столе, запустите программу. На появившемся окне выберите Тыңдалым бөлігі (блок Аудирование). Прослушайте аудиозапись, соответствующую порядковому номеру текста, нажав на кнопку проигрывателя. Прослушав аудиозапись, выполните тестовые задания по тексту.

Для выполнения каждого задания отводится 15 секунд.

# 1 Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест
# Блок Аудирование. Предварительный тест

## *Бірінші бөлім*

● Бірінші бөлімде 5 тапсырма беріледі.
● Сұрақты немесе репликаны компакт-дискіден мұқият тыңдап, дұрыс жауабын табыңыз.
● Сұрақты немесе репликаны бір рет қана тыңдау қажет.

● В первой части предлагается 5 тестовых заданий.
● Внимательно прослушайте вопрос или реплику с компакт-диска и определите правильный ответ.
● Вопрос или реплика прослушивается только один раз.

**1-диалог тапсырмасы**

1 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) – Бар ғой.
B) – Қазір.
C) – Рақмет.
D) – Ауа райы.

**2-диалог тапсырмасы**

2 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

… күні ме?
A) Сәрсенбі
B) Сейсенбі
C) Бейсенбі
D) Дүйсенбі

**3-диалог тапсырмасы**

3 Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

A) ақпан
B) қазан
C) қараша
D) желтоқсан

**4-диалог тапсырмасы**

4 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) сәуірде
B) қазанда
C) қаңтарда
D) тамызда

**5-диалог тапсырмасы**

5 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) інім
B) апам
C) сіңлім
D) қарындасым

## *Екінші бөлім*

- Екінші бөлімде 4 диалог беріледі.
- Диалогті компакт-дискіден мұқият тыңдап, дұрыс жауабын табыңыз.
- Диалогті бір рет қана тыңдау қажет.

- Во второй части предлагается 4 диалога.
- Внимательно прослушайте диалоги с компакт-диска и определите правильные ответы.
- Диалог прослушивается только один раз.

### 6-диалог тапсырмалары

**6** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Диалог кімдер арасында жүріп жатыр?
A) дәрігер мен науқастың
B) сатушы мен алушының
C) дәрігер мен жолаушының
D) мұғалім мен оқытушының

**7** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ауырып тұрған – ... .
A) іші
B) тісі
C) көзі
D) басы

### 7-диалог тапсырмалары

**8** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Әсел не істеп жатыр?
A) бір затты көрді
B) бір затты тапты
C) бір затты қойды
D) бір затты іздеп жатыр

**9** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жоғалған – ... .
A) кітап
B) газет
C) дәптер
D) журнал

### 8-диалог тапсырмалары

**10** Сұраққа дұрыс жауапты таңдаңыз.
Укажите правильный вариант ответа на вопрос.

Азамат киноға кіммен барды?
A) досымен
B) қызымен
C) құрдасымен
D) дос қызымен

**11** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Олар қай кинотеатрға барды?
A) Арман
B) Алатау
C) Байқоңыр
D) Сарыарқа

### 9-диалог тапсырмалары

**12** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алтай Ажарға сыйлық ... .
A) сыйлады
B) әлі алған жоқ
C) алып қойды
D) сыйлап жатыр

**13** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Алтайдың таңдауы не болды?
A) гүл
B) иіссу
C) кәмпит
D) ұялы телефон

## *Үшінші бөлім*

- Үшінші бөлімде 3 орташа диалог беріледі.
- Диалогті компакт-дискіден мұқият тыңдап, дұрыс жауабын табыңыз.
- Диалогті бір рет қана тыңдау қажет.

- В третьей части предлагается 3 диалога средней продолжительности.
- Внимательно прослушайте диалоги с компакт-диска и определите правильные ответы.
- Диалог прослушивается только один раз.

### 10-диалог тапсырмалары

**14** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алтай ... келді.
A) жаяу
B) таксимен
C) автобуспен
D) трамваймен

**15** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ажар ... .
A) Алтайға ренжіді
B) Алтайды тексерді
C) Алтайдан кешірім сұрады
D) Алтайдың көңілін жайландырды

**16** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алтайдың кешігуінің негізгі себебі – ... .
A) автобустың кешігуі
B) телефонын таппауы
C) таксиге ақшасының болмауы
D) телефонды ұмытып, үйінде қалдыруы

### 11-диалог тапсырмалары

**17** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Сөйлесіп тұрған кімдер?
A) кондуктор мен жолаушы
B) жолсерік пен жолаушы
C) жүргізуші мен жолаушы
D) жолаушы мен жолаушы

**18** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Олардың орны – вагонның ... .
A) бас жағында
B) ортасында
C) ортасына таман
D) соңына таман

**19** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жолаушының не сұрағанын көрсетіңіз.
A) Билеттерің бар ма?
B) Вагонда кісі көп пе?
C) Орнымыз қай жерде?
D) Астанада қашан боламыз?

### 12-диалог тапсырмалары

**20** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Диалог не туралы?
A) өнім өндіру
B) өнімді сату жайлы
C) өнімді жою туралы
D) өнімді қабылдау

**21** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Өндіруші жақтың шарты – ... .
A) өнімді алғызу
B) бағаны төмендету
C) тапсырысты көбейту
D) өнім жайлы ақпарат беру

**22** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Өндіруші мен тұтынушы ... .
A) келісті
B) шарт жасасты
C) келісе алмады
D) ақпарат алмасты

## *Төртінші бөлім*

- Төртінші бөлімде 2 қысқа мәтін беріледі.
- Мәтінді компакт-дискіден мұқият тыңдап, дұрыс жауабын табыңыз.
- Мәтінді бір рет қана тыңдау қажет.

- В четвертой части предлагается 2 коротких текста.
- Внимательно прослушайте тексты с компакт-диска и найдите правильные ответы.
- Текст прослушивается только один раз.

### 1-мәтін тапсырмалары

**23** Мәтінге лайық дәлірек тақырыпты таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.

A) АҚШ символы
B) Күтпеген сыйлық
C) Француздар әрекеті
D) Еркіндік статуясының тарихы

**24** Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, отсутствующую в тексте.

A) статуяның қашан жасалғаны
B) статуяның қалай жеткізілгені
C) статуяның неден жасалғандығы
D) статуяның қашан тапсырылғаны

**25** Мәтіндегі негізгі ақпаратты көрсетіңіз.
Определите основную информацию в тексте.

A) статуяның жасалуы
B) статуяның жеткізілуі
C) статуяны орналастыру
D) статуяны кім, неге жасағандығы

**26** Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутым словам.

Статуяны бөлшектеп, теңіз арқылы жеткізген.
A) қашан?
B) қайда?
C) қалай?
D) немен?

## 2-мәтін тапсырмалары

**27** Мәтінге лайық дәлірек тақырыпты таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.

A) Болашақ ғалым
B) Білімге құштарлық
C) “Аэростат теориясының” тарихы
D) К.Э. Циолковский өмірі мен қызметі

**28** Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, отсутствующую в тексте.

A) К.Э. Циолковскийдің білімі
B) К.Э. Циолковскийдің отбасы
C) К.Э. Циолковскийдің мақсаты
D) К.Э. Циолковскийдің денсаулығы

**29** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

A) К.Э. Циолковский өмірі
B) Ресейдің әйгілі адамдары
C) К.Э. Циолковскийдің өнегесі
D) К.Э. Циолковский – ұлы ғалым

**30** Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутым словам.

Білімге құштарлық керек.
A) не?
B) неге?
C) қандай?
D) не істеу керек?

# 2 Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау
# Блок Аудирование. Анализ тестовых заданий

## Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде 5 сұрақ немесе реплика беріледі.
- Сұрақты немесе репликаны компакт-дискіден тыңдап, дұрыс жауабын табыңыз.
- Сұрақты немесе репликаны бір рет қана тыңдау қажет.

- Первая часть состоит из 5 реплик или вопросов.
- Внимательно прослушайте вопрос или реплику с компакт-диска и найдите правильный ответ.
- Необходимо прослушать вопрос или реплику только один раз.

### 1-диалог

– Ассалаумағалейкүм!
– ...



**1** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) Сәлем!
B) Сәлеметсіз бе?
C) Амансың ба?
D) Уағалайкүмассалам!

**Т́**
1) Сәлем! – жастардың қысқа амандасуы.
2) Сәлеметсіз бе? – үлкен кісіге кішінің амандасуы, танымайтын кісімен амандасу.
3) Амансың ба? – үлкен кісілердің (әйелдер) бір-біріне амандасуы.
4) Уағалайкүмассалам! – ер адамдардың бір-біріне амандасуы, қол алысу арқылы амандасу.

**Ė** Сізге қай сөзбен амандасса, негізінен сол сөзбен жауап қайтарған дұрыс. «Ассалаумағалейкүм!» араб тілінен енген сөз, мағынасы “Сізге Жаратқанның нұры жаусын!” Жауап – “Сізге де Жаратқанның нұры жаусын!”

### 2-диалог

– Сізден сұрайын деп едім.
– ...

**2** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) Неменесіне?
B) Сұраңыз.
C) Әй, мұнда қойшы?
D) Білмеймін.

**Т́**
1) Неменесіне? – Себепті білу үшін қойылған сұрақ.
2) Сұраңыз – Өтінішке жауап берген дұрыс.
3) Әй, мұнда қойшы! – Қоятын жерді көрсетіп тұр.
4) Білмеймін! – Сұрақты тыңдағысы келмеу.

### 3-диалог

– Сіз астаналықсыз ба?
– ... .

**3** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) Астанадамын
B) Алматыдамын
C) Жоқ, қонақпын
D) Астанаға келдім

Ť
1) Астанадамын – Астанада жүрмін.
2) Алматыдамын – Қазір Алматыда жүрмін.
3) Қонақпын – Қонаққа келген адаммын.
4) Астанаға келдім – Қайда келгені жайлы.

Ė
лық/лік, дық/дік, тық/тік зат есімнен жаңа сөз тудыратын жұрнақтар. Адамның қай жердің адамы екенін білдіреді.
алматылық
тараздық
семейлік
мысырлықтар
еуропалықтар
Астаналықсыз ба? – Астанада тұрасың ба? деген мағынаны білдіреді.

### 4-диалог

– Ата-анаңыз ауылда тұра ма?
– ... .

**4** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) Иә, сонда тұрады
B) Ауылға барады
C) Ауылда болады
D) Ауылға көшеді

Ť
Сұрақ қай шақта қойылса, жауап та сол шақта болу керек.
1) тұрады – өмір сүреді, қазір болып жатқан әрекет.
2) барады – ауылға жол жүреді, алда іске асатын әрекет.
3) болады – бар, сол жерде болу, алда болатын қимыл.
4) көшеді – қоныс аудару.

Ė
"Тұр" етістігімен осы шақта (тұр+а) сұрап тұр. Бұл сөйлемдегі етістіктің мағынасы – "өмір сүру". Жауап осы етістікпен "болымды" не "болымсыз" формада немесе объект болып тұрған ауыл сөзіне қарсы мағынадағы қала сөзімен беріледі.

### 5-диалог

– Ертең жұмысқа келесіз бе?
– ... .

**5** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) Келдім
B) Келемін
C) Келгенмін
D) Келе жатырмын

Ť
1) Келдім – (жедел өткен шақ) болған қимыл.
2) Келемін – (ауыспалы осы немесе келер шақ) нақты болатын қимыл.
3) Келгенмін – (бұрынғы өткен шақ) бұрын болған қимыл.
4) Келе жатырмын – (нақ осы шақ) болып жатқан қимыл.

Ė
Сұрақ қай шақта қойылса, жауап та сол шақта болу керек.

## *Екінші бөлім*

- Екінші бөлімде 4 шағын диалог беріледі.
- Әр диалог бойынша 2 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма.
- Диалогті компакт-дискіден мұқият тыңдап, дұрыс жауапты таңдаңыз.
- Диалогті бір рет қана тыңдау қажет.

- Вторая часть состоит из 4-х мини-диалогов.
- К каждому диалогу предлагается 2 задания, всего 8 заданий.
- Внимательно прослушайте диалог с компакт-диска и определите правильный ответ.
- Диалог прослушивается только один раз.

### 6-диалог

– Еркін, сен бүгін ертерек келші.
– Бірдеңеге жұмсайын дедің бе?
– Жоқ. Әжем науқастанып қалыпты. Екеуміз бірге барып, көңілін сұрап қайтайық.

**6** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ол Еркіннің ертерек келуін ... .
A) сұрап тұр
B) хабарлап тұр
C) бұйырып тұр
D) жарнамалап тұр

**Т**
1) Сұрап тұр – жауап алу мақсатында, өтіну мәнінде айтылады.
2) Хабарлап тұр – ақпарат беру үшін айтылады.
3) Бұйырып тұр – міндетті түрде, орындату мақсатында айтылады.
4) Жарнамалап тұр – ақпарат беру, көңіл аударту мақсатында айтылады.

**Е**
Кел – бұйырып тұр.
Келші – ші бұйыру мәнін өтіну мәніне ауыстырады.
Сұрау, өтіну – сөздері өзара синоним.

**7** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ауырып қалған – ... .
A) әкесі
B) әжесі
C) атасы
D) анасы

**Т**
1) әке – балалы болған ер адам.
2) әже – әкесінің анасы.
3) ата – әкесінің әкесі.
4) ана – балалы болған әйел адам, туған шеше.

**Е** Науқас - ауру. Ауырып қалды – науқастанып қалды

### 7-диалог

– Жаңбыр әлі жауып тұр ма?
– Ой, аға, құйып тұр. Ауа тазаратын болды.
– Әрине, жақсы болды. Бірақ қолшатырымды алмап едім.
– Сәл күт. Мен мәшинемен жеткізіп салайын.

**8** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сол сәтте жаңбыр ... .
A) себеледі
B) тамшылады
C) құйып тұрды
D) сіркіреп тұрды

**Т**
1) Себеледі – аз-аздан жауды.
2) Тамшылады – бір-екі тамып бастады.
3) Құйды – қатты (тез) көп-көптен жауды.
4) Сіркіреді – аз-аздан бүркіп жауды.

**9** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение

Ол үйіне ... қайтады.
A) өзі
B) көлікпен
C) досымен
D) қолшатырмен

**Т́**
1) өзі – басқа емес, тек өзі.
2) көлік – жолаушы және жүк таситын қатынас құралы.
3) дос – сырлас, жора-жолдас, жақын адам.
4) қолшатыр – жауыннан, күн көзінен қорғану үшін қолға ұстайтын жеңіл шатыр.

**Ė**
Мен көлікпен жеткізіп салайын. Жеткізіп салу – көлікпен апару.
Көлік – автобус, трамвай, троллейбус, жеңіл мәшине (жигули, волга, тойота, ...), велосипед және т.б.

## 8-диалог

– Аға, сіздер сенбіде жұмыс істейсіздер ме?
– Жоқ, сенбі, жексенбі күндері демаламыз.
– Басқа жоспарыңыз болмаса, осы екі күнге Қапшағайға барып келейікші.
– Бүгін сәрсенбі. Әзірге басқа жоспар жоқ. Барсақ – барайық.



**10** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение

Ағасы мен інісі Қапшағайға ... .
A) барды
B) барады
C) бара жатыр
D) барып келді

**Т́**
1) барды – болған қимыл.
2) барады – алда болатын қимыл.
3) бара жатыр – дәл қазір болып жатқан қимыл.
4) барып келді – іске асқан қимыл.

**11** Дұрыс жауапты қойыңыз.
Вставьте нужный ответ.

Олардың кездескен күні – ... .
A) бейсенбі
B) сейсенбі
C) дүйсенбі
D) сәрсенбі

**Т́**
1) бейсенбі – аптаның төртінші күні.
2) сейсенбі – аптаның екінші күні.
3) дүйсенбі – аптаның бірінші күні.
4) сәрсенбі – аптаның үшінші күні.

## 9-диалог

– Алло! Бұл “Арбуз” интернет-дүкені ме?
– Иә, иә! Сізді тыңдап тұрмын.
– Біз келіскен тауарлар әлі келген жоқ. Бірдеңе болып қалды ма?
– Өкінішке орай, ол тауарларды әуежайда кідіртіп тұр. Кедендік кедергі ұстап тұр.

**12** Диалог мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание диалога.

A) әуежай туралы
B) кедендік бекет
C) кедендік кедергі
D) тауардың келмеуі

Т́
1) әуежай – ұшақтар тоқтайтын орын.
2) кеден – шекарадағы сыртқа шығатын, сырттан келетін заттарды тексеретін орын.
3) кедендік кедергі – кеденде тауарды өткізбеу, уақытша ұстау.
4) тауарлардың келмеуі – тауардың тапсырыс берушіге жетпеуі.

Ė Өкінішке орай – реніш, шарасыздық ұғымын білдіру үшін қолданылады.

**13** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Тауарларды жібермей тұрған – ... .
A) кеден
B) әуежай
C) келіскен жақ
D) интернет-дүкен

Ė Келіскен жақ – келісім жасаушы жақтар.
Интернет-дүкен – интернет арқылы зат сату/сатып алу.

## *Үшінші бөлім*

- Үшінші бөлімде 3 орташа және ұзақтау диалог беріледі.
- Әр диалогке 3 тапсырмадан, барлығы 9 тапсырма.
- Диалогті компакт-дискіден мұқият тыңдап, дұрыс жауапты таңдаңыз.
- Диалогті бір рет қана тыңдау қажет.

- В третьей части предлагается 3 диалога средней продолжительности и более продолжительные.
- К каждому диалогу предлагается 3 задания, всего 9 заданий.
- Внимательно прослушайте диалог с компакт-диска и найдите правильный ответ.
- Диалог прослушивается только один раз.

**10-диалог**

– Сәлем, Роза! Қалайсыңдар, бәрі жақсы ма?
– Сәлем, Бәтіш. Жақсы, аманбыз. Өздеріңде не жаңалық бар? Кімдерді көріп тұрасың?
– Өткен жұмада Жақан келіп кеткен. Былтыр ұлын үйлендіріпті. Жақында ата болады екен. Бүгін Шәрипамен кездестім. Тамызда қызын ұзатқалы отыр екен. Сендерде ондай жаңалық жоқ па?
– Әзірге тыныш. Уақытымен бола жатар. Дегенмен, жан-жағымыз той боп жатқанда "Шіркін, біз де бір баламыздың екеу болғанын тойласақ" дейміз.
– Иә, біздің қатарлар да тойды бастап кетті. Бізге де сол күн тусын дейік!

**14** Әңгімелесіп отырған кімдер?
Определите участников диалога.

A) туыстар
B) көршілер
C) құрдастар
D) құда-жекжаттар

Т́
1) туыстар – бір атадан тараған жақын адамдар.
2) көршілер – үйлері қатарлас тұратын кісілер.
3) құрдастар – бір жылы туған адамдар.
4) құда-жекжат – құда және оның туыстары.

Ė Қатарлар, құрдастар – өзара синоним сөздер.
Құда – ерлі-зайыпты адамдардың ата-анасы бір-біріне құда болады.

**15** Дұрыс жауапты қойыңыз.
Вставьте правильный вариант.

Қызын ұзататын – ... .
A) Роза
B) Бәтіш
C) Жақан
D) Шәрипа

**Ė** "Қыз ұзату" – қазақ халқының салт-дәстүрі. Бойжеткен қызды күйеуіне ұзату тойы.
"Қыз ұзату" – қызды тұрмысқа беру.

**16** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, толықтырыңыз.
Дополните, вставив вместо многоточия нужное слово.

Шіркін, біз де бір баламыздың екеу болғанын тойласақ! – деген олардың ... .

A) сенімі
B) арманы
C) мақсаты
D) тәуекелі

**Ť** 1) сенім – істің болатынына сену.
2) арман – жақсы істер жайлы ой, тілек.
3) мақсат – алға қойған, міндетті түрде орындауға тырысатын іс.
4) тәуекел – істі сеніммен бастау.

**Ė** Шіркін! – 1) армандау, аңсау, 2) таңдану мағынасында айтылатын сөз.

**11-диалог**

– Бибігүл апай, қиыншылықты көп көріпсіз. Сондай кездерде “әттеген-ай” деп өкінген кездеріңіз болды ма?
– Өкінген емеспін. Намыстанған кезім болды.
– “Бұлбұл” әні сізді біраз жетістіктерге жеткізді. Әнді алғаш орындаған – Күләш Байсейітова. Ол кісіден кейін осы әнді орындау қиын болды ма?
– Әрине, әрине қиын болды. Ұстазымның әнін жоғары деңгейде орындай алу үлкен жауапкершілік екенін түсіндім.

**17** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение

Басына түскен қиыншылықтар Бибігүл апайдың ... .
A) намысын оятқан
B) өкінішке қалдырған
C) жетістікке жеткізген
D) жауапкершілігін арттырған

**Ť** 1) намыстану – ұялу, сол арқылы алға ұмтылу.
2) өкіну – болған іске риза болмау.
3) жетістік – кедергілерді жеңіп, биікке жету.
4) жауапкершілік – ісіне жауапты қарау.

**18** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Выберите правильный вариант ответа.

Күләшті Бибігүл ... санайды.
A) апай
B) әпке
C) ұстаз
D) бұлбұл

**Ť** 1) апай – жасы үлкен әйел адамға құрметпен айтылатын сөз.
2) әпке – өзінен жасы үлкен әйел адам.
3) ұстаз – 1) білім, тәрбие беретін оқытушы, 2) ақылшы, жетекші.
4) бұлбұл – әдемі сайрайтын құс.

**19** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение

Бибігүл "Бұлбұлды" орындау арқылы ұстаз алдындағы ... түсінген.
A) өкінішті
B) жетістікті
C) қиыншылықты
D) жауапкершілікті

Ė Қиыншылық – кедергі, қаржы тапшылығы, қиын оқиғалар.
Әттеген-ай – өкінген кезде айтылатын сөз.

**12-диалог**



– Біздің боксшылар үшін турнир қалай басталды?
– Боксшыларымыз бірінші күннен бастап алаңға тек жеңеміз деп шықты. "Үйде жеңбесек болмайды" деп мен біраз қайрадым.
– Турнирдің қызықты және тартысты айқастары қай салмақта өтті деп ойлайсыз?
– Барлық салмақтағы жекпе-жектер тартысты өтті. Соның ішінде ауыр салмақтылар айқасы қызықты өткен секілді.
– Біздің ауыр салмақты боксшыларымыз туралы не айтар едіңіз?
– Бір өкініштісі, бізде ауыр салмақты боксшылар аз. Кезінде Мұхтархан Ділдәбеков пен Рүстем Іргебаевқа көп мүмкіндік беріп едім. Біреуі жасы келгеніне, екіншісі жарақат алуына байланысты ұлттық құрамаға қосылмай отыр. Қазір бұл салмақта бар үмітіміз Руслан Мырсатаевта.

*Д. Буданбаевпен сұхбат, "Егемен Қазақстан" газетінен*

**20** Сұраққа жауап беріңіз.
Ответьте на вопрос.

Әңгіме болып отырған турнир қайда өткен?
A) Еуропада
B) Азияда
C) Ресейде
D) Қазақстанда

Ť Мәтінде "Үйде жеңбесек болмайды" сөйлемі қолданылған. Үй – біз тұратын жер, яғни Қазақстан.

**21** Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.

Турнир арасында ең қызықты өткен жекпе-жек ... .
A) ауыр салмақтылардікі
B) жеңіл салмақтылардікі
C) орташа салмақтылардікі
D) барлық салмақтылардікі

Ť 1) салмақ – заттың ауырлығы.
2) салмақты – 1) салмағы ауыр, 2) мінезге байланысты байыпты, байсалды.
3) салмақтылар – әр түрлі салмақтағы адамдар.
4) -нікі, -дікі, -тікі – меншікті мағынаны білдіретін қосымша. Мысалы: бала – баланікі, салмақтылар – салмақтылардікі.

Ė Қызықты айқас, қызықты жекпе-жек – ережеге сай өте сауатты, әдемі айқас.
Тартысты айқас – көп күш жұмсап күресу.
Мәтінде "Барлық салмақтағы айқас тартысты өтті" деп көрсетіп белгілі бір салмақтағы айқасты қызықты өтті деген ақпарат бар.

**22** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ауыр салмақтағы бар үміт ... .
A) Р. Іргебаевта
B) Р. Мұрсатаевта
C) М. Ділдәбековте
D) осы салмақтағы спортшы

## *Төртінші бөлім*

- Төртінші бөлімде 2 қысқа монолог немесе мәтін беріледі.
- Әр монологке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма.
- Монологті компакт-дискіден мұқият тыңдап, дұрыс жауапты таңдаңыз.
- Мәтінді бір рет қана тыңдау қажет.

- В четвертой части предлагается 2 коротких монолога или текста.
- К каждому монологу 4 задания, всего 8 заданий.
- Внимательно прослушайте монолог с компакт-диска и определите правильный ответ.
- Монолог прослушивается только один раз.

**1-мәтін**

Әкем Исабек ақсары, қоңыр көзді, келбетті адам болатын. Тәрбиелі, мейірімді жан еді. Ертеректе әкемнің бірінші алған әйелі үш баласымен шешек ауырынан дүние салыпты. Әкем мен үлкен ұлы Қали тірі қалған екен. Қали да шешекпен ауырған, сол науқастың белгісіндей беті шұбар болатын. Өзі ұзын бойлы, кең иықты, өте қайратты, аққөңіл адам болды. Қалидың әйелі Мәкен нәресте көрмеген, аласа бойлы, арық әйел еді. Содан ба, оның қатал мінезді жан екенін бала болсам да байқайтынмын.

Анамыз ағайынға қадірлі, абысынға өнегелі жан болды. Мінезі қатал, балаларына өбектеуді білмейтін. Ол кісінің басты ойы – біздің тамағымыздың тоқтығы мен киіміміздің бүтіндігі. Әдетте үй қожасы ер адам болса керек, ал біздің үйдің билігі шешем Нұржамалда болатын.

*(Ш. Жандарбекованың “Бел-белестер” естелігінен)*

**23** Мәтінге лайық тақырыпты таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.

A) Менің отбасым
B) Отбасы тарихы
C) Баланың байқағаны
D) Біздің отбасымыз

Т́

1) “Менің отбасым” деп баяндаушы өзінің құрған жеке отбасы (күйеуі, балалары) жайын айтады.
2) Отбасы тарихы – деп атау үшін отбасы қалай құрылды, кешегі, бүгінгі жай-күйі баяндалады.
3) Баланың байқағаны – мәтін естелік түрінде жазылып, баяндап отырған адамның бала кездегі байқаған жайымен аяқталған.
4) Біздің отбасымыз деп атау үшін әке үйіндегі отбасы мүшелерін көрсетіп, олардың не істейтінін баяндайды.

Ė Өбектеу – аялау, еркелету деген сөз

**24** Дұрыс жауапты қойыңыз.
Вставьте нужный вариант.

Мәтінде естелік айтушының негізгі айтқысы келгені – ... .
A) әке мінезі
B) аға келбеті
C) ана тәрбиесі
D) отбасы ерекшелігі

Т́
1) әке мінезі жайлы басында айтылған.
2) аға келбеті жайлы да айтылған.
3) ана мінезі, мақсаты жайлы айтылғанмен, тәрбиесі туралы ашып айтпаған.
4) мәтін өз отбасынан байқаған ерекшелікпен қорытындыланған. Қорытынды пікір – негізгі пікір.

**25** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Мәтінде жоқ ақпарат – ... .
A) Нұржамалдың келбеті
B) Исабектің келбеті
C) Қалидың келбеті
D) Мәкеннің келбеті

Т́
1) Нұржамал – анасы
2) Исабек – әкесі
3) Қали – ағасы
4) Мәкен – жеңгесі

Ė
Келбеті, келбетті сөздерінің мағынасы бөлек.
Келбет – түр, бет-жүз, дене, келбеті – үшінші жақтың жалғауы бар, яғни оның келбеті – оның түрі, бойы, денесі деген мағынада;
Келбетті – сөз жасаушы жұрнақ арқылы сынды білдіретін сөз. Мағынасы – әдемі, көрікті.

**26** Асты сызылған сөздерге қойылатын сұрақты көрсетіңіз.
Поставьте вопрос к подчеркнутым словам.

Анамның басты ойы – біздің тамағымыздың тоқтығы.
A) не?
B) қандай?
C) не істеу?
D) ненің несі?

Т́
Тамағымыздың тоқтығы – екі сөзден құралғанмен бір ұғымды білдіретін (тоқ болу яғни аш қалмау) сөз. Демек, бір сұраққа жауап береді. Сөйлемдегі басты сөз “ой” мен сөйлемді аяқтап тұрған “тамағымыздың тоқтығы” арасына сызықша қойылған. Сызықша бастаушы сөз (субъект) пен аяқтаушы сөз (предикат) екеуі бірдей топқа жататын сөзден болғанда қойылады.

**2-мәтін**

“Евразия – 997” ЖШС-ға (жауапкершілігі шектеулі серіктестікке) мамандар қажет:

инженер – бас құрылысшы; қоғамдық тамақтандыру және қонақүй қызметін көрсету менеджері; дәмхана меңгерушісі (бас аспаз).

Қойылатын талаптар:

Білімі жоғары немесе арнаулы орта болуы керек. Мамандығы бойынша (басшылық жұмыста) тәжірибесі кемінде 3 жыл.

Хабарласуға арналған мекенжай:

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Алматы-Бішкек тас жолының 113 шақырымы. Телефоны: 8(172-770)2-23-99.

*(газеттен)*

**27** Мәтін түрін анықтаңыз.
Определите тип текста.

A) өтініш
B) жарнама
C) анықтама
D) хабарландыру

Т́
1) өтініш – бір істі, затты сұрау, өтіну мақсатында жазылады.
2) жарнама – жұмысқа (қызметке) шақыру мақсатын хабарлайды.
3) анықтама – бір нарсені растау мақсатында жазылады.
4) хабарландыру – белгілі бір ақпаратты жай баяндайды.

**28** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

ЖШС-ға қажет мамандар қатарында жоғы – ... .

A) инженер
B) бас аспаз
C) менеджер
D) құрылысшы

Т́

1) инженер – жоғары білімді құрылысшы, құрылысшылардың басшысы, демек, бас құрылысшы.
2) аспаз – ас пісіруші, бас аспаз – білімді, тәжірибелі аспаз.
3) менеджер – әртүрлі қызметтерді ұйымдастырушы, жоғары білімді маман.
4) құрылысшы – құрылыста жұмыс істейтін адам.

**29** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жеке шаруашылық серіктестігінің (ЖШС) орналасқан жері – ... .

A) Алматы облысы
B) Бішкек қаласы
C) Алматы қаласы
D) Жамбыл облысы

**30** Мәтіннің алғашқы бөлігіне қойылатын сұрақты көрсетіңіз.
Поставьте вопрос к первой части текста.

A) Талаптары қандай?
B) Мекенжайы қайда?
C) Мамандар қайда қажет?
D) Қандай мамандар қажет?

Т́

Мәтінді ретімен есте сақтауға арналған тапсырма.
Мәтін реті: 1) қайда; 2) қандай маман; 3) талаптар; 4) мекенжайы, телефоны берілген.

# 3 Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест
## Блок Аудирование. Итоговый тест

### *Бірінші бөлім*

**1-диалог тапсырмасы**

1 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) – Ауылда.
B) – Саяжайға.
C)– Үйден келді.
D)– Қала сыртында.

**2-диалог тапсырмасы**

2 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) – Бәріміз.
B) – Аялдамада.
C) – Үш сағатта.
D) – Келесі сәрсенбіде.

**3-диалог тапсырмасы**

3 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) – Келіңіз.
B) – Уақытында келді.
C) – Қашанға шақырасыз.
D) – Кеше қонақ шақырып едік.

**4-диалог тапсырмасы**

4 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) – Ас болсын, қарағым.
B) – Кел, отыр ұлым.
C) – Тойып ал, балам.
D) – Асықпай же, қарағым.

**5-диалог тапсырмасы**

5 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

A) – Телефон соғамын.
B) – Ол сөйлесіп жатыр.
C) – Телефон қалып кетті.
D) – Телефоныңыз менде бар.

### *Екінші бөлім*

**6-диалог тапсырмалары**

6 Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Сөйлесіп тұрған кімдер?
A) тілшілер
B) оқушылар
C) талапкерлер
D) студенттер

7 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ол құжатын ... тілі бөліміне тапсырды.
A) араб
B) түрік
C) корей
D) қытай

### 7-диалог тапсырмалары

**8** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Диалогтің өтіп жатқан уақытын (мерзімін) көрсетіңіз.
A) түнде
B) түсте
C) кешке
D) таңертең



**9** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сағат 8-де ... .
A) тұрады
B) сабақ басталады
C) жуынады
D) тамақтанады

### 8-диалог тапсырмалары

**10** Диалог жүріп жатқан орынды анықтаңыз.
Определите место, где проходит диалог.

Диалог ... өтіп жатыр.
A) дәріханада
B) емханада
C) дәрігерде
D) ауруханада




**11** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ол ... дәрісін іздеді.
A) бас аурудың
B) іш ауруының
C) тіс ауруының
D) асқазан ауруының

### 9-диалог тапсырмалары

**12** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Олар ... туылған.
A) бір айда
B) бір күнде
C) бір жылда
D) бір уақытта

**13** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Олар қашан туылған?
A) күзде
B) жазда
C) қыста
D) көктемде

## 10-диалог тапсырмалары

**14** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Диалог не туралы?
A) Таразда қалуы
B) Тараздан келуі
C) Таразға қайтуы
D) Тараздан шығуы

**15** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Әсет билетке ... .
A) кетті
B) барды
C) алады
D) барады

**16** Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Найдите правильный ответ.

Әсет қай пойызға билет алмақшы?
A) Алматы-Ақтөбе
B) Алматы-Мәскеу
C) Алматы-Атырау
D) Алматы-Шымкент

## 11-диалог тапсырмалары

**17** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ол шашын ... келеді.
A) өсіргісі
B) сәндегісі
C) бояғысы
D) қысқартқысы

**18** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

A) “Шолпан” сән үйі күндізгі 3-ке дейін істейді.
B) “Шолпан” сән үйі кешке дейін жұмыс істейді.
C) “Шолпан” сән үйінде шашты бояу қызметі жоқ.
D) “Шолпан” сән үйі тәулік бойы қызмет көрсетеді.




**19** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол “Шолпан” сән үйіне ... .
A) келді
B) жолықты
C) хабарлады
D) хабарласты

## 12-диалог тапсырмалары

**20** Диалог мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание диалога.

Диалог ... туралы.
A) айдың басы
B) түнгі салқын
C) айдың ыстықтығы
D) тауға жақын қала

**21** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Әңгімелесушілер ... .
A) ақтаулықтар
B) алматылықтар
C) шымкенттіктер
D) көкшетаулықтар

**22** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Шілденің аяғында күн ... .
A) ыстығы басылды
B) жауынды басталды
C) қатты ыстық болды
D) ыстығы қайта бастады

## 1-мәтін тапсырмалары

**23** Мәтінге лайық нақтырақ тақырыпты анықтаңыз.
Определите наиболее подходящую тему текста.

A) Әкеге құрмет
B) Балалық шақ
C) Әкем мен анам
D) Ашуланбайтын әке

**24** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

A) ана ақылы
B) әке мінезі
C) балалық мінез
D) халықтық тәрбие

**25** Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, которой нет в тексте.

A) ананың мінезі
B) әкенің мінезі
C) ананың шешімі
D) баланың қылығы

**26** "Неге?" сұрағы осы сөйлемдегі қай сөзге қойылады?
К какому из слов можно поставить вопрос «Неге?»?

Дегенмен, анамыздың бұлай айтқанына таң қалатынбыз.
A) дегенмен
B) анамыздың
C) бұлай айтқанына
D) таң қалатынбыз

## 2-мәтін тапсырмалары

**27** Мәтінге лайық тақырыпты таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.

A) Токио жағдайы
B) Астана әкімі
C) Токио қаласы
D) Жапондық шешім



**28** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

Токио әкімінің орнына конкурстың жариялану себебі неде?
A) билікті өзгерту
B) жаңа жоба жасау
C) қала ауасын тазарту
D) қала әкімін ауыстыру

**29** Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, которой нет в тексте.

A) Токио әкімінің ісі
B) Токио әкімінің білімі
C) Токио халқының саны
D) Токио қаласының жайы

**30** Мәтін мазмұнына сай негізгі сұрақты көрсетіңіз.
Определите основной вопрос к содержанию текста.

A) Әкімі кім?
B) Токиода не көп?
C) Қанша халық тұрады?
D) Токио қалай таза қала болды?

# II тарау

# Лексика-грамматикалық бөлік

# Лексико-грамматический блок

- Лексика-грамматикалық бөлікке шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

# Лексика-грамматикалық бөлікке шолу

Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тілдік құзыреттілікті функционалдық тұрғыдан қалыптастыру, тілдік ерекшеліктерді ескеру, берілген тест тапсырмалары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі, тест мазмұнының тестіленушінің тілдік деңгейіне сай келуіне және т.б. қажетті тілдік білік-дағдыларын қалыптастыруға бағыттау ұстанымдары басшылыққа алынды.

Мақсаты мен міндеттері:

• тестіленушінің лексика-грамматикалық құрылымдарды орынды қолдана алу, тілдік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау;

• тест тапсырушының білімін тілдік, танымдық, лингвомәдени-танымдық, ұлттық-әлеуметтік тұрғыдан тереңдету;

• берілген тест тапсырмалары арқылы коммуникативтік бағыттағы дағдыларды қалыптастыру.

Лингвистикалық біліктілікті бағалау тестілерін орындау үшін алдымен лексика-грамматикалық, фонетикалық түсінік қалыптастыру керек. Ол үшін грамматикалық ережелермен мұқият танысып, сол бойынша тілдік материалды коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай деңгейге жеткен жөн. Тест мазмұнында мүмкіндігінше тілдік терминдер қолданылмайды, тест тапсырушы контекске, лексика-грамматикалық құрылымдардың тіркесуіне қарай дұрыс жауапты таңдай алады.

Оқу құралындағы лексика-грамматикалық бөліктің құрылымы:

• тест тапсырушы өз мүмкіндіктерін алдын ала тексеру үшін 70 тест тапсырмасы беріледі;

• лексикалық немесе грамматикалық тақырыптың түсіндірмесі, ережесі мысалдармен беріледі;

• сол тақырыпқа қатысты тест тапсырмалары талданады, дұрыс жауапты табу жолдары көрсетіледі;

• сол тақырып бойынша түрлі тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін тест тапсырмалары жауапсыз беріледі;

• тілдік дағдыларды пысықтау үшін әр тақырыпқа арналған жаттығу жұмыстары оқу-әдістемелік құралдың соңындағы қосымшада көрсетіледі;

• соңында 70 қорытынды тест тапсырмасы беріледі.

Лексика-грамматикалық бөліктің тест тапсырмаларын орындау үшін 50 минут беріледі.

# Обзор Лексико-грамматического блока

Для формирования языковой компетентности с позиции функциональности при разработке тестовых заданий лексико-грамматического блока были взяты за основу принципы, ориентированные на формирование таких речевых умений и навыков тестируемого как учет языковых особенностей, аутентичность содержания предлагаемых тестовых заданий, соответствие реальной жизни, соответствие содержания теста уровню тестируемого и др.

Цели и задачи блока:

- уместное употребление лексико-грамматического материала, определение уровня формирования языковой компетенции тестируемого;
- углубление знаний тестируемого с точки зрения языковых, познавательных, лингвокультурологических, национальнальных и социальных позиций;
- формирование коммуникативных навыков посредством тестовых заданий.

Выполнение тестовых заданий, оценивающих лингвистическую компетентность требует усвоения фонетических и лексико-грамматических понятий. Для этого необходимо внимательно ознакомиться с правилами по грамматике и научиться употреблять языковые материалы при коммуникации. В содержании теста по возможности не используются языковые термины, тестируемый выбирает правильный ответ в соответствии с контекстом и сопоставимости лексико-грамматических единиц.

Структура лексико-грамматического блока

- для предварительной проверки своих возможностей тестируемому предлагается 70 тестовых заданий;
- дано пояснение лексических и грамматических тем, соответствующие правила с примерами;
- предложен анализ тестовых заданий по определенной теме и ориентир на выбор правильного ответа;
- по этой же теме с целью формирования языковых навыков даны тестовые задания без ответов;
- для закрепления языковых навыков по каждой теме в приложении к учебному пособию даны тренировочные упражнения;
- в завершение предложен итоговый тест из 70 заданий.

Для выполнения тестовых заданий лексико-грамматического блока выделено 50 минут.

# 1 Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест
## Лексико-грамматический блок. Предварительный тест



**1** «-лар» қосымшасын жалғаңыз.
Присоедините аффикс «-лар».

A) қыз
B) сіңлі
C) жігіт
D) бауыр

**2** «-тер» қосымшасын жалғаңыз.
Присоедините аффикс «-тер».

A) жеміс
B) тамақ
C) айран
D) сорпа

**3** Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс вместо многоточия.

Мейрам... үйі алыс.
A) -тің
B) -дің
C) -ның
D) -дың

**4** Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс вместо многоточия.

Астана көше... жарық.
A) -дері
B) -тері
C) -лері
D) -лары

**5** Асты сызылған сөзге қарама-қарсы мағыналы сөзді көрсетіңіз.
К подчеркнутому слову подберите слово противоположного значения.

Кеше күн суық болды.
A) аяз
B) ыстық
C) салқын
D) жақсы

**6** Асты сызылған сөзге қарама-қарсы мағыналы сөзді көрсетіңіз.
К подчеркнутому слову подберите слово противоположного значения.

Ашу – дұшпан, ақыл – ... . (мақал)
A) дос
B) қас
C) жау
D) көрші

**7** Сөйлемдегі заттың атын білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает предмет.

Қар өте қалың жауды.
A) қар
B) өте
C) қалың
D) жауды

**8** Дара сөзді көрсетіңіз.
Укажите простое слово.

A) ас
B) асүй
C) асқабақ
D) асхана

**9** Екі сөзден құралған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, образованное путем слияния двух слов.

A) аспан
B) батыс
C) шығыс
D) күншығыс

**10** Күрделі сөзді көрсетіңіз.
Укажите сложное слово.

A) туыс
B) көрші
C) жолдас
D) әке-шеше

**11** Екі сөзден құралған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое образовано путем слияния двух слов.

A) қауын
B) картоп
C) қарбыз
D) асқабақ

12 Екі сөзден құралған қала атауын көрсетіңіз.
Укажите название города, которое образовано путем слияния двух слов.

A) Ақтау
B) Алматы
C) Атырау
D) Астана

13 Жалпы атауды көрсетіңіз.
Укажите обобщающее понятие.

A) Көл
B) Зайсан
C) Балқаш
D) Бурабай

14 Мамандық атауын көрсетіңіз.
Укажите название специальности.

A) заңгер
B) зейнеткер
C) қызметкер
D) жұмыскер

15 Адам атын көрсетіңіз.
Укажите имя человека.

A) Әйел
B) Бала
C) Қария
D) Балжан

16 Газет атауын көрсетіңіз.
Укажите название газеты.

A) «Егемен Қазақстан»
B) «Қазақстан темір жолы»
C) «Қазақстан Республикасы»
D) «Қазақ ұлттық университеті»

17 Дұрыс нұсқасын табыңыз.
Выберите правильный вариант.

Мен ұшқыш... .
A) -мін
B) -пін
C) -пын
D) -мын

**18** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Біз концерттен кеш ... .
A) келді
B) кетті
C) қайттық
D) барды

**19** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Оның ... жарыста жеңіске жетті.
A) іні
B) інім
C) інісі
D) ініміз

**20** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Кімнің қандай ... бар?
A) сұрақ
B) сұрағы
C) сұрағың
D) сұрақтарың

**21** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... үйі қаланың сыртында орналасқан.
A) Оның
B) Біздің
C) Сіздің
D) Сендердің

**22** Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вставьте нужный вариант вместо многоточия.

Қызым ... барып жүр.
A) биге
B) оқуда
C) курстан
D) жұмыстың

**23** Мекенді білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово со значением месторасположения.

Атам мен әжем ауылда тұрады.
A) атам
B) әжем
C) ауылда
D) тұрады

24 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вставьте нужный вариант вместо многоточия.

Досым ... оқып жүр.
A) Мәскеу
B) Мәскеуді
C) Мәскеуде
D) Мәскеуден

25 Асты сызылған сөзге қойылатын сұрақты көрсетіңіз.
Укажите вопрос к подчеркнутому слову.

Бұл пойыз Көкшетаудан келді.
A) қай?
B) қайда?
C) қашан?
D) қайдан?

26 Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Укажите правильный ответ.

– Дайындықтарыңыз қашаннан басталатын болды?
– ... .
A) Ерте
B) Ертеңге
C) Ертесіне
D) Ертеңнен

27 « -шы» қосымшасы жалғанатын сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, к которому можно присоединить аффикс «-шы».

A) кәсіп
B) жұмыс
C) маман
D) әріптес

28 Мекеме атауын білдіріп тұрған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает учреждение.

A) кітап
B) қағаз
C) дәптер
D) кітапхана

29 Кішірейту мәнді сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово с уменьшительно-ласкательным значением.

A) басеке
B) әкетай
C) анажан
D) балақай

30 Құрметтеу мәніндегі сөзді табыңыз.
Укажите слово, которое выражает уважение к человеку.

A) әжетай
B) Әлеке
C) ботақан
D) ағажан

31 Асты сызылған сөзге балама санның атауын көрсетіңіз.
Укажите числительное, подходящее по смыслу к подчеркнутому слову.

Түнде жалғыз өзің жүрме.
A) бір
B) екі
C) үш
D) төрт

32 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Футболдан командамыз ... орын алды.
A) бір
B) екі
C) екі үш
D) екінші

33 Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Біз сағат бесте келеміз.
A) не
B) қайда
C) қанша
D) нешеде

34 Асты сызылған сөздің баламасын көрсетіңіз.
Укажите слово, подходящее по смыслу к подчеркнутому слову.

Біз ширек ғасыр бірге өмір сүрдік.
A) он жыл
B) он бес жыл
C) жиырма жыл
D) жиырма бес жыл

35 Көп нүктенің орнына сан атауларының тиісті нұсқасын қойыңыз.
Вставьте нужный вариант числительного вместо многоточия.

Ғалымжан ... сыныптан кейін колледжге түсті.
A) тоғыз
B) тоғызыншы
C) тоғыз шақты
D) тоғызға таман

**36** Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вставьте нужный вариант вместо многоточия.

Мен бір мың тоғыз жүз алпыс ... жылы тудым.
A) бес
B) бесеу
C) бестей
D) бесінші

**37** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Менің туған күнім – ... қазан.
A) жеті
B) жетеу
C) жетінші
D) жетеуге жуық

**38** Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Ұлым ... гимназияны бітірді.
A) жиырма алты
B) жиырма алтыны
C) жиырма алтыдай
D) жиырма алтыншы

**39** Түсті білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает цвет.

A) ащы
B) тұщы
C) дәмді
D) жасыл

**40** Дәмді білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает вкус.

A) кең
B) тар
C) тәтті
D) үлкен

**41** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

... таңертеңгі ұшақпен ұшатын болдым.
A) Ол
B) Сіз
C) Сен
D) Мен

42 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

... ұйықтай алдыңыз ба?
A) Біз
B) Сендер
C) Сіз
D) Олар

43 Бір затты нұсқау үшін қолданылатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое указывает на предмет.

A) мен
B) біз
C) анау
D) сіздер

44 Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Бізді ... жерде күтіңдер.
A) ол
B) сен
C) осы
D) қай

45 Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Пойыз <u>таңертең</u> жетіде келеді.
A) қайда?
B) қашан?
C) нешеде?
D) қай жерге?

46 Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Бұл жер <u>біздікі.</u>
A) неде?
B) кімде?
C) қайда?
D) кімдікі?

47 Сөйлемнен қимылды білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает действие.

Балам кеше киноға барды.
A) кеше
B) балам
C) киноға
D) барды

48 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сен ертең жұмысқа ... .
A) кел
B) оқы
C) сөйле
D) жатыр

49 Жақында орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое совершено недавно.

A) Кеше президенттік сайлау өтті.
B) Биыл президенттік сайлау өтетін болды.
C) Президенттік сайлау бес жыл бұрын өткен.
D) Келер жылы президенттік сайлау өтпейтін болды.

50 Жақында орындалған іс-әрекет туралы сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором говорится о недавно совершенном действии.

A) Қар қалың жауды.
B) Адамдар қысқа даярланады.
C) Құстар жылы жаққа қайтады.
D) Адамдар отын дайындай бастады.

51 Орындалмаған іс әрекетті көрсетіңіз.
Укажите невыполненное действие.

A) Сабақ аяқталды.
B) Жиналыс басталды.
C) Оқушылар үйлеріне қайтты.
D) Жиналысқа оның ата-анасы келмеді.

52 Орындалмаған істі көрсетіңіз.
Укажите невыполненное действие.

A) Қатты жел тұрды.
B) Жаңбыр жаумады.
C) Жаңбыр жауатын сияқты.
D) Аспанда найзағай ойнады.

53 Қазіргі уақытта болып жатқан істі көрсетіңіз.
Укажите действие, которое происходит в момент речи.

A) Балам мектепте отыр.
B) Балам бүгін мектеп бітірді.
C) Кенже ұлым балабақшаға кетті.
D) Қызым мектепті келесі жылы бітіреді.

**54** Қазіргі уақытта болып жатқан істі көрсетіңіз.
Укажите действие, которое происходит в момент речи.

A) Бүгін анам ауруханада жүр.
B) Ауруханаға жөндеу жүргізілген.
C) Ауруханаға емделушілер көп келді.
D) Дәрігерлер – жақсы жандар еді.

**55** Орындалмаған іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, действие в котором не выполнено.

A) Біз онымен хабарластық.
B) Қонақтарды қарсы алдық.
C) Қонағымыз ұшақпен келді.
D) Біз күткен шетелдік қонақ келмеді.

**56** Орындалмаған іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, действие в котором не выполнено.

A) Бос орын болған жоқ.
B) Автобуста адам көп екен.
C) Ол келесі аялдамадан мінді.
D) Ұлым бүгінгі рейспен келмеді.

**57** Осы уақытта орындалып жатқан іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое выполняется в момент речи.

A) Қазақ тілін екі жыл оқыдым.
B) Қазақ тілі сабағы қызық өтті.
C) Мен қазақша үйреніп жүрмін.
D) Ертең қазақ тілі курсына барамын.

**58** Осы уақытта орындалып жатқан іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое происходит в момент речи.

A) Айнұр – өте білімді қыз еді.
B) Айнұр шетелде көп болды.
C) Ол қазір Лондонда тұрады.
D) Ол бірнеше тілді меңгерген.

**59** Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте правильный вариант.

Мен ағылшын тілін ... .
A) білмеймін
B) көрмеймін
C) жазбаймын
D) сөйлемеймін

60 Орындалмаған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите невыполненное действие.

A) Суда жүзуді үйрендім.
B) Мен суда жақсы жүземін.
C) Ол денсаулыққа өте пайдалы.
D) Құрбым суда жақсы жүзбеді.

61 Мезгілді білдіріп тұрған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает период времени.

Түсте бірге тамақтануға барамыз.
A) бірге
B) түсте
C) барамыз
D) тамақтануға

62 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте правильный вариант.

Астанаға ... жүретін болдым.
A) кеше
B) ертең
C) былтыр
D) өткен жылы

63 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте необходимый вариант.

Театрға ата-аналар ..., оқушылар ... барды.
A) де
B) да
C) әрі
D) және

64 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте необходимый вариант.

Елбасы халық... кездесті.
A) әрі
B) бен
C) пен
D) мен

65 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте правильный вариант.

Назерке, Алматыда күн райы жылы ...?
A) па
B) ме
C) ба
D) ма

66 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Айым ертең кетеді, сен ...?
A) бе
B) ше
C) ме
D) пе

67 Назар аударту мәніндегі сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, обозначающее обращение к человеку.

Қарағым, осы ақылымды тыңдашы!
A) осы
B) тыңдашы
C) қарағым
D) ақылымды

68 Назар аударту мәніндегі сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, обозначающее обращение к человеку.

Балам, салқын сусын әкелші.
A) балам
B) сусын
C) салқын
D) әкелші

69 Қуану мәніндегі сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, выражающее радость.

A) Қап!
B) Әттеген-ай!
C) Шіркін!
D) Алақай!

70 Өкіну мәніндегі сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, выражающее сожаление.

A) Жә!
B) Әттең!
C) Пай-пай!
D) Бәрекелді!

# 2 Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау
# Лексико-грамматический блок. Анализ тестовых заданий



♦ Айтылуы жіңішке сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, которое произносится мягко.

A) қызы
B) балаңыз
C) немерелер
D) туысқаным

Ṫ Барлық буынында жіңішке дауысты дыбысы бар сөзді табу керек.
1) қызы сөзіндегі дауысты дыбыстар жуан.
2) балаңыз сөзіндегі дауысты дыбыстар да жуан.
3) немерелер сөзіндегі дауысты дыбыстар жіңішке, сөз жіңішке айтылады.
4) туысқаным сөзіндегі дауысты дыбыстар да жуан.

♦ «-дар» қосымшасын жалғауға болатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите, к какому слову можно присоединить аффикс «-дар».

A) кітап
B) қағаз
C) дәптер
D) өшіргіш

Ṫ «-дар» қосымшасын жалғауға болатын сөзді табу керек.
1) кітап сөзі қатаң дыбысқа аяқталып тұр, сондықтан «-дар» қосымшасын жалғауға болмайды.
2) қағаз сөзінің соңғы буыны жуан және сөз ұяң дыбысқа аяқталып тұр, сондықтан «-дар» қосымшасын жалғауға болады.
3) дәптер сөзінің соңғы буыны жіңішке.
4) өшіргіш сөзінің соңғы буыны жіңішке, сондықтан «-дар» қосымшасын жалғауға болмайды.

♦ Қате жазылған сөзді белгілеңіз.
Отметьте неверное написание.

A) әйелдер
B) сәбилер
C) адамдар
D) жігітлер

Ṫ Мұнда дыбыс үндестігін сақтамайтын қосымшаны табу керек.
1) сәбилер сөзінің түбірі дауыстыға (и) аяқталған, үндіден (л) басталатын қосымша жалғанған, дыбыс үндестігі сақталған.
2) әйелдер сөзі үндіге (л) аяқталған, ұяңнан (д) басталатын қосымша жалғанған, дыбыс үндестігі сақталған.
3) адамдар сөзі үндіге (м) аяқталған, ұяңнан (д) басталатын қосымша жалғанған, дыбыс үндестігі сақталған.
4) жігітлер сөзі қатаңға (т) аяқталған, үндіден (л) басталатын қосымша жалғанған, қатаң және үнді дауыссыз дыбыс қатар келе алмайды, сондықтан дыбыс үндестігі сақталмаған.

1. Айтылуы жіңішке сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, которое произносится мягко.

A) үй
B) жұмыс
C) отбасы
D) мекенжай

2. «-қа» қосымшасын жалғауға болатын сөзді белгілеңіз.
Укажите, к какому слову можно присоединить аффикс «-қа».

A) жер
B) дала
C) аспан
D) табиғат

3. «-де» қосымшасын жалғауға болатын сөзді белгілеңіз.
Укажите слово, к которому можно присоединить аффикс «-де».

A) туыс
B) немере
C) ата-ана
D) қарындас

4. «-лар» қосымшасын жалғаңыз.
Присоедините аффикс «-лар» к соответствующему слову.

A) қыз
B) сіңлі
C) жігіт
D) бауыр

5. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный аффикс.

Көрші... ауланы тазалады.
A) -дер
B) -дар
C) -лер
Д) -лар

6. Көптік мәнді сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово множественного значения.

A) әке
B) бала
C) ұстаз
D) балалар

## Антонимдер
Антонимы

Ė

Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді антоним деп атаймыз.
**Мысалы:** жоғары – төмен, үлкен – кіші, алыс – жақын.

Слова с противоположными значениями называются антонимами.

Қарама-қарсы мәнді түбірлес сөздер антоним бола алмайды.
**Мысалы:** желді – желсіз, балалы – баласыз, болымды – болымсыз.

Слова с противоположными значениями с одинаковыми корнями не являются антонимами.

♦ «Аласа» сөзіне қарама-қарсы мәнді сөзді белгілеңіз.
Подберите слово с противоположным значением к слову «аласа».

A) кең
B) биік
C) ұзын
D) үлкен

Ť

1) биік – жоғары деген мағынада, қарама-қарсы мағынасы – аласа
2) ұзын сөзіне қарсы мағынадағы сөз – қысқа
3) кең сөзінің қарама-қарсы мағынасы – тар
4) үлкен сөзінің қарама-қарсы мағынасы – кіші

♦ Мағынасы қарама-қарсы сөздерді табыңыз.
Найдите слова с противоположным значением.

A) үлкен-қысқа
B) ашық-жабық
C) ұзын-қалың
D) жұқа-жеңіл

Ť

1) үлкен-қысқа сөздері – қарама-қарсы мағыналы сөздер емес (үлкен - кіші, қысқа - ұзын);
2) ашық-жабық – қарама-қарсы мағыналы сөздер.
3) ұзын-қалың сөздері – қарама-қарсы мағыналы сөздер емес (ұзын-қысқа, қалың-жұқа).
4) жұқа-жеңіл – қарама-қарсы мағыналы сөздер емес. (қалың-жұқа жеңіл-ауыр).

♦ Қарсы мағыналы сөздер қатарын табыңыз.
Найдите строку, в которой есть слова с противоположным значением.

A) Біздің пәтеріміз жоғарғы қабатта.
B) Досымның пәтері төменгі қабатта.
C) Біз, екеуміз бірге, бір қабатта тұрамыз.
D) Мен жоғарғы қабатта, досым төменгі қабатта тұрады.

Ť

1) Мұнда бір-біріне мағынасы қарама-қарсы сөздер жоқ.
2) Бұл қатарда антонимдік жұп құрайтын қарсы мағыналы сөздер жоқ.
3) Мұнда да қарсы мағыналы сөздер жоқ.
4) Жоғарғы және төменгі сөздері – қарама-қарсы мағыналы сөздер.

7 «Үлкен» сөзіне қарсы мағыналы сөзді табыңыз.
К слову «үлкен» подберите слово с противоположным значением.

A) кіші
B) ұзын
C) семіз
D) қария

8 «Қуаныш» сөзіне қарсы мағыналы сөзді табыңыз.
К слову «қуаныш» подберите слово с противоположным значением.

A) бақыт
B) береке
C) ырыс
D) қайғы

9 «Сәлемдесу» сөзіне қарсы мағыналы сөзді табыңыз.
Подберите слово с противоположным значением к слову «сәлемдесу».

A) қоштасу
B) есендесу
C) амандасу
D) жағдай сұрасу

10 «Демалыс күні» тіркесіне қарсы мағыналы тіркесті белгілеңіз.
Подберите словосочетание с противоположным значением к словосочетанию «демалыс күні».

A) мейрам күні
B) бос уақыт
C) жұмыс күні
D) мереке күні

11 Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер бар қатарды табыңыз.
Найдите предложение, в котором есть слова с противоположным значением.

A) Менің сыныптас достарым көп.
B) Досы көп жанмен сыйласқан жөн.
C) Маржан досымен жиі сырласады.
D) Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас.

Ė

Заттың немесе құбылыстың атауын білдіретін сөз табын зат есім деп атаймыз.
Зат есім (имя существительное) – часть речи, которая обозначает наименование предмета или явления.
Зат есімнің сұрақтары кім? не?
Зат есім отвечает на вопросы кім? (кто? ), не? (что?).

Адамға қатысты атауларға кім? деген сұрақ қойылады.
Вопрос кім? (кто?) задается только по отношению к человеку.
Мысалы: ата, ана, бала, әнші, оқушы

Ал адамнан өзге жан-жануарлар мен заттар, нәрселер не? нелер? деген сұраққа жауап береді.
Во всех других случаях употребляются вопрос не? нелер? (что?)
Мысалы: жылқы, қой, ешкі, аю, құс, кітап, аспан, қала

Бір сөзден тұратын зат есімдер дара зат есімдер деп аталады.
Имена существительные, которые состоят из одного слова, называются простыми.
Мысалы: адам, ауа, қонақ, мал, дала

Если вы знаете наименование предмета, о котором вы хотите спросить, то легко можете ответить на вопрос, составив предложение по следующей модели:
Вопрос: Бұл кім? или Мынау кім? – Кто это?
Ответ: Бұл – қызметкер. – Это служащий.
Вопрос: Мынау не? – Что это?
Ответ: Бұл – үй. – Это дом.
Вопрос: Анау кім? – Кто это?
Ответ: Ол – бала. – Это ребенок.
Вопрос: Анау не? – Что это?
Ответ: Ол – ғимарат. – Это здание.
Эти модели предложений используются когда интересуемый предмет расположен близко. Если предмет находится на расстоянии, задается вопрос: Анау не? или Анау кім? И в этом случае употребляется местоимение 3-го лица – ол.
Вопрос: Анау кім? – Кто это?
Ответ: Ол – бала. – Это ребенок.
Вопрос: Анау не? – Что это?
Ответ: Ол – ғимарат. – Это здание.

♦ Дара сөзді көрсетіңіз.
Укажите простое слово.

A) ата
B) аға-іні
C) әке-шеше
D) туған-туыс

Ť

1) ата сөзі – дара сөз.
2) аға-іні – күрделі сөз (аға және іні).
3) әке-шеше сөзі екі сөзден (әке және шеше) құралған.
4) туған-туыс – қос сөз (күрделі).

♦ Дара сөзді белгілеңіз.
Отметьте простое слово.

A) ауыл
B) елтаңба
C) баспасөз
D) ел жұрт

Ť

1) ауыл – бір ғана сөзден құралған.
2) елтаңба – екі сөздің бірігуі арқылы (ел және таңба) жасалған.
3) баспасөз – екі сөзден (баспа және сөз) құралған.
4) ел-жұрт – қос сөз (екі сөзден жасалған; ел және жұрт).

♦Дара сөзді көрсетіңіз.
Укажите простое слово.

A) қала
B) атамекен
C) туған күн
D) ауыл маңы

1) қала – дара, бір сөзден жасалған сөз.
2) атамекен – ата және мекен сөзінен біріккен күрделі сөз.
3) туған күн – бұл да екі сөзден жасалған күрделі сөз.
4) ауыл маңы – екі сөзден құралған күрделі сөз

♦ «Кім?» сұрағына жауап беретін дара сөзді көрсетіңіз.
Укажите простое слово, которое отвечает на вопрос «кім?».

A) құс
B) балық
C) шебер
D) жан жануарлар

1) құс – дара сөз, бірақ кім? деген сұраққа жауап бермейді.
2) балық – дара сөз, алайда не? деген сұраққа жауап береді.
3) шебер – дара сөз, мамандық иесі.
4) жан-жануарлар – қос сөз, нелер? деген сұраққа жауап береді.

12 Дара сөзді көрсетіңіз.
Укажите простое слово.

A) қызмет
B) аты-жөні
C) мекенжай
D) жұмыс уақыты

13 Дара сөзді көрсетіңіз.
Укажите простое слово.

A) мекенжай
B) аты-жөні
C) ата-ана
D) жұмысшы

14 Дара сөзді көрсетіңіз.
Укажите простое слово.

A) емхана
B) саңырауқұлақ
C) ауылдар
D) атамекен

15 Сөздердің жалпы атауын көрсетіңіз: шалбар, шұлық, жейде.
Укажите слово, обощающее слова шалбар, шұлық, жейде.

A) тағам
B) киім
C) ыдыс
D) құрал

16 Дара зат есімді белгілеңіз.
Отметьте простое существительное.

A) асқазан
B) ақсақал
C) дəмхана
D) аялдама

Ė

Зат есімнің күрделі түрлері
Сложные имена существительные
Күрделі зат есімдерге екі немесе одан да көп сөзден құралған зат есімдер жатады. Күрделі зат есімнің төрт түрі бар:
1) Біріккен зат есімдер: елбасы, Айгүл, Ерсұлтан, бейнесабақ, атамекен;
2) Қосарланған зат есімдер: ата-ана, бала-шаға, ел-жұрт, ыдыс аяқ;
3) Құрама зат есімдер: бас дəрігер, жастық шақ, ауа райы;
4) Қысқарған зат есімдер: ҚазҰУ, БҰҰ, мемтерминком.

К сложным существительным относятся слова, которые состоят из двух и более слов. Сложные существительные делятся на 4 вида:
1) Слитные, например: елбасы, қолбасшы, бейнесабақ, атамекен;
2) Парные, например: ата-ана, бала-шаға, ел-жұрт, ыдыс аяқ;
3) Составные, например: бас дəрігер, жастық шақ, ауа райы;
4) Сокращенные, например: ҚазҰУ, БҰҰ, мемтерминком.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Менің ... зауытта жұмыс істейді.
A) ата-анам
B) бала-шаға
C) ардагер қарт
D) сынып жетекшісі

Ť

1) ата-ана – жұмыс істеуге қабілетті ересек адамдар;
2) бала-шаға – I жақта бала-шағам болып тəуелденеді, кəмелетке толмаған бала-шаға зауытта жұмыс істей алмайды;
3) ардагер қарт – I жақта ардагер қартым болып жазылады жəне ардагер қарт еңбек демалысына шыққан адам;
4) сынып жетекшісі – III жақта тұр, сөйлем I жақта айтылған, сынып жетекшісі – мұғалім, ол зауытта жұмыс істей алмайды.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біздің ауылда екі қабатты жаңа ... ашылды.
A) бақ
B) бақша
C) бау-бақша
D) балабақша

Ť

1) Ағаштар өсіп тұрған жайды бақ деп атаймыз, бақ – құрылыс нысаны емес.
2) Бақша – көкөніс өсетін жай, оның екі қабатты болуы мүмкін емес.
3) Бау-бақша – жеміс-жидек пен көкөніс өсірілетін жер, ол екі немесе көп қабатты болуы мүмкін емес.
4) Балабақша – ғимарат, ол екі немесе үш қабатты болуы да мүмкін.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Айнаш беліне жалпақ қызыл ... буыныпты.
A) белбеу
B) орамал
C) шəлі
D) бөкебай

Ť

1) белбеу – көйлектің сыртынан тағатын сəнді əшекей (аксессуар).
2) орамал – əйелдердің бас киімі, оны белге тақпайды, басқа тартады.
3) шəлі – орамалдың түрі.
4) бөкебай – мойынға орайтын зат.

**17** Екі сөзден құралған қыздың атын көрсетіңіз.
Укажите имя девушки, образованное из двух слов.

A) Анар
B) Мейіз
C) Ғазиза
D) Алтынай

**18** Екі сөзден құралған кісі атын көрсетіңіз.
Укажите имя человека, образованное из двух слов.

A) Зере
B) Баян
C) Әуез
D) Айбек

**19** Екі сөзден құралған адамның атын белгілеңіз.
Укажите имя человека, образованное из двух слов.

A) Асқар
B) Арман
C) Мөлдір
D) Бақытгүл

**20** Екі сөзден тұратын жұлдыз атауын көрсетіңіз.
Укажите название созвездия, которое состоит из двух слов.

A) Таразы
B) Мерген
C) Шолпан
D) Жетіқарақшы

**21** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Айдар теледидардан «...» бағдарламасын көргенді ұнатады.
A) Хабар
B) Алты арна
C) Алтыбақан
D) Хабарлама

## Біріккен сөздер. Жер-су атаулары
Слитные слова. Географические названия

Ė

Біріккен сөздер деп екі сөздің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөздерді айтамыз.
Біріккен сөздер (слитные слова) – сложные слова, образованные путем слияния двух слов.
Мысалы: Екібастұз, Жезқазған, Ақсу, Көкшетау, Талдықорған, баспасөз, төлқұжат, тілашар

Біріккен сөздердің түрлері:
1. Адам аттары:
Имена людей: Нұрсұлтан, Қасымжомарт, Бауыржан, Дастан, Бақытжан, Бекзат, Айнұр, Қарашаш, Алтынай, Айжан, Есенғали, Ерғали және т.б.
2. Анатомиялық атаулар:
Анатомические названия: асқазан – желудок, тоқішек – толстая кишка, соқырішек – аппендицит.
3. Географиялық атаулар (жер, ғаламшар, жұлдыз және т.б.):
Географические названия (местности, планеты, звезд, и т.д.): Қызылорда, Ақтау, Сырдария, Алакөл, Жетіқарақшы – Большая медведица.
4. Өлең, күй атаулары:
Названия песен, кюев: Сарыжайлау, Сарыарқа, Қараторғай, Кісенашқан, Сегізаяқ
5. Басқа да атаулар:
Другие названия: шекара – граница, кәсіпорын – производство, еңбеккүн – трудодни, отағасы – отец семейства, елорда – столица т.б.

Біріккен сөздер бірге жазылады.
Слитные слова пишутся вместе.



♦ Екі сөзден құралған жер-су атауын белгілеңіз.
Укажите географическое название, образованное путем слияния двух слов.

A) Тараз
B) Құлан
C) Көлсай
D) Шелек

Т́

1) Тараз сөзі – қаланың атауы, бір түбірден жасалған.
2) Құлан – аудан атауы, біріккен сөз емес.
3) Көлсай – көл және сай сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.
4) Шелек сөзі – бір түбірден жасалған.

♦ Екі сөзден біріккен сөзді белгілеңіз.
Укажите слово, образованное путем слияния двух слов.

Біз ... бардық.
A) Семейге
B) Талғарға
C) Астанаға
D) Көкшетауға

Т́

1) Семейге – бір түбірден жасалған қала атауы.
2) Талғарға – бір түбірден жасалған аудан атауы.
3) Астанаға – бір түбірден құралған Қазақстанның елордасы.
4) Көкшетау – екі түбірден біріккен (көкше және тау) қала атауы.

♦ Екі сөзден біріккен көлдің атын табыңыз.
Найдите название озера, которое состоит из двух слов.

A) Еділ
B) Ертіс
C) Алакөл
D) Жайық

Т́

1) Еділ – бір түбірден жасалған өзеннің атауы.
2) Ертіс – бір түбірден жасалған өзеннің атауы.
3) Алакөл – екі түбірден біріккен (ала және көл) көл атауы.
4) Жайық – бір түбірден жасалған өзеннің атауы.

22 Екі сөзден құралған өзен-көл атауын белгіленіз.
Отметьте название озера/реки, которое состоит из двух слов.

A) Есіл
B) Тобыл
C) Көктем
D) Сырдария

23 Екі сөзден құралған географиялық атауды көрсетіңіз.
Укажите географическое название, образованное путем слияние двух слов.

A) Астана
B) Ұзынағаш
C) Қармақшы
D) Қорғалжын

24 Екі сөзден құралған тау атауын белгіленіз.
Отметьте название горы, образованное с помощью двух слов.

A) Қарасу
B) Алатау
C) Қостанай
D) Жезқазған

25 Екі сөзден құралған жер-су атауын белгіленіз.
Отметьте географическое название, образованное с помощью двух слов.

A) Тараз
B) Құлан
C) Шелек
D) Көлсай

26 Екі сөзден құралған географиялық атауды көрсетіңіз.
Отметьте географическое название, образованное с помощью двух слов.

A) Тараз
B) Қазалы
C) Алматы
D) Талдықорған

## Жалпы есімдер

Нарицательные имена существительные

Ė

Жалпы есімдер деп бірыңғай заттар мен нәрселердің жалпылама атын білдіретін зат есімдерді айтамыз.
Нарицательные имена существительные обозначают общее наименование вещей, живых существ, абстрактных понятий.
Мысалы: адам, тамақ, қалам, мал, аң, жиһаз, өзен, бақыт, қуаныш.

Жалпы есімдер:
Нарицательные существительные:
1) заттың, нәрсенің аты (названия вещей): үй, ағаш, тас, кітап, дала және т.б;
2) хайуанаттар мен жәндіктердің жалпы аты (общее название зверей и насекомых): піл, аю, арыстан, қасқыр, қарлығаш және т.б;
3) құбылыстың аты (названия явлений): жаңбыр, жел, қар, сел және т.б.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК

♦ Жалпы атауды табыңыз.
Найдите нарицательное существительное.

A) Қала
B) Астана
C) Алматы
D) Қаратау

Ť

1) қала – көптеген бірыңғай заттардың жалпы аты.
2) Астана – Қазақстанның бас қаласының аты, жалқы есім.
3) Алматы – бір ғана қаланың атауы.
4) Қаратау – жеке қаланың аты, жалқы есім.

♦ Жалпы атауды табыңыз.
Найдите нарицательное существительное.

A) Іле
B) Өзен
C) Лепсі
D) Түрген

Ť

1) Іле – өзен аты, жалқы есім.
2) Өзен – жалпылама географиялық атау.
3) Лепсі – дара географиялық атау.
4) Түрген – бір ғана өзеннің аты.

♦ Жалпы атауды табыңыз.
Найдите нарицательное существительное.

A) Ресей
B) Мемлекет
C) Қазақстан
D) Өзбекстан

Ť

1) Ресей – мемлекеттің аты, жалқы есім.
2) Мемлекет – елдердің жалпылама атауы.
3) Қазақстан – бір елге берілген дара атау.
4) Өзбекстан – Азиядағы бір елге берілген дара атау.

♦ Жалпы атауды табыңыз.
Найдите нарицательное существительное.

A) Азия
B) Африка
C) Құрлық
D) Австралия

Ť

1) Азия – бір құрлықтың дара атауы.
2) Африка – бұл да жалқы есім.
3) Құрлық – жер бетіндегі континенттердің жалпы атауы.
4) Австралия – жалқы есім.

**27** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Кел, танысайық. Менің атым – Алтынай. Ал сенің атың кім?
– Менің ... – Баян.
A) тегім
B) атым
C) аты-жөнім
D) әкесінің аты

**28** Тағам атауларын көрсетіңіз.
Укажите название пищи.

A) ас, қонақ, ұн
B) ет, нан, айран
C) су, сусын, бұйым
D) тауар, азық, астық

**29** Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение соответствующим словом.

... мектепте оқиды.
A) Оқушы
B) Студент
C) Кәсіпкер
D) Қызметкер

**30** Кәсіп, мамандық атауларын белгілеңіз.
Отметьте названия профессий.

A) шеше, әже, немере
B) алтын, қола, құрыш
C) әнші, ғалым, мұғалім
D) бастық, мырза, ханым

**31** Адамға қатысты жалпы сөздерді көрсетіңіз.
Укажите нарицательное слово, связанное с человеком.

A) қант, нан, сүт
B) қыз, жігіт, шал
C) мамандық, кәсіп
D) отбасы, жұмыс

## Жалқы есімдер
Собственные имена существительные

Ė

Жалқы есімдер – жеке адамдарға, жеке заттар мен құбылыстарға атауыш болып келетін сөздер.
Собственные имена существительные – это наименование конкретного предмета, названия отдельных вещей и явлений.
Мысалы: Абай, Алматы, Қазақстан

Жалқы есімдерге жататындар:
К именам собственным относятся:
1. Адамның аты-жөні, тегі:
Имена, фамилии людей: Бауыржан Момышұлы, Әкім Тарази, Жұмат Саин және т.б.
2. Кейбір мал мен хайуанат аттары:
Клички животных и зверей: Құлагер, Бөрібасар, Тайбурыл және т.б.
3. Мемлекет, қала, облыс, аудан аттары:
Названия государств, городов, областей, районов и т.д.: Қазақстан, Түркия, Ақтау, Талдықорған, Құлан және т.б.
4. Жер, су, тау, көше аттары және т.б.
Названия местности, озер рек, гор, улиц: Ерейментау, Есіл, Байкал көлі, Қаратау, Райымбек даңғылы т.б;
5. Тарихи оқиғалар:
Исторические события: Тәуелсіздік күні, Желтоқсан оқиғасы, Қазан төңкерісі және т.б.
6. Газет-журнал, әдеби кітаптардың, жеке мақалалардың аттары және т.б.
Названия газет, журналов, художественных книг, статей и т.д.: «Ана тілі» газеті, «Жұлдыз» журналы, «Абай жолы» роман-эпопеясы, жазушының «Қазақ тілі» мақаласы және т.б.
7. Мәдени орындардың атаулары:
Названия культурных заведений: «Қазақстан» қонақүйі, «Хан шатыры» кешені, М. Әуезов атындағы қазақ драма театры, Абай атындағы опера және балет театры және т.б.
8. Кәсіпорын, мекеме, зауыт, фирма, банк атаулары:
Названия предприятий, учреждений, заводов, фирм, банков: Алматы кірпіш зауыты, «Аяжан» білім беру мекемесі, «Адал» фирмасы, Халық банкі және т.б.
9. Лауазымдар мен атақтар:
Названия должностей и званий: Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, «Тарлан» сыйлығының лауреаты және т.б.

♦ Жеке заттың атауын табыңыз.
Найдите название конкретного предмета.

A) Биік тау
B) Алатау
C) Тау іші
D) Таудың басы

Ť

1) Биік тау жеке атау емес.
2) Алатау – жеке бір таудың ғана аты.
3) Тау іші бір таудың аты емес.
4) Тау басы – тау атын емес, таудың басын айтып тұр.

♦ Жеке заттың атауын табыңыз.
Найдите название конкретного предмета.

A) Қазақ елі
B) Қазақстан
C) Қазақ жері
D) Қазақ халқы

Ť

1) Қазақ елі – жалпы есім.
2) Қазақ халқы – жалпы қазақ ұлтын айтып тұр.
3) Қазақстан – жеке мемлекеттің ресми атауы.
4) Қазақ жері – жеке емес, жалпы атау.

♦ Жеке заттың атауын көрсетіңіз.
Укажите название конкретного предмета.

A) Орал
B) Облыс
C) Аудан
D) Елді мекен

1) Орал – географиялық жеке атау.
2) Облыс – жалпы облыстарға қатысты жалпылама атау.
3) Аудан – жеке атау емес, жалпы атау.
4) Елді мекен – бір мекеннің аты емес, жалпы атауы.

**32** Жеке заттың атауын көрсетіңіз.
Укажите название конкретного предмета.

Роза Рымбаева – қазақ эстрадасының жұлдызы.
A) қазақ эстрадасы
B) Роза Рымбаева
C) эстрадасының
D) эстрада жұлдызы

**33** Жеке заттың атауын көрсетіңіз.
Укажите название определенного предмета.

Олар Құрама Штаттарында концерт берді.
A) Олар
B) концерт
C) концерт берді
D) Құрама Штаттарында

**34** Жеке заттың атауын көрсетіңіз.
Укажите название определенного предмета.

Астанада ән байқауы өтті.
A) өтті
B) Астанада
C) ән байқауы
D) байқау өтті

**35** Жалқы есімді белгілеңіз.
Отметьте имя собственное.

A) Сіздің бала
B) Менің досым
C) Біздің сынып
D) Үлкен Алматы өзені

**36** Кісі есімдерін белгілеңіз.
Отметьте имена людей.

A) Талдықорған, Шымкент
B) Қаныш Сәтбаев, Зейін Шашкин
C) Алматы ақшамы, Егемен Қазақстан
D) Ұлы Отан соғысы, Желтоқсан көтерілісі

## Зат есімнің жіктелуі. Жіктік жалғау

Спряжение имен существительных. Личные окончания

Зат есімнің жіктелуі жіктік жалғауының көрсеткіштері арқылы жүзеге асады. Зат есімдер жекеше, көпше түрде жақ бойынша түрленеді.

Образование личных форм имен существительных осуществляется с помощью личных показателей (жіктік жалғау), которые присоединяются в соответствии с законом сингармонизма и прогрессивной ассимиляции. Имена существительные изменяются по лицам в единственном и множественном числе.

**Жекеше түрі.** Едиственное число

| | Жалғаулар<br>Окончания | Соңғы дыбыс<br>Последний звук | Мысалдар<br>Примеры |
|---|---|---|---|
| I жақ<br>(лицо)<br>МЕН | -мын/-мін | барлық дауысты дыбыстар<br>(все гласные звуки);<br>үнді (сонорные): й, р, у, л, м, н, ң | Мен заңгер+мін.<br>Мен кіші+мін.<br><br>Мен Алматыдан+мын. |
| | -бын/-бін | ұяң (звонкие): з, ж | Мен Гүлназ+бын.<br>Мен қарыз+бын.<br>Мен аспаз+бын. |
| | -пын/-пін | қатаң (глухие): п, ф, с, ш, к, қ, т.<br>ұяң (звонкие): б, в, г, д; | Мен қазақ+пын.<br>Мен педагог+пін.<br>Мен экономист+пін. |
| II жақ<br>(лицо)<br>СЕН<br><br>СІЗ | -сың/-сің<br><br><br><br>-сыз/-сіз | | Сен заңгер+сің<br>Сен аудармашы+сың ба?<br><br>Сіз адал адам+сыз.<br>Сіз жақсы маман+сыз |
| III жақ<br>(лицо)<br>ОЛ | | | Ол студент+□<br>Ол заңгер+□ |

**Көпше түрі.** Множественное число

| | Жалғаулар<br>Окончания | Соңғы дыбыс<br>Последний звук | Мысалдар<br>Примеры |
|---|---|---|---|
| I жақ<br>(лицо)<br>БІЗ | -мыз/-міз | барлық дауысты дыбыстар (все гласные звуки);<br>үнді (сонорные): й, р, у, л | Біз оқушымыз.<br>Біз заңгер+міз.<br>Біз үйде+міз. |
| | -быз/-біз | ұяң (звонкие): з, ж<br>үнді (сонорные): м, н, ң | Біз Алматыдан+быз.<br>Біз қарыз+быз.<br>Біз мұғалім+біз. |
| | -пыз/-піз | қатаң (глухие): п, ф, с, ш, к, қ, т.<br>ұяң (звонкие): б, в, г, д; | Біз қазақ+пыз.<br>Біз педагог+піз.<br>Біз экономист+піз. |
| II жақ<br>(лицо)<br>СЕНДЕР<br><br>СІЗДЕР | -сыңдар/<br>-сіңдер<br><br><br>-сыздар/<br>-сіздер | | Сендер аудармашы+сыңдар ба?<br><br>Сендер заңгер+сіңдер<br>Сіздер жақсы маман+сыздар<br>Сіздер білімдісіздер |
| III жақ<br>(лицо)<br>ОЛАР | | | Олар студенттер+□<br>Олар заңгерлер+□ |

♦ «- пін» қосымшасы жалғанатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому можно присоединить аффикс «-пін».

A) тігінші
B) бастық
C) дәрігер
D) журналист

Ť

Үндестік заңына сәйкес қосымша жалғанатын сөзді табу керек.
тігінші – дауыстыға аяқталған жіңішке сөзге, -пін қосымшасын жалғауға болмайды.
бастық – соңғы буыны жуан.
дәрігер – үнді дауыссызға аяқталған жіңішке сөз.
журналист – соңғы буыны жіңішке, қатаңға аяқталған.

♦ Қажетті сөзді белгілеңіз.
Отметьте нужное слово.

Мен ..., ал Жарқынай – тігінші.
A) студент
B) студентсіз
C) студентсің
D) студентпін

Ť

«Мен» сөзімен тіркесетін сөзді жалғауына қарап табу керек.
1) студент сөзі – III жақта тұр.
2) студентсіз – II жақ, сыпайы түрі.
3) студентсің – II жақта тұр.
4) студентпін – I жақ, «Мен» сөзімен тіркесе алады.

♦ Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

– Сіз кәсіпкерсіз бе?
A) – Иә, сіз кәсіпкерсіз.
B) – Иә, біз кәсіпкерміз.
C) – Иә, мен кәсіпкермін.
D) – Иә, олар кәсіпкерлер.

Ť

1) Иә, сіз кәсіпкерсіз. – II жақта жауап берілген.
2) Иә, мен кәсіпкермін. – I жақта жауап берілген.
3) Иә, біз кәсіпкерміз. – сұрақ II жақта жекеше түрде берілген, жауап I жақта көпше түрде тұр.
4) Иә, олар кәсіпкерлер. – III жақта, көпше түрде жауап берілген.

37 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... әлі жассың.
A) Ол
B) Сіз
C) Сен
D) Мен

38 Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный аффикс.

Мен қазір демалыста... .
A) -сыз
B) -мыз
C) -сың
D) -мын

39 Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Сіз ... .
A) аспазбыз
B) аспазсыз
C) аспазсыздар
D) аспазсыңдар

**40** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... жиналыста.
A) Біз
B) Сіз
C) Олар
D) Сендер

**41** Диалогті аяқтаңыз.
Дополните диалог.

– Жансая, қазір қайда жұмыс істейсің?
– Мен киім ательесінде ... .
A) тігінші
B) тігіншісің
C) тігіншіміз
D) тігіншімін



## Зат есімнің тәуелденуі
Притяжательная форма существительных

**Ė** Тәуелдік жалғау бір заттың екінші затқа (адамға) немесе жаққа меншікті екенін білдіреді.
Тәуелдік жалғау указывает на принадлежность предмета и явления к первому, второму и третьему лицу или предмету.

**Жекеше түрі.** Единственное число

| Жақ (Лицо) | Дауыссыздан кейін (После согласных) | | Дауыстыдан кейін (После гласных) | |
|---|---|---|---|---|
| | жуан (твердый) | жіңішке (мягкий) | жуан (твердый) | жіңішке (мягкий) |
| I Менің | жұмыс+ым | есім+ім | бала+м | әже+м |
| II Сенің<br>Сіздің | жұмыс+ың<br>жұмыс+ыңыз | есім+ің<br>есім+іңіз | бала+ң<br>бала+ңыз | әже+ң<br>әже+ңіз |
| III Оның | жұмыс+ы | есім+і | бала+сы | әже+сі |

Егер **п, к, қ** дыбыстарына аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанса, бұл дыбыстар өзгереді. Мысалы: кітап – менің кітаб+ым, мектеп – сенің мектеб-ің, тек – сіздің тег-іңіз, мамандық – оның мамандығы.
Если основа слова заканчивается на глухие **п, к, қ,** а окончание формы притяжательности начинается с гласного, то глухие согласные становятся звонкими. Это отражается как в произношении, так и написании. Мысалы: кітап – менің кітаб+ым, мектеп – сенің мектеб-ің, тек – сіздің тег-іңіз, мамандық – оның мамандығы.

**Көпше түрі.** Множественное лицо

| Жақ (Лицо) | Дауыссыздан кейін (После согласных) | | Дауыстыдан кейін (После гласных) | |
|---|---|---|---|---|
| | жуан (твердый) | жіңішке (мягкий) | жуан (твердый) | жіңішке (мягкий) |
| I Біздің | жұмыс+ымыз<br>жұмыс+тар+ымыз | есім+іміз<br>есім+дер+іміз | бала+мыз | әже+міз |
| II Сендердің<br><br>Сіздердің | жұмыс+ың<br>жұмыс+тар+ың<br>жұмыс+ыңыз<br>жұмыс+тар+ыңыз | есім+ің<br>есім+дер+ің<br>есім+іңіз<br>есім+дер+іңіз | бала+ң<br><br>бала+ңыз | әже+ң<br><br>әже+ңіз |
| III Олардың | жұмыс+ы<br>жұмыс+тар+ы | есім+і<br>есім+дер+і | бала+сы | әже+сі |

♦ Тиісті сөзді белгілеңіз.
Отметьте нужное слово.

Менің ... үлкен.
A) отбасым
B) ата-анасы
C) немереңіз
D) қарындасың

1) отбасым – тәуелдік жалғауы І жақта «Менің» сөзімен тіркеседі.
2) ата-анасы – тәуелдік жалғауының ІІІ жағында тұр.
3) немереңіз – тәуелдік жалғауының ІІ жағында тұр.
4) қарындасың – тәуелдік жалғауының ІІ жағында тұр.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Олардың үш ... бар.
A) қыз
B) ұлы
C) балам
D) туысың

1) қыз – ІІІ жақта олардың есімдігінен кейін - ы жалғауы жалғанады.
2) ұлы – олардың сөзімен тіркесе алады.
3) балам – тәуелдік жалғауының І жағында тұр.
4) туысың – тәуелдік жалғауының ІІ жағында тұр.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Менің ...
A) әке
B) әкең
C) әкесі
D) әкем

1) әке – менің сөзімен тіркеспейді.
2) әкең сөзі – тәуелдік жалғауының ІІ жағында, ал менің сөзі І жақта тұр.
3) әкесі сөзі – тәуелдік жалғауының ІІІ жағында тұр, менің сөзімен тіркеспейді.
4) әкем – І жақта тұр, менің сөзімен тіркесетін сөз.

**42** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Сіздің ... .
A) көршің
B) көршіміз
C) көршіңіз
D) көршілері

**43** Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.

Ана тіліміз – ата-бабадан қалған асыл ... .
A) мұра
B) мұрасы
C) мұрамыз
D) мұраларың

**44** Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.

Қазақ тілі – қазақ халқының басты ... .
A) байлық
B) байлығы
C) байлығың
D) байлығымыз

**45** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Бұл – ... мақсатым.
A) оның
B) сіздің
C) менің
D) біздің

**46** Дұрыс жауапты табыңыз.
Выберите нужный вариант.

– Мектептеріңде спорт кешені бар ма?
A) – Мектебіңізде спорт кешені бар.
B) – Мектебімізде спорт кешені бар.
C) – Мектебіңде спорт кешені бар.
D) – Мектебінде спорт кешені бар.

## Зат есімнің септелуі. Жай және тәуелді септеу
Склонение имен существительных.
Простая и притяжательная форма склонения

### Ілік септігінің жай түрі. Простая форма родительного падежа

Ė

Ілік септік меншіктілікті білдіреді.
Ілік септік – обозначает принадлежность предмета.
Ілік септігі үнемі тәуелдік жалғаудың III жағымен тіркеседі. Мысалы: бастық+тың кабинет+і, оқушы+ның жұмыс+ы, Азамат+тың үй+і.
Ілік септік всегда употребляется в сочетании с формой принадлежности III лица. Мысалы: мұғалім+нің дәптер+і, оқушы+ның жұмыс+ы, Азамат+тың үй+і.

| сұрақтары (вопросы) | соңғы дыбыс (последний звук) | жалғаулары (окончания) | мысалдар (примеры) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жуан сөз (твердое слово) | жіңішке сөз (мягкое слово) |
| кімнің? (кого? чей? чья? чье?)<br><br>ненің? (чего?) | 1) барлық дауысты дыбыстар; үнді: м, н, ң | -ның/-нің | оқушы+ның | көрме+нің |
| | 2) ұяң: з, ж үнді: р, л, й, у | -дың/-дің | қыз+дың | әйел+дің |
| | 3) барлық қатаң дауыссыздар; ұяң: б, в, г, д | -тың/-тің | бастық+тың | жігіт+тің |

1) Қазақ тілінде көше атаулары, географиялық нысан (обьект) ілік септігі мен тәуелдік жалғау арқылы айтылады. Бұл жағдайда ілік септігінің жалғауы жасырын тұрады. Мысалы: Абай көшесі, Арал теңізі, Достық даңғылы.
2) Ілік септігіндегі сөз сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады, сондықтан басқа септік жалғаулары сияқты етістіктермен тіркеспейді.

1) В казахском языке названия улиц, географические объекты произносятся с помощью ілік септік и тәуелдік жалғау. В этих случаях тәуелдік жалғау применяется в скрытой форме. Например: Абай көшесі, Арал теңізі, Достық даңғылы.
2) Существительные в форме родительного падежа выступают в предложении в качестве определения, поэтому как и остальные падежные окончания, не сочетаются с глаголом.

♦ Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Отметьте нужный аффикс.

– Асан... жасы нешеде?
A) -нің
B) -тың
C) -дың
D) -ның

1) -ның – жуан нұсқа, үнді дауыссызға басталады.
2) -тың – қатаңға басталады, Асан сөзі үндіге аяқталады.
3) -дың – ұяңға басталады, бұл жерде үнді мен ұяң қатар айтылмайды.
4) -нің – жіңішке нұсқа, берілген сөз (Асан) жуан.

♦ Қажетті сөзді қойыңыз.
Отметьте нужное слово.

Бұл – ... еңбегі?
A) кімді
B) кімге
C) кімнің
D) кіммен

1) кімді – тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркеспейді.
2) кімге – бағытты білдіреді.
3) кімнің – заттың иесін сұрап тұр, тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркеседі.
4) кіммен – тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркеспейді.

♦ Заттың иесін табыңыз.
Найдите владельца предмета.

A) Ажар киім алды.
B) Бұл – Ажардың орамалы.
C) Ажарда орамал жоқ.
D) Көйлекті Ажардан ал.

1) Ажар киім алды. Ажардың киімі болса, зат иесі Ажар болады, мұнда Ажардың киім алғаны айтылады.
2) Бұл – Ажардың орамалы. Мұнда орамалдың иесі Ажар екені көрсетілген.
3) Ажарда орамал жоқ. Хабарлау мәніндегі сөйлем, заттың иесі көрсетілмеген.
4) Көйлекті Ажардан ал. Бұйыру мәніндегі сөйлем, заттың иесі көрсетілмеген.

**47** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Вставьте нужный аффикс вместо многоточия.

Менің бөлмем кең, ал інім... бөлмесі шағын.
A) -дің
B) -нің
C) -дың
D) -ның

**48** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... немересі
A) Әжемді
B) Әжемде
C) Әжемнің
D) Әжеммен

**49** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... өмірі қымбат.
A) Адамда
B) Адамды
C) Адамның
D) Адаммен

**50** Көп нүктенің орнына дұрыс жауапты қойыңыз.
Вставьте правильный ответ вместо многоточия.

Сәлем – ... анасы.
A) сөзді
B) сөзде
C) сөздің
D) сөзбен

**51** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... досы Астанада тұрады.
A) Алтынбек
B) Алтынбекті
C) Алтынбекке
D) Алтынбектің

## Жатыс септік
Местный падеж

Жатыс септік заттың, іс-әрекеттің орнын білдіреді.
Местный падеж обозначает местонахождение предмета и действие.

Ė

| сұрақтары (вопросы) | соңғы дыбыс (последний звук) | жалғаулары (окончания) | мысалдар (примеры) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жуан сөз (твердое слово) | жіңішке сөз (мягкое слово) |
| Кімде? У кого? Неде? В чем? Қайда? Где? | дауысты дыбыстар (гласные звуки); үнді дауыссыздар (сонорные); ұяң (звонкие): з, ж | -да/-де | қала+да, ауыл+да | үй+де, дүкен+де |
| | қатаң (глухие); ұяң (звонкие): б, в, г, ғ, д | -та/-те | жұмыс+та, қызметкер+де | велосипед+те, студент+те |
| | тәуелдік жалғауының III жағынан кейін (после окончания формы притяжательности III лица) | -нда/-нде | Астана қаласы+нда, | Абай көшесі+нде |

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК

♦ Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Отметьте нужный аффикс.

Жандос саябақ... отыр.
A) -ті
B) -ге
C) -да
D) -та

1) -ті – жіңішке нұсқа.
2) -ге – жіңішке нұсқа, ұяңнан басталады.
3) -да – ұяңнан басталады.
4) -та – жуан нұсқа, қатаңнан басталады, жауапқа сәйкес.

♦ Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Сіз бүгін кешке қайда боласыз?
– Мен бүгін концертке барамын.
Кешке ... боламын.
A) үйде
B) театрдан
C) жұмысқа
D) бөлмемді

1) үйде – адамның орнын білдіреді.
2) жұмысқа – бағытты білдіреді.
3) театрдан – адамның шығу орнын білдіреді.
4) бөлмемді – іс-әрекеттің объектісін білдіреді.

♦ Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Абзалдың ағасы қайда тұрады?
A) – Ақтауды.
B) – Ақтөбенің.
C) – Теміртауда.
D) – Шымкенттен.

1) Ақтауды – нені сұрағына жауап береді.
2) Ақтөбенің – ненің сұрағына жауап береді.
3) Теміртауда – қайда сұрағына жауап береді.
4) Шымкенттен – қайдан сұрағына жауап береді.

**52** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Асан мен Ұлан … кездеседі.
A) Астанада
B) Қараганды
C) Атыраудың
D) Теміртаудан

**53** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Сенің дәптерің менде.
A) неде?
B) кімде?
C) қайда?
D) қашан?

**54** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жомарт пен Айман ... отыр.
A) дүкенге
B) вокзалдан
C) әуежаймен
D) мейрамханада

**55** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

– Студенттердің мәжілісі қайда болды?
– ... .
A) – Жатақхана залымен
B) – Ұлттық кітапхананы
C) – Оқушылар сарайынан
D) – Студенттер сарайында

**56** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия отметьте нужное слово.

Алдияр «Заңғар» сауда ... – бас есепші.
A) кешені
B) кешенін
C) орталық
D) орталығында

### Шығыс септік (мекендік мағынаны білдіруі)
Исходный падеж (обозначение места)

Шығыс септік іс-әрекеттің шыққан орнын білдіреді.
Исходный падеж обозначает исходный пункт действия.

| сұрақтары (вопросы) | соңғы дыбыс (последний звук) | жалғаулары (окончания) | мысалдар (примеры) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жуан сөз (твердое слово) | жіңішке сөз (мягкое слово) |
| Кімнен?<br>От кого<br>Неден?<br>Из чего?<br>Қайдан?<br>Откуда? | дауысты дыбыстар (гласные звуки);<br>үнді дауыссыздар (сонорные): л,р,й,у;<br>ұяң (звонкие): з, ж | -дан/-ден | қала+дан,<br>ауыл+дан | үй+ден,<br>қызметкер+ден |
| | қатаң (глухие);<br>ұяң (звонкие): б, в, г, ғ, д | -тан/-тен | жұмыс+тан,<br>мектеп+тен | велосипед+тен,<br>студент+тен |
| | үнді дауыссыздар (сонорные): м,н,ң тәуелдік жалғауының III жағынан кейін (после притяжательного окончания III лица) | -нан/-нен | Талдықорған +нан,<br>Астана қаласы +нан | дүкен+нен,<br>Абай көшесі+нен |

♦ «Қайдан?» сұрағына жауап беретін сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, которое отвечает на вопрос «откуда?».

A) театрдан
B) жиналысқа
C) концерттің
D) спектакльде

Ṫ
1) театрдан – қайдан сұрағына жауап береді.
2) жиналысқа – қайда сұрағына жауап береді.
3) концерттің – ненің сұрағына жауап береді.
4) спектакльде – қайда сұрағына жауап береді.

♦ Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

– Сіз қайдансыз?
– ... .
A) Есікке
B) Балқашты
C) Алмалының
D) Қарасайданмын

Ṫ
1) Есікке – бағытты білдіреді, қайда сұрағына жауап береді.
2) Балқашты – табыс септігінде тұр, нені сұрағына жауап береді.
3) Алмалының – ілік септігінде тұр, ненің сұрағына жауап береді.
4) Қарасайданмын – қайдан сұрағына жауап береді.

♦ Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

– Сіз жеміс-жидекті ... сатып аласыз?
A) неден
B) кімде
C) қайдан
D) қандай

Ṫ
1) кімнің – заттың иесін сұрайды.
2) неден – заттың жасалған материалын сұрайды.
3) қайдан – затты алған орнын сұрайды.
4) қандай – заттың түсін сұрайды.

**57** Дұрыс нұсқасын қойыңыз.
Выберите правильный вариант.

Әселдің әжесі ... келді.
A) Семейде
B) Алматыда
C) Қарағанды
D) Өскеменнен

**58** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Достым, мұны қайдан алдың?
– ... сатып алдым.
A) Базарға
B) Дүкеннен
C) Сауда орталығы
D) Супермаркетпен

**59** Көп нүктенің орнына дұрыс жауапты қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Кеше ағам … үйге кеш келді.
A) институт
B) институтта
C) институтқа
D) институттан

**60** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Айнаш апай, сіз қайдан келе жатырсыз?
– ... келе жатырмын.
A) Үйден
B) Базарға
C) Мектептің
D) Асханада

**61** Асты сызылған сөзге қойылатын сұрақты көрсетіңіз.
Укажите вопрос к подчеркнутому слову.

Оныншы пойыз Астанадан келді.
A) қай?
B) қайда?
C) қашан?
D) қайдан?

## Зат есім тудыратын жұрнақтар (-шы, -ші, -хана)

Словообразующие суффиксы имен существительных

Ė

Зат есімнен, өзге сөз таптарынан жұрнақ жалғану арқылы жасалатын зат есімдер туынды зат есімдер деп аталады. «-шы, -ші» жұрнақтары арқылы жасалған туынды зат есімдер кәсіп иелерінің, мамандық атауын білдіреді де, «кім?» деген сұраққа жауап береді. Мысалы: ән-ші, оқыту-шы, тіл-ші, спорт-шы, нұсқау-шы, көмек-ші.
«-хана» жұрнағы өзі жалғанған сөзге арнаулы мекеме, орын-жай ұғымын береді де, «не?» деген сұраққа жауап береді. Мысалы: ас-хана, жатақ-хана, дәм-хана, ем-хана.
«-хана» қосымшасы үндестік заңына бағынбайды.
Производная форма существительного образуется с помощью суффиксов от существительных и других частей речи.
Суффиксы «-шы, -ші» образуют существительные, обозначающие профессию человека и отвечают на вопросы «кім?», «кімдер?» (кто?).
Например: жұмыс+шы –рабочий, оқу+шы – ученик.
Суффикс «-хана» образует существительные, обозначающие места и отвечает на вопросы «не?», «нелер?» (что?). Дәрі+хана – аптека, ауру+хана-больница.
Суффикс «-хана» не подчиняется закону сингармонизма.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный суффикс вместо многоточия.

Сәуле дүкенде сату... болып істейді.
A) -ші
B) -шы
C) -хана
D) -шылық

Ť

1) сату сөзі жуан айтылып тұр, ал «-ші» жұрнағы жіңішке.
2) сату сөзі де, оған жалғанатын қосымша «-шы» да жуан.
3) «-хана» жұрнағы жалғанған сөзіне мекендік ұғымды береді, мамандық атауын білдірмейді.
4) «-шылық» жұрнағы сату сөзіне жалғанып, мамандық атауы бола алмайды.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Студенттерге арналған жаңа жатақ ... салынып жатыр.
A) -ші
B) -шы
C) -хана
D) -стан

Ť

1) «-ші» жұрнағы жатақ сөзіне жалғанбайды.
2) «-шы» жұрнағы да мамандықты білдіретін сөздерге жалғанады, жатақ сөзіне жалғанбайды.
3) «-хана» жұрнағы жалғанған сөзге мекендік мағына береді.
4) «-стан» жұрнағы жалғанған сөзге ел, мемлекет деген ұғым береді.

♦ Дұрыс жауабын таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

Айгүл – ән... қыз.
A) -ші
B) -шілік
C) -хана
D) -кер

Т́

1) «-ші» жұрнағы жіңішке, ән сөзіне жалғанады..
2) «-шілік» жұрнағы жалғанған сөз мамандықтың атауы бола алмайды.
3) «-хана» жұрнағы ән сөзіне жалғанбайды.
4) «-кер» жұрнағы ән сөзіне жалғанбайды.

**62** Тиісті қосымшаны қойыңыз.
Допишите соответствующий аффикс.

Жүргізу..., көлікті жылдамырақ жүргізіңізші!
A) -ші
B) -шы
C) -хана
D) -стан

**63** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Көркем шығарма жазатын адам – ... .
A) сатушы
B) суретші
C) жазушы
D) қобызшы

**64** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс вместо многоточия.

Жаңа дәрі… біздің үйімізге жақын орналасқан.
A) -ші
B) -шы
C) -гер
D) -хана

**65** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс вместо многоточия.

Жаңа ашылған ем… жақсы қызмет көрсетеді.
A) -шы
B) -шаң
C) -хана
D) -шілік

**66** Мекендік мағынадағы сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое обозначает местонахождение.

A) емдік
B) емшілер
C) емшілік
D) емханада

## Зат есімнің сөз түрлендіруші жұрнақтары

Формообразующие суффиксы существительных

Ė Сөздің мағынасын өзгертпейтін, тек қосымша мағыналық реңк үстейтін жұрнақтар сөз түрлендіруші жұрнақтар деп аталады.
Мысалы, -тай, -жан, -й, -ш, -еке жұрнақтары адамға қатысты айтылатын сөздерге жалғанып, әртүрлі мағына үстейді.
Мысалы «-жан» жұрнағы жақсы көру (ағажан), «-тай» жұрнағы бірде еркелету (еркетай), бірде жалыну, өтіну (әкетай), «-еке» жұрнағы құрметтеу (Асеке) мағынасын білдіреді, ал «-й» жұрнағы жалғанған сөзіне ресмилік мән (апай) береді.
Мысалы, ата-жан, қалқа-тай, әке-тай, аға-й, бас-еке.
Формообразующие суффиксы прибавленные к основе, не образуют слов с новым лексическим значением, а придают несколько другие значения или оттенок.
Например, суффиксы «–жан», «-тай», «-еке», «-й» придают ласкательно-уменьшительный оттенок к прибавленным словам.

♦ Тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте соответствующий аффикс.

Аға..., маған көмектесіңізші.
A) -лық
B) -тай
C) -шық
D) -ша

Ť 1) «-лық» қосымшасы аға сөзіне жалғанғанмен, ағалық сөзі назар аудару үшін айтылмайды.
2) өтініш білдіргенде, қаратпа сөзге «-тай» қосымшасы жалғанып айтылады.
3) «-шық» қосымшасы аға сөзіне жалғанбайды.
4) «-ша» қосымшасы аға сөзіне қосылып айтылмайды.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әпке ..., сізді сағынып кеттім ғой.
A) -ше
B) -ша
C) -жан
D) -шым

Ť 1) «-ше» қосымшасы әпке сөзіне жалғанбайды.
2) «-ша» қосымшасы әпке сөзіне жалғанбайды.
3) өтініш білдіргенде әпкежан деп айтады.
4) «-шым» қосымшасы жуан, ал әпке сөзі жіңішке, сондықтан жалғанбайды.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Бас..., төрлетіңіз.
A) -ші
B) -еке
C) -тай
D) -жан

Ť 1) «-ші» жіңішке буынды қосымша, ал бас сөзі жуан буынды сөз.
2) қазақ халқы үлкен кісіні құрметтегенде, оның атына кейде лауазымына «-еке» қосымшасын қосып айтады.
3) бас сөзіне «-тай» қосымшасы жалғанбайды.
4) «-жан» қосымшасы есімдерге жалғанғанмен, лауазым атауына тікелей жалғанып айтылмайды.

**67** Еркелету мағынасындағы сөзді табыңыз.
Найдите слово со значением, выражающим балующее отношение.

A) Айеке
B) Айшатай
C) Айбектей
D) Айнұрдай

**68** Асты сызылған сөздің мағынасын көрсетіңіз.
Укажите значение подчеркнутого слова.

– Сіздің сөзіңіз дұрыс, Алтеке.
A) қуану
B) таңдану
C) сыйлау
D) жақтау

**69** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

..., бұл қай көше?
A) Іні
B) Інітай
C) Ініжан
D) Інішек

**70** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біздің сүйікті ... .
A) әжей
B) әжеге
C) әжемен
D) әжемдікі

**71** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

..., маған көмектесіп жіберіңізші.
A) Бала
B) Қыз
C) Оқушы
D) Апатай

Ė

**Есептік сан есім. Сан есім мен зат есімнің тіркесі**
Количественные имена числительное.
Сочетание имен числительных с существительными

Заттың саны есептік сан есімдер арқылы беріледі.
**Неше? Қанша?** сұрақтарына жауап береді.
Количественные числительные обозначают количество предмета, отвечают на вопрос **сколько?**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 – бір | 6 – алты | 11 – он бір | 16 – он алты | 30 – отыз | 80 – сексен |
| 2 – екі | 7 – жеті | 12 – он екі | 17 – он жеті | 40 – қырық | 90 – тоқсан |
| 3 – үш | 8 – сегіз | 13 – он үш | 18 – он сегіз | 50 – елу | 80 – сексен |
| 4 – төрт | 9 – тоғыз | 14 – он төрт | 19 – он тоғыз | 60 – алпыс | 1000 – мың |
| 5 – бес | 10 – он | 15 – он бес | 20 – жиырма | 70 – жетпіс | 1 000 000 – миллион |

Сан есімдер зат есімдермен тіркескенде зат есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды.
Окончания множественного числа не используются, если числительные употребляются с именами существительными.
Мысалы: бес бала, он алты оқушы, жиырма сегіз қалам, жиырма төрт сағат.

♦ Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Біздің кенже баламыз ... жаста.
A) төрт
B) төртеу
C) төрттей
D) төртінші

Ť

1) төрт – заттың санын білдіреді, жас сөзімен тіркеседі.
2) төртеу – жинақтау мағынасында қолданылады.
3) төрттей – заттың санын шамамен білдіреді.
4) төртінші – заттың ретін білдіреді.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

– Бөлімде қанша адам жұмыс істейді?
– ... .
A) Жиырма бес
B) Жиырма екінші
C) Жиырмадан алты
D) Жиырма-жиырмадан

Ť

1) жиырма бес – заттың санын білдіреді, қанша сұрағына жауап береді.
2) жиырма екінші – заттың ретін білдіреді.
3) жиырмадан алты – заттың бір бөлшегін білдіреді.
4) жиырмадан-жиырмадан – заттың топ-топ екендігін білдіреді.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Дәптер ... теңге.
A) он
B) ондап
C) ондаған
D) онынншы

Ť

1) он – теңге сөзімен тіркеседі, заттың бағасын білдіреді.
2) ондап – заттың санын топтап көрсетеді.
3) ондаған – зат санын болжаммен білдіреді.
4) оныншы – заттың ретін білдіреді.

72 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әжемнің ... немересі бар.
A) жеті
B) жетеу
C) жетіге
D) жетіден

73 Тиісті жауапты қойыңыз.
Выберите нужный ответ.

Бурабайда ... күн демалдым.
A) он бес
B) он беске
C) он бестей
D) он бесінші

74 «Қанша?» сұрағының жауабын табыңыз.
Найдите слово, которое отвечает на вопрос «сколько?».

A) Бізге отыз студент келді.
B) Студенттер екі-екіден келді.
C) Бізге қырықтай студент келді.
D) Төртінші студент бізге келеді.

**75** Көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркесін қойыңыз.
Вставьте нужное словосочетание вместо многоточия.

Концертке ... әнші қатысады.
A) жиырма бес
B) жиырма беске
C) жиырма бестің
D) жиырма беспен

**76** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Жұмыс сағат ... басталады.
A) сегіз
B) сегізде
C) сегіздей
D) сегізінші

Ė

**Реттік сан есім. Реттік сан есім мен зат есімнің байланысы**
Порядковые числительные. Употребление порядковых числительных с именами существительными

Реттік сан есім заттың саналу ретін білдіреді. Нешінші? Қаншасыншы? сұрағына жауап береді, -ыншы/-інші, -ншы/-нші формалары арқылы жасалады.
Порядковые числительные обозначают порядок существительных, отвечают на вопрос который по счету? и образуются при помощи форм -ыншы/-інші, -ншы/-нші.

Дауыссыздан кейін -ыншы/-інші, дауыстыдан кейін -ншы/-нші қосымшалары жалғанады.
Аффиксы -ыншы/-інші присоединяются после согласных, -ншы/-нші после гласных.
Мысалы: бір+інші кабинет, екі+нші сынып, он алты+ншы пәтер.

Жиырма сөзіне -сыншы формасы жалғанып, жиырмасыншы болып қолданылады.
К слову жиырма добавляется -сыншы, жиырмасыншы.

♦ Қажетті сөзді қойыңыз.
Отметьте нужное слово.

- ... автобус осында тоқтайды ма?
A) Алпыс
B) Жетеуден
C) Тоғыздай
D) Отызыншы

Ť

1) Алпыс – заттың санын білдіреді.
2) Жетеуден – зат санын топтап көрсетеді.
3) Тоғыздай – заттың санын болжаммен білдіреді.
4) Отызыншы – заттың ретін, осы сөйлемде автобус нөмірін білдіріп тұр.

♦ Заттың ретін білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое обозначает порядок предметов.

A) тоғыз
B) бесінші
C) сегіздей
D) қырықтан

Ť

1) тоғыз – заттың санын білдіреді.
2) бесінші – заттың ретін білдіреді.
3) сегіздей – заттың санын болжаммен білдіреді.
4) қырықтан – зат санын топтап көрсетеді.

♦ Көп нүктенің орнына заттың ретін білдіретін сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте слово, которое обозначает порядок предметов.

Біздің пәтеріміз ... қабатта орналасқан.
A) бес
B) бесеу
C) бестей
D) бесінші

Т

1) бес – заттың санын білдіреді.
2) бесеу – жинақтау мағынасын білдіреді.
3) бестей – болжау мағынасында қолданылады.
4) бесінші – қабаттың ретін білдіреді.



**77** Дұрыс нұсқасын қойыңыз.
Отметьте правильный вариант.

Мен ... үйде тұрамын.
A) он бес
B) он бесі
C) он бестен
D) он бесінші

**78** Қажетті сөзді қойыңыз.
Отметьте нужное слово.

Кезекке ... болып тіркелдім.
A) отыз
B) отызға
C) отыздай
D) отызыншы

**79** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... желтоқсаннан бастап демалысқа шықтым.
A) Жиырма
B) Жиырмаларда
C) Жиырмасынан
D) Жиырмасыншы

**80** Заттың ретін білдіретін сөйлемді белгілеңіз.
Найдите предложение, которое обозначает порядок предметов.

A) Біз жетеуміз.
B) Он бес қатар үй.
C) Сағат екіде басталды.
D) Мен он алтыншы пойызбен келемін.

**81** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Мен <u>сегізінші</u> қабатта тұрамын.
A) неше
B) нешеу
C) нешеде
D) нешінші

## Сын есім

Имя прилагательное

Заттың түрін, түсін, салмағын, көлемін, әртүрлі сындық белгілерін білдіретін сөздер сын есім деп аталады. Мысалы: ақ, қара, ұзын, ауыр, таза.
Бір ғана сөзден жасалған сын есімді дара сын есім деп атаймыз. Мысалы: қысқа, сары, ұзақ, тәтті, қатты.

Имя прилагательное – это часть речи, которая обозначает признаки, качества, свойства предметов и отвечает на вопросы **қандай?** (какой? какая? какое?), **қай?** (который?). Например: қызыл – красный, ұзын – длинный.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

... жігіт ақсақалға сәлем берді.
A) Кәрі
B) Ескі
C) Жаңа
D) Жас

1) Кәрі сөзі жігіт сөзімен тіркеспейді.
2) Ескі сөзі адамға қатысты айтылмайды.
3) Жаңа сөзі кейде жігіт сөзі жалпы тіркеседі, бірақ бұл жерде қолданылмайды.
4) Жас сөзі жігіт сөзімен тіркеседі, себебі жігіт адам жас адам.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Менің досым Нұржан – ... бойлы жігіт.
A) ұзын
B) ұзақ
C) биік
D) жоғары

1) жалпы ұзын бойлы деп айтамыз.
2) «ұзақ» сөзі бойға қатысты айтылмайды.
3) биік – «бой» сөзімен тіркескенмен (бойы биік), биік бойлы деп айтылмайды.
4) «жоғары» сөзі де бойға қатысты қолданылмайды.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Олар ... үйге көшті.
A) көне
B) жаңа
C) ұзақ
D) жақын

1) «көне» сөзі үй сөзімен тіркеспейді.
2) сәйкес келеді, жаңа сөзі үймен тіркеседі.
3) «ұзақ» сөзі үй сөзімен жалпы тіркеспейді.
4) «жақын» сөзі үйге қатысты үйге жақын деп айтылғанымен, тікелей үй сөзімен тіркеспейді.

**82** Дұрыс жауабын табыңыз.
Выберите правильный ответ.

Қыста ауа райы ... болады.
A) суық
B) жылы
C) ыстық
D) жаңбырлы

**83** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

A) таза ауа
B) түзу ауа
C) қарлы ауа
D) жаңбырлы ауа

**84** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Бүгін күн суық, сондықтан ... киімімді кидім.
A) жеңіл
B) жылы
C) ауыр
D) жұқа

**85** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жазда күн …, ал түн қысқа болады.
A) ұзақ
B) ұзын
C) аласа
D) шолақ

**86** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Аспанның түсі ... .
A) қоңыр
B) жасыл
C) жарық
D) көгілдір

## Жіктеу есімдігі
Личное местоимение

Ė

Жіктеу есімдігі жақтық ұғыммен байланысты айтылады. Зат есімнің орнына қолданылады. Кім? кімдер? сұрақтарына жауап береді.
Мысалы: мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар.
Личное местоимение указывает на предмет или лицо, в предложении выполняет функцию существительного, отвечает на вопросы кім? кімдер? (кто?).
Например: мен - я, сен - ты, сіз - вы, ол – он/она, біз - мы, сендер - вы, сіздер - вы, олар - они

♦ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

... бүгін театрға барасыздар.
A) Біз
B) Сіз
C) Сендер
D) Сіздер

Ṫ

1) Біз сөзі I жақта, ал сөйлем II жақта айтылып тұр.
2) Сөйлем көпше түрде, ал сіз сөзі жекеше түрде айтылып тұр.
3) Сендер II жақта, ал сөйлем III жақта айтылып тұр.
4) Сіздер сөзі де, сөйлем де II жақта көпше сыпайы түрде айтылып тұр.

♦ Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Укажите правильный ответ.

Алуаш, ... қайда жұмыс істейсіз?
A) ол
B) сіз
C) мен
D) сен

Ṫ

1) ол сөзі III жақта, ал сөйлем сыпайы түрде айтылып тұр.
2) сіз сөзі де әдепті түрде, сөйлем де сыпайы түрде айтылып тұр.
3) мен сөзі I жақта, ал сөйлем II жақта айтылып тұр.
4) сен сөзі II жақта анайы түрде, ал сөйлем II жақта сыпайы түрде айтылып тұр.

♦ Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Найдите правильный ответ.

Мен студентпін, ал ... – жұмысшы.
A) ол
B) сіз
C) сен
D) мен

1) ол сөзі де, сөйлем де III жақта айтылып тұр.
2) сіз сөзі II жақта, ал сөйлем III жақта айтылып тұр.
3) сен сөзі II жақта жекеше түрде, ал сөйлем III жақта айтылып тұр.
4) мен I жақта, ал сөйлем III жақта айтылып тұр.

**87** Көп нүктенің орнына дұрыс жауапты таңдаңыз.
Вставьте правильный вариант вместо многоточия.

... ардақты анасыз.
A) Ол
B) Сіз
C) Сен
D) Мен

**88** Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Найдите правильный ответ.

Балалар, … сабақты жақсы оқыңдар.
A) сен
B) олар
C) сендер
D) сіздер

**89** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... Алматыда тұрамыз.
A) Біз
B) Олар
C) Сіздер
D) Сендер

**90** Тиісті жауапты таңдаңыз.
Выберите нужный ответ.

… – үлгілі студент.
A) Ол
B) Мен
C) Сен
D) Олар

**91** Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Найдите правильный ответ.

Мұрат, ... өз жұмысыңды ұнатасың ба?
A) ол
B) сіз
C) сен
D) мен

## Сілтеу есімдігі

Указательное местоимение

**Ė** Сілтеу есімдігі кеңістікті нұсқап, сілтеп көрсетеді. «Қай? қайсы?» деген сұрақтарға жауап береді.
Указательные местоимения выражают оттенки пространственных признаков и отвечают на вопросы «қай? қайсы?» – который (ая, ое)?
Мысалы: бұл, осы, мына, міне сөздері жақын маңдағы нәрсені нұсқап көрсетсе, ал сол, сонау, анау сөздері алыстағы нәрсені меңзейді.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... – менің кітабым.
A) Бұл
B) Ананы
C) Бұның
D) Мынаған

**Ť**
1) «Бұл» сөзі кітаптың менікі екенін нұсқап тұр.
2) «Ананы» сөзі менің кітабыммен мағыналық жақтан үйлеспейді.
3) «Бұның» сөзі менің кітабыммен тіркеспейді.
4) «Мынаған» сөзі нұсқауды емес, бағытты білдіреді.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... өзі де келді.
A) Осы
B) Міне
C) Сонау
D) Осынау

**Ť**
1) «Осы» сөзі «өзі де» сөзімен тіркеспейді.
2) «Міне» сөзі өзін нұсқап көрсетіп тұр.
3) «Сонау» сөзі «өзі» сөзімен тіркеспейді.
4) «Осынау» сөзі «өзі» сөзімен қатар қолданылмайды.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Бізді ... жерде күтіңдер.
A) ол
B) міне
C) осы
D) қай

**Ť**
1) тапсырма мазмұнына байланысты «ол» сөзі «жерде» сөзімен тіркеспейді.
2) «міне» сөзі жерде мағыналық жақтан тіркеспейді.
3) «осы» сөзі жердің бағытын, орнын білдіреді.
4) «қай» сөзі айқын орынды білдірмейді.

**92** Сілтеу мәнді білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое указывает на предмет.

A) біз
B) осы
C) сендер
D) сіздер

**93** Сілтеу мәнді білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое указывает на предмет.

Біз ... үлкен үйде тұрамыз.
A) сіз
B) мен
C) міне
D) мына

**94** Нұсқауды білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое указывает на предмет.

Танысып қой, ... бала – менің інім.
A) әне
B) бұл
C) мінекей
D) осынау

**95** Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Найдите правильный ответ.

Айдана, ... көйлек маған жарасады ма?
A) міне
B) мына
C) сонау
D) мынау

**96** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... мәшине – өте жақсы көлік.
A) Міне
B) Мына
C) Барша
D) Бұлар

Ė

**Сұрау есімдігі**
Вопросительное местоимение

Сұрау есімдігі сұрау мағынасын білдіру үшін қолданылады. Сұрау есімдігіне кім? не? неше? қанша? қалай? қай? қайсы? қашан? секілді сұрау сөздері жатады.

К вопросительным местоимениям относятся местоимения, которые выражают вопрос. К вопросительным местоимениям относятся: кім? – кто? не? – что? қандай? – какой? қай? – который (ая, ое)? қалай? – как? қайда? – куда? где? қайдан? – откуда? қашан? –когда? қанша? неше? – сколько?

♦ Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутому слову.

Менің <u>атам</u> – зейнеткер.
A) не?
B) кім?
C) қанша?
D) қайда?

Ť

1) не? сұрағы адамға қойылмайды.
2) атам сөзі кім? сұрағына жауап береді.
3) қанша? – сан есімнің сұрағы, ал атам сөзі зат есім.
4) қайда? сұрағы адамға қатысты қай адам деп айтылғанмен, тікелей қойылмайды.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... жастағы ұлым биыл мектепке барады?
A) Кім
B) Қанша
C) Қашан
D) Қайсысы

Ť

1) кім? сұрағы санға қойылмайды.
2) қанша? сұрағы – заттың санын білдіреді.
3) қашан? – үстеудің сұрағы, ал алты сөзі сан есім.
4) қайсысы? сұрағына алты сөзі жауап бермейді.

♦ Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Поставьте к подчеркнутому слову вопрос.

Майра базарға барды.
A) неге?
B) кімге?
C) қайда?
D) қаншаға?

Т́

1) неге? сұрағы затқа қойылады, ал базарға сөзі бағытты білдіреді.
2) кімге? сұрағына базарға сөзі жауап бермейді, кімге? сұрағы тек адамға ғана қойылады.
3) қайда? сұрағы бағытты білу үшін қойылады.
4) қаншаға? сұрағына базарға сөзі жауап бермейді.

**97** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутому слову.

Біз алдағы сенбіде саяхатқа барамыз.
A) қалай?
B) қайда?
C) қашан?
D) қай кезде?

**98** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жұмыстан сағат ... келесің?
A) қашан
B) қанша
C) нешеде
D) нешінші

**99** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Бос уақытыңды ... өткізесің?
A) қалай
B) қанша
C) қайдан
D) қандай

**100** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Апаңның денсаулығы ...?
A) не
B) қай
C) қалай
D) нешеу

**101** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Кітапты ... жерден алдыңыз?
A) қай
B) қалай
C) қайда
D) нешеге

Ė

## Етістік. Негізгі етістіктер

Глаголы. Основные глаголы

Іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөз табы етістік деп аталады.
Не істеді? Не істеп жатыр? Не істейді? Не қылды? Қайтты? сұрақтарына жауап береді.
Глагол – это часть речи, обозначающая действие и отвечающая на вопросы что делать? что сделать? что сделает?
Мысалы: Әділ өз жұмысын жақсы біледі. Әділ не істейді? біледі сөзі іс-әрекетті білдіреді.
Өз алдына бөлек тұрып, жеке сұраққа жауап бере алатын, толық мағыналы етістіктер негізгі етістіктер деп аталады.
Основные глаголы имеют самостоятельное значение, отвечают на отдельные вопросы.

| | |
|---|---|
| I. Құрылымына қарай<br>По способу образования | 1. Түбір Непроизводные<br>жаз пиши, оқы читай, бар иди, кел приходи, бер дай. |
| | 2. Туынды Производные<br>ой-ла думай, таза-ла почисти, көмек-тес помоги |
| II. Мағынасына қарай<br>По значению | 1. Негізгі (Основные)<br>ал возьми, қал останься, көр смотри, сөйле говори, әкел принеси, бол будь. |
| | 2. Көмекші Вспомогательные<br>ет делай, де говори. ал, сал, бол т.б. |

Есімдермен және негізгі етістіктермен тіркесіп қолданылатын көмекші етістіктер де болады.
Мысалы: ән салды, келе жатыр, қарап отыр, еңбек ету, көре бер.

♦ Қимылды білдіретін сөздерді көрсетіңіз.
Укажите слова, которые обозначают действие.

A) кел, кет
B) биыл, ертең
C) анау, мынау
D) жақсы, жаман

1) кел, кет – қимылды білдіреді.
2) биыл, ертең – уақытты, мерзімді білдіреді.
3) анау, мынау – затты көрсету мағынасында қолданылады.
4) жақсы, жаман – заттың сапасын білдіреді.

♦ Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Мен мұражайда ... .
A) жүреді
B) жүрсің
C) жүрмін
D) жүрсіздер

1) жүреді – жіктік жалғауының III жағында тұр.
2) жүрсің – жіктік жалғауының II жағында тұр.
3) жүрмін – жіктік жалғауының I жағында тұр, мен сөзімен тіркеседі.
4) жүрсіздер – жіктік жалғауының II жағында, көпше түрде тұр.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Сен, жексенбі күні бізге қонаққа ... .
A) тұр
B) кел
C) кет
D) шық

1) тұр – бір орында тұру мағынасын білдіреді.
2) кел – сөйлем мағынасына сәйкес, қонаққа сөзімен тіркеседі.
3) кет – сөйлем мағынасына сәйкес емес.
4) шық – қонаққа сөзімен тіркеспейді.

**102** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Әлібек, түскі асты мейрамханадан ... .
A) іш
B) ішіп
C) түстеніп
D) тамақтанып

**103** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Уақытты бағалай ... .
A) біл
B) кел
C) сал
D) әкел

**104** Іс-әрекетті білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое обозначает действие.

A) жаз
B) білім
C) хабар
D) ойын

**105** Тиісті сөзді белгілеңіз.
Отметьте нужное слово.

– Бүгін маған ... .
A) көр
B) кел
C) кет
D) тұр

**106** Негізгі етістіктерді көрсетіңіз.
Укажите основные глаголы.

A) бер, көр
B) ойла, биле
C) баста, жазба
D) барған еді, келген жоқ

Ė

**Етістіктің өткен шағы. Жедел өткен шақ формасы**

Прошедшее время глагола. Формы недавно прошедшего времени

Етістіктің өткен шағы қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеу кезінен бұрын орындалып кеткенін білдіреді.

Жедел өткен шақ формасы іс-әрекеттің жақында орындалғанын білдіреді және -ды/ді, -ты/ті жұрнақтары мен тәуелдік жалғаулар арқылы жасалады.

Форма прошедшего времени обозначает действие, которое было совершено ранее. Недавно прошедшее время глагола обозначает действие, которое было совершено в недавнем времени. Недавно прошедшее время глагола образуется путем прибавления к основе глагола суффиксов -ды/ді, -ты/ті и личных окончаний.

| Соңғы дыбыс<br>Последний звук | Қосымша<br>Аффиксы | Мысалдар<br>Примеры |
|---|---|---|
| Дауысты гласные,<br>ұяң звонкие,<br>үнді сонорные<br>дыбыстар | -ды/-ді | бар+ды<br>кел+ді<br>жаз+ды |
| қатаң дауыссыздар<br>(глухие согласные) | -ты/-ті | айт+ты<br>кет+ті |

**Жіктелуі** (спряжения)

**Жекеше түрі** (единственное число)

| | | | |
|---|---|---|---|
| I жақ Мен<br>лицо | сұра+ды+м | біл+ді+м | айт+ты+м |
| II жақ Сен<br>лицо | сұра+ды+ң | біл+ді+ң | айт+ты+ң |
| Сіз | сұра+ды+ңыз | біл+ді+ңіз | айт+ты+ңыз |
| III жақ Ол<br>лицо | сұра+ды | біл+ді | айт+ты |

**Көпше түрі**

Множественное число

| | | | |
|---|---|---|---|
| I жақ Біз | сұра+ды+қ | біл+ді+к | айт+ты+қ |
| II жақ Сендер | сұра+ды+ңдар | біл+ді+ңдер | айт+ты+ңдар |
| Сіздер | сұра+ды+ңыздар | біл+ді+ңіздер | айт+ты+ңыздар |
| III жақ Олар | сұра+ды | біл+ді | айт+ты |

♦ Сөйлемді аяқтаңыз.

Закончите предложение.

Біз кеше «Еңлік – Кебек» спектакліне ... .

A) барды
B) бардық
C) бардым
D) бардың

Ť

1) барды – III жақ формасында тұр, біз сөзімен байланыспайды.
2) бардық – I жақ көпше түрдегі форма, біз сөзімен байланысады.
3) бардым – I жақ, жекеше түрдегі формада тұр.
4) бардың – II жақ жекеше түрдегі формада тұр.

♦ Орындалған әрекетті білдіретін сөйлемді белгілеңіз.

Отметьте предложение, в котором действие совершено ранее.

A) Билет қымбат емес.
B) Билет сатып алдым.
C) Билет алуға барамыз.
D) Маған билет алу керек.

Ť

1) Билет қымбат емес – билеттің бағасы туралы айтылған.
2) Билет сатып алдым – орындалған әрекетті білдіреді.
3) Билет алуға барамыз – іс-әрекеттің болашақта орындалатыны туралы айтылған.
4) Маған билет алу керек – әрекеттің болашақта орындалатыны туралы хабарлаған.

♦ Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Дәрігер менің қызуымды ... .
A) өлшеу
B) өлшеді
C) өлшедің
D) өлшедім

1) өлшеу – тұйық етістік формасында тұр, сөйлемді аяқтай алмайды.
2) өлшеді – III жақ формасында тұр, дәрігер сөзімен тіркесе алады.
3) өлшедің – II жақ, дәрігер сөзімен тіркеспейді.
4) өлшедім – I жақ, жекеше түрдегі форма дәрігер сөзімен тіркеспейді.



**107** Іс-әрекеттің жақын арада болғанын білдіретін сөзді табыңыз.
Отметьте слово, которое обозначает недавно совершенное действие.

A) әкелер
B) әкелді
C) әкеледі
D) әкелген

**108** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Мен оның досымен ... .
A) танысы
B) танысқа
C) танысып
D) таныстым

**109** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз былтыр жақсы ...
A) демалдық
B) демаламыз барамыз
C) демалармыз келерміз
D) демалып жатырмыз қыдырамыз

**110** Көп нүктенің орнына қажетті етістікті белгілеңіз.
Вместо многоточия вставьте нужный глагол.

Ол баласына мәшине ... .
A) әперді
B) әпердің
C) әпердім
D) әпердіңіз

**111** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Үйге ауылдан әжем ... .
A) келді
B) кетер
C) барды
D) шықты

**Етістіктің болымсыз түрі**

Отрицательная форма глагола

Болымсыз етістік -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе формасы арқылы жасалады. Болымсыз етістік формасы түбірге жалғанады.

Отрицательная форма глагола образуется с помощью аффиксов -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе, которые прибавляются к корню глагола.

Мысалы: кел+у – кел+ме+у; сұра+у - сұра+ма+у

| Соңғы дыбыс<br>Последний звук | Қосымша<br>Аффиксы | Мысалдар<br>Примеры |
|---|---|---|
| барлық дауысты дыбыстар;<br>үнді: л, р, й | -ма/-ме | көр+ме; кел+ме |
| барлық қатаң дауыссыздар | -па/-пе | айт+па, кет+пе |
| үнді: м, н, ң<br>ұяң: з, ж | -ба/-бе | үйлен+бе, жаз+ба |

**Жедел өткен шақтың болымсыз түрі**

Отрицателная форма недавно прошедшего времени

| Жақ<br>лицо | Жекеше<br>Единственное число | Көпше<br>Множественное число |
|---|---|---|
| I жақ | Мен айт+па+ды+м | Біз айт+па+ды+қ |
| II жақ | Сен айт+па+ды+ң<br>Сіз айт+па+ды+ңыз | Сендер айт+па+ды+ңдар<br>Сіздер айт+па+ды+ңыздар |
| III жақ | Ол айт+па+ды | Олар айт+па+ды |
| I жақ | Мен белгіле+ме+ді+м | Біз белгіле+ме+ді+к |
| II жақ | Сен белгіле+ме+ді+ң<br>Сендер белгіле+ме+ді+ңдер | Сіз белгіле+ме+ді+ңіз<br>Сіздер белгіле+ме+ді+ңіздер |
| III жақ | Ол белгіле+ме+ді | Олар белгіле+ме+ді |

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі -ған/-ген, -қан/-кен формасының "жоқ" сөзімен тіркесуі арқылы да жасалады.

Отрицателная форма недавно прошедшего времени также образуется при помощи суффиксов -ған/-ген, -қан/-кен с сочетанием слова "жоқ".

| Жекеше<br>Единственное число | Көпше<br>Множественное число |
|---|---|
| Мен айт+қан жоқпын | Біз айт+қан жоқпыз |
| Сен айт+қан жоқсың<br>Сіз айт+қан жоқсыз | Сендер айт+қан жоқсыңдар<br>Сіздер айт+қан жоқсыздар |
| Ол айт+қан жоқ | Олар айт+қан жоқ |

♦ Көп нүктенің орнына қимылдың болымсыз түрін қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте отрицательную форму глагола.

Анар ауырып, жұмысқа ... .

A) барар

B) барады

C) барған

D) бармады

1) барар – қимылдың болашақта болатынын білдіреді.

2) барады – болымды етістік.

3) барған – болымды етістік.

4) бармады – етістіктің болымсыз түрінде, III жақта орындалмаған іс-әрекетті білдіріп тұр.

♦ Көп нүктенің орнына қимылдың болымсыз түрін қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте отрицательную форму глагола.

Кездесуге неге ... ?
A) көрді
B) тұрады
C) қайттым
D) келмедің

Т́

1) көрді – болымды етістік, III жақта тұр.
2) тұрады – болымды етістік.
3) қайттым – болымды етістік.
4) келмедің – етістіктің болымсыз түрінде, II жақта тұр және орындалмаған қимылды білдіріп тұр.

♦ Орындалмаған іс-әрекетті көрсететін сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение с невыполненным действием.

A) Асан жұмысқа кешікті.
B) Асан жұмысқа барған жоқ.
C) Асан жұмысқа уақытында келді.
D) Асан жұмысқа автобуспен барды.

Т́

1) кешікті – орындалған іс-әрекетті білдіреді.
2) барған жоқ – етістіктің болымсыз түрі жоқ сөзі арқылы жасалып тұр.
3) келді – іс-әрекеттің орындалғанын білдіріп тұр.
4) барды – орындалған қимылды білдіріп тұр.



**112** Көп нүктенің орнына орындалмаған қимылды қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте слово, обозначающее невыполненное действие.

Алмастың қолы бос болса да, досына ... .
A) көмектес
B) көмектесті
C) көмектессе
D) көмектеспеді

**113** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Досым көптен бері ... .
A) айттым
B) болдың
C) шықтыңыз
D) хабарласпады

**114** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.
Вместо многоточия укажите нужное слово.

Мен суық су ... .
A) ішпе
B) іштің
C) ішпейміз
D) ішпеймін

**115** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Вместо многоточия отметьте нужное слово.

Атаңа қарсы … .
A) білдік
B) оқыдым
C) сөйлеме
D) айтпадық

116 Қажетті сөзді белгілеңіз.
Отметьте нужное слово.

Ол ешқашан ... .
A) барар
B) шығады
C) келмейді
D) кездеспейсің

Ė

**Нақ осы шақтың жай түрі**
Собственно-настоящее время (простая форма)

Нақ осы шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақытта болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақтың жай түрі отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады.
Собственно-настоящее время выражает действие, которое происходит в момент речи, образуется с помощью глаголов: отыр, тұр, жатыр, жүр, к которым присоединяются личные окончания.

**Жекеше**
Единственное число

| Жақ<br>лицо | отыр | тұр | жатыр | жүр |
|---|---|---|---|---|
| I жақ Мен | отырмын | тұрмын | жатырмын | жүрмін |
| II жақ Сен<br>Сіз | отырсың<br>отырсыз | тұрсың<br>тұрсыз | жатырсың<br>жатырсыз | жүрсің<br>жүрсіз |
| III жақ Ол | отыр | тұр | жатыр | жүр |

**Көпше түрі**
Множественное число

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| I . Біз | отырмыз | тұрмыз | жатырмыз | жүрміз |
| II. Сендер<br>Сіздер | отырсыңдар<br>отырсыздар | тұрсыңдар<br>тұрсыздар | жатырсыңдар<br>жатырсыздар | жүрсіңдер<br>жүрсіздер |
| III. Олар | отыр | тұр | жатыр | жүр |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Атасы ауруханада ... .
A) жатыр
B) жүрсің
C) тұрсыз
D) отырмын

Ť

1) жатыр – III жақта тұр, сөйлем мағынасына сәйкес
2) жүрсің –II жақта тұр, сөйлем мағынасына сәйкес емес
3) тұрсыз – II жақта тұр, сөйлем мағынасына сәйкес емес.
4) отырмын – I жақта тұр, сөйлем мағынасына сәйкес келмейді.

♦ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді белгілеңіз.
Вместо многоточия отметьте нужное слово.

Біз лифтіде ... .
A) тұрмыз
B) жүрмін
C) отырсың
D) жатырсыз

Ť

1) тұрмыз – I жақта біз сөзімен тіркеседі.
2) жүрмін – біз сөзімен тіркеспейді.
3) отырсың – II жақта тұр, сөйлем мағынасына үйлеспейді.
4) жатырсыз – лифтіде сөзімен тіркеспейді, сөйлем мағынасына сай емес.

♦ Дәл қазір болып жатқан іс-әрекетті анықтаңыз.
Определите действие, которое происходит в данный момент.

A) Әжем аулада отыр.
B) Әжем ертең келеді.
C) Әжем ауылға кетті.
D) Мен әжемді күтемін.

Ṫ

1) Әжем аулада отыр – іс-әрекет қазіргі уақытта орындалып жатыр.
2) Әжем ертең келеді – іс-әрекет алдағы уақытта орындалады.
3) Әжем ауылға кетті – іс-әрекет орындалған.
4) Мен әжемді күтемін – іс-әрекет алдағы уақытта орындалады.



**117** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол касса алдында кезекте ... .
A) тұр
B) жүр
C) отыр
D) жатыр

**118** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Біз үйде ... .
A) тұрмын
B) отырмыз
C) жүрсіздер
D) жатырсыңдар

**119** Жауапты табыңыз.
Найдите ответ на вопрос.

– Сен қазір не істеп жатырсың?
– ... .
A) Үйде жатыр
B) Көшеде тұрсыз
C) Дүкенде жүрсің
D) Университетте отырмын

**120** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Біз қазір театрда спектакль ... .
A) көріп отырмыз
B) тыңдап тұрсың
C) тамашалап отыр
D) жасап жатырмын

**121** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

– Сендер жиналыста ... ма?
A) тұрмын
B) жүрсіздер
C) жатырмыз
D) отырсыңдар

## Ауыспалы осы шақ

Настоящее переходное время

Ауыспалы осы шақ сөйлемнің мағынасына қарай іс-әрекеттің қазіргі кезде немесе келер шақта орындалатынын білдіреді. Дауысты дыбыстардан кейін -й қосымшасы, дауыссыз дыбыстардан кейін -а/-е қосымшасы жалғану арқылы жасалады.

Настоящее переходное время в зависимости от контекста может обозначать и настоящее и будущее время. Образуется с помощью аффиксов -й (после гласных), -а/-е (после согласных).

**Жіктелуі.** Спряжения

**Жекеше түрі.** Единственное число

| Жақ<br>лицо | жазу | жүргізу | сөйлеу |
|---|---|---|---|
| I жақ Мен | жаз+а+мын | жүргіз+е+мін | сөйле+й+мін |
| II жақ Сен<br>Сіз | жаз+а+сың<br>жаз+а+сыз | жүргіз+е+сің<br>жүргіз+е+сіз | сөйле+й+сің<br>сөйле+й+сіз |
| III жақ Ол | жаз+а+ды | жүргіз+е+ді | сөйле+й+ді |

**Көпше түрі**

Множественное число

| | | | |
|---|---|---|---|
| I . Біз | жаз+а+мыз | жүргіз+е+міз | сөйле+й+міз |
| II. Сендер<br>Сіздер | жаз+а+сыңдар<br>жаз+а+сыздар | жүргіз+е+сіңдер<br>жүргіз+е+сіздер | сөйле+й+сіңдер<br>сөйле+й+сіздер |
| III. Олар | жаз+а+ды | жүргіз+е+ді | сөйле+й+ді |

**Мысалдар:** Мен қазақша білемін. Мен ертең концерт туралы білемін.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Жұмысқа сағат екіде ... бе?
A) кел
B) келу
C) келеді
D) келесіз

1) кел – бұйыру мағынасында тұр.
2) келу – тұйық етістік, «бе» сұраулық шылауымен тіркеспейді.
3) келеді – III жақта тұр, «бе» сұраулық шылауымен тіркеспейді.
4) келесіз – бе сұраулық шылауымен тіркеседі.

♦ Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Мен күнде ерте ... .
A) тұрдық
B) тұрасыз
C) тұрасың
D) тұрамын

1) тұрдық – I жақ, көпше түрде, мен сөзімен тіркеспейді.
2) тұрасыз – II жақ, сөйлем мағынасына сәйкес емес.
3) тұрасың – II жақ, мен сөзімен тіркеспейді.
4) тұрамын – I жақ, мен сөзімен тіркеседі.

♦ Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Ол ағылшын тілінде еркін ... .
A) көреді
B) біледі
C) күледі
D) сөйлейді

1) көреді – еркін сөзімен тіркеспейді.
2) біледі – сөйлем мағынасына сәйкес емес.
3) күледі – сөйлем мағынасына сәйкес емес.
4) сөйлейді – сөйлем мағынасына сәйкес.

122 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сен киноға досыңмен бірге ... ба?
A) тұрасың
B) жүресің
C) барасың
D) бастайсың

123 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Жиналысты ерте ... .
A) кетеміз
B) келеміз
C) барамыз
D) аяқтаймыз

124 Осы уақытта орындалып жатқан іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое выполняется в данный момент.

A) Алма – өте білімді қыз.
B) Қазір Лондонда тұрады.
C) Алма шетелде көп болды.
D) Ол бірнеше тілді меңгерген.

125 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алматыда жиі жаңбыр … .
A) жүреді
B) түседі
C) келеді
D) жауады

## Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі

Отрицательная форма настоящего переходного времени

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе формасы арқылы жасалады.

Отрицательная форма настоящего переходного времени образуется с помощью аффиксов -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе -й.

**Жекеше түрі.** Единственное число

| Жақ<br>лицо | жазбау | жүргізбеу | сөйлемеу |
|---|---|---|---|
| І жақ Мен | жазба+й+мын | жүргізбе+й+мін | сөйлеме+й+мін |
| ІІ жақ Сен<br>Сіз | жазба+й+сың<br>жазба+й+сыз | жүргізбе+й+сің<br>жүргізбе+й+сіз | сөйлеме+й+сің<br>сөйлеме+й+сіз |
| ІІІ жақ Ол | жазба+й+ды | жүргізбе+й+ді | сөйлеме+й+ді |

**Көпше түрі**

Множественное число

| | | | |
|---|---|---|---|
| І . Біз | жазба+й+мыз | жүргізбе+й+міз | сөйле+й+міз |
| ІІ. Сендер<br>Сіздер | жазба+й+сыңдар<br>жазба+й+сыздар | жүргізбе+й+сіңдер<br>жүргізбе+й+сіздер | сөйле+й+сіңдер<br>сөйле+й+сіздер |
| ІІІ. Олар | жазба+й+ды | жүргізбе+й+ді | сөйле+й+ді |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті етістікті белгілеңіз.

Вместо многоточия вставьте нужный глагол.

Ол жазда демалысқа ... .
A) отырған
B) жүрмейсің
C) шықпайды
D) жоспарламайды

1) отырған – болымды етістік, сөйлем мағынасына сәйкес емес.
2) жүрмейсің – сөйлем мағынасына сәйкес емес, ІІ жақта тұр.
3) шықпайды – бағытты білдіретін сөзді талап етеді, сөйлем мағынасына сәйкес.
4) жоспарламайды – демалысқа сөзімен тіркеспейді.

♦ Орындалмайтын іс-әрекетті көрсетіңіз.

Укажите действие, которое не будет выполнено.

A) Ол бүгін келмейді.
B) Біз асханада кездесеміз.
C) Ол жиналыста сөз сөйлейді.
D) Мен осында жұмыс істеймін.

1) келмейді – іс-әрекет орындалмайды.
2) кездесеміз – іс-әрекет орындалады.
3) сөйлейді – іс-әрекет орындалады.
4) істеймін – іс-әрекет орындалады.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложение.

Ертең қазақ тілінен емтихан ... .
A) болды
B) болмады
C) болмайды
D) болдыңдар

1) болды – өткен шақта тұр орындалған іс-әрекет.
2) болмады – өткен шақта тұр орындалмаған іс-әрекет.
3) болмайды – келер шақ, болымсыз түрде қолданылып тұр жүзеге аспаған қимыл.
4) болдыңдар – өткен шақ, ІІ жақта тұр іске асқан қимыл.

**126** Болмайтын іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое не будет совершено.

A) оқыса
B) оқыған
C) оқымайды
D) оқып жатыр

**127** Қажетті сөзді табыңыз.
Найдите нужное слово.

Ол қазір ешкіммен … .
A) алмайды
B) білмейді
C) айтпайды
D) сөйлеспейді

**128** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Суық суды ішуге ... .
A) болмасын
B) болмайды
C) болмайық
D) болмаймын

**129** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бүгін жаңбыр ... .
A) кірмейді
B) келмейді
C) тұрмайды
D) жаумайды

**130** Орындалмайтын іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которые не будет совершено.

A) Мен жақсы жүземін.
B) Ол спортты ұнатады.
C) Анар шахмат ойнайды.
D) Ол спортпен айналыспайды.

**Үстеу. Мезгіл үстеу**

Наречие. Наречие времени

Ė

Үстеу – қимылдың, іс-әрекеттің амалын, мекенін, себебін, мезгілін білдіретін сөз табы.
Наречие – это часть речи, которая обозначает способ, время, место, причины действия.
Мысалы: таңертең, бүгін, биыл, жылдам
Мезгіл үстеу қимылдың жалпы мерзімін, уақытын білдіреді. Қашан? қай кезде? қашаннан (бері)? сұрақтарына жауап береді.
Наречие времени – это наречие, которое обозначает время действия и отвечает на вопросы қашан? қай кезде? - когда? қашаннан (бері)? – с каких пор?
Например: бүгін – сегодня, ертең – завтра, таңертең – утром.
Мысалы: биыл, былтыр, бүгін, ертең, кеше, таңертең, түсте, жаздыгүні, көктемде

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мен ... қалаға бардым.
A) кеше
B) ертең
C) кейін
D) жақында

1) кеше сөзі өткен уақытты білдіріп, бардым сөзімен тіркеседі.
2) ертең сөзі алдағы уақыттағы іс-әрекетті білдіреді, ал бардым сөзі өткен шақта тұр.
3) кейін сөзі алдағы уақытқа қатысты айтылады.
4) жақында сөзі алдағы уақыттағы мағынада, ал бардым сөзі өткен шақта айтылып тұр.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... жыл құстары ұшып кетеді.
A) Күзде
B) Қыста
C) Жазда
D) Көктемде

1) Күзде жыл құстары жылы жаққа ұшып кетеді.
2) Қыста жыл құстары ұшып келмейді.
3) Жазда құстар жылы жақтан ұшып келмейді.
4) Жыл құстары көктемде қайтып келеді.

♦ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Астанаға ... барамын.
A) кеше
B) ертең
C) былтыр
D) өткен жылы

1) кеше сөзі – өткен шақты білдіріп тұр, барамын сөзі келер шақта тұр.
2) ертең сөзі де, барамын сөзі де келер шақта тұр.
3) былтыр сөзі өткен уақытқа қатысты айтылады да, келер шақтағы барамын сөзімен тіркеспейді.
4) өткен жылы сөзі – өткен шақ мезгілде, ал барамын сөзі келер шақта айтылып тұр.

**131** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Сіз ертең жұмыстан қашан келесіз?
– Ертең жұмыс көп, сондықтан жұмыстан ... келемін.
A) кеш
B) ерте
C) кейін
D) бұрын

**132** Сөйлемді толықырыңыз.
Дополните предложение.

... – дүйсенбі.
A) Биыл
B) Кешке
C) Ертең
D) Ертемен

**133** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... ауа райы бұзылып тұр.
A) Бүгін
B) Кеше
C) Түсте
D) Ертең

134 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ол банкке ... тағы бармады.
A) әлі
B) кеше
C) ертең
D) бұрын

135 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... ауа райы жақсы болды.
A) Биыл
B) Ертең
C) Бүрсігүні
D) Келесі айда



## Шылау. Ыңғайлас жалғаулық шылаулар

Союзы. Соединительные союзы

Ė

Шылау – сөйлемдегі сөз бен сөзді немесе күрделі сөйлемнің бөліктерін байланыстыратын сөз табы.

Союз – это часть речи, которая соединяет слова в предложении или части предложений в сложном предложении.

Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулық шылауды ыңғайлас жалғаулық шылау деп атаймыз.

Соединиительные союзы связывают однородные члены предложения или части сложных предложений.

Мысалы: және, бен, мен, пен, бенен, менен, пенен, да, де, та, те, әрі.

Например: Айдос пен Маржан – Айдос и Маржан. Жандос – әрі әнші, әрі биші – Айдос и певец и танцор.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әсем ... Жанар – тату достар.
A) де
B) бен
C) және
D) пенен

Ť

1) де шылауы – кісі аттарын байланыстыра алмайды, .
2) Әсем сөзіндегі соңғы м дыбысы үнді, ал бен -б ұяң дыбысынан басталып тұр.
3) және шылауы адам аттарын байланыстыра алады.
4) пенен шылауы қатаң п дыбысынан басталған, ал Әсем сөзі үнді м дыбысына аяқталған.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Марат ... Мұқан әңгімелесіп отыр.
A) әрі
B) пен
C) мен
D) бенен

Ť

1) әрі шылауы – кісі аттарын байланыстыра алмайды.
2) пен шылауы – да қатаң п дыбысынан басталады, Марат сөзі қатаң т дыбысына аяқталады, сондықтан пен екі сөзді байланыстыра алады.
3) Марат сөзіндегі соңғы т дыбысы қатаң, ал мен – үнді дыбысынан басталып тұр.
4) бенен шылауы ұяң б дыбысынан басталған, ал Марат сөзі қатаң п дыбысына аяқталған.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Айдар қаладан келіпті, ...
інісіне көп ойыншық әкеліпті.
A) әрі
B) та
C) пен
D) бен

Т́

1) әрі шылауы – сөйлемдерді тіркестіре алады.
2) та шылауы қатаң т дыбысынан басталады, келіпті сөзі дауысты і дыбысына аяқталады.
3) пен шылауы – сөйлем мен сөйлемді байланыстыра алмайды.
4) бен шылауы – сөз бен сөзді ғана байланыстырады, ал сөйлем мен сөйлемді байланыстыра алмайды.

136 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Көктем келді ..., күн жылынды.
A) та
B) де
C) да
D) әрі

137 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Концертке ата-аналар ... оқушыларды шақырды.
A) де
B) мен
C) әрі
D) бенен

138 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Елдос досы... киноға барды.
A) пен
B) бен
C) мен
D) және

139 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Үйге бар ..., кілтті алып тез шық.
A) те
B) та
C) да
D) та

140 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Марат ... Бақыт бір университетте оқиды.
A) бен
B) мен
C) бенен
D) пенен

## Сұраулық шылаулар

Вопросительные союзы

Ė Сөйлемге сұрау мағынасын беретін шылаулар сұраулық шылаулар деп аталады. Мысалы: ба, бе, ма, ме, па, пе, ше. Мынау үй ме? Сен ше?

Вопросительные частицы – это служебные слова, которые придают вопросительный смысл как целым предложениям, так и отдельным словам или словосочетаниям. Вопросительные частицы ба?, бе?, ма?, ме?, па?, пе? в казахском языке соответствуют частице ли в русском языке, а частица ше? соответствует частице а. Например: барасың ба? – пойдешь ли? сен ше? – а ты?

♦ Сұраулық шылауларды дұрыс қолдаңыз.
Употребите правильно вопросительные частицы.

– Мен ертең ауылға кетемін.
Ал сен ...?
A) бе
B) ме
C) ше
D) пе

Ť
1) бе шылауы – сен сөзімен тіркескенімен сұраудың мақсатына сай емес.
2) ме сен сөзімен тіркесіп айтылмайды.
3) ше шылауы – сен сөзімен тіркесіп, айтылу мақсатына сай сұраулық мән беріп тұр.
4) пе шылауы – сен сөзімен тіркеспейді.

♦ Сөйлемді аяқтаңыз.
Продолжите предложение.

– Алуаш, бүгін театрға барасың ...?
A) бе
B) па
C) ба
D) ма

Ť
1) бе шылауы – жіңішке дыбысты, ал барасың – жуан буынды сөз.
2) па шылауы – барасың сөзімен тіркесіп айтылмайды.
3) ба шылауы – сен сөзімен тіркесіп, айтылу мақсатына сай сұраулық мән беріп тұр.
4) ма шылауы – сен сөзімен тіркеспейді.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Аружан, сен би үйірмесіне барып жүрсің ...?
A) ба
B) бе
C) па
D) ме

Ť
1) ба – жуан дыбысты, сол себепті де жүрсің жіңішке буынды сөзбен тіркеспейді.
2) бе шылауы – сен сөзімен тіркесіп, айтылу мақсатына сай сұраулық мән беріп тұр.
3) па шылауы – жүрсің сөзімен тіркесіп айтылмайды.
4) ме шылауы – жүрсің сөзімен тіркеспейді.

**141** Сұраулық шылауларды дұрыс қолданыңыз.
Употребите нужную вопросительную частицу.

Мен жұмысымды бітірдім, ал сен ...?
A) бе
B) ба
C) пе
D) ше

**142** Сұраулық шылауларды дұрыс қолданыңыз.
Употребите нужную вопросительную частицу.

Бақыт пен Айгүл үйлену тойларын жазда жасайды...?
A) ба
B) бе
C) ма
D) ме

**143** Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.

Бақыт, Маратты тойыңа шақырдың ...?
A) бе
B) ба
C) ма
D) ме

**144** Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.

Нәзира, раушан гүлін ұнатасың ...?
A) па
B) пе
C) ба
D) ше

**145** «бен» жалғаулығын қойыңыз.
Употребите правильно частицу «бен».

A) қыз ... жігіт
B) мұғалім ... оқушы
C) дәрігер ... науқас
D) жүргізуші ... жолаушы

Ė

**Қаратпа сөздер**
Обращения

Сөйлеуші біреудің назарын аудару үшін қолданатын сөздер қаратпа сөздер деп аталады.
Мысалы: Балам, қайда барасың? Айнұр, киноға бірге барайық.
Обращение – это слово, применяемые для того, чтобы обратиться к человеку и называющие того, к кому обращена речь. Например: Айжан! Туған күніңмен. - Айжан! С днем рождения.

♦ Тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

..., сен қандай мамандықты таңдадың?
A) Сіз
B) Біз
C) Мен
D) Қызым

Ť

1) сіз – сыпайы түрде, сөйлем анайы түрде айтылып тұр.
2) біз сөзі көпше түрде, ал сөйлем жекеше түрде айтылып тұр.
3) мен – I жақта, сөйлем II жақта айтылып тұр.
4) қызым – тыңдаушының назарын аудару үшін айтылған арнайы қаратпа сөз.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

..., қайда оқып жүрсің?
A) Мен
B) Сен
C) Сіздер
D) Айсұлу

Ť

1) мен – I жақта, сөйлем II жақта айтылып тұр.
2) сен – есімдігі қаратпа сөз бола алмайды.
3) сіздер – көпше түрде, ал сөйлем жекеше түрде айтылып тұр.
4) Айсұлу – қыз есімі сөйлемде тыңдаушыға арналып айтылып тұр.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

- .., қай курста оқып жүрсің?
A) Сіз
B) Ол
C) Ұлым
D) Сендер

Т́

1) Сіз – сыпайы түрде, сөйлем анайы түрде айтылып тұр.
2) Ол есімдігі – қаратпа сөз бола алмайды.
3) Ұлым – адресатқа арналған сөз.
4) Сендер – көпше түрде, ал сөйлем жекеше түрде айтылып тұр.



**146** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

- .., сабағыңа кешігіп қалма.
A) Ол
B) Сен
C) Сіз
D) Балам

**147** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

- ..., сен «Абай» романын оқыдың ба?
A) Біз
B) Мен
C) Ұлың
D) Қызым

**148** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

- .., сен «Еңлік – Кебек» қойылымын көрдің бе?
A) Сіз
B) Достар
C) Сендер
D) Достым

**149** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ал, ..., жақсы демалыңдар.
A) дос
B) сіздер
C) сендер
D) балалар

**150** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

..., ағаңа көмектес.
A) Ол
B) Сіз
C) Сен
D) Айдын

**151** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

..., сыйлығым сізге ұнады ма?
A) Біз
B) Сіз
C) Олар
D) Айнұр

**Ė**

**Одағай сөздер**
Междометие

Адамның көңіл күйін білдіретін сөздер одағай деп аталады.
Мысалы: бәрекелді, пай-пай, уһ, ойбай
Междометие – это слова, которые выражают различные чувства или эмоции человека.
Например: Алақай! Апам келді. – Ура! Мама приехала.

♦ Сыпайылықты білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое выражает вежливое обращение.

..., айтыңызшы, театрға қалай баруға болады?
A) Сәлем
B) Рахмет
C) Кешіріңіз
D) Бәрекелді

**Т́**
1) Сәлем сөзін амандасқанда айтамыз.
2) Рахмет сөзін – мұнда айту орынсыз болады.
3) Кешіріңіз – біреуден жөн сұрар алдында кешірім сұрау орынды.
4) Бәрекелді – ризашылықты білдіретін сөз.

♦ Қуануды білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое выражает радость.

Алақай! Анам маған базардан әдемі көйлек әкелді.
A) анам
B) әдемі
C) маған
D) алақай

**Т́**
1) анам сөзі – зат есім, сондықтан одағай бола алмайды.
2) әдемі де – заттың сапасын білдіретін сөз.
3) маған сөзі қуанышты емес, бағытты білдіреді.
4) алақай – қуанышты білдіретін одағай сөз.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

..., мұндай қызық болады екен ғой!
A) Жә
B) Тәйт
C) Алақай
D) Мәссаған

**Т́**
1) жә – тыйым салуды білдіретін сөз.
2) тәйт – зекіруді білдіреді.
3) алақай – қуанышты білдіретін сөз.
4) мәссаған – таңдануды білдіреді.

**152** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

..., қолшатырымды үйге тастап кетіппін ғой!
A) Алақай
B) Қап
C) Шіркін
D) Бәрекелді

153 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

..., әрлі-бері жүгіре беріп шаршадым ғой!
A) Уһ
B) Ей
C) Алақай
D) Бәрекелді

154 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

..., құжатымды алуды ұмытып кетіппін ғой!
A) Паһ
B) Қап
C) Шіркін
D) Бәрекелді

155 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

- .., мына күннің суығын-ай! Әбден тоңып қалдым ғой!
Шіркін, мына көйлектің әдемісін.
A) Әттең
B) Мына
C) Ойбай
D) Шіркін

156 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

–..., әкем маған шана сатып әкелді! Енді шанамен сырғанайтын болдым.
A) Уһ
B) Ой
C) Алақай
D) Бәрекелді

# 3 Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест
## Лексико-грамматический блок. Итоговый тест

1 «-тер» қосымшасын жалғауға болатын сөзді анықтаңыз.
Определите слово, к которому можно присоединить аффикс «-тер».

A) жеміс
B) тамақ
C) айран
D) сорпа

2 Жуан қосымша жалғанатын сөзді белгілеңіз.
Укажите слово, к которому прибавляется аффикс с твердыми гласными.

A) үй
B) есік
C) адам
D) дүкен

3 Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующий аффикс.

Көрші... ауланы тазалады.
A) -дер
B) -дар
C) -лер
D) -лар

4 Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующий аффикс.

Ұстаз... конференцияға келді.
A) -ды
B) -дан
C) -дың
D) -дар

5 «Жақсы» сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді табыңыз.
Подберите к слову «жақсы» слово с противоположным значением.

A) тәуір
B) жаман
C) тамаша
D) өте керемет

**6** «Дұрыс» сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді табыңыз.
Подберите к слову «дұрыс» слово с противоположным значением.

A) тура
B) жөн
C) түзу
D) қате

**7** Тағам атауын белгілеңіз.
Укажите название блюда.

A) аспаз
B) тамақ
C) сорпа
D) асхана

**8** Киім атауын белгілеңіз.
Укажите название одежды.

A) дүкен
B) көйлек
C) сатушы
D) киім-кешек

**9** Қазақстандағы қала атауын белгілеңіз.
Укажите название города Казахстана.

A) Жетісу
B) Балқаш
C) Ақорда
D) Қызылорда

**10** Екі сөзден құралған адамның атын белгілеңіз.
Укажите имя, образованное из двух слов.

A) Асқар
B) Арман
C) Мөлдір
D) Бақытгүл

**11** Екі сөзден құралған географиялық атауды көрсетіңіз.
Найдите географическое название, образованное из двух слов.

A) Астана
B) Қармақшы
C) Ұзынағаш
D) Қорғалжын

**12** Екі сөзден құралған тау атауын белгілеңіз.
Найдите название горы, образованное из двух слов.

A) Қарасу
B) Алатау
C) Қостанай
D) Жезқазған

**13** Кәсіп, мамандық атауларын белгілеңіз.
Укажите названия специальностей, профессий.

A) алтын, қола, күміс
B) шеше, әже, немере
C) әнші, ғалым, мұғалім
D) бастық, мырза, ханым

**14** Туыстық қатынасты білдіретін сөздердің қатарын көрсетіңіз.
Укажите слова, обозначающие родственные отношения.

A) той, ұл, отбасы
B) сіңлі, іні, жезде
C) бала, оқушы, нәресте
D) қария, немере, зейнеткер

**15** Кісі есімдерін белгілеңіз.
Укажите имена людей.

A) Талдықорған, Шымкент
B) Қаныш Сәтбаев, Зейін Шашкин
C) Алматы ақшамы, Егемен Қазақстан
D) Ұлы Отан соғысы, Желтоқсан көтерілісі

**16** Қажетті нұсқаны табыңыз.
Найдите правильный ответ.

... – Қазақстанның оңтүстік астанасы.
A) Астана
B) Алматы
C) Көкшетау
D) Қызылорда

**17** Қажетті қосымшаны жалғаңыз.
Вставьте нужный аффикс.

Танысқаныма қуанышты... .
A) -біз
B) -сің
C) -сіз
D) -мын

**18** Диалогті аяқтаңыз.
Закончите диалог.

– Жансая, қазір қайда жұмыс істейсің?
– Мен киім ательесінде ... .
A) тігінші
B) тігіншісің
C) тігіншіміз
D) тігіншімін

**19** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение

Балам ... ақтады.
A) үміт
B) үмітке
C) үмітімді
D) үміттенген

**20** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Сіздердің ... қай қабатта?
A) пәтерлер
B) пәтеріміз
C) пәтерлерің
D) пәтерлеріңіз

**21** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... отбасы Ақтөбеде тұрады.
A) Айнұрға
B) Асаннан
C) Алтынайды
D) Алтынбектің

**22** Қажетті сөзді қойыңыз.
Укажите нужное слово.

... университет қаланың ортасында орналасқан.
A) Менің
B) Біздің
C) Оның
D) Сендердің

**23** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... кезек көп.
A) Дүкенді
B) Дүкенде
C) Дүкеннен
D) Дүкенмен

**24** Мекенді білдіретін сұрақты көрсетіңіз.
Укажите вопрос, который определяет место.

A) қашан?
B) қалай?
C) қанша?
D) қайда?

**25** Көп нүктенің орнына дұрыс жауапты қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мен ... келдім.
A) орталық
B) орталықты
C) орталықтан
D) орталықтың

**26** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Достым, мұны қайдан алдың?
– ... сатып алдым.
A) Базарға
B) Дүкеннен
C) Супермаркетпен
D) Сауда орталығы

**27** Қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс.

Спорт… стадионға күнде келеді.
A) -ші
B) -шы
C) -лық
D) -кер

**28** Қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс.

Ас... кең екен.
A) -ші
B) -стан
C) -хана
D) -шылық

**29** Еркелету үшін айтылған адам атын көрсетіңіз.
Найдите имя, произнесенное ласково.

A) Сәке
B) Сәуле
C) Сәулет
D) Сәулетай

**30** Қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс.

Ауыл маңында шағын көл... бар.
A) -ше
B) -ша
C) -шік
D) -шық

**31** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бөлмеде үлкен ... терезе бар екен.
A) екі
B) үшеу
C) біреу
D) жетіден

**32** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әселмен сағат ... кездесемін.
A) бес
B) бесте
C) бесеу
D) бесінші

**33** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Думан екі ... сатып алды.
A) маталар
B) тондар
C) қолғап
D) киімдер

**34** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Мекемеде ... қызметкер бар.
A) алтау
B) жетеу
C) бірден
D) он жеті

**35** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Мектепке ... автобуспен барамын.
A) алпыс тоғыз
B) қырық тоғызға
C) сексен тоғызбен
D) жетпіс тоғызыншы

**36** Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Укажите правильный ответ.

Қаламқас ... тоқсанды үздік аяқтады.
A) бес
B) үшеу
C) үштік
D) үшінші

37 Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Укажите правильный ответ.

– Нешінші үйде тұрасыз?
A) Жетпіс.
B) Елудей.
C) Тоқсан сегіз.
D) Он алтыншы.

38 Қажетті сөзді белгілеңіз.
Укажите нужное слово.

– Мен … қабатта тұрамын.
A) жетіден
B) он тоғыз
C) алтыншы
D) төртеуіміз

39 Заттың түсін білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает цвет предмета.

A) тәтті
B) қысқа
C) қоңыр
D) домалақ

40 Заттың түсін білдіретін сөздерді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает цвет предмета.

A) ұзын, қысқа
B) қалың, жұқа
C) қызыл, қоңыр
D) ашық, жабық

41 Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Укажите правильный ответ.

– Үйдің кілті кімде?
– ... .
A) Бұдан
B) Сенде
C) Менде
D) Онымен

42 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Оқушылардың құжаттары … .
A) бізде
B) сендер
C) олармен
D) сіздердің

43 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... – Ұлттық кітапхана.
A) Біз
B) Сіз
C) Олар
D) Анау

44 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ең үлкен бөлме ... .
A) осы
B) соған
C) содан
D) сонымен

45 Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Автобус ... барады?
A) кімге
B) қайда
C) қанша
D) қандай

46 Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Маржан биыл мектепке барады.
A) неге?
B) кімге?
C) қайда?
D) қанша?

47 Іс-қимылға қатысты сөздер қатарын белгілеңіз.
Отметьте ряд слов, выражающих действие.

A) көше, асхана, кіру
B) шығу, төлеу, теңге
C) сұрау, білу, тамақтану
D) ас мәзірі, тапсырыс, тағам

48 Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Кеше Сәкен мақала … .
A) жазды
B) оқыса
C) көреді
D) қарамақ

49 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз былтыр жақсы ... .
A) демалдық
B) демаламыз
C) демалармыз
D) демалып жатырмыз

50 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

– Сендер бүгін қайда ... ?
A) қыдырдық
B) болдыңдар
C) араладыңыз
D) жүрдіңіздер

51 Тиісті сөзді табыңыз.
Найдите нужное слово.

Ертең ешқайда ... .
A) барамын
B) бармадым
C) бармаймын
D) бара жатырмын

52 Орындалмаған әрекетті табыңыз.
Найдите невыполненное действие.

A) Бүгін ол үйіне қайтпады.
B) Сіз маған көмектесіңізші.
C) Мен таңертең ерте тұрдым.
D) Сендер ертең театрға барыңдар.

53 Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Укажите правильный ответ.

– Не істеп жатырсың?
– ... .
A) Ертең ерте тұрамын
B) Кітап оқып отырмын
C) Университетте оқимын
D) Бұл фильм туралы білемін

54 Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Біз қазір театрда ... .
A) жатыр
B) жүрсің
C) тұрсыз
D) отырмыз

55 Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Укажите правильный ответ.

– Тапсырманы орындап жатырсың ба?
A) – Бізге көп тапсырма берілді.
B) – Жоқ, орындап жатқан жоқпын.
C) – Тапсырманы орындауға болады.
D) – Бұл тапсырманы жастар орындамайды.

56 Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Укажите правильный ответ.

– Бізді естіп тұрсыздар ма?
A) – Жоқ, естіп тұрған жоқпыз.
B) – Шолпан мені тыңдамайды.
C) – Сізді көріп отырған жоқпын.
D) – Берік сендерді естіп тұрған жоқ.

57 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жұмысқа сағат екіде ... бе?
A) кел
B) келу
C) келеді
D) келесіз

58 Тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Ол қазақ тілін жақсы … .
A) біледі
B) білесің
C) білесіз
D) білемін

59 Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Менің анам ауруханада ... .
A) боламын
B) емдейміз
C) ауырмайсың
D) жұмыс істемейді

60 Орындалмайтын іс-әрекетті табыңыз.
Найдите действие, которое не будет выполнено.

A) Ол құжатын береді.
B) Құжаттарды сен тексер.
C) Құжаттарды мен аламын.
D) Құжаттарды мен тіркемеймін.

61 Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные слова.

... жұмысқа ... келдім.
A) Биыл, тез
B) Бүгін, ерте
C) Кеше, қазір
D) Ертең, кешке

62 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді белгілеңіз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... оянып кеттім.
A) Ерте
B) Әрең
C) Ертең
D) Бірсүгүні

63 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Айдар ... Майра сабақтан бірге қайтады.
A) да
B) мен
C) бен
D) пен

64 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Бөлмеде балам ... қызым болды.
A) да
B) пен
C) бен
D) мен

65 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Кеш ... батты.
A) та
B) те
C) де
D) да

66 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны көрсетіңіз.
Вставьте вместо многоточия нужный вариант.

Үйге ертерек келесің ...?
A) па
B) пе
C) бе
D) ба

**67** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

– Сәлеметсіздер ме, ... .
A) балам
B) дәрігер
C) әкетай
D) әріптестер

**68** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

– ..., көмектесіп жібересіз бе?
A) Аға
B) Балалар
C) Балақай
D) Ата-аналар

**69** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

– ..., сөйлеуге шамасы келмеді.
A) Уа
B) Әу
C) Тіпті
D) Шіркін

**70** Тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

..., бала, бері кел.
A) Әй
B) Өй
C) Пah
D) Ойпырым-ай

III тарау

# Оқылым бөлігі

# Чтение

- Оқылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

# Оқылым бөлігіне шолу

Оқылым – бұл нақты бір тілдегі және басқа тілдегі жүйе бойынша графикалық таңбалар арқылы мағлұматты қабылдау және белсенді өңдеу үдерісі. Оқылым – сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрі және тілдік тұлғаны қалыптастырудағы тілдік дағдыларының маңызды бөлігі.

Оқылым бөлігіндегі тестілеу объектісі – мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпаратын оқып түсіну барысында тілдік білік-дағдыларының қалыптасу деңгейі.

Қарапайым деңгейдегі мәтін түрлері: хабарлау, сипаттау, баяндау элементтері бар мәтіндер (хабарландыру, жарнама, жариялау, факстер және қысқаша түсіндірме мәтіндер), қарапайым деңгейге сәйкес лексика-грамматикалық материалдар негізінде арнайы құрастырылған қарапайым, қысқа мәтіндер. Мәтін тақырыптары әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени салаларында өзекті болып табылады.

Барлық деңгейлерде жалпы «Оқылым» бөлігіне арналған тапсырмаларын орындау уақыты – 65 минут, бөлік бойынша тапсырма саны – 50. Тест тапсырмалары тілді меңгеру деңгейіне байланысты түрлене отырып, қиындай түседі.

Оқылым бөлігінің қарапайым деңгейінде:
- мәтін көлемі: 1-3 сөйлемнен бастап, 100 сөзге дейін;
- 1 мәтінге сәйкес тапсырмаларының саны: 2-5.

Тестілеу арқылы қарапайым деңгейде тіл қолданушының:
1) мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну біліктілігі;
2) мәтіннен қажетті мағлұматты табу біліктілігі;
3) мәтін мазмұнындағы негізгі мағлұматты толық және нақты түсіну біліктілігі тексеріледі.

Қарапайым деңгейдегі тест тапсырмаларының түрлері:

1) Сөйлемді толықтырыңыз;
2) Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз;
3) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз;
4) Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз;
5) Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

# Обзор блока Чтение

Чтение – это процесс восприятия и активной переработки информации, графически закодированной в системе того или иного языка. Чтение является одним из репродуктивных видов речевой деятельности и неотъемлемой частью формирования языковой личности.

Объект тестирования по блоку Чтение – уровень сформированности речевых навыков и умений при чтении текстов с общим и детальным охватом содержания.

Типы текстов на элементарном уровне: сообщение, описание, тексты с элементами повествования (объявления, реклама, сообщения, факсы и краткие описательные тексты), специально составленные краткие и простые тексты, построенные на основе лексико-грамматического материала, соответствуют элементарному уровню. Тематика текстов актуальна для социально-бытовой, социально-культурной сфер общения.

На всех уровнях владения языком время выполнения теста по чтению – 65 минут, количество тестовых заданий – 50. Тестовые задания в зависимости от уровня владения языком становятся разнообразнее и сложнее.

На элементарном уровне блока Чтение:

- объем текстов: от 1-3 предложений до 100 слов;
- количество заданий по одному тексту: 2-5.

В процессе тестирования на элементарном уровне проверяется:

1) умение понять общее содержание текста;
2) умение найти в тексте необходимую информацию;
3) умение понять достаточно полно и точно основную информацию текста.

Виды тестовых заданий на элементарном уровне владения казахским языком:

1) Дополните предложение;
2) Выберите информацию, не соответствующую тексту;
3) Найдите главные опорные слова текста;
4) Выберите информацию, соответствующую тексту;
5) Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

# 1 Оқылым бөлігі. Алдын ала тест
## Блок Чтение. Предварительный тест

**1-мәтін**

*Мен астаналықпын, атым Қайрат, экономиспін. Ата-анам бар. Олар зейнеткер. Менің отбасым Алматы қаласында тұрады.*

**1** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Қайрат ... .
A) Астанада тұрады
B) Алматыда тұрады
C) отбасымен қалаға келді
D) Алматыда қызмет істейді

**2** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Қайрат – экономист.
B) Отбасы Алматыда тұрады.
C) Қайрат отбасымен бірге тұрады.
D) Қайраттың әке-шешесі – зейнеткер.

**2-мәтін**

*Мен досым Арманмен бірге «Мега» сауда үйіне бардым. Сауда үйінің екінші қабатында киім дүкені бар. Мен жазғы көйлек сатып алдым, ал Арман өзіне қысқы етік сатып алды.*

**3** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз досым екеуміз ... араладық.
A) сауда орталығын
B) үйдің жанындағы киім дүкенін
C) орталықтағы «Арман» дүкенін
D) «Мега» сауда үйінің бірінші қабатын

**4** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Досымның аты Арман.
B) Ол қыста киетін етік алды.
C) Жазғы көйлек сатып алдым.
D) Өзіме қысқы етік сатып алдым.

**3-мәтін**

*Менің анам тамақты өте дәмді дайындайды. Анам дастарқанға күнде түрлі ас әзірлеп, тәтті тоқаш пен бауырсақ пісіреді. Бізге анамыз дайындаған таңғы ас, түскі ас, кешкі астың барлығы да ұнайды.*

**5** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Менің анам ... пісіреді.
A) асты өзі
B) тағамды тез
C) тамақты асықпай
D) асты тапсырыспен

**6** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Біздің анамыз асты дәмді пісіреді.
B) Анамның тағамын бәрі жақсы көреді.
C) Бүгін анам кешкі асқа тәтті тоқаш пісірді.
D) Үйде таңғы, кешкі асты анамыз әзірлейді.

**4-мәтін**

*– Танысу достыққа апаратын жол. Кәне, жігіттер, бір курста оқиды екенбіз, танысайық. Менің атым Нұрлан, Талдықорған қаласынан келдім.*
*– Менің атым Ержан, алматылықпын.*
*– Танысқаныма қуаныштымын.*
*– Мен де қуаныштымын. Таныс болайық.*

**7** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Ержан Алматыда тұрады.
B) Ержан мен Нұрлан курстас.
C) Жігіттер танысқанына қуанышты.
D) Нұрлан мен Ержан Талдықорғанда танысты.

**8** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) достық, қала, жол
B) достық, курс, мен
C) достық, жігіт, Ержан
D) танысу, достық, қуаныш

**9** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Достық неге апарады?
B) Жігіттер қайда оқиды?
C) Досы көпті неге жау алмайды?
D) Дос болу үшін неден бастау керек?

## 5-мәтін

*Тамыз айы – түрлі жеміс-жидектің пісіп, халық үшін молшылық басталатын кезі. Бұл кездегі ауа райы мол өнім жинауға да қолайлы. Тамыз айында барлық жеміс-жидектер піседі. Ауа райын болжау орталығы тамыздың алғашқы аптасындағы ыстық 38 градусқа дейін көтерілетіндігін хабарлады. Ал оңтүстік облыстарда 40-42 градус ыстықты көрсеткен. Айдың екінші жартысында ауа райы салқын бола бастайды.*

**Ё** молшылық (от слова мол - много) – изобилие

**10** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Тамыз айы – ... .
A) жаздың алғашқы айы
B) жаздың ең ыстық шағы
C) барлық жемістердің пісетін кезі
D) ауа райының салқын болатын кезі

**11** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Тамыз – жаздың соңғы айы.
B) Тамыз – өнім жинауға қолайлы ай.
C) Бұл айда молшылық кезі басталады.
D) Айдың соңында ыстық 38 градусқа дейін көтерілді.

**12** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) күн, апта, тамыз
B) тамыз, оңтүстік, градус
C) тамыз, жеміс-жидек, ауа райы
D) ауа райы, халық, молшылық

## 6-мәтін

*Маржанның отбасы үлкен. Ол – отбасындағы екінші қыз. Маржанның ата-әжесі, әке-шешесі, әпкесі, ағасы, екі інісі бар. Оның отбасы үлгілі, барлығы тату тұрады. Маржан докторантурада оқиды, оның арманы – болашақта жақсы маман иесі атанып, отбасының мақтанышы болу.*

**13** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Маржанның мақсаты – ... .
A) отбасын құру
B) докторантурада оқу
C) үлгілі, тәрбиелі қыз болу
D) жақсы маман болу, отбасын қуанту

**14** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Маржан – докторант.
B) Маржанның әпкесі бар.
C) Маржанның ағалары бар.
D) Маржан үлгілі маман болғысы келеді.

**15** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) іні, Маржан, үлгі
B) Маржан, отбасы, арман
C) арман, мақсат, болашақ
D) отбасы, маман, әке-шеше

## 7-мәтін

*Жұмыстан кейін Айгүл екеуміз «Нұр» дәмханасына бардық. «Нұр» дәмханасы – қаламыздағы шағын дәмханалардың бірі. Бұл дәмхана тамақты өте дәмді дайындайды. Асты дәмді әзірлейтіндіктен болар, келушілер саны үнемі көп. Біз жеке үстелге барып отырдық. Айгүл екеуміз отырып, ас мәзірін қарап шықтық. Екеуміз де ұлттық тағам түрлерінен алдық. Тамағымызды асықпай отырып іштік. Ас үстінде жұмысымыз жөнінде біраз әңгімелестік. Содан кейін мен Айгүлді үйіне дейін жеткізіп салдым.*

**16** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз ... .
A) тағам әзірледік
B) тамақтануға бардық
C) дәмхана туралы әңгімелестік
D) қаладағы дәмханаларды қарап шықтық

**17** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Біз жеке үстелге отырдық.
B) Бұл дәмхана үлкен әрі ыңғайлы.
C) Құрбыммен бірге ас мәзірін қарадық.
D) Айгүлмен бірге «Нұр» дәмханасына келдік.

**18** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) Айгүл, «Нұр», қала
B) дәмхана, әңгіме, жұмыс
C) қала, тағам, мәзір, «Нұр»
D) екеуміз, Айгүл, дәмхана, ас

**19** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Мені Айгүл үйге дейін жеткізіп салды.
B) Дәмханада тек ұлттық тағамдар әзірленеді.
C) «Нұр» дәмханасында ұлттық тағамдар ғана дәмді болады.
D) Тамақты дәмді жасайтындықтан, келушілер ылғи көп болады.

## 8-мәтін

*Менің ағам Асқар – денсаулық саласының маманы. Ол балаларды емдейді. Асқарға балалар дәрігері болған қатты ұнайды. Ағам қалалық ауруханада жұмыс істейді. Ол наурыз айынан бастап Достық ықшамауданындағы №7 емханаға балалар дәрігері болып ауысты. Маған дәрігер болу қиын сияқты. Ағам бұл қиындықты жеңе білді. Ол әрбір балаға мейіріммен қарайды. Менің ағам әр баланың денсаулығының мықты болғанын тілейді.*

**20** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Асқар – ... .
A) бас маман
B) бас дәрігер
C) балалар дәрігері
D) емхана басшысы

**21** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Емхана Достық көшесінде орналасқан.
B) Ағама өзінің мамандығы қатты ұнайды.
C) Асқар наурыз айында емханаға ауысты.
D) Ағам әр баланың денсаулығына жақсы қарайды.

**22** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) ағам, дәрігер, бала
B) емхана, дәрігер, қала
C) Асқар, мейірім, денсаулық
D) денсаулық, аурухана, жұмыс

**23** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Емхана аудан орталығына көшірілді.
B) Ағама өз мамандығы қатты ұнайды.
C) Жақында балалар ауруханасы ашылды.
D) Дәрігер болу қиын, бірақ мен оны жеңе білдім.

### 9-мәтін

*Вокзалға менімен бірге Жасұлан да келді. Біз Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласына бара жатырмыз. Жолаушылар көп екен. Олар қалың киінген. Біз отыратын пойыз вокзалға келе жатыр. Бұл – «Көкшетау-Қызылорда» бағытындағы пойыз.*

*Пойыз тоқтағаннан кейін Жасұлан екеуміз бесінші вагонға кірдік. Вагонның іші таза екен. Біз заттарымызды вагонда қалдырып, перронға қайта шықтық.*

**24** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жолаушылар ... .
A) вокзалға бара жатыр
B) жеңіл киініп алыпты
C) Түркістанға бара жатыр
D) Қызылордаға бара жатыр

**25** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Мен Түркістанға бара жатырмын.
B) Жасұлан мені шығарып салуға вокзалға келді.
C) Жасұлан екеуміз кірген бесінші вагон таза екен.
D) Біз отырған пойыз «Көкшетау-Қызылорда» бағытына жүреді.

**26** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) вокзал, біз, пойыз, вагон
B) Түркістан, жолаушы, вагон
C) вокзал, вагон, Жасұлан, мен
D) пойыз, жолаушы, Түркістан

**27** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Жасұлан перронда қалды.
B) Біз екінші вагонға отырдық.
C) Пойыз тоқтаған соң екеуміз вагонға кірдік.
D) Екеуміз отырған Көкшетуға баратын пойыз.

### 10-мәтін

*Аяжан еліміздегі беделді банктердің бірінде банк қызметкері болып жұмыс істейді. Ол үнемі сәнді киініп жүреді. Аяжанға ақ, сары, көк, қызыл, қоңыр түсті барлық матадан тігілген киімдер ұнайды. Ол киімдерін Алматы қаласындағы «Сымбат» академиясында жеке тапсырыспен тіктіреді. Аяжан ресми кездесулерге сәнді үлгідегі вельвет костюм мен белдемше, қоңырлау түсті туфли киіп барды. Аяжанның киім таңдау талғамы өте жақсы. Ол киімдерін жуып, үтіктеп, киімдерін қала орталығындағы химиялық тазартуға үнемі апарып отырады. Өйткені таза кину – әдептіліктің белгісі.*

Ė

талғам – вкус
белдемше – юбка

**28** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Аяжан – ... .
A) банк қызметкері
B) банктің беделді қызметкері
C) ресми кездесулерді ұйымдастырады
D) «Сымбат» академиясында тапсырыс қабылдайды

**29** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) банк, қызметкер, киім
B) Аяжан, банк, сән, киім
C) ол, банк, академия, әріптес
D) Аяжан, сән, сымбат, костюм

**30** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Банк орталықта орналасқан.
B) Аяжан сәнді киінуді ұнатады.
C) Әдептілік – таза киінудің кепілі.
D) Аяжан ресми кездесулерге жиі барып тұрады.

**31** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Аяжан киімдерін қайда тіктіреді?
B) «Сымбат» сән академиясы қайда орналасқан?
C) Аяжан киімін неге жеке тапсырыспен тіктіреді?
D) «Сымбат» киімдер дүкенінде қандай ұлттық киімдер сатылады?

### 11-мәтін

«Көгілдір бұғаз» демалыс үйі Бұқтырма су қоймасының жағасында Алтай жерінде орналасқан. Ол өзінің таза ауасымен, теңізімен, жыл бойы жасалатын сапалы қызмет түрімен демалғандарды қуантып жүр. Мұнда біздің елден ғана емес, шетелден француздар, немістер, голландиялықтар келіп демалады.

Қатонқарағайдың әсем табиғаты мен мөлдір Марқакөл, Көкшетаудағы Сексен көл, Үржардағы суы шипалы Алакөл – Қазақстанның ғажайып мекені. Сондықтан да мұнда демалушылар жиі келеді. Ал «Көгілдір бұғазға» демалуға келушілерге барлық қызмет түрі көрсетіледі. Мұнда оқушылар, дәрігерлер, жоғары оқу орындарының ұстаздары, зейнеткерлер демалады. Демалушылар музыка тыңдап, шахмат ойнайды. Баскетбол, волейбол, футбол алаңдары бар.

Ė

бұғаз – залив
су қоймасы – плотина
ғажайып – чудеса, чудесный

**32** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

«Көгілдір бұғаз» ... маңында орналасқан.
A) Алтай су қоймасының
B) Бұқтырма су қоймасының
C) Көкшетаудағы Сексен көлдің
D) Қатонқарағай мен Марқакөлдің

**33** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Қатонқарағай – табиғаты әсем мекен.
B) Демалыс үйіне шетелдік азаматтар демалады.
C) Алакөлде «Көгілдір бұғаз» демалыс үйі ашылды.
D) Демалушылар «Көгілдір бұғаз» демалыс үйіне жиі келеді.

**34** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) Қатонқарағай, қызмет, ұстаз
B) демалушылар, қызмет, қойнау
C) демалыс үйі, табиғат, демалушы
D) Үржар, зейнеткерлер, дәрігерлер

**35** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Демалыс үйінде баскетбол алаңы бар.
B) Көкшетауға француз азаматтары келді.
C) Демалыс үйінде неміс азаматтары қызмет етеді.
D) Марқакөл – Үржарда орналасқан ғажайып мекен.

**12-мәтін**

*Мен университетте жұмыс істеймін. Біздің 10 оқу ғимаратымыз бар. Университетте студенттер 83 мамандық бойынша білім алады. Сондай-ақ, магистратура мен докторантура, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және кадр бөлімдері бар. Арнайы жиындар мен үлкен мерекелік іс-шаралар өтетін кіші зал және үлкен мәжіліс залы бас ғимаратта орналасқан. Оқу залдары үнемі жаңа кітап қорларымен толықтырылып отырылады. Университетімізде елімізге танымал академиктер, ғылым докторлары мен кандидаттары қызмет етеді.*

*Біздің студенттер мен магистрлер, докторанттар «Болашақ» бағдарламасы бойынша жыл сайын шетелге іс-тәжірибеден өтіп, өз білімін жалғастыруда. Университетте еліміздің атын әлемге танытқан атақты спортшылардың біркатары оқыған.*

**Ė** елiмiздiң атын әлемге танытқан – те люди, благодаря которым о нашей стране узнал мир

**36** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біздің университетте ... .
A) ғалымдар еңбек етеді
B) кітапхананың бірнеше залы бар
C) ғылыми-зерттеу орталығы ашылды
D) студенттер 10 мамандық бойынша оқиды

**37** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Мен университетте оқытушымын.
B) Бізде көптеген ғылым докторлары бар.
C) Шетелде білім алушы магистранттарымыз бар.
D) Университетте шетелдік мамандар жұмыс істейді.

**38** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) жұмыс, магистр, қызмет
B) студент, мамандық, бөлім
C) университет, жұмыс, ғылым
D) университет, студент, «Болашақ»

**39** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Мұнда танымал спортшылар білім алған.
B) Студенттер бас ғимаратта ғана оқиды.
C) Мерекелік іс-шаралар өткізетін зал жоқ.
D) Арнайы жиындар мен іс-шаралар кіші залда өтеді.

**40** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Университетте қандай бөлімдер бар?
B) Университетте қандай мамандықтар ашылған?
C) Магистрлер мен докторанттар қай елдерге бара алады?
D) «Болашақ» бағдарламасына қатысудың талаптары қандай?

### 13-мәтін

*Балқаш – сирек кездесетін әрі жойылып бара жатқан жануарларды қорғау мақсатында 1967 жылы Балқаш ауданында құрылған мемлекеттік зоологиялық қорықша. Жер көлемі 503 мың га. Іле өзені мен Тауқұм шөлінің айналасы тоғайлы, қамысты, шалғынды, құмды жерді қамтиды. Қорықшаның жері жануарлар үшін өте қолайлы. Су құстарының 200-ден астам, балықтың 30-ға жуық түрі бар. Сүтқоректілерден қабан, ондатра; құстардан қырғауыл және бауырымен жорғалаушылардан күзен, кесіртке және т.б. кездеседі. Балқаш қорықшасындағы бірқатар аң-құстар мен өсімдіктер Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.*

**Ė**
қырғауыл – фазан
бауырымен жорғалаушылар – рептилии
күзен – хорек
кесіртке – ящерица

**41** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Балқаш қорықшасы – ... .
A) ұлттық саябақ
B) зоологиялық саябақ
C) мемлекеттік қорықша
D) жойылып бара жатқан қорықша

**42** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Балқаш қорықшасы 1967 жылы құрылды.
B) Балқаш қорықшасында кесіртке кездеседі.
C) Балқаш қорықшасы Балқаш ауданында құрылған.
D) Балқаш қорықшасында су құстарының екі түрі бар.

**43** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) мемлекет, қабан, кітап
B) аудан, қорықша, қамыс
C) Балқаш, қорықша, жануар
D) кесіртке, жануар, өсімдік

**44** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Күзен «Қызыл кітапқа» енгізілді.
B) Қорықшада балықтың 200-ге жуық түрі бар.
C) Балқаш – сүтқоректілерге ыңғайсыз мекен.
D) Іле өзенінің маңы құмды, тоғайлы болып келеді.

**45** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Балқаш ауданы қай жылы құрылды?
B) Балқаш ауданында неше қорықша бар?
C) Іле өзенінде қандай балық түрлері өседі?
D) Балқаш қорықшасында қандай аң-құстар бар?

## 14-мәтін

*Гүлфайруз Исмаилова – суретші, актриса, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Қазақстанның халық суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Н.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін, И.Е.Репин атындағы Ленинград көркемсурет, мүсін және архитектура институтын бітірген. Абай атындағы опера және балет театрының бас суретшісі болды. С.Мұхаметжановтың «Жұмбақ қыз», Е.Рахмадиевтің «Алпамыс» т.б. көптеген спектакльдерде ойнады. Бірқатар көркем фильмдердің қоюшы-суретшісі және актері ретінде танымал. Г.Исмаилова шығармаларында портрет саласы үлкен орын алады. Г.Исмаилова «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.*

Ė еңбек сіңірген - заслуженный

**46** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Гүлфайруз Исмаилова – ... .
A) белгілі қазақ суретшісі
B) «Жұмбақ қыздың» авторы
C) «Алпамыс» шығармасының авторы
D) көркемсурет училищесінің оқытушысы

**47** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Г. Исмаилова театрда бас суретші қызметін атқарды.
B) Ол көптеген көркем фильмдердің қоюшы-суретшісі болды.
C) Гульфайруз Исмаилова – суретші, актриса, өнер қайраткері.
D) Г.Исмаилова Ленинград режиссура училищесінде білім алды.

**48** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) суретші, еңбек, марапат
B) Қазақстан, құрмет, сурет
C) Г.Исмаилова, суретші, актриса
D) Гульфайруз Исмаилова, портрет, халық

**49** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Г. Исмаилова – көркем фильмдердің режиссері.
B) Суретші шығармашылығында портрет саласы ерекше орын алады.
C) Абай атындағы опера және балет театрында «Жұмбақ қыз», «Алпамыс» қойылымдары өтті.
D) Ол С.Мұхаметжановтың «Жұмбақ қыз», Е.Рахмадиевтің «Алпамыс» спектальдерінің қоюшы-суретшісі болды.

**50** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Суретші портреттерінің көрмесі қашан өтті?
B) Г. Исмаилова қандай оқу орындарында білім алды?
C) Абай атындағы опера және балет театры қашан ашылды?
D) Г. Исмаилова «Алпамыс» фильмінде кімнің рөлін ойнады?

# 2 Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау
## Блок Чтение. Анализ тестовых заданий

**1-мәтін**

*Құрметті ханымдар мен мырзалар! «Сымбат» сән үйінің фирмалық дүкенінде жаздық ерлер мен әйелдер киімдеріне 30 пайыз жеңілдік беріледі.*

**1** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

«Сымбат» фирмалық дүкенінде ... .
A) киімдерге жеңілдіктер бар
B) жаздық киімдердің жаңа үлгілері көп
C) жаздық ерлер киімдері бөлімі ашылды
D) ерлердің киім тапсырысына жеңілдік беріледі

Т́

1) Мәтінде жаздық ерлер мен әйелдер киімдеріне жеңілдік берілетіндігі туралы айтылады.
2) Мәтінде жеңілдік туралы айтылған, жаздық киімдердің жаңа үлгілері жөнінде ақпарат берілмеген.
3) Мәтін мазмұнында жаздық ерлер киімдері бөлімі ашылғандығы жөнінде ақпарат жоқ.
4) Мәтінде ерлердің киім тапсырысына емес, жалпы жаздық ерлер мен әйелдер киімдеріне жеңілдік берілетіндігі туралы айтылған.

Ė

Тест тапсырмасы берілген сөйлемді мәтін мазмұнына сәйкес толықтыруды талап етеді. Сөйлемнің бірінші жартысы тапсырмада беріліп, екінші жартысы жауаптарда келтіріледі. Жауаптардың біреуінде ғана мәтінге сәйкес ақпарат, үшеуіндегі ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес болмайды. Жауаптарды мәтін мазмұнымен салыстыру арқылы дұрыс жауапты табу керек.
В данном тестовом задании требуется дополнить предложение. Первая часть предложения в задании взята из текста («Сымбат фирмалық дүкенінде...»), вторая часть составлена автором тестового задания и представлена в 4 вариантах ответа. Задача тестируемого – подобрать вторую часть предложения, соответствующую содержанию текста. Для этого необходимо понять текст, варианты ответов, сравнить ответы с текстом, сравнить ответы друг с другом и выбрать правильный вариант. Правильный вариант может быть выражен словами, которых нет в тексте, то есть могут быть употреблены слова, близкие по значению.
Бұл тапсырма түрі тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну;
- берілген ақпаратты салыстыру;
- мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну.

**2** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую содержанию текста.

A) «Сымбат» сән үйінің фирмалық дүкені бар.
B) «Сымбат» сән үйінде 30 пайыз ерлер киімі тігіледі.
C) Фирмалық дүкенде жаздық киімдерге жеңілдік беріледі.
D) Дүкенде ерлер мен әйелдер киімдеріне жеңілдік беріледі.

Т́

1) Мәтінде «Сымбат» сән үйінің фирмалық дүкенінде деп анықталған, сондықтан сән үйінің фирмалық дүкені бар деп айта аламыз.
2) Мәтінде сән үйінде 30 пайыз жеңілдік берілетіндігі туралы айтылған, бірақ 30 пайыз ерлер киімдері тігілетіндігі туралы ақпарат жоқ.
3) Жаздық киімдерге жеңілдік берілетіндігі жайлы ақпарат берілген.
4) Ерлер мен әйелдер киімдеріне жеңілдік берілетіндігі туралы айтылған.

Ė

Тапсырма мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін жауапты табуды талап етеді. Жауаптарды мәтін мазмұнымен салыстыру арқылы мәтінде жоқ ақпарат немесе сәйкес келмейтін ақпаратты табуға болады. Берілген жауаптардың үшеуіндегі ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес, бір жауап мәтін мазмұнына сәйкес келмейді.

В данном тестовом задании необходимо найти вариант, который не соответствует содержанию текста. Тестируемому необходимо понять содержание текста, содержание вариантов ответов, сравнить их с текстом, сравнить варианты ответов друг с другом и определить три варианта, соответствующих содержанию текста. Правильный вариант ответа не будет соответствовать тексту.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің ақпарат шынайылығын анықтау, мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну, салыстыру дағдыларын бағалайды.




**2-мәтін**

**Жұмыс орным**

*Менің жұмыс орным Астана қаласының Жеңіс даңғылында орналасқан. Мен банк қызметкерімін. Біздің ғимарат көп қабатты, менің бөлімім екінші қабатта орналасқан. Мен несиелендіру бөлімінде жұмыс істеймін. Күн сайын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсетемін. Оларға несие алуға керекті құжаттар тізімін ұсынып, өтініштерін қабылдаймын. Банк пен жеке немесе заңды тұлғалар арасындағы келісімшарттарға қол қойдырамын. Жұмысым өзіме ұнайды.*

Ė

жеке тұлға – частное лицо
заңды тұлға – юридическое лицо

**3** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) мен, жұмыс, банк
B) мен, несие, құжат
C) банк, қызмет, тізім
D) жұмыс орны, несие

Ť

1) Мәтінде бұл қатардағы «мен», «жұмыс», «банк» деген сөздердің барлығы да мәтін құрауға негіз бола алатын тірек сөздердің қатарына жатады.
2) Мәтінде «мен», «несие» сөздері тірек сөздер болғанымен, «құжат» сөзі тірек сөздерге жатпайды, өйткені бұл қосымша ақпарат.
3) Мәтінде «банк», «қызмет» сөздері мәтін мазмұнында тірек сөз болғанымен, «тізім» сөзі мәтін құрауға тірек бола алмайды, бұл маңызды сөз емес.
4) Мәтіндегі «жұмыс орны» сөз тіркесі басты сөз болады, «несие» сөзі тірек сөз болуы мүмкін, бірақ мәтін банк қызметкері туралы.

Ė

Тапсырма мәтінде жиі пайдаланылған, негізгі ақпаратты білдіретін, мәтін құрауға тірек бола алатын сөздерді таңдауды талап етеді. Дұрыс жауапта берілген сөздердің барлығы басты тірек сөздер болып табылады.
В данном тестовом задании требуется найти слова, которые являются главными опорными словами, отражающими суть текста. В правильном ответе все слова будут являтся опорными словами, в неверных вариантах ответа главные слова могут сочетаться со словами, отсутствие которых не отразится на главной мысли текста.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтін мазмұнын түсіну үшін тілдік құралдарға сүйену;
- мәтіндегі сөздердің баламасын толық және нақты түсіну;
- мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздер мен ұғымдарды табу;
- мәтіндегі негізгі ақпаратқа сәйкес келетін тірек сөздерді дәл табу.

## 4 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Менің жұмыс орным қала орталығында орналасқан.
B) Банк жеке тұлғалардың өтінішін қабылдай алмайды.
C) Бөлмем көп қабатты ғимараттың екінші қабатында орналасқан.
D) Қалада жаңадан ашылған банкттер жылдан-жылға көбейіп келеді.

Ť

1) Мәтінде Астана қаласының Жеңіс даңғылы қаланың қай бөлігіне (қаланың шеті, орталығы т.б.) жататыны жайлы ақпарат берілмеген.
2) Мәтінде жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсетемін деген ақпарат бар.
3) Мәтінде ғимараттың көп қабатты екендігі және жұмыс орнының екінші қабатта орналасқандығы нақты айтылған.
4) Мәтінде жаңадан ашылған банктер туралы ешқандай ақпарат айтылмайды.

Ė

Тест тапсырмасында мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты табу қажет. Жауаптардың үшеуіндегі ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес болмайды, бір жауап мәтін мазмұнына сәйкес келеді. Сәйкес келмейтін жауаптарда мәтінде бар сөз бен сөз тіркестері алынуы мүмкін, бірақ мағынасы бойынша дұрыс болмайды.
В тестовом задании необходимо найти информацию, которая соответствует содержанию текста. В трех вариантах информация не соответствует содержанию текста, в одном из ответов информация является правильной. В неверных вариантах ответов допустимо употребление слов и словосочетаний, встречающихся в тексте, но смысловое значение информации не соответствует тексту.
Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну;
- мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл түсіну;
- мәтіндегі сөздердің баламасын дұрыс пайдалану;
- мәтін бөліктері бойынша берілген ақпаратты дұрыс түсіну.

## 3-мәтін

## Қоғамдық көлік

*Алматы – еліміздегі әдемі қалалардың бірі. Қала көшелері кең әрі таза. Алматыда сәулетті ғимараттар өте көп. Сауда орталықтары, мұражайлар, мейрамханалар мен спорт кешендері әдемі салынған. Қала тұрғындары да жылдан-жылға көбейіп келеді. Сондықтан да қоғамдық көліктер: автобус, трамвай, троллейбустар көп жүреді. Олар жол ережелерін бұзбайды. Кешкі қарбалас кезінде қала көшелерінде көлікпен жүру қиын.*

**5** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) көлік, қоғам, көше
B) Алматы, қала, көлік
C) қала, көлік, мейрамхана
D) Алматы, ереже, мұражай

Т́

1) Мәтінде «көлік», «көше» сөздері тірек сөздер болуы мүмкін, бірақ «қоғам» сөзі маңызды рөл атқармайды.
2) «Алматы», «қала», «көлік» сөздері мәтін құрауға негіз болатын тірек сөздер, өйткені автордың негізгі ойы – Алматы қаласы, қала көшелеріндегі көлік туралы ақпарат беру.
3) Мәтіндегі «қала», «көлік» сөздері маңызды болса, «мейрамхана» сөзі тірек сөз емес.
4) Мәтінде «Алматы», «ереже» сөздері тірек сөздер қатарына жатқанымен, «мұражай» сөзі тірек сөздерге жатпайды, бұл қосымша ақпарат.

**6** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Қоғамдық көліктер жол ережелерін сақтап жүреді.
B) Қала тұрғындары тек қоғамдық көліктермен жүреді.
C) Қаладағы қоғамдық көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді.
D) Алматыда қоғамдық көлікке қарағанда жеке көліктер аз жүреді.

Т́

1) Мәтін мазмұнында қоғамдық көліктер жол ережесін сақтап жүретіні туралы нақты ақпарат беріліп отыр.
2) Мәтінде қала тұрғындары тек қоғамдық көліктермен ғана жүретіндігі туралы ақпарат жоқ, жалпы қоғамдық көлік туралы айтылып тұр.
3) Мәтінде қаладағы қоғамдық көліктердің саны жылдан-жылға артып келеді деген пікірдің орнына, қала тұрғындары көбейіп келеді деп беріліп отыр.
4) Мәтінде қоғамдық көліктер туралы ақпарат берілгенмен, жеке көліктер туралы ақпарат айтылмаған.

## 4-мәтін

## Сұхбат

*– Сәлеміtсіз бе?*
*– Сәлеметсіз бе?*
*– Менің аты-жөнім – Алексей Иванов. Мен Украина елінен келдім.*
*– Өте жақсы. Мен осы кәсіпорынның директорымын. Қандай шаруамен келдіңіз?*
*– Біз сіздермен іскерлік байланыс орнатқымыз келеді, себебі сіздердің өнімдеріңіз бізге ұнайды. Олар өте сапалы және таза.*
*– Сіздерге біздің өнімнің қай түрі қажет?*
*– Әсіресе, ауылшаруашылығы өнімдерінен жасалған азық-түліктер.*
*– Өте жақсы. Қазақстан тарапы сіздермен ынтымақтастық қарым-қатынас жасауға қарсы емес.*
*– Егер мүмкіндіктеріңіз болса, келесі айдан бастап шартқа отырсақ.*
*– Келістік.*

**7** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз сіздермен ... .
A) алдағы мерзімде шартқа отырамыз
B) өнім сапасы жайлы келіскіміз келеді
C) тараптық келісімшартқа отырсақ дейміз
D) әріптестік қарым-қатынас жасағымыз келеді

Т́

1. Украинадан келген кәсіпкер тек қана ұсыныс жасады «келесі айдан бастап шартқа отырсақ» деп, нақты «шартқа отырамыз» деген ақпарат берілмейді.
2. Мәтінде Украин кәсіпкеріне өнім сапасының ұнайтындығы жайлы айтылады, ал өнім сапасы бойынша келісуі жайлы ақпарат жоқ.
3. Мәтінде «Қазақстан тарапы» қарым-қатынас жасауға қарсы емес екендігі жайлы ақпарат беріледі, бірақ «тараптық келісімшартқа» отыру жайлы ақпарат берілмеген.
4. Мәтінде Қазақстанмен іскерлік байланыс орнатқылары келетіндігі жайлы ақпарат берілген.

**8** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Алексей Иванов – шетелдік азамат.
B) Кәсіпорнының басшысы шешім қабылдаған жоқ.
C) Қазақстан жағы байланыс жасауға келісім берді.
D) Шетелдік қонақтарды қазақстандық ауылшаруашылығы өнімдері қызықтырды.

Т́

1. Мәтінде Алексей Иванов Украина елінен келгендігі жайлы ақпарат бар.
2. Кәсіпорнының келіскендігі жайлы ақпарат беріліп, ешқандай шешім қабылдамағаны жайлы ақпарат көрсетілмеген.
3. Мәтінде «Қазақстан тарапы» қарым-қатынас жасауға қарсы емес екендігі жайлы ақпарат берілген.
4. Мәтінде Украин кәсіпкерлеріне ауылшаруашылығы өнімдерінен жасалған азық-түліктер ұнайтындығы туралы айтылған.

**9** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) Украина, ел, біз, іскерлік, сапа, мүмкіндік
B) шаруа, өнім, сапа, азық-түліктер, Қазақстан
C) кәсіпорын, шаруа, ауыл, Қазақстан, Украина, шарт
D) байланыс, өнім, ауыл шаруашылығы, қарым-қатынас

Т́

1. Мәтіндегі «ел», «біз», «іскерлік», «сапа», «мүмкіндік» сөздері тірек сөздер бола алмайды, тек «Украина» сөзі ғана тірек сөз бола алады.
2. «Қазақстан», «өнім» сөздері тірек сөздері болғанымен, «шаруа», «сапа», «азық-түліктер» сөздері мәтіндегі басты тірек сөздері болмайды.
3. «Қазақстан», «Украина», «кәсіпорын» сөздері тірек сөздер болып табылады, бірақ «шаруа», «ауыл», «шарт» сөздері тірек сөздерге жатпайды.
4. Берілген сөздер «байланыс», «өнім», «ауыл шаруашылығы», «қарым-қатынас» мәтіндегі тірек сөздер бола алады.

**10** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Қазақстан шартқа қарсы емес.
B) Қазақстан Украинамен серіктес.
C) Украина өнімдері таза өндіріледі.
D) Алексей Иванов келісімді қолдады.

Т́

1. Мәтінде Қазақстан тарапы Украинамен ынтымақтастық қарым-қатынас жасау үшін шартқа отыруға қарсы емес екендігі туралы айтылған.
2. Украина Қазақстанмен іскерлік байланыс орнатқылары келетіндігі жайлы ақпарат берілген, бірақ олардың серіктестігі жайлы ақпарат жоқ.
3. Қазақстан өнімінің таза және сапалы украиндықтарға ұнайтындығы жайлы ақпарат бар, ал Украина өнімдері жайлы ақпарат берілмеген.
4. Мәтінде Алексей Иванов Қазақстанмен іскерлік байланыс орнатқысы келетіндігі жайлы айтылып, келісімді қолдағаны жайлы ақпарат берілмейді.

ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ

## 5-мәтін

### Ас – адамның арқауы

*Дені сау болу үшін адамдар уақытылы тамақтануы және құнарлылығы жоғары тағамдарды пайдаланғаны жөн. Өйткені ас – адамның арқауы. Дәрігерлердің айтуынша, құнарлылығы жоғары тағамдармен қатар, жеміс-жидектерді де жиі пайдаланып отыру керек. Себебі жеміс-жидектердің құрамында адам ағзасына пайдалы көптеген дәрумендер бар. Түрлі аурудың алдын алу үшін сүт және сүттен өндірілген тағам түрлерін, етті, көкөністі, балықты, сонымен қатар теңіз өнімдерінен даярланған тағамдарды жеткілікті мөлшерде пайдалану қажет.*

Ė

құнарлы – питательный
арқау – опора

**11** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Денінің саулығын ойлайтын адамдар ... пайдаланады.
A) етсіз, көкөніс пен жеміс-жидектерді
B) тек сүт пен сүттен өндірілген тағамдарды
C) көп мөлшерде балық пен теңіз өнімдерін ғана
D) тамағын уақытымен ішіп, құнарлы тағамдарды

Ť

1) Мәтін бойынша адам дәруменді тек көкөніс, жеміс-жидектерден ғана алмайды, жеткілікті мөлшерде етті де пайдалануы керек.
2) Мәтін бойынша тек қана сүттен өндірілген тағамдарды ғана пайдалану туралы емес, басқа да тағам өнімдерін пайдалану жайлы кеңес беріледі.
3) Мәтінде балық пен теңіз өнімдерін аса көп мөлшерде емес, керісінше жеткілікті мөлшерде ғана пайдалану туралы, сонымен қатар басқада пайдалы өнімдер жайлы айтылған.
4) Мәтінде адамдардың дені сау болуы үшін құнарлығы жоғары тағамдармен уақытында дұрыс тамақтану туралы нақты мәлімет бар.

**12** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Дәрігерлер ет адамға зиянды екенін айтады.
B) Жеміс-жидек құрамында дәрумендер өте көп.
C) Аурудан сақтану үшін дұрыс тамақтану керек.
D) Дәрігерлер жеміс-жидектің пайдалы екенін айтады.

Ť

1) Дәрігерлердің айтуынша, ет адамға зиян емес, керісінше оны белгілі мөлшерде пайдалану керек.
2) Мәтінде жеміс-жидек құрамында адам ағзасына пайдалы дәрумендердің көп кездесетіндігі туралы ақпарат бар.
3) Мәтінде аурудан сақтану үшін дұрыс тамақтану қажеттігі жөнінде айтылған.
4) Мәтін мазмұнында жеміс-жидектің пайдалы екендігі туралы ақпарат бар.

**13** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) ас, теңіз, балық
B) сүт, денсаулық, дәрумен
C) тамақтану, дәрігер, теңіз
D) денсаулық, ас, тамақтану

Ť

1) Мәтінде «ас» сөзі тірек сөз болып тұрғанымен, «теңіз», «балық» сөздері мәтін құрауға негіз болып тұрған тірек сөздер емес.
2) «Денсаулық», «дәрумен» тірек сөздер болғанымен, «сүт» тірек сөз болып саналмайды.
3) Мәтін бойынша «тамақтану» тірек сөз бола алғанымен, «дәрігер», «теңіз» сөздері тірек сөз бола алмайды.
4) «Денсаулық», «ас», «тамақтану» сөздерінің барлығы да мәтін құрауда негізгі тірек сөздер бола алады.

**14** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

А) Көкөністе қандай дәрумендер бар?
В) Жеміс-жидектер денсаулыққа пайдалы ма?
С) Теңіз өнімдерінен қандай тағамдар дайындалады?
D) Сүттен өндірілген тағамдарды жиі тұтынасыз ба?

**Т́**

1) Көкөністе дәрумендер бар, бірақ мәтінде көкөніс құрамындағы дәрумендер тізімі туралы айтылмаған.
2) Күнделікті тамақтану барысында адамдардың жеміс-жидектерді пайдалануының денсаулыққа пайдалы екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес келеді.
3) Мәтін бойынша теңіз өнімдерінен дайындалатын тағамдар туралы мәлімет берілмеген.
4) Сүт өнімдерінен дайындалатын тағамдарды жиі тұтыну қажеттігі туралы мәтінде айтылмайды.

**Ė**

Тапсырма мәтінде жауабы бар сұрақты таңдауды талап етеді. Мәтін мазмұны бойынша 4 сұрақ беріледі. Берілген сұрақтардың үшеуіне мәтінде жауап жоқ, біреуіне ғана жауап табылады.
В тестовом задании предлагается четыре вопроса по содержанию текста. необходимо найти один вопрос из четырех, ответ на который есть в тексте. В неправильных вариантах даны вопросы, по которым лишь затронута какая-либо информация по тексту, но полных и точных ответов на эти вопросы нет.
Бұл тапсырма түрі тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтінде берілген ақпаратты толық және дұрыс түсіну;
- мәтін бойынша ақпараттың мазмұнын есте сақтау;
- сұрақ-жауап арқылы мәтін мазмұнын анықтау мен дұрыс жауапты табу.

### 6-мәтін
### Киім дүкенінде

*Айжан анасына көйлек алу үшін киім дүкеніне келді.*

*Дүкен бөлімдері көп, үлкен екен. Сатушы Айжанға әйелдерге арналған бөлімді көрсетті. Бұл бөлімде ұлттық киімдер, сәнді киімдер, кешкі киімдер, жаздық, қыстық киімдер бөлімдері бар екен. Ол киім дүкенін аралап шықты.*

*Сатушы Айжанға сәнді көйлек алуға кеңес берді. Айжан анасына жібек матадан тігілген көк түсті, қысқа жеңді сәнді көйлек сатып алды.*

**15** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Айжан ... .
А) киім дүкенінен өзіне сәнді көйлек сатып алды
В) киім дүкенінің сәнді көйлектерін көріп шықты
С) киім дүкенінен шешесіне көйлек сатып алды
D) қыстық көйлек алу үшін сатушымен кеңесті

**Т́**

1) Айжанның киім дүкенінен өзіне емес, анасына киім сатып алғандығы туралы ақпарат айтылады.
2) Айжан киім дүкенінен сәнді киімдерді көріп қана қоймай, сатушымен кеңесе отырып көйлек сатып алғандықтан, бұл сөйлем мәтіндегі ақпаратты толықтырып тұрған жоқ.
3) Айжанның киім дүкенінен шешесіне көйлек сатып алуы туралы ақпарат мәтін мазмұнында кездеседі.
4) Мәтінде Айжан сатушымен кеңесе отырып, жібек көйлек сатып алғаны мәтінен белгілі, сондықтан оны қыстық көйлек деп айта алмайсыз.

**16** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

Айжан сыйлыққа ... сатып алды.
A) жаздық кешкі киім
B) көк түсті жібек мата
C) киім дүкенінен көйлек
D) ұлттық үлгідегі сәнді киім

Ť

1) «Жаздық», «кешкі киім» тіркестері мәтінде кездескенімен, Айжан оны сатып алған жоқ.
2) Мәтінде Айжанның мата емес, жібек матадан тігілген дайын көйлек сатып алғаны туралы айтылады.
3) Мәтін мазмұнына сәйкес Айжанның анасына көйлекті дүкеннен сатып алғанын аңғаруға болады.
4) Мәтінде «сәнді киім», «ұлттық киім» деген сөз тіркестері кездеседі, бірақ олар Айжан сатып алған көйлек үлгісіне сәйкес келмей тұр.

**17** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) ана, мата, бөлім
B) Айжан, дүкен, киім
C) сәнді, жаздық, жібек
D) Айжан, кешкі, үлкен

Ť

1) Мәтінде «ана», «бөлім» сөздері тірек сөз болғанмен, «мата» тірек сөзге жатпайды.
2) «Айжан», «дүкен», «киім» сөздері мәтін құрауға негіз болатын тірек сөздер, өйткені мәтіннің негізгі ойы Айжан киім дүкеніне барғаны туралы.
3) «Сәнді» сөзін тірек сөз деуге болады, бірақ «жаздық», «жібек» сөздері мәтінде кездескенімен, мәтін құрауға тірек болып тұрған сөздер емес.
4) «Айжан», «кешкі», «үлкен» сөздері мәтінде кездескенімен, тірек сөздер қатарын құра алмайды.

**18** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

A) Сатушы Айжанға көйлек таңдап берді.
B) Айжанның анасы киім дүкенінде сатушы болып істейді.
C) Айжан анасына көйлек тіктіру үшін көк түсті жібек мата сатып алды.
D) Әйелдер бөлімінде ұлттық, кешкі, жаздық, қыстық киімдер бөлімдері бар.

Ť

1) Мәтінде сатушы Айжанға көйлек таңдауда тек қана кеңес берген, ал көйлекті Айжан өзі таңдаған.
2) Мәтін мазмұнында байланысты Айжанның анасының мамандығы туралы ақпарат жоқ, сондықтан бұл пікірмен келісе алмаймыз.
3) Мәтінде Айжан анасына көйлек тіктіру үшін көк түсті жібек мата сатып алған жоқ, ол дайын көйлек сатып алды.
4) Мәтінде әйелдер бөлімінде ұлттық, кешкі, жаздық, қыстық киімдер сататын бөлімдері бар екендігі туралы ақпарат берілген.

**19** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Жаздық киімдер дүкені қашан ашылды?
B) Анасы Айжанға қандай көйлек таңдады?
C) Киім дүкенінде әйелдерге арналған қандай бөлімдер бар?
D) Дүкенге әйелдерге арналған қандай киім үлгілері келіп түсті?

Ť

1) Мәтін мазмұнында жаздық киімдер дүкенінің ашылуы жайлы ешбір мәлімет жоқ, онда жұмыс істеп тұрған дүкен жайлы айтылады.
2) Мәтінде анасы Айжанға емес, Айжан анасына киім таңдағаны жайлы ақпарат беріледі.
3) Мәтінде әйелдерге арналған бөлімде ұлттық, кешкі, жаздық, қыстық киімдер сататын бөлімдері бар екендігі туралы ақпарат берілген.
4) Мәтінде дүкенге келіп түскен жаңа үлгідегі киімдер туралы ешбір ақпарат жоқ, онда дүкеннің әртүрлі бөлімдері туралы айтылады.

## 7-мәтін

*Әмірдің отбасы үлкен және үлгілі. Оның мамандығы – химия пәнінің мұғалімі. Оның ата-анасы Шалқар ауданында тұрады, олар зейнеткер. Әпкесі Гүлназ – С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің түлегі, мамандығы – дәрігер. Қазір аудандық емханада жұмыс істейді. Ағасы Бағлан аудандағы атақты спортшылардың бірі. Інісі Бекзат «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік университеттердің бірінде білім алуда.*

**20** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әмір – ... .
A) емхана дәрігері
B) мектеп мұғалімі
C) атақты спортшы
D) университет оқытушысы

Т
1) Мәтіндегі ақпараттар бойынша емхана дәрігері Әмір емес, оның әпкесі деп көрсетілген.
2) Мәтінде Әмірдің мектепте жұмыс істейтіндігі және қандай пәннен сабақ беретіндігі айтылған.
3) Мәтін мазмұнында Әмір емес, оның ағасы атақты спорт шебері деген ақпаратты кездестіруге болады.
4) Мәтін бойынша университет туралы көп ақпарат берілгенімен, онда жанұядан ешкім жұмыс істемейді.

**21** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Әмірдің отбасы өнегелі.
B) Інісі шетелде білім алады.
C) Ағасы – танымал спортшы.
D) Әпкесі университетте істейді.

Т
1) Мәтін мазмұнында Әмірдің отбасы тәрбиелі, өнегелі екендігі туралы ақпарат келтірілген.
2) Інісінің «Болашақ» бағдарламасымен оқитыны жайлы ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес келеді.
3) Мәтін мазмұнында оның ағасы атақты спорт шебері деген ақпаратты кездестіруге болады.
4) Мәтінде Әмірдің әпкесі университетте емес, емханада жұмыс істейтіні де айтылған. Ал, университет түлегі деген мәліметке сүйеніп оны университет оқытушысы деп айта алмаймыз.

**22** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) отбасы, аудан, пән
B) отбасы, Әмір, мамандық
C) Әмір, әпке, университет
D) аға, іні, әпке, мамандық

Т
1) Мәтінге «отбасы» сөзі тірек болғанымен, «аудан», «пән» сөздері тірек сөз емес, өйткені бұл қосымша ақпарат.
2) Сөздерінің «отбасы», «Әмір», «мамандық» деген қатары мәтін негізі болады, өйткені мәтіннің маңызды ақпаратын құрайды.
3) «Әмір» сөзі мәтін құрауға негіз болса, «университет», «әпке» сөздері тірек сөздер деп айтуға болмайды.
4) Мәтінде «аға», «іні», «әпке», «мамандық» маңызды ақпарат, бірақ мәтін Әмір туралы.

ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ

**23** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

A) Гүлназ – шетелдік университет түлегі.
B) Әпкесі – аудандық емхананың дәрігері.
C) Шалқар ауданында жаңа мектеп салынды.
D) Ата-анасы мектепте мұғалім болып істейді.

Т́

1) Мәтінде шетелде оқитын Әмірдің інісі деп берілген, ал Гүлназ дәрігер болып жұмыс істейді.
2) Мәтін мазмұнында Әмірдің әпкесі туралы айтылған мәліметпен толық сай келіп тұр.
3) Мәтін мазмұны бойынша ауданда жаңадан мектеп салынғандығы жайлы ақпарат жоқ.
4) Мәтін мазмұны бойынша ата-анасы мұғалім деп көрсетілмеген.

**24** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Шалқар ауданында спорт мектебі бар ма?
B) Әмір жоғары оқу орнын қай жылы бітірді?
C) Інісі қай шетелдік оқу орнында білім алады?
D) Гүлназ қандай жоғары оқу орнын бітірді?

Т́

1) Мәтінде Шалқар ауданында мектеп айтылған, бірақ оның жалпы білім беру мектебі, әлде маманданған спорт мектебі екендігі туралы ешқандай да ақпарат кездеспейді.
2) Мәтінде Әмірдің жоғары оқу орнын қашан бітіргендігі жайлы ақпарат берілмеген.
3) Мәтін мазмұнында інісінің шетелде оқитыны туралы ақпарат нақты көрсетілмеген.
4) Мәтін мазмұнында Гүлназдың қай жоғары оқу орнын бітіргендігі жайлы ақпарат бар.

**8-мәтін**

*Әсел күнде таңертең сағат алтыда тұрады. Жаттығу жасап, жуынып, киініп, таңертеңгі асын ішеді. Сағат жетіде үйден шығып, аялдамаға келеді. Сабаққа барады. Сабақтан соң түскі тамағын ішіп, демалады. Сағат беске дейін түрлі үй жұмыстарымен айналысады. Кешкі тамаққа дейін сабаққа дайындалады. Сағат жетіде отбасымен кешкі ас ішуге отырады. Одан кейін теледидар көріп, газет-журналдар оқып, интернетке шығып отырады. Сағат он бір жарымда ұйықтауға жатады.*

**25** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әсел бос уақытында ... .
A) тамақтанып, киноға барады
B) қыдырып, сабағына дайындалады
C) тынығып, үй шаруасымен айналысады
D) тек сабаққа дайындалып интернетте отырады

Т́

1) Мәтін мазмұнында Әселдің бос уақытында тамақтанып, киноға баратындығы туралы ақпарат жоқ.
2) Мәтінде Әселдің сабаққа дайындалуы сәйкес ақпарат болса да, қыдыруы кері ақпаратты береді.
3) Мәтінде Әсел тынығып, үй шаруасымен айналысатындығы жөнінде ақпарат мазмұнынға сәйкес келіп тұр.
4) Мәтінде Әселді бос уақытында тек қана сабақ оқып отырады деп көрсетпеген, сонымен қатар үй шаруасымен де айналысатыны туралы айтылады.

**26** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Әсел таңертең жаттығу жасайды.
B) Ол кешкі тамаққа дейін теледидар көреді.
C) Сағат он бір жарымда ұйықтауға жатады.
D) Кешкі сағат жетіде отбасы ас ішуге отырады.

Ť

1) Мәтін мазмұнында Әселдің таңертең жаттығу жасайтындығы туралы ақпарат айтылған, ол кері ақпарат емес.
2) Мәтінде кешкі тамақты ішкенге дейін Әсел сабаққа дайындалатыны айтылған, ал теледидарды кешкі астан кейін көреді.
3) Әселдің ұйықтауға сағат он бір жарымда ұйықтауға жататындығы мәтін мазмұнына қарай шынайы берілген ақпарат.
4) Мәтін мазмұнында жанұя кешкі асты ішуге жетіде отыратындығы туралы ақпарат бар.

**27** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) Әсел , сағат, сабақ
B) ас, жаттығу, аялдама
C) сабақ, интернет, газет
D) Әсел, теледидар, үй

Ť

1) Мәтін мазмұны бойынша «Әсел», «сағат», «сабақ» сөздері мәтінде жиі кездесіп мәтін мазмұнын құруға тірек сөздер бола алады.
2) Мәтін бойынша «ас» сөзі тірек бола алғанымен, «жаттығу», «аялдама» сөздері тірек сөздер емес.
3) Мәтінде «сабақ», «интернет», «газет» сөздері тірек сөздер қатарын құрай алмайды.
4) Мәтінде «Әсел» сөзі тірек сөз болып тұрғанымен, «теледидар», «үй» сөздері тірек сөз бола алмайды.

**28** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

A) Әсел сабаққа таңғы асын ішпей кетті.
B) Әсел таңертең жаттығу жасауға барды.
C) Олар теледидар көре отырып, кешкі ас ішті.
D) Сабақтан кейін түскі тамағын ішіп, демалады.

Ť

1) Мәтінде Әсел таңертең тұрып, жуынып, киініп, таңғы асын ішкені анық айтылған.
2) Мәтінде Әсел ұйқыдан тұрған соң, ешқайда бармай, өз үйінде жаттығу жасайды.
3) Мәтінде отбасы тамақтанып болған соң, Әселдің теледидар көргендігі айтылған.
4) Мәтін мазмұны бойынша сабақтан кейін түскі тамағын ішіп, демалады деген нақты ақпарат берілген.

**29** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Әселдің күн тәртібі қандай?
B) Әсел қай сыныптың оқушысы?
C) Әселдің отбасында неше адам бар?
D) Әсел қандай бағдарламаларды ұнатады?

Ť

1) Мәтін Әселдің күн тәртібін баяндауға арналған.
2) Мәтінде Әселдің қай сыныпта оқитындығы туралы ақпарат жоқ.
3) Мәтін мазмұнында Әселдің отбасында неше адам бар екендігі туралы ақпаратты мәтіннен кездестірмейсіз.
4) Мәтінде Әселдің теледидар көретіндігі туралы айтылғанмен, оның қандай бағдарламаларды ұнататындығы туралы мәлімет берілмеген.

## 9-мәтін

## Су – тіршілік көзі

*Сусыз тіршілік жоқ. Тамақсыз бірнеше күн өмір сүруге болады. Ал сусыз сонша уақыт өмір сүру мүмкін емес. Жер бетінің үштен бірі құрлық. Ал үштен екісін су алып жатыр. Мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдерде, жер астында, топырақта да су бар. Мұздықтар да қатып қалған су болып табылады. Су атмосферада бұлт, тұман, бу, жаңбыр, қар түрінде болады. Су сұйық, қатты және газ тәрізді үш түрінде кездеседі. Судың көптеген заттарды оңай еріретін қасиеті бар. Табиғатта қоспасы жоқ таза су кездеспейді. Таза суды тек зертханадан ғана алуға болады. Ондай судың ешбір дәмі жоқ. Теңіз суының құрамында еріген тұздар бар. Сондықтан оны ішуге болмайды.*

Ė

қоспа – примеси, смесь
мұздық – ледник
үштен бірі – 1/3
үштен екісі – 2/3
көз – источник (перен. значение)
тіршілік көзі – источник жизни

**30** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жердің үштен бір бөлігі ... , үштен екісі ... болып табылады.
A) су, жер
B) құрлық, су
C) мұхит, су
D) су, құрлық

Ť

1) Жердің үштен бір бөлігін су, алып жатқаны туралы нақты ақпарат жоқ, екінші сөз жер сөйлемге сәкес келмейді.
2) Мәтінде жердің үштен бір бөлігі құрлық екендігі жайлы нақты ақпарат бар, үштен екісі су болатындығы да сәйкес ақпарат.
3) Мәтін мазмұнында үштен екісін су алады деген ақпарат дұрыс болса да, мұхиттың жердің үштен бір бөлігі болатыны туралы ақпарат жоқ.
4) Мәтін бойынша су жердің үштен бір бөлігі болып, құрлық үштен екісі деген ақпарат сәйкес емес.

**31** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Теңіз суын ішуге болмайды.
B) Таза суда мүлдем дәм болмайды.
C) Топырақтың құрамында су болады.
D) Адам тамақтанбай бір күн де өткізе алмайды.

Ť

1) Мәтінде теңіз суының құрамында еріген тұздар бар, сондықтан оны ішуге болмайды деген ақпарат берілген.
2) Таза суда мүлдем дәм болмайды жайлы ақпарат мәтінде берілген.
3) Мәтінде топырақтың құрамында су болады деген мәлімет қосымша ақпарат ретінде айтылған.
4) Мәтінде қарама-қарсы ақпарат беріледі «Адам тамақсыз бірнеше күн өткізе алады.

**32** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) құрлық, тұз, су
B) табиғат, су, теңіз
C) су, тіршілік, өмір
D) көл, су, атмосфера

1. Мәтін бойынша «құрлық», «су» сөздері тірек сөз бола алғанымен, «тұз» сөзі тірек сөз бола алмайды.
2. Мәтінде «су» тірек сөз болып тұр, бірақ «табиғат» тірек сөз болуы мүмкін болса да, «теңіз» сөзі тірек бола алмайды, өйткені мәтін теңіз туралы емес.
3. Берілген сөздердің барлығы да мәтін құрауда негізгі тірек сөздер бола алады.
4. «Су» тірек сөз болғанымен, «көл», «атмосфера» сөздері тірек сөз болып саналмайды, өйткені бұл қосымша ақпарат.

**33** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

A) Адам теңіз суымен қоректенеді.
B) Суда затты еріткіштік қасиет бар.
C) Сусыз біраз күн жүруге болады.
D) Құрлық судан гөрі кең жерді алып жатыр.

1) Мәтінде керісінше теңіз суын ішуге болмайды деп тұр.
2) Суда заттардыерітетін қасиет бар екендігі жайлы ақпарат айтылған.
3) Мәтінде сусыз біраз күн жүруге болады деудің орнына керісінше тамақсыз біраз күн жүруге болады деген.
4) Керісінше су құрлықтан гөрі кең жерді, құрлық – үштен бірін, ал су – үштен екісін алады.

**34** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Атмосфераның құрамы қандай?
B) Адам неге сусыз өмір сүре алмайды?
C) Су табиғатта қандай түрінде кездеседі?
D) Сусыз қанша уақыт өмір сүруге болады?

1) Мәтінде атмосфераның құрамы жөнінде нақты ақпарат берілмеген.
2) Су қандай түрінде (сұйық, қатты және газ) болатындығы мәтінде айтылған.
3) Адамның неге сусыз өмір сүре алмайтыны туралы ақпарат анықталмаған, тек қана сусыз бірнеше күн өмір сүруі мүмкін емес деген ақпарат бар.
4) Мәтін мазмұнында сусыз қанша уақыт өмір сүруге болатыны жайында нақты мәлімет берілмеген.

## 10-мәтін

## Менің демалыс күнім

*Ертең демалыс. Демалыс күндері адамдар жұмысқа, балалар мен студенттер сабаққа бармайды. Олар қонаққа, театрға, киноға барады. Саябаққа шығып, серуендейді, спортпен айналысады.*

*Ертең бізде де сабақ жоқ. Мен ерте тұрып, таңғы асымды ішемін, қоқысты шығарамын. Дүкенге барып, азық-түлік әкелемін. Ертең менің досымның туған күні. Менің досым – өте жақсы жігіт, біз бірге университетте оқимыз. Демалыс күндері біз достарымызбен концертке барамыз, кейде дәмханадан тамақтанамыз. Бір-бірімізбен кездесіп, әңгіме айтып, шай ішеміз. Жазда таза ауаға шығамыз.*

**35** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Демалыс күні ... .
A) достарыммен қыдырамын.
B) досыммен театрға барамын.
C) досымның туған күніне барамын.
D) досыммен кездесіп, дәмханадан тамақтанамыз.

Ť

1) Мәтіндегі достарымен қыдыратындығы (концертке, дәмханаға бару) туралы ақпарат сөйлемді толықтырады.
2) Мәтін мазмұнында демалыс күні театрға бару жайлы жалпы айтылған.
3) Мәтіндегі жауапта досының туған күні болады деген, бірақ барады деген ақпарат жоқ.
4) Мәтін бойынша оның досымен дәмханаға емес, достарымен концертке барып, дәмханадан тамақтанады деген ақпарат берілген.

**36** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Таңертең дүкенге барамын.
B) Мен ертең университетке ерте барамын.
C) Адамдар жексенбіде саябаққа шығып серуендейді.
D) Демалыс күндері адамдар мәдени орындарға барады.

Ť

1) Мәтінде дүкенге барып азық-түлік сатып алатыны туралы айтылған.
2) Мәтінде ертең университетке ерте барамын деген ақпарат берілмеген, досы екеуі бір университетте оқитыны жайлы айтылады.
3) Демалыста адамдардың саябаққа шығып серуендеуі жайлы ақпаратты да мәтіннен кездестіреміз.
4) Мәтінде жексенбі күндері адамдардың мәдени орындарға барып демалатындығы жайлы ақпарат берілген.

**37** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) демалыс, студент, дәмхана
B) демалыс, туған күн, қонақ
C) демалыс, ертеңгі күн, достар
D) жұмыс, университет, демалыс

Ť

1) Мәтінде «демалыс» сөздері тірек сөз болғанымен, «дәмхана», «студент» сөздері тірек сөз бола алмайды.
2) Мәтінге «демалыс» сөзі тірек болса да, «туған күн», «қонақ» сөздері қосымша мағынаны білдіріп, мәтін құрауға тірек бола алмайды.
3) Мәтін мазмұнында «демалыс», «ертеңгі күн», «достар» сөздерінің қатары мәтін мазмұнын құрауға тірек сөздер бола алады.
4) Мәтінде «университет», «жұмыс» деген сөздер мәтінде кездескенімен негізгі ойды білдірмейді, бір ғана «демалыс» сөзі тірек болуға жарамайды.

**38** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

A) Ертең демалып, саябаққа барамын.
B) Демалыс күндері концертке барамыз.
C) Таңғы асымды досыммен бірге іштім.
D) Ол жексенбі күні досын туған күнімен құттықтайды.

Т́

1) Мәтін мазмұнында ертең демалыс күні деген ақпарат берілген, бірақ саябаққа шығатынын хабарламаған. Мәтінде жалпы адамдардың демалыс күні саябақта серуендейтіні айтылады.
2) Мәтінде достардың демалыс күндері концертке баратыны жайлы ақпарат берілген.
3) Мәтінде досымен таңғы асты бірге ішкендігі туралы ақпарат жоқ.
4) Мәтінде демалыс күні досының туған күні екенін айтады, бірақ құттықтауға баратыны жайлы ақпарат берілемейді.

**39** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Қалада қандай саябақтар бар?
B) Олар ертең қандай концертке барады?
C) Адамдар қай күндері жұмысқа барады?
D) Жексенбіде адамдар немен айналысады?

Т́

1) Мәтін мазмұнында нақты бір қаладағы саябақтар жайлы ақпарат берілмеген. Онда адамдардың жалпы саябақта демалыс күндері сеуендейтіні айтылады.
2) Мәтінде достардың демалыс күндері концерке баратыны туралы жалпы айтылған, бірақ нақты ертеңгі концерт жайлы ақпарат жоқ.
3) Мәтін мазмұнында адамдардың қай күндері жұмысқа баратындығы туралы ақпарат берілмеген.
4) Мәтін мазмұнында жексенбіде адамдардың қалай демалатыны жайлы толық ақпарат алуға болады.

**11-мәтін**

## Менің Отаным

*Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығындағы мемлекет. Қазақстанның жері кең-байтақ және өте бай. Табиғаты әр алуан. Мұнда жазық дала да, орман да, тау да, өзен де, көл де, шөлді аймақтар да бар. Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астана. Ол Есіл өзенінің бойында Сарыарқа жерінде орналасқан. Есіл өзенінің бойында Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, Жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері қойылған. Астана – болашағы үлкен қала.*

*1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Біздің ел тез дамиды және гүлденеді. Мен отаншылмын. Мен өз елімді сүйемін, себебі мен Қазақстанда туылдым, өстім және еңбек етіп жүрмін.*

Ė

бой көтеру – 1) возвышаться (относительно зданий)
2) повеселеть, встряхнуться (относительно человека)
кең-байтақ – бескрайний

**40** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Парламент үйі ... орналасқан.
A) Астана ауданында
B) Есіл өзенінің маңында
C) Елбасы Резиденциясында
D) Жастар сарайының қасында

Ť

1) Мәтінде Парламент үйі Астана ауданында орналасқан деген ақпарат берілмеген.
2) Мәтінде Парламент үйінің Есіл өзенінің бойында орналасқандығы туралы ақпарат берілген.
3) Мәтінде Парламент үйінің Елбасы Резиденциясында орналасқандығы туралы ақпарат берілмеген.
4) Мәтінде Парламент үйі Жастар сарайының қасында орналасқан деген ақпарат жоқ.

**41** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Астана – еліміздің бас қаласы.
B) Сарыарқа жеріндегі қаланың болашағы үлкен.
C) Елбасы Резиденциясы Сарыарқа көшесінде орналасқан.
D) Еліміздің астанасы Есіл өзенінің жағасына орналасқан.

Ť

1) Мәтінде Астана – еліміздің бас қаласы екендігі туралы ақпарат берілген.
2) Мәтінде Астана қаласының Сарыарқа жерінде орналасқандығы айтылады.
3) Мәтінде Елбасы Резиденциясының Сарыарқа көшесінде орналасқандығы жөнінде ақпарат жоқ.
4) Мәтінде Астананың Есіл өзенінің жағасында орналасқандығы туралы ақпарат берілгендіктен, жауап мәтінге сай келеді.

## 42 Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) табиғат, жұмыс, Есіл
B) Отан, табиғат, Астана
C) мақсат, жұмысшы, Отан
D) еңбек, астана, ынтымақ

Т́

1) Мәтін бойынша «табиғат» сөзі тірек сөз болғанымен, «жұмыс», «Есіл» сөздері тірек сөз бола алмайды.
2) «Отан», «табиғат», «Астана» сөзінің барлығы да мәтін құрауға негіз бола алатын тірек сөздер.
3) «Отан» сөзі мәтін құрауға негіз болып отырған тірек сөз болғанымен, «мақсат», «жұмысшы» сөздері тірек сөз бола алмайды.
4) «Астана» сөзі мәтін құрауға негіз бола алғанымен, «еңбек», «ынтымақ» сөздері басты тірек сөздер қатарына жатпайды.

## 43 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

1991 жылы ... .
A) Парламент үйі салынды
B) Астана қаласы салынды
C) ҚР-ның тұңғыш Президенті сайланды
D) Н.Ә. Назарбаев Резиденциясы салынды

Т́

1) Мәтін мазмұнында Парламент үйінің қашан салынғандығы жөнінде ақпарат берілмеген.
2) Мәтінде Астана қаласының салыну кезеңі жайлы ақпарат кездеспейді.
3) Мәтінде ел Президентінің 1991 жылы сайланғандығы туралы ақпарат берілген.
4) Мәтін мазмұны бойынша Н.Ә. Назарбаевтың Резиденциясының салынуы уақыты туралы мәлімет жоқ.

## 44 Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Қазақстанның бас қаласы қай қала?
B) Астананың бұрынғы атауы қалай аталды?
C) Астана қаласының іргетасы қашан қаланды?
D) Астана қаласы қай жылы еліміздің бас қаласы болды?

Т́

1) Мәтінде Қазақстанның бас қаласы Астана қаласы екендігі туралы ақпарат берілген.
2) Астананың бұрынғы атауы туралы мәлімет берілмеген.
3) Астананың іргетасы қай жылы қаланғаны туралы айтылмаған.
4) Астананың қай жылы еліміздің бас қаласы болғандығы туралы ақпарат мәтінде жоқ.

## 12-мәтін

## Құттықтау хат

*Аса қадірлі Ажар Мәуленқызы!*

*«Ұлттық сән» фирмасы ұжымының атынан және өз атымнан Сізді елу жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз.*

*Қымбатты, Ажар Мәуленқызы, Сіз көп жылдан бері еліміздің қолөнер, тігін саласында қажырлы еңбек етіп келесіз. Осы мерзімнің ішінде Сіз қарапайым тігіншіден дизайн бөлімі бастығы қызметіне дейін көтерілдіңіз, көптеген жас мамандарға ұлттық киім тігудің үлгісін көрсеттіңіз. Өзіңіздің арқаңызда қазақтың ұлттық сипаттағы киім үлгілері жандана түсті десек болады. Сондықтан да Сізді өз әріптестеріңіз ерекше құрметтейді.*

*Сіз – ардақты анасыз, өзіңіз тәрбиелеген ұл-қызыңыз – Отанға адал қызмет етіп жүрген жоғары білімді азаматтар.*

*Қадірлі Ажар ханым, мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, бақытты өмір тілеймін! Еңбегіңіздің табысын, балаларыңыздың қызығын көріңіз!*

*Шынайы тілекпен «Ұлттық сән» фирмасының басшысы*

**Ė**

Сіздің арқаңызда – благодаря Вам
жандана түсті – оживились, расцвели
шын жүректен – от чистого сердца
Балаларыңыздың қызығын көріңіз! – пожелание увидеть счастье своих детей (қызық - им. прил.- интересный, қызығы – им.сущ. – радость, счастье)

**45** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Ажар жасқа да, ортасында да үлгілі.
B) Ол еңбек жолын тігінші болып бастаған.
C) Оны фирма ұжымы құрметпен сыйлайды.
D) Ажар апайымыз зейнеткерлік жасқа келіп отыр.

**Ť**

1. Ол «жас мамандарға ұлттық киім тігудің үлгісін көрсетті, әріптестері де ерекше құрметттейді» деген ақпарат берілген.
2. Еңбек жолында қарапайым тігіншіден дизайн бөлімі бастығы қызметіне дейін көтерілгендігі жайлы ақпарат беріледі.
3. Фирма басшысының атынан берілген хатта Ажар апайды аса құрметпен сыйлайтындығы көрінеді және мәтінде өз әріптестеріңіз ерекше құрметттейді деген ақпарат бар.
4. Ажар апай елу жасқа келіп отыр, Қазақстан Республикасында әйелдер үшін зейнеткерлік жас – 58 жас.

**46** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) мерейтой, сый, құрмет, ана
B) Ажар, тігінші, тәрбие, қызмет
C) Ажар, мерейтой, ұлттық киім, әріптес
D) фирма, денсаулық, мерейтой, әріптес

**Ť**

1. мерейтой, құрмет сөздері тірек сөздер болса, сый, ана сөздері мәтіннің негізгі ойын ашпайды.
2. Ажар, тігінші, қызмет сөздері басты сөз болғанменен, тәрбие сөзі мәтіннің негізгі мазмұнын көрсетпейді, қосымша берілген.
3. Мәтіннің негізгі мазмұны ұлттық киім тігуімен айналысатын, өз ұжымында сыйлы Ажар апайдың мерейтойы туралы.
4. мерейтой, әріптес сөздері басты сөздер болса, фирма, денсаулық сөздері мәтіннің негізгі ойы емес.

**47** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Дизайн жұмысы өнерге жата ма?
B) Ажар Мәуленқызы қайда қызмет етеді?
C) Ажар ханым мерейтойына кімді шақырды?
D) Ажар Мәуленқызы қанша жыл дизайнер болып істеді?

Т́

1. Бұл сұраққа мәтінде нақты жауап жоқ.
2. Ажар Мәуленқызы «Ұлттық сән» фирмасында жұмыс істейді.
3. Мерейтойына шақыру туралы ақпарат берілмейді.
4. Ажар Мәуленқызының қанша жыл дизайнер болып жұмыс істейтіні туралы ақпарат берілмеген.

**48** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

A) Кішкентайларыңыздың қызығын көріңіз!
B) Ажар – төрт бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана.
C) Әріптестері Ажарды еңбек демалысына жібергісі келмеді.
D) Ажар Мәуленқызы – тәжірибелі маман, сыйлы әріптес, аяулы ана.

Т́

1. Ажар Мәуленқызының балалары – қызмет етіп жүрген жоғары білімді азаматтар, кішкентайларыңыз сөзі жасы кіші балаларға айтылады.
2. Ажар апайдың қанша баласы бар екендігі туралы нақты ақпарат берілмеген.
3. Мәтінде еңбек демалысы туралы сөз қозғалмайды.
4. Мәтінде Ажар апайдың тәжірибесі мол, әріптестер ортасында сыйлы жан, балаларын дұрыс тәрбиелеген ана екендігі туралы ақпарат беріледі.

**49** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ажар Мәуленқызы ... .
A) дизайн бөлімінде тігінші болып істейді
B) өз ісінің білікті маманы ретінде танылды
C) отбасына емес, жұмысқа көп көңіл бөлген
D) фирма басшысынан қажырлы еңбегі үшін алғыс хат алды

Т́

1. Мәтінде Ажар Мәуленқызы дизайн бөлімінің бастығы қызметінде жұмыс істейтіні туралы жалпы айтылған.
2. Мәтінде тігіншіден дизайн бөлімі бастығы қызметіне дейін көтерілдіңіз, жас мамандарға ұлттық киім тігудің үлгісін көрсеттіңіз деген ақпарат өз ісінің білікті маманы екендігін дәлелдейді.
3. Ажар Мәуленқызы отбасы мен жұмысын қатар алып жүрген жан екендігі туралы мәлімет көрсетілген.
4. Фирма басшысы алғыс хат емес, құттықтау хат жолдады.

**50** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

«Ұлттық сән» фирмасының дамуына Ажар Мәуленқызының қосқан үлесі қандай?
A) Ұлттық киімдердің тапсырыс көлемі көбейді.
B) Жастарға арналған қазақтың киім үлгілерін ұсынған.
C) Фирманың ұлттық киім үлгілері жарқырай, жайнай түсті.
D) Сән саласындағы ұлттық киімге деген сұраныс көбейе бастады.

Т́

1. Мәтінде тапсырыс көлемі туралы айтылмаған.
2. Мәтінде қазақтың ұлттық киімін жастар үшін ұсынғаны жайлы ақпарат берілмеген.
3. Мәтінде Ажар апай қазақтың ұлттық сипаттағы киім үлгілерін түрлендіріп жандандыра түскендігі жайлы ақпарат берілген, жандандыру, жарқырай, жайнай түсу – мағыналары жақын сөздер.
4. Мәтінде ұлттық киімге деген сұраныс туралы айтылмаған.

# 3 Оқылым бөлігі. Қорытынды тест
## Блок Чтение. Итоговый тест

**1-мәтін**

*2011 жылғы 29-30 шілде күндері Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында ақын М. Мақатаевтың 80 жылдық мерейтойы өтеді.*

1 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Шілде айында ... өтеді.
A) ауданның ашылуы
B) ақынның жыр кеші
C) ақынды марапаттау
D) ақынға арналған кеш

2 Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.
A) Мерейтой 2011 жылы өтеді.
B) Кеш Райымбек ауылында өтеді.
C) Ақынның мерейтойы шілдеде өтеді.
D) Ақын М. Мақатаевқа 80 жыл толады.

**2-мәтін**

*Алматыда жас шахматшы әлемнің үш дүркін чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жансая Әбдімәлік Қазақ-Британ техникалық университетінің білім грантын жеңіп алды*

Ė үш дүркін – трехкратный

3 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жас шахматшы ... иеленді.
A) әлем чемпионатын
B) техникалық білімді
C) университет грантын
D) Қазақ – Британ кредитін

4 Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.
A) Жансая – әлем чемпионы.
B) Жансая – танымал жас шахматшы.
C) Жансая – халықаралық дәрежедегі спорт шебері.
D) Ол Қазақ Ұлттық техникалық университетінде білім алған.

**3-мәтін**

*«Қазақ спорты» газетіне 2012 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке «Қазпоштаның» барлық бөлімшелері арқылы жазыла аласыздар.*

5 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

«Қазақ спорты» газетіне ... .
A) жазылу басталды
B) байқау жарияланды
C) бөлімшелер қосылды
D) хабарландыру жарияланады

6 Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.
A) «Қазақ спорты» газетіне жазылуға болады.
B) «Қазпоштада» қосымша бөлімше ашылды.
C) «Қазақ спортына» 2012 жылға жазылу басталды.
D) Газетке «Қазпоштаның» бөлімшелерінде жазылуға болады.

**4-мәтін**

*Алматының Әуезов ауданында З. Қабдолов көшесінің бойында бес қабатты 50-ден астам адамды жұмыспен қамтитын «Форум» жиһаз сауда үйі ашылды.*

*Бүгінде Әуезов ауданында ескі сауда орындары мен базарларды қазіргі заман үлгісімен салынған сауда орталықтарымен алмастыру жұмыстары өткізіліп жатыр. Бұл – уақыт талабы және халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыс.*

**7** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алматы қаласында ... ашылды.

A) сауда орыны
B) бес қабатты үй
C) жұмыспен қамту орталығы
D) халыққа қызмет көрсету орталығы

**8** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Жиһаз сауда үйі З.Қабдолов ауданында ашылды.
B) Әуезов ауданында «Форум» жиһаз сауда үйі ашылды.
C) Жиһаз сауда үйі елуден астам адамды жұмыспен қамтиды.
D) Ауданда сауда орындарын алмастыру жұмыстары жүргізілуде.

**9** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) халық, аудан, үлгі
B) сауда, жиһаз, жұмыс
C) сауда үйі, қабат, уақыт
D) сауда үйі, жиһаз, қызмет

**5-мәтін**

*Германияда фортепьяно бойынша халықаралық байқау аяқталды. Дарынды шеберлер қатысқан байқаудың қорытындысында қазақстандық Әмір Тебенихин бас жүлдені жеңіп алды. Байқауда Әмір Шуман, Бах, Прокофьевтің шығармасын орындады. Үздік атанған қазақстандық фортепьяношыға ұйымдастырушылар қомақты қаржы мен Фредерих Шопеннің мүсінін табыстады. Алдағы күзде Әмір Алматыда Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияда ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған өнер кешін өткізетін болады.*

**10** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Германияда ... өтті.
A) мемлекеттік байқау
B) мүсіншілер байқауы
C) халықаралық конкурс
D) жас әншілер байқауы

**11** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.
A) Әмірге Қазақстан қомақты қаржы бөлді.
B) Әмір Германияда өткен байқауда бас жүлдеге ие болды.
C) Жас фортепьяношы Алматы қаласында өзінің кешін өткізетін болды.
D) Байқауда Әмір Шуман, Бах, Прокофьевтің шығармаларын орындады.

**12** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) жүлде, филармония, Алматы
B) Германия, байқау, бас жүлде
C) байқау, ұйымдастырушы, шебер
D) Жамбыл, Германия, қорытынды

**6-мәтін**

*Менің інімнің аты – Қазыбек. Ол биыл Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрылыс факультетін үздік бітірді. Оның мамандығы инженер. Інім тамыз айынан бастап «Сәулет» мекемесіне инженер болып жұмысқа орналасты. Ол таңертең сағат 9-дан кешкі 6-ға дейін жұмыста болады. Қазыбек жаңа жұмысқа тез үйреніп кетті.*

**13** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Қазыбек ... .
A) университетте жұмыс істейді
B) құрылыс факультетінде оқығысы келеді
C) ұлттық университетке сағат 9.00-де келеді
D) мекемеге инженер болып жұмысқа тұрды

**14** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.
A) Қазыбек жаңа қызметке тұрды.
B) Ол құрылыс факультетін бітірген.
C) Биыл университетте құрылыс факультеті ашылды.
D) Менің інім кешкі алтыға дейін мекемеде жұмыста болады.

**15** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) құрылыс, жұмыс, сағат
B) інім, инженер, жұмыс
C) тамыз, мамандық, інім
D) жұмыс, университет, мекеме

## 7-мәтін
## Жол көрсету

*– Қызым, сәлеметсің бе? Кешір, Министрліктер үйіне қалай баруға болатынын айтып жібермейсің бе?*

*– Келесі Тәуелсіздік көшесінен оң жаққа бұрылсаңыз, автобус аялдамасы көрінеді. Сол жерден 40-нөмірлі жолаушылар автобусына отырсаңыз, тура апарады. Министрліктер үйі аялдамасынан түсесіз. Ол көше Орынбор көшесі деп аталады. Орынбор көшесінің бойымен тіке жүрсеңіз, ұзын зәулім ғимаратты көресіз. Сол ғимарат – Министрліктер үйі.*

*– Көп рақмет, қарағым! Бақытты бол!*

Ė зәулім ғимарат – высотное здание

**16** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Министрліктер үйі ....орналасқан.
A) Тәуелсіздік көшесінде
B) Орынбор ықшамауданында
C) Орынбор көшесінің бойында
D) Тәуелсіздік көшесінің оң жағында

**17** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.
A) Министрліктер үйі үлкен етіп салынған.
B) Астанада Министрліктер үйі аялдамасы бар.
C) Министрліктер үйіне тіке апаратын автобустар бар.
D) Ұзын зәулім ғимараттар Тәуелсіздік көшесінде орналасқан.

**18** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) Орынбор көшесі, зәулім, үй.
B) Жолаушы, автобус, аялдама.
C) Министрліктер үйі, көше, автобус.
D) Ғимарат, Министрліктер үйі, тура.

**19** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Министрліктер үйін жаяу табу оңайға түспейді.
B) Тәуелсіздік көшесімен жолаушылар көлігі жүреді.
C) Орынбор көшесі бастан-аяқ министрліктерден тұрады.
D) Министрліктер үйі он екі қабатты биік ғимаратта орналасқан.



**8-мәтін**

«Сарыағаш» шипажайы Сарыағаш ауданының Көктерек ауылында орналасқан. Мұнда демалушылар мен ем қабылдаушылар саны көп. Шипажайдың демалушыларға арналған 10 корпусы бар. Бұдан басқа «Алтынай», «Жетісу», «Окси» сияқты жеке салынған шипажайлар жұмыс істейді. Демалушыларға ыстық, емдік су, балшық қабылдау үшін барлық жағдай жасалынған. Сарыағаштың минералды суы дәл осы жерден шығады. Шипажайға демалушылар мен емделушілер көп келеді. Ем алушыларға арнайы дәрігер мамандар қызмет көрсетеді.

**20** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

«Сарыағаш» шипажайы ... орналасқан.
A) аудан орталығында
B) Көктерек ауылында
C) Көктерек ауданында
D) Сарыағаш ауылында

**21** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Шипажайға демалушылар көп келеді.
B) «Сарыағаш» шипажайы – арнайы дәрігер мамандар демалатын орны.
C) Шипажайда демалушылар мен ем қабылдаушылар қатары артып келеді.
D) «Сарыағаш» шипажайынде минералды сумен және балшықпен емдейді.

**22** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) Көктерек, аудан, ем алушылар
B) Сарыағаш, минералды су, дәрігер
C) шипажай, қызмет, қабылдаушылар
D) Сарыағаш, шипажай, демалушылар

**23** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Шипажайға шетелдіктер демалуға келеді.
B) Сарыағаш ауданында «Алтынай» шипажайы жұмыс істейді.
C) «Жетісу» шипажайында демалушыларға жағдай жасалмаған.
D) Шипажайдың «Алтынай», «Жетісу», «Окси» сияқты корпустары бар.



### 9-мәтін

*Демалыс күні отбасымызбен бірге қаладағы хайуанаттар бағына баруды жоспарладық. Таңертең таңғы астан кейін бәріміз жолға жиналдық. Інім екеуміз құстарға беру үшін кептірілген нан сатып алдық. Хайуанаттар бағы өте үлкен екен. Онда әлемнің әр елінен әкелінген түрлі жануарлар мен құстар, жабайы аңдар мен жыландар бар. Хайуанаттар бағындағы аңдар мен құстарға үш мезгіл азық беріледі. Біз ақ аю мен бірнеше құстардың жанына барып суретке түстік. Інім құстарға арнайы апарған кептірілген нанын берді. Бақтың іші таза әрі кең.*

**24** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз демалыс күні ... .
A) қалаға қыдырып бардық
B) жануарлар бағын араладық
C) баққа баруды жоспарладық
D) қаладағы бақтарда серуендедік

**25** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Қалада хайуанаттар бағы ашылды.
B) Демалыста хайуанаттар бағына баруға болады.
C) Інім екеуміз құстарға кептірілген нан ала бардық.
D) Хайуанаттар бағында жануарлар мен құстардың бірнеше түрі бар.

**26** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) хайуанат, бақ, жоспар
B) демалыс, жануар, азық
C) демалыс, хайуанаттар бағы, іні
D) хайуанаттар бағы, сурет, мезгіл

**27** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Қалада бірнеше хайуанаттар бағы бар.
B) Інісі хайуанаттар бағында жұмыс істейді.
C) Қаламыздағы хайуанаттар бағы шағын әрі таза.
D) Хайуанаттар бағында құстарға кептірілген нан беруге болады.

## 10-мәтін

«Қазақ» – 1913 жылғы 2 ақпаннан 1918 жылға дейін Орынбор қаласында шыққан газет. Араб әрпімен қазақ тілінде басылды. Газеттің негізін салушы және бірінші редакторы – А.Байтұрсынов, екінші редакторы – М.Дулатов, бастырушы «Азамат» серіктігі. Хұсайынов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы – Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді. Аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Облыс бойынша мерзімді басылымдар арасында беделді газеттердің бірі болды.

**28** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

«Қазақ» – ... .
A) тұңғыш қазақ журналы
B) облыстық алғашқы газет
C) алғашқы қазақ газеттерінің бірі
D) А.Байтұрсыновтың алғашқы жинағы

**29** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) «Қазақ» газеті Орынбор қаласында шықты.
B) «Қазақ» газетінің негізін А. Байтұрсынов қалады
C) Газет 1915 жылы аптасына екі рет жарыққа шықты.
D) Хұсайынов-Каримов – «Қазақ» газетінің редакторы.

**30** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) мерзім, облыс, «Қазақ»
B) «Қазақ», газет, басылым
C) газет, редактор, баспахана
D) бастырушы, Орынбор, жыл

**31** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) «Қазақ» газеті ең алғаш араб тілінде басылды.
B) «Азамат» серіктігінің негізін М.Дулатов құрды.
C) А. Байтұрсынов – «Қазақ» газетінің алғаш редакторы.
D) «Қазақ» газеті алғаш «Азамат» баспаханасында басылды.

## 11-мәтін

*Еркін орта мектепте тарих пәнінен сабақ береді. Ол – мектепке биыл келген жас маман, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің түлегі. Еркін – өз ісіне тыңғылықты, салмақты жігіт, мектебіндегі үлгілі мұғалімдердің бірі. Оның сыныбында жиырма оқушы бар. Ол бос уақытында оқушыларымен бірге қаладағы мәдени орындарға жиі барады. Еркін оқушыларын үнемі қаладағы мұражайларға, концерттерге, театрлардағы жаңа қойылымдарға алып барады. Жексенбі күні оқушыларымен М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрына барды. Бұл театрда атақты актерлер, жақсы әншілер, режиссерлер, белгілі драматургтер жұмыс істейді. Олар «Көктебедегі кездесу» қойылымын тамашалады. Қойылым жақсы болды, Еркінге де оқушыларға да ұнады.*

**32** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Еркін – ... .
A) тәжірибелі маман
B) тарих пәнінің мұғалімі
C) университет оқытушысы
D) Абай атындағы мектебінің түлегі

**33** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Еркін өз жұмысына ұқыпты, жауапты мұғалім.
B) Еркін демалыс күндерін өз оқушыларына арнайды.
C) Еркін «Көктебедегі кездесу» қойылымына қатысты.
D) Еркін басқа мұғалімдерге үлгі бола алатын сынып жетекшісі.

**34** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) театр, Еркін, мұражай
B) Еркін, оқушылар, бос уақыт
C) бос уақыт, мұғалім, режиссер
D) оқушылар, театр, университет

**35** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Демалыс күні оқушылар мұражайға барды.
B) Театр маусымын «Көктебедегі кездесу» қойылымы ашты.
C) Драма театрында белгілі сахна жұлдыздары жұмыс істейді.
D) Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – жаңа жоғары оқу орны.

**36** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Қойылым қанша бөлімнен тұрады?
B) Еркін бос уақытында немен айналысады?
C) Мектеп оқушылары қай мұражайға барды?
D) Оқушылар театрға кіммен кездесуге барды?

## 12-мәтін

«Алматау» – 1968 жылы ашылған туристік база. Алматы қаласының оңтүстік-шығысында 22 км жерде, Қотырбұлақ шатқалында, теңіз деңгейінен 1870 м биіктікте орналасқан. Жыл бойы жұмыс істейді. 12 мың адамға қызмет көрсетеді. Туристік база аумағында кинозал, спорт алаңдары бар. Республика тұрғындарына кеңінен танылған «Көк шыршалар өлкесіне», «Іле және Терiскей Алатаудың асулары арқылы Ыстықкөл өзеніне», «Іле Алатауындағы Альпі жолдарымен» туристік маршруттары бар. Қысқы маусымда тауларда шаңғы жолы салынады, базада мұзайдыны жасалады.

**Ė**
тау шатқалы – горное ущелье
асу – перевал, подъем в гору

**37** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

«Алматау» – ... .
A) таудағы шаңғы жолы
B) базадағы спорт алаңы
C) маусымдық мұзайдыны
D) туристік демалыс орны

**38** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) «Алматауда» кинозал, спорт алаңы бар.
B) Туристік база он екі мың адамға қызмет етеді.
C) Ыстықкөлдің оңтүстік-шығысында орналасқан.
D) Қыс кезінде «Алматауда» шаңғы жолы салынады.

**39** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) Алматау, база, туристік маршрут
B) мұзайдыны, маршрут, шаңғы жолы
C) Қотырбұлақ, Терiскей Алатауы, асу
D) туристік маршрут, Ыстықкөл, қызмет

**40** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) «Алматау» мұзайдыны жазғы маусымда да жұмыс істейді.
B) «Алматауда» көпшілік біле бермейтін туристік маршруттар бар.
C) Туристік базада халыққа қызмет көрсететін он екі қызметкер бар.
D) «Алматау» – Қотырбұлақта орналасқан туристік база болып табылады.

## 13-мәтін

*Жеңге – туыстық атау, ағаның әйелі. Бірге туған бауырлардың жасы үлкенінің әйелі іні-қарындастарына жеңге болады. Қазақ халқының дәстүрінде жақын болмаса да, өзінен үлкеннің әйелін жеңге деп атай береді. Кейде жеңгенің қайны, қайын сіңлілерінен жасы кіші болуы да мүмкін. Жасы үлкендер үшін «келін», кішілері үшін «жеңге» аталатын бұл адамның ауыл, үй, тәлім-тәрбие үшін орны ерекше. Ол – әсіресе өзінен кіші қайнылары мен қайын сіңлілері үшін әзіл-қалжыңы араласа жүретін сүйкімді де сыйлы адам. Жеңге дастарқан басында бұлардан төмен отырады. Абысындардың кішісі үлкенін, жасы кіші, туыстығы жақын ер адамдар жеңгесін жеңеше деп атайды.*

**Ė**

қайны – деверь
қайын сіңлі – золовка
абысын – невестка, жена близкого родственника по отношению к жене другого брата или другого близкого родственника
Абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп → невестки дружны – еды много, родственники дружны – коней много (для одолжения друг другу)

**41** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жеңге – ... .
A) жасы кіші сіңлі
B) туысқан екі адам
C) ер адамның қарындасы
D) жасы үлкен бауырдың әйелі

**33** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Қазақта абысындардың кішісі үлкенін «жеңеше» деп атайды.
B) Жеңге әзіл-қалжыңы араласа жүретін сүйкімді де сыйлы адам.
C) Жеңге дастарқан басында іні-қайын сіңлілерінен жоғары отырады.
D) Жеңге жасы үлкендер үшін «келін», кішілер үшін «жеңге» деп аталады.

**43** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) дәстүр, қарындас, іні
B) дастарқан, әзіл, туыс
C) жеңге, тәрбие, қайын сіңлі
D) туыстық атау, жеңге, қайын

**44** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Жеңгенің қайныларынан жасы кіші болуы мүмкін.
B) Абысындардың кішісі үлкенін «қайынсіңлі» дейді.
C) Абысындардың үлкені кішісін «жеңге» деп атайды.
D) Қазақта тек туысқан адамның әйелін ғана жеңге дейді.

**45** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Дастарханды жеңгем қашан дайындады?
B) Қазақта абысындардың кішісі үлкенін қалай атайды?
C) Ағаның ауыл, үй, тәлім-тәрбиесіде алатын орны қандай?
D) Ағайындар арасындағы ең сыйлы адам кім болып саналады?

## 14-мәтін

*Еуразия нарық институты – 1922 жылы ашылған мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының бірі. Институтта экономика және менеджмент, маркетинг және коммерция, қаржы және несие, бухгалтерлік есеп және аудит, әлемдік экономика және т.б. мамандықтар бойынша жоғары білімді кадрлар даярланады. Оқу күндізгі және сырттай бөлімдерде жүргізіледі. Оқу мерзімі – 4 жыл. 2001 жылы ЮСАЙД және АҚШ-тың «CARANA» Корпорациясының грантын жеңіп алды. Институтта компьютерлік оқу орталығы жұмыс істейді. Онда 60-қа жуық оқу-әдістемелік және оқу құралдары жарық көрді. Оқу ғимараты, компьютерлік сыныптар, зертханалар, кітапхана, оқу залы, әскери кафедра бар. 2000 жылғы санақ бойынша, оқу орнын 2920 маман бітіріп шықты.*

Ė жарық көрді – вышли в свет, были изданы

**46** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Еуразия нарық институты – ... жоғары оқу орны.
A) ұлттық
B) мемлекеттік
C) педагогикалық
D) мемлекеттік емес

**47** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Институтта 2001 жылы әскери кафедра ашылды.
B) Еуразия нарық институты – жоғары оқу орындарының бірі.
C) Институтта түрлі мамандықтар бойынша кадрлар дайындалады.
D) Институт 2001 жылы АҚШ Корпорациясының грантын жеңіп алды.

**48** Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.
Найдите главные опорные слова текста.

A) институт, жоғары оқу орны, бөлім
B) жоғары оқу орны, мамандық, грант
C) әдістеме, мамандық, бухгалтерлік есеп
D) компьютер, әскери кафедра, оқу құралдары

49 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Институтта компьютерлік оқу орталығы бар.
B) Ол жоғары білімді бухгалтерлерді даярлайды.
C) Институтта оқу тек күндізгі бөлімде жүргізіледі.
D) Еуразия нарық институты – мемлекеттік жоғары оқу орны.

50 Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Институттың экономика факультеті қашан құрылды?
B) Институтта күндізгі бөлімде неше студент білім алады?
C) Институт кітапханасына қандай жаңа оқу құралдары түсті?
D) Институтта қандай мамандықтар бойынша маман даярланады?

# IV тарау

# Жазылым бөлігі

# Письмо

- Жазылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

# 1. Жазылым бөлігіне шолу

Жазылым бөлігінің қарапайым деңгейі тіл қолданушының қазақ тілінде сауатты жаза білу, бейімделген сюжетті мәтіндер негізінде өз пікірі мен көзқарасын жазбаша грамматикалық нормаларды сақтай отырып жеткізе алуын бағалайды.

Қарапайым деңгейді бағалауға арналған жазылым бөлігі екі тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырмада тіл қолданушы аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазады. Ол үшін арнайы аудиоқұрылғыға жазылған бейімделген сюжетті мәтін оқылады. Бұл деңгейдегі мәтіндер 60-80 сөзден тұрады. Олардың мазмұны әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық салаларға қатысты. Тіл қолданушы 3 рет оқылатын мәтінді тыңдау, есту арқылы диктант жазу барысында қазақ тілінің орфографиялық ережелері мен грамматикалық нормаларын сақтай отырып сауатты жазуға мән беруі тиіс.

Екінші тапсырмада жазылған диктант мәтінінің мазмұнына сәйкес 3 сұраққа жазбаша жауап беру қажет.

Жазылым бөлігінің тапсырмаларын дұрыс орындау үшін: 1) мәтінді мұқият тыңдау; 2) мәтінде кездесетін сөздердің дұрыс жазылуын еске түсіру; 3) сөйлемдердің оқылу мәнеріне, кідірістерге мән беріп, тыныс белгілерін дұрыс қою; 4) сұрақтардың мазмұнын түсіну; 5) жауап беруде мәтіндегі кейбір сөздерді мағыналас сөздермен ауыстыру қажет.

**Қосымша диск бойынша нұсқаулық**

Қосымша дискіде берілген бағдарламаны Windows операциялық жүйесіне орнатыңыз. Жұмыс үстеліндегі арнайы белгі арқылы бағдарламаны іске қосыңыз. Пайда болған терезеден «Жазылым бөлігін» таңдайсыз. Тақырыпқа сәйкес аудиожазбаны арнайы батырманы басу арқылы тыңдайсыз. Тыңдау арқылы диктант мәтіні бойынша жазба жұмысын орындаңыз.

# Обзор блока Письмо

Элементарный уровень блока Письмо оценивает способности пользователя языка грамотно писать на казахском языке, определяет уровень навыков письменного выражения своих мыслей и суждений. Для этого необходимо на основе адаптированных сюжетных текстов ответить письменно на вопросы, соблюдая грамматические нормы и правила казахского языка.

Задания для оценки на данном уровне состоят из двух частей.

В первой части пользователь языка прослушивая аудиотекст, пишет творческий диктант. Адаптированно-сюжетный текст диктанта записан на аудиодиске. Тексты элементарного уровня состоят из 60-80 слов. Для этой цели выбраны тексты, имеющие отношение к социально-культурной и социально-бытовой сферам. Пользователю языка необходимо грамотно написать диктант, обращая внимание на орфографические правила и грамматические нормы казахского языка. При этом ему дается возможность прослушать текст диктанта 3 раза.

Во второй части нужно ответить письменно на 3 вопроса по содержанию диктанта.

Для того, чтобы правильно выполнить задания блока Письмо необходимо:

1) внимательно прослушать текст диктанта; 2) вспомнить правописание слов и словосочетаний; 3) обратить внимание на интонацию при чтении, паузы и правильно расставить знаки препинания; 4) понять содержание, суть вопросов; 5) в ответах заменить слова из текста близкими по значению словами.

**Инструкция к прилагаемому диску**

Установите данную на прилагаемом диске программу в операционную систему Windows. Щелкнув на специальный значок на рабочем столе, запустите программу. На появившемся окне выберите «Жазылым бөлігі» «Блок Письмо». Прослушайте аудиозапись, соответствующую тематике текста, нажав на кнопку проигрывателя. Прослушав запись, выполните письменную работу по тексту диктанта.

# 1 Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар
## Предварительные задания по блоку Письмо

Біліміңізді алдын ала тексеру үшін берілген 2 тапсырманы орындайсыз.
Необходимо выполнить 2 задания, предложенные для предварительной проверки.

1 Сізге арнайы аудиожазбадағы «Электрондық пошта» тақырыбындағы диктант мәтіні оқылады.
Прослушайте аудиотекст диктанта по теме «Электронная почта».

Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

2 Диктант мәтіні бойынша берілген 3 сұраққа жауап беріңіз.
Ответьте на 3 вопроса по содержанию диктанта.

Мәтін мазмұнына сүйене отырып, өз пікіріңізді жазбаша білдіріңіз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на текст диктанта.

Жауабыңызда диктанттағы тірек сөздерді және сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды.
В ответах не допускается дословное использование опорных слов и словосочетаний из текста.

Сіз оларға балама сөздер (синонимдер) табуыңыз керек.
Необходимо заменить их словами, близкими по значению (синонимами).

Тапсырманы орындау уақыты – 10 минут.
Время выполнения задания – 10 минут.

**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1 Электронды пошта арқылы қандай хабарлар жіберуге болады?
Какие сообщения можно передать через электронную почту?

2 Электронды поштамен хабарласу үшін не қажет?
Что нужно для общения через электронную почту?

3 Сіз электронды поштаны не себепті пайдаланасыз?
Почему вы используете электронную почту?

# 2 Жазылым бөлігі бойынша тапсырмаларды талдау
## Анализ заданий по блоку Письмо

### 1-нұсқа

**Спорт – денсаулық кепілі**
**Спорт – залог здоровья**

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Сіздің әрекетіңіз:
Ваши действия:
Аудиожазбадағы мәтінді мұқият тыңдаңыз.
Внимательно прослушайте аудиотекст.

1-рет оқылғанда мәтін мазмұнына мән беріңіз.
При первом прочтении обратите внимание на суть текста.
2-рет оқылғанда қазақ тіліне тән дыбыстардың жазылуын еске түсіріңіз. Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ескеріңіз.
При втором прочтении вспомните правописание специфических звуков казахского языка. Обратите внимание на особенности правописания и произношения слов.
Сөздердің бірге және бөлек жазылуын еске түсіріп, оларды қатесіз жазыңыз.
Вспомните слова, которые пишутся слитно и раздельно, напишите их правильно.
Сөйлемдердің оқылу мәнеріне көңіл бөліңіз.
Обратите внимание на интонацию при чтении.
3-рет оқылғанда кідірістерге мән беріп, тыныс белгілерін (,), (.), (–), (« ») дұрыс қойыңыз.
При третьем прочтении обратите внимание на паузы, поставьте соответствующие знаки препинания (,), (.), (–), (« »).

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При написании диктанта рекомендуется следовать следующим правилам:

Қазақ тіліне тән кейбір дыбыстардың жазылуы
Правописание некоторых звуков казахского языка

Ө әрпі көбінесе бір буынды сөздер мен сөздің басында жазылады.
Буква Ө часто пишется в начале слова и в односложных словах.

| **Бір буынды сөздерде**<br>В односложных словах | **Бірінші буында**<br>В первом слоге |
|---|---|
| *өр, өс, өр, өн, өз, төс, төр, төрт, көп, көл, көз* | *Бө-рік, бө-ре-не, тө-бе, бөл-ме, көр-ші, кө-ру, көр-ме, кө-лең-ке, кө-бе-лек, кө-гал, өскен, өте, өлең, өзен, өзі, өрік, өнеге* |

Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы сыңарларында **ө** әрпі жазылады.
В сложных словах и в последних компонентах парных слов пишется буква **Ө.**

| **Біріккен сөздерде**<br>В сложных словах | **Қос сөздерде**<br>В парных словах |
|---|---|
| *Көркем+өнер*<br>*Кәсіп+орын*<br>*Дәйек+сөз* | *Көрпе-төсек* |

**Ү әрпінің жазылуы**
**Правописание буквы Ү**

| **Сөздің басында** | **Сөздің бірінші буынында** | **Сөздің екінші буынында** | **Біріккен, қос сөздерде** |
|---|---|---|---|
| В начале слова | В первом слоге слова | Во втором слоге слова | В сложных и парных словах |
| *үй, үн, үл-кен, үл-гілі, үй-рен, ү-кі, ү-не-мі* | *Күн, күш, күт, түр, түл+кі, күл-кі, сү-ру, сүй-кім-ді* | *Дүлдүл, дәстүр* | *Мал-мүлік, қысты+гүні, жазды+гүні, күзді+гүні* |

**І әрпі сөздің барлық буынында жазыла береді.**
Буква **І** пишется во всех слогах слова.
**Мысалы:** *ін, білім, көңіл, көрік, елік, екінші т.б.*

| **Жоғарыда берілген мәтіндерде кездесетін кейбір сөздердің жазылуы:**<br>Правописание некоторых слов с буквой І, встречающиеся в предыдущих текстах: |
|---|
| *Әлемнің, жері, жіберудің, сенімді, дегеніміз, мүмкін, қазіргі, сүйеді, білмейтін, жиі-жиі, қасиеттері, екеуміз, кішірек, тіледім, түседі, көңілің, ерекшелігі, жетпейтінін, пікіріңізді, әйтеуір, ертегілерін, сүйетін, бөрік, терісінен, күміс, тебумен, көңіл күйі, мейірімі, мінезі.* |

**Ғ әрпінің жазылуы**
**Правописание буквы Ғ**

**Ғ** әрпі сөздің басында және ортасында жазылады.
Буква Ғ пишется в начале и середине слова.

| **Сөздің басында**<br>В начале слова | **Сөздің ортасында**<br>В середине слова |
|---|---|
| *ғы-лым, ға-лым, ға-лам, ға-сыр, ға-на, ға-жап т.б.* | *жа-ға, ша-ға-ла, жаң-ғақ, қыз-ға, ту-ған, та-би-ғат, жаз-ған, жал-ған, шұ-ғыл-да-ну т.б.* |

| **Қ әрпінің жазылуы**<br>**Правописание буквы Қ** |
|---|
| **Қ** әрпі сөздің басында да, ортасында да, соңында да жазылады.<br>Буква **Қ** пишется во всех позициях слова. |

| **Сөздің басында**<br>В начале слова | **Сөздің бірінші буынында**<br>В первом слоге слова | **Сөздің екінші буынында**<br>Во втором слоге слова | **Сөз соңында**<br>В конце слова |
|---|---|---|---|
| *қа-ла, қар, қат-ты, қас, қал, қа-лың, қа-лам, қа-ғаз, т.б.* | *ақ, ақ-ша, ұқ-сас т.б.* | *а-қыл, а-тақ-ты, ба-қыт т.б.* | *алматылық, қазақстандық, қылық, құшақ, орталық т.б.* |

| **Ң әрпінің жазылуы**<br>**Правописание буквы Ң** |
| --- |
| **Ң** әрпі сөздің басында жазылмайды.<br>Буква Ң не пишется в начале слова. |

| **Мәтіндерде кездесетін кейбір сөздердің жазылуы:**<br>Правописание некоторых слов с буквой **ң**, которые встречаются в текстах: *Аң, халқының, тілінің, сіңлім, жаңа, әкеңе, таң т.б.* |
| --- |

| **Һ әрпінің жазылуы**<br>**Правописание буквы Һ** |
| --- |
| Һ әрпі де сөздің басында кездеспейді. Бұл әріп аз сөзде кездеседі.<br>Буква Һ не пишется в начале слова. Она пишется в считанном количестве слов.<br>Мысалы (Например): *қаһар, қаһарлы, қаһарман, жауһар, гауһар, аһ, уһ, еһе, аһа, аһлады, уһледі, баһадүр, жиһаз* |

Қазақ тілінде біреудің айтқан сөзі өзгеріссіз берілсе, келесі тыныс белгілері қойылады:
Если чья-то речь передается без каких-либо изменений, то ставятся следующие знаки препинания:

1) «Бірінші байлық – денсаулық», – деді атам. («Т»,(!), (?) – а.)
2) Спорт дикторы: «Алтын медаль біздікі!» – деп хабарлады. (А: «Т».(!), (?)» – а.)
3) Ағам былай сұрақ қойды: – «Сен күреске барасың ба?» (А: – «.Т (!), (?)»)

**2** Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Ответьте на вопросы. Выразите письменно свое мнение, опираясь на текст диктанта

– Жауабыңызда диктанттағы тірек сөздерді және сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды!
– Сіз оларға балама сөздер (синонимдер) табуыңыз керек.
– Сұраққа анық, толық жауап беруге тырысыңыз.
– Жауабыңызда мәтіндегі мәселеге қатысты өз пікіріңізді білдіру қажет.
– Тапсырманы орындауға 10 минуттан артық уақыт жұмсамаңыз.
Не следует в ответах дословно использовать опорные слова и словосочитания из текста.
Необходимо заменить их словами, близкими по значению (синонимами).
Постарайтесь дать на вопросы ясные и полные ответы.
Время выполнения − 10 минут.

Т́

Сізге дұрыс жауап беруге жаттығудың жолдарын ұсынамыз.
1) Өзіңіз жазған диктант мәтінін қайта оқып шығыңыз.
2) Әрбір сөйлемнің мағынасын түсініп оқыңыз.
3) Сізден не сұралып отырғанын түсінуге тырысыңыз.
4) Жауабыңыз мәтіндегі мәселемен байланысты болу керек.
5) Жауапта сіздің пікіріңіз жүйелі, нақты, толық берілсін.
6) Сөйлемдеріңіздегі сөздердің орын тәртібіне мән беріңіз. Қимыл иесі сөйлемнің басында, іс-әрекет сөйлемнің соңында келуі тиіс. Мысалы: Ол шахматты жақсы ойнайды.

Для того, чтобы правильно ответить на вопросы необходимо:
1) Еще раз внимательно прочитать текст написанного вами диктанта.
2) Постарайтесь при чтении понять смысл каждого предложения.
3) Далее необходимо понять суть вопроса.
4) Ответ должен соответствовать содержанию текста.
5) Сформулируйте свой ответ четко, ясно и грамотно.
6) Обратите внимание на порядок слов в предложении. Субъект, совершающий действие, должен быть в начале предложения, а действие – в конце предложения. Например: Ол шахматты жақсы ойнайды (Он хорошо играет в шахматы).

Мәтін бойынша сұрақтар:
Вопросы к тексту

1 Спортпен айналысасыз ба?
Вы занимаетесь спортом?

Мәтінде спорттың пайдасы туралы айтылған. Сондықтан мәтіндегі мәселеге сай оң жауап берген дұрыс.
Сұраққа «спортпен айналысамын» деп сөзбе-сөз жауап бере алмайсыз. «Спорт» деген жалпы атауды спорттың «теннис, бокс т.б. нақты түрінің бірімен ауыстырыңыз.
Спорт түрлері: теннис, самбо, жүзу, баскетбол, гандбол, шаңғы, күрес, жүгіру, велоспорт, ауыр атлетика, дзюдо т.б.
«Айналысу» сөзінің баламасын сөздіктен іздеп көріңіз.
Сұрақ III жақта берілген, жауабыңызда I жақ етістігін қолданыңыз.

**Жіктік жалғауының қолданылуы**

| Жақ (лицо) | Жекеше түрі (Единственное число) | Көпше түрі (множественное число) |
|---|---|---|
| I | -мын/-мін (*айтамын, күлемін*)<br>-бын/-бін (*ұстазбын*)<br>-пын/-пін (*айтыппын, көріппін*) | -мыз/-міз (*айтамыз, күлеміз*)<br>-быз/-біз (*айтқанбыз, көргенбіз*)<br>-пыз/-піз (*айтыппыз, көріппіз*) |

Сұрақ ауыспалы осы шақ нысанында қойылған, жауап та сол шақта болу керек.
Вопрос поставлен в форме переносного настоящего времени, и ответ должен быть в том же времени.

айналысасыз ба? – айналысамын
барасыз ба? – барамын
көресіз бе? – көремін

Көп нүктенің орнына қажетті жалғауларды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные окончания.

Жауап үлгісі: Иә, мен жүгіру... шұғылдана...

Қазақ тілінде кейбір қосымшалар сингармонизм заңына бағынбайды. Оларға сөз тудырушы жұрнақтар және көмектес септік жалғаулары жатады.

В казахском языке некоторые аффиксы не подчиняются закону сингармонизма. К их числу относятся:
- словообразующие суффиксы и окончания творительного падежа -мен, -бен, -пен.

Домбыра+мен, гүл+мен
Қыз+бен, күз+бен
Хат+пен, күш+пен

## 2 Сіз қандай спорт түрлерін жақсы көресіз?
Какие виды спорта вы любите?

Ť

Сіз «жақсы көремін» деп жауап бере алмайсыз. Себебі, ол сөз мәтінде бар. Оның орнына баламасын (синонимін) іздейсіз.
Көп нүктенің орнына қажетті жалғауларды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные окончания.

Жауап үлгісі: Мен жүзу... ұната...

Ė

«Сүю» етістігі көбінесе адамдарға, романтикалық құбылыстарға, сезімдерге қатысты айтылады (мысалы, анамды сүйемін, табиғатты сүйемін, поэзияны сүйемін).
В казахском языке глагол «сүю» (любить) часто употребляется относительно человека, в сочетании с романтическими чувствами, явлениями (например, анамды сүйемін, табиғатты сүйемін, поэзияны сүйемін).

Қазақ тілінде ілгерінді ықпал заңы бойынша табыс септігінің жалғауы былай жалғанады:
В казахском языке по закону прогрессивной ассимиляции окончания винительного падежа (табыс септігі) прибавляются следующим образом:

| **Түбірдегі дыбыстар** (Звуки в корне слова) | **Жалғануы** (Присоединение окончаний) |
|---|---|
| Қатаң дауыссыздан кейін қатаң: | Хат+ты, күріш+ті |
| Ұяң дауыссыздан кейін ұяң: | қыз+ды, күз+ді |
| Үнді дауыссыздан кейін үнді не ұяң: | қар+ды, күн+ді |
| Дауысты дыбыстан кейін үнді: | ана+ны, көше+ні, анасы+н, інісі+н |

## 3 Спорттың қандай пайдасы бар?
В чем польза спорта?

Ť

Мәтінде «Спортпен айналысқан адамның дені сау, жаны таза болады» деген сөйлем бар.
Жоғарыда нұсқауда «жауапта мәтіндегі сөздерді дәл қайталауға болмайды» деп жазылған.
Сол себепті «дені сау болады» деген тіркесті онымен мағынасы жақын тіркеспен ауыстырыңыз.

Жауап үлгісі: Спорт адамның ..., өмірін ұзартады.

## 2-нұсқа

### Сәлемдесу мәдениеті
### Этика приветствия

**1** Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При выполнении работы рекомендуется следовать следующим правилам:

Қазақ тіліне тән кейбір дыбыстардың жазылуы
Правописание некоторых специфических звуков казахского языка

Ә әрпі көбінесе сөздің басында, бірінші буынында жазылады.
Буква Ә часто пишется в начале слова, в первом слоге слова.

| Сөздің басында<br>В начале слова | Бірінші буында<br>В первом слоге |
|---|---|
| әбден, әдеби, әдемі, әсем, әдеп, әдет, әдіс, әділ, әже, әзіл, әзір, әзер, әлем, әйгілі, әйел, әке, әкел, әлсіз, әліппе, ән, әңгіме, әпке, әрекет, әрқашан, әсер, әскер, әрбір, әріптес, әуен, әркім | тәр-тіп, мә-се-ле, кә-сіп, Сәу-ле, Дәу-рен, кә-рі, мә-де-ни-ет, мә-ре, мәр-те-бе, сә-ре, сә-лем-де-су, сәт-ті, тәу-лік, ләззат, мә-тін, жәр+дем |

Ә әрпі мына сөздердің екінші буындарында және бірінші буыны ү дыбысымен келген адам аттарының екінші буынында жазылады.
Буква Ә пишется в некоторых словах во втором слоге или в именах собственных, в которых в первом слоге встречается буква ү.

| Кісі аттары<br>Имена людей | Кейбір сөздер<br>Некоторые слова |
|---|---|
| Күлән, Күләш, Күләй, Мүтән | Куә, күнә, кінә, сірә, күмән |

**Ұ әрпінің жазылуы**
Правописание буквы Ұ

| Сөздің басында<br>В начале слова | Сөздің бірінші буынында<br>В первом слоге слова | Сөздің екінші буынында<br>Во втором слоге слова | Біріккен сөздерде<br>В сложных словах |
|---|---|---|---|
| ұлы, ұзын, ұл, ұн, ұлт, ұнау | құт, бұл, бұлт, құн, жұл-дыз, құн-дыз, құр-мет, мұн-да, сұ+лу, тұр, жұ-қа, тұр-ғын, бұ-лақ | бұл-бұл, маз-мұн, мар-құм | мұра+жай,көк+құтан, ақ+құтан, Ақ+құдық, Ақ+құм |

Қазақ тілінде ілгерінді және кейінді ықпал әсерінен кейбір сөздердің жазылуы мен айтылуы сәйкес келе бермейді.
В казахском языке произношение и правописание некоторых слов может быть разным в результате прогрессивной и регрессивной ассимиляции.
Кейінді ықпал әсерінен сөздің соңғы дыбысы қатаң қ, к, п дыбыстарына аяқталып, оған дауыстыдан басталған қосымша жалғанса, сөз соңындағы қатаң дыбыстар ұяңға айналады (қ – ғ, к – г, п – б, п – у).
В результате регрессивной ассимиляции под влиянием начального гласного аффикса происходит фонетическое изменение глухих согласных в основе қ, к, п; которые становятся звонкими следующим образом: қ – ғ, к – г, п – б, п – у:

амандық + ы = амандығы
тарақ + ы = тарағы
тілек + і = тілегі
жүрек + і = жүрегі
тап + а + мын = табамын
тап + у = табу

Ė «Бір» сан есімінің қайталануы арқылы жасалатын кейбір қос сөздер дефис арқылы жазылады.
Некоторые парные слова, образованные от числительного «бір» (один), пишутся через дефис:
бір-бірден – по одному
бір-бірін – друг друга
бірде-бір – ни одного
бірде-біреу – ни один
бірден-бір – единственный

Ė «Ақ» сын есімімен тіркесу арқылы жасалып, адамның мінез ерекшелігін, қасиетін білдіретін кейбір сөздер бірге жазылады
Некоторые сложные слова, образованные от прилагательного ақ (белый) и обозначающие свойства человеческого характера, пишутся слитно:
ақжарқын, ақжарқындылық
ақжүрек
аққөңіл, аққөңілділік
ақниет, ақниеттілік
ақпейіл, ақпейілділік

**2** Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по диктанту.

Мәтін бойынша сұрақтар:
Вопросы к тексту

**1** Сәлемдескенде адамдар бір-біріне не тілейді?
Что желают люди друг другу при приветствии?

Ť Мәтінде осы сұраққа қатысты мынадай сөйлем бар: «Бұл «Сізді шын жүректен құрметтеп, амандығыңызды тілеймін» деген мағынаны білдіреді».
Сіз жауабыңызда бұл сөйлемді сөзбе-сөз қайталай алмайсыз. Сондықтан, келесі нұсқауларды орындауға тырысыңыз.
Не следует в ответах дословно использовать предложения из текста. Поэтому рекомендуем следовать следующим инструкциям:
1) «сәлемдескенде» сөзінің баламасын табыңыз;
2) «амандық» сөзін мағынасы жақын сөзбен ауыстырыңыз;
3) сұрақ III жақта берілген, сол үшін жауабыңызда III жақ етістігін қолданыңыз.
1) Найдите эквивалент слову «сәлемдескенде»;
2) замените слово «амандық» словом, близким по значению;
3) вопрос задан в III лице, поэтому в ответе используйте глагол в III лице.

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Жауап үлгісі: Адамдар ...(А) бір-біріне ...(В) тілей...(С).
Адамдар амандасқанда бір-біріне денсаулық тілейді.

2 Сәлемдесуде қандай мәдениет негізі бар?
(Какие основы приветствия существуют?)

Ť

Мәтінде осы сұраққа қатысты мынадай ақпарат бар (В тексте есть следующая информация): «Сәлемдесу адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады».
1) «сәлемдесу» сөзінің баламасын қолданыңыз;
2) «белгісі» сөзіне мағынасы жақын сөз табыңыз;
3) «болып табылады» деген тіркесті ауыстырыңыз.

1) Найдите эквивалент слову «сәлемдесу»;
2) Найдите слово, близкое по значению слову «белгісі»;
3) Замените словосочетание «болып табылады».

Жауап үлгісі: ...(А) адамгершіліктің, әдептіліктің бір ... (В)+(-на, -не)
...(С).
Амандасу адамгершіліктің, әдептіліктің бір көрінісіне (үлгісіне; нышанына) жатады.

3 Адамдар таңертең, түсте, кешке қалай сәлемдеседі?

Ť

Мәтінде осы сұраққа қатысты мынадай сөйлем бар: «Әрбір адам «қайырлы таң», «қайырлы күн», «қайырлы кеш» деген сөздермен амандасуда мәдениеттілік белгілерін көрсетеді. Осылай олар тәуліктің үш мезгілінде де бір-бірімен ақжарқын амандаса алады».
Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложение.

Сіз басқаша пікірде болуыңыз мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді қорытындылап, сөйлемді басқаша құрыңыз.
Вы можете придерживаться другого мнения. Сформулируйте ответ по-своему, составьте другое предложение.

## 3-нұсқа

**Жексенбі**
**Воскресенье**

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При выполнении работы рекомендуется следовать следующим правилам:

Ė

Бір топтан болған бірнеше сөзден кейін бәрі, барлығы, түгел, екеуі, үшеуі, төртеуі деген сөздер қолданылса, алдына сызықша (–) қойылады. Мысалы, Асан, Үсен, Айман, Шолпан – төртеуі бір күнде туылған.
После однородных членов предложения при использовании обобщающих слов бәрі, барлығы, түгел, екеуі, үшеуі, төртеуі (все, полностью, вдвоем, втроем, вчетвером и т.п.), перед ними ставится тире (–).

**2** Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.

Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по диктанту.

**1** Жексенбінің басқа күндерден ерекшелігі неде?
Чем отличается воскресенье от других дней недели?

Ṫ

Мәтінде бұл сұраққа қатысты мынадай ақпарат бар:
Бұл күн – демалыс.
Сондықтан:
Жексенбі – аптаның соңғы күні.
Жұмысшылар жұмыс істемейді.
Оқушылар мектепке бармайды.
Балалар балабақшаға бармайды.
Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложение.
*тұрғын, демалыс, жұмыс, таза ауада демалу, жексенбі күн.*

Жауап үлгісі:
Бұл күні әке-шешелері балаларымен ... .

**2** Демалудың адам үшін қажеттілігі қандай?
Для чего человеку нужен отдых?

Ṫ

Сіз төмендегі жауаптардың бірін таңдаңыз:
A) үй шаруаларымен айналысу үшін;
B) келесі жұмыс күніне дайындалу үшін;
C) серуендеу үшін;
D) достарыммен, туыстарыммен араласу үшін т.с.с.
Осы тірек сөздер мен сөз тіркестерінің бірін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложение.
Сіз басқаша пікірде болуыңыз мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді қорытындылап, сөйлемді басқа үлгіде құрыңыз.
Вы можете придерживаться другого мнения. Сформулируйте ответ по-своему, составьте другое предложение.

**3** Демалысты қалай тиімді өткізуге болады?
Как можно провести выходные?

Ṫ

Сіз төмендегі жауаптардың бірін таңдаңыз:
A) тауға шыққан дұрыс
B) бассейнге, өзенге барған дұрыс
C) достарыммен кездескен жөн.
Осы тірек сөздер мен сөз тіркестерінің бірін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложение.
Сіз басқаша пікірде болуыңыз мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді қорытындылап, сөйлемді басқа үлгіде құрыңыз.
Вы можете придерживаться другого мнения. Сформулируйте ответ по-своему, составьте другое предложение.

## 4-нұсқа

### Астана жазы
### Лето в Астане

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При выполнении работы рекомендуется следовать следующим правилам:

Ė Қазақ тілінде ілгерінді және кейінді ықпал әсерінен кейбір сөздердің жазылуы мен айтылуы сәйкес келе бермейді.
В казахском языке в результате прогрессивной, регрессивной ассимиляции правописание некоторых слов не соответствует произношению.

| Айтылуы<br>Произношение | Жазылуы<br>Правописание |
|---|---|
| кез гелген<br>жақсы гөрөмүн<br>көңүл гүйү<br>күз гелді<br>өлөң<br>жұлдұз<br>бүгүн<br>бұл гүн | кез келген<br>жақсы көремін<br>көңіл күйі<br>күз келді<br>өлең<br>жұлдыз<br>бүгін<br>бұл күн |

Ė Егер бастаушы сөз (бастауыш) бен аяқтаушы сөз (баяндауыш) бір топқа (сөз табына) жатса, арасына сызықша (–) қойылады: Арманның ағасы – Олимпиада чемпионы. Сонымен қатар бастауыш жіктік, сілтеу есімдіктерінен, баяндауыш зат есімнен болса, арасына сызықша (–) қойылады: Бұл – менің анам.
Если подлежащее и сказуемое выражены одной частью речи, то между ними ставится тире (–). Арманның ағасы – Олимпиада чемпионы. (Брат Армана – Олимпийский чемпион). Если подлежащее выражено личным или указательным местоимением, а сказуемое – именем существительным, то между ними также ставится тире (–). Бұл – менің анам. (Это – моя мама).

2 Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по диктанту.

Мәтін бойынша сұрақтар:
Вопросы к тексту

1 Жаз мезгілінің ерекшелігі қандай?
Чем особенно лето?

Ť Әр жыл мерзімінің өзгешеліктері бар. Жазда қандай белгілерді байқадың?
A) жазда күн жылы болады;
B) бәрі жеңіл киінеді;
C) аспан ашық болады;
D) Астананың туған күні т.с.с.
Осы тірек сөздердің бірін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя одно из опорных слов, составьте предложение.
Сіз басқаша пікірде болуыңыз мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді қорытындылап, сөйлемді басқа үлгіде құрыңыз.
Вы можете придерживаться другого мнения. Сформулируйте ответ по-своему, составьте другое предложение.

**2** Адамдар аспанға қарауды неге ұнатады?
Почему людям нравится смотреть в небо?

Ť

Мәтінде бұл сұраққа қатысты мынадай сөйлем бар: Олар аспанға қарап армандайды.
Сіз жауап беру барысында төмендегі жауап нұсқаларын қолдана аласыз:
A) биікке ұмтылады;
B) көп нәрсе туралы қиялдайды;
C) көңіл күйі жақсарады т.с.с.

Осы тірек сөздердің бірін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя одно из опорных слов, составьте предложение.

Сіз басқаша пікірде болуыңыз мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді қорытындылап, сөйлемді басқа үлгіде құрыңыз.
Вы можете придерживаться другого мнения. Сформулируйте ответ по-своему, составьте другое предложение.

**3** Сізге ұнайтын жыл мезгілі несімен қымбат?
Чем дорого время года, которое Вам нравится?

Ť

Сізге қай жыл мезгілі ұнайды? Не себепті?
1) маған жаз мезгілі ұнайды, себебі:
A) күн ыстық;
B) тамызда дүниеге келгенмін;
C) өзенде шомылғанды жақсы көремін т.с.с.
2) маған қыс мезгілі ұнайды, себебі:
A) салқын күнді жақсы көремін;
B) Жаңа жыл – сүйікті мерекем;
C) ақпанда дүниеге келгенмін;
D) жауған қарды ұнатамын; т.с.с.

Осы тірек сөздер мен сөз тіркестерінің бірін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя одно из опорных слов, составьте предложение.

Сіз басқаша пікірде болуыңыз мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді қорытындылап, сөйлемді басқа үлгіде құрыңыз.
Вы можете придерживаться другого мнения. Сформулируйте ответ по-своему, составьте другое предложение.

## 5-нұсқа

**Шетелдік студенттер**
**Иностранные студенты**

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При выполнении работы рекомендуется следовать следующим правилам:

Еш, әр, кей, қай, әлде, бір деген сөздер есімдіктермен, үстеулермен тіркесіп келгенде, бірігіп жазылады:
Слова еш, әр, кей, қай, әлде, бір в сочетании с местоимениями, наречиями пишутся слитно.

| Бірге (слитно) жазылатын сөздер | Бөлек (раздельно) жазылатын сөздер |
|---|---|
| Ешкім, ешбір, ешқайда, ешқашан, ешқандай, ештеңе, ешқайсысы, ешқалай<br>Әрбір, әркім, әрқайсы, әрқашан, әркелкі, әртүрлі, әрқайда<br>Кейбір, кейбіреу<br>Қайбір, қайсыбір<br>Әлдеқашан, әлдебір, әлдекім, әлдеқайда, әлдеқандай, әлдене, әлдеқайдан | еш адам, еш нәрсе, еш уақытта, еш жұмысы<br>әр адам, әр жылы, әр уақытта, әр кезде, әр нәрсе, әр жұмыс<br>Кей адам, кей жылы, кей уақытта, кей кездері,<br>Қай адам, қайсы адам, қайсы жылдары әлде адам, әлде аң |

2 Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.

Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по диктанту.

Мәтін бойынша сұрақтар:
Вопросы к тексту

1 Сіздің шетелдік студенттерден таныстарыңыз бар ма?
У Вас есть знакомые студенты-иностранцы?

Жауап нұсқасы:
Иә (жоқ), менің шетелдік досым (құрбым, жолдасым, әріптесім) бар/көп/аз (жоқ). Олар – студент/ кәсіпкер/ көрші тұрады/ дүкенде жұмыс істейді т.с.с.
Сіз өз жауабыңызда жақша ішіндегі нұсқалардың бірін қолдана аласыз.
Рекомендуется в своих ответах выбрать соответствующие слова, данные в скобках.

2 Шетелдік студенттердің жатақханаларда қазақстандық студенттермен бірге тұрғанын дұрыс деп санайсыз ба?
Считаете ли Вы правильным то, что иностранные студенты проживают вместе с казахстанскими студентами в одном общежитии?

Жауап нұсқасы:
1) Иә, шетелдіктердің жатақханада бірге тұрғаны жөн деп есептеймін, себебі:
A) бір-бірінен тіл үйренеді;
B) екінші бір халықтың, мәдениетін, салт-дәстүрін үйренеді;
C) достары көбейеді;
D) қиын кезде көмектеседі

2) Жоқ, меніңше, шетелдіктердің жатақханада бірге тұрғаны дұрыс емес, себебі:
A) бір-бірінің тілін білмейді;
B) дүниеге көзқарастары сәйкес келмейді;
C) түсінісу қиын т.с.с.

2 нұсқаның бірін таңдаңыз.
Сіз басқаша пікірде болуыңыз мүмкін. Өзіңіздің пікіріңізді қорытындылап, сөйлемді басқа үлгіде құрыңыз.
Выберите один из двух вариантов ответа.
Вы можете придерживаться другого мнения. Сформулируйте ответ по-своему, составьте другое предложение.

3 Студенттер қалай демалады?
Как отдыхают студенты

A) мұзда сырғанайды,
B) тауға шығады;
C) шаңғы тебеді т.с.с.

Жауап нұсқаларының бірін таңдап, сөйлем құрыңыз.
Выберите один из предложенных вариантов ответа и составьте предложение.

Сұрақ қай шақта қойылса, жауап та сол шақта болу керек.
Ответ должен быть сформулирован в том же времени, что и вопрос.
демалады – ауыспалы осы шақ
сырғанайды – ауыспалы осы шақ
шығады – ауыспалы осы шақ

# 3 Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар
## Блок Письмо. Итоговые задания.

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

**Кітап**
**Книга**

2 Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы к диктанту.

1. Жаңа достық қалай пайда болды?
Как родилась новая дружба?

2. Достыққа себепкер болған не?
Что послужило поводом для дружбы?

3. «Жаман туыстан жақсы дос артық» дегенді қалай түсінесіз?
Как вы понимаете пословицу «Хороший друг лучше плохой родни»?

V тарау

# Қосымшалар

# Приложения

# 1 Тыңдалым бөлігінің қосымшасы
## Приложение к блоку Аудирование

**Тыңдалым бөлігі бойынша тілдік дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар**

Задания на формирование речевых навыков по блоку Аудирование

**Бірінші бөлім** бойынша тілдік дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар - сұрақты, репликаны түсініп, дұрыс жауап беру беріледі.

**В первой части** представлены задания на формирование следующих речевых навыков – умение понять вопрос, реплику, определение правильного ответа.

**1-жаттығу**

Отбасын таныстыруды ретімен орналастырыңыз.

Укажите порядок знакомства с семьей.

| | |
|---|---|
| Мен | (1) |
| інім | (2) |
| ағам | (3) |
| әкем | (4) |
| анам | (5) |
| атам | (6) |
| әжем | (7) |
| әпкем | (8) |
| қарындасым | (9) |
| сіңлім | (10) |

*Қазақ отбасын үлкеннен бастап таныстырады.*

**2-жаттығу**

Отбасы мүшелерінің өзіңізден кішілерін бөлек, үлкендерін бөлек жазыңыз.

Запишите отдельно старших и младших членов семьи.

| Үлкендер: | Кішілер: |
|---|---|
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| ... | ... |

**3-жаттығу**

Отбасының үлкен ұлы – Дихан. Екінші қызы – Анияш. Әлия – кенже қыз.

Әлия кімнің қарындасы, кімнің сіңлісі?

*Әлия Диханның ... , Анияштың ... .*

**4-жаттығу**
Кімдер қалай амандасады? (көрсетіңіз)
Укажите кто как здоровается?

| | |
|---|---|
| Сәлем! | ер адамдар |
| Сәлеметсіз бе? | кішілер үлкендермен |
| Амансыз ба? | қария кісілермен |
| Армысыз! | жастар өзара |
| Ассалаумағалейкүм! | |

**5-жаттығу**
Хал-жағдай сұрасқанда қай сөздерді қолданбайды?
(дұрыс емес нұсқасын сызып тастаңыз)
Какие слова не используются, когда спрашивают о здоровье?
(вычеркните неверные варианты)

– Әкең ауырып қалды деп естідім. Қазір қалай?
– Жаман емес.
– Жақсы.
– Қош болыңыз!
– Кешіріңіз.

**6-жаттығу**
Апта күндерін ретімен көрсетіңіз.
Укажите дни недели в порядке их следования.

| | |
|---|---|
| Бейсенбі | (1) |
| Жұма | (2) |
| Сәрсенбі | (3) |
| Дүйсенбі | (4) |
| Сенбі | (5) |
| Сейсенбі | (6) |
| Жексенбі | (7) |

**7-жаттығу**
Ай атауларын ретімен орналастырыңыз.
Укажите названия месяцев в порядке их следования.

| | |
|---|---|
| Қаңтар | (1) |
| Желтоқсан | (2) |
| Ақпан | (3) |
| Шілде | (4) |
| Тамыз | (5) |
| Маусым | (6) |
| Наурыз | (7) |
| Мамыр | (8) |
| Сәуір | (9) |
| Қараша | (10) |
| Қазан | (11) |
| Қыркүйек | (12) |

**8-жаттығу**

Айды мезгілге сай көрсетіңіз.

Покажите к какому времени года относятся месяцы.

| | |
|---|---|
| Наурыз | Жаз |
| Көкек (сәуір) | |
| Мамыр | |
| Қыркүйек | Көктем |
| Қазан | |
| Қараша | |
| Қаңтар | Күз |
| Ақпан | |
| Желтоқсан | |
| Шілде | Қыс |
| Тамыз | |
| Маусым | |

**9-жаттығу**

Тәулік мезгілдерін ретімен орналастырыңыз.

Расположите время суток по порядку.

| | |
|---|---|
| Күндіз | (1) |
| Түс | (2) |
| Кеш | (3) |
| Таңертең | (4) |

**Екінші бөлім** бойынша тілдік дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар – диалогті түсіну, жалпы ақпаратты есте сақтау.

**Во второй части** представлены задания на формирование следующих речевых навыков - понимание диалога, запоминание общей информации.

Диалогті компакт-дискіден тыңдаңыз.

Прослушайте диалог на компакт-диске.

– Серік, сен қай салада жұмыс істейсің?
– Мамандығым – заң қызметкері. Құқық қорғау саласында істеймін.
– Ол салада қызмет ету қиын емес пе?
– Адам қиындықты жеңе білуі керек.
– Қызмет бабымен іссапарға жиі баратын шығарсың?
– Әрине, іссапарға жиі барамын.

**1-жаттығу**

Сөйлемдердің дұрыс немесе қате екендігін анықтаңыз. Дұрыс сөйлемге «д» қате сөйлемге «қ» әрпін жазыңыз.

Определите правильные и неправильные предложения. Правильные отметьте буквой «д», а неправильные «қ».

1. Диалог Серіктің жұмыс күні туралы (___).
2. Серіктің мамандығы – құқық қорғау (___).
3. Серіктің жұмысы қиын (___).
4. Серік іссапарға бармайды (___).
5. Серік қиындықты жеңу керектігін айтты (___).

**2-жаттығу**

Ақпаратты есте сақтап, бос орындарды толтырыңыз.

Запомните информацию, заполните пропуски.

1. Серіктің мамандығы ______ .
2. ______ саласының қызметі қиын.
3. Адам қиындықты ______ .
4. Серік ______ іссапарға барады.
5. Ол іссапарға ______ барады.

Диалогті компакт-дискіден тыңдаңыз.

Прослушайте диалог на компакт-диске.

– Жүріңіз, үйді көрсетейін. Мынау ұлдарым Асан мен Үсеннің бөлмесі. Қарсы есік – Айшаның бөлмесі.
– Үйлеріңіз неше бөлмелі?
– Төрт бөлмелі. Мына екі бөлменің бірі біздің бөлме де, бірі қонақ бөлмесі.
– Жақсы, жақсы! Бөлмелеріңіз кең, төбесі биік екен.

**1-жаттығу**

Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

1. Үйді кім көрсетті?
2. Үй неше бөлмелі?
3. Үйдің қандай бөлмелері бар?
4. Бөлмелер кең бе?
5. Ұлдарының аты кім?

**2-жаттығу**

Сөйлемдерді ретімен орналастырыңыз (сандарды қойыңыз ).

Расположите предложения в правильном порядке (в скобках укажите порядковый номер).

1. Үй төрт бөлмелі. (___)
2. Үйді көрсетейін. (___)
3. Мынау – қонақ бөлме. (___)
4. Мынау – біздің бөлме. (___)
5. Мынау – Айшаның бөлмесі. (___)
6. Бөлмелер – кең. (___)
7. Мынау – ұлдарымның бөлмесі.

**Үшінші бөлім** бойынша дағды қалыптастыратын тапсырмалар - түсіну, есте сақтау, сәйкес сөзді табу.
**В третьей части** представлены задания на формирование следующих речевых навыков – понимание информации, запоминание, нахождение соответствия.

Диалогті компакт-дискіден тыңдаңыз.
Прослушайте диалог на компакт-диске.

– Елордада тұңғыш рет Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумы өтті.
– Форум қай кезде болды?
– Биылғы жылдың қазан айында өтті.
– Форумға қанша елден қонаққа келді?
– Оған жер шарының 71 елінен әйгілі ғалымдар мен саясат және қоғам қайраткерлері қатысты.
– Елбасының жолдауын тыңдадыңыз ба?
– Әрине, форумға қатысушыларға Елбасы жолдау арнады. Мен оны мұқият тыңдадым.

**1-жаттығу**
Бос орынды толтырыңыз.
Заполните пропуски.

1. Елордада ____ Бүкіләлемдік ____ форумы өтті.
2. Форум ____ жылы ____ айында өтті.
3. Форумға ____ қатысты.
4. Форум қатысушыларына ел президенті ____ арнады.
5. Мен оны ____ тыңдадым.

**2-жаттығу**
Диалогте қолданылған сөздерге мағынасы жағына сәйкес сөзді жазыңыз.
Напишите соответствующие данным понятиям слова из диалога.

Елорда – Астана
Тұңғыш рет –
Биылғы жыл –
Жер шарының елдері –
Елбасы –

Диалогті компакт-дискіден тыңдаңыз.
Прослушайте диалог на компакт-диске.

– Ертең күні бойы демаламыз. Уақытты қалай өткіземіз?
– Асқардың ауылында үлкен атасына ас беріледі екен, сонда барып ат жарысын тамашалайық.
– Бізге баруға бола ма?
– Әрине болады. Әкемнің жеңіл көлігімен барамыз.
– Тағы не болады екен? «Күрес», «көкпар» болар ма екен?
– Оны барған соң көреміз. Сен ертерек кел.

**1-жаттығу**
Жауапқа қарап сұрақ жазыңыз.
Составьте вопросы к данным ответам.

1. – ________________________________?
– Ертең Асқардың ауылына барады.
2. – ________________________________?
– Онда ат жарысын көреді.
3. – ________________________________?
– Әкесінің көлігімен барады.
4. – ________________________________?
– Барған соң тағы не болатынын көреді.
5. – ________________________________?
– сен ертерек кел.

**2-жаттығу**
Сөздердің диалогте қолданылған нұсқасын жазыңыз.
Запишите варианты слов, использованные в диалоге.

1. Ертеден кешке дейін –
2. Көрейік –
3. Машинамен барамыз –

**Төртінші бөлім** бойынша тілдік дағдылар қалыптастыруға арналған тапсырмалар - түсіну, ретімен есте сақтау, сұрақ қою, бар/жоқ ақпаратты ажырату.
**В четвертой части** представлены задания на формирование следующих речевых навыков – понимание, запоминание в нужном порядке, умение ставить вопрос, определение недостающей информации.



Диалогті компакт-дискіден тыңдаңыз.
Прослушайте диалог на компакт-диске.

Бүркіт – қаршыға тектес құстардың ірісі. Оның салмағы 6,5 килограммға жетеді. Қанатын жайғандағы ұзындығы 3 метрдей. Төрт жасынан бастап ұя салады. Бүркіт күніне 1кг ет жейтін, бірақ азықсыз жарты айға төзетін құс. Жанары адам көзінен бес есе өткір. Ол тау – тас, құз – шың, орман – даланы мекендейді. Азығын күндіз аулайды. Тауешкі, қасқыр, түлкі т.б. аңдарды қорек етеді. Құстардан үйрек, қаз ұстайды. Бүркітпен, әдетте, 15–20 жылдай аң аулайды. Ол 50 жыл өмір сүреді.

*(Қазақ энциклопедиясынан)*

**1-жаттығу**

Ақпаратты ретімен орналастырыңыз.
Расположите информацию по порядку.

1. Бүркіттің өмір ұзақтығы. (___)
2. Бүркіттің мекені. (___)
3. Бүркіттің салмағы. (___)
4. Бүркіттің азығы. (___)
5. Бүркіттің жанары. (___)
6. Бүркіттің аң ұстау қабілеті. (___)
7. Бүркіттің ерекшелігі. (___)

**2-жаттығу**

Жауапқа қарап сұрақ жазыңыз.
Составьте вопросы к данным ответам.

1. – ___________________________________?
– Бүркіт тау- тас, құз-шыңды мекендейді.
2. – ___________________________________?
– Бүркіт жарты ай азықсыз жүре алады.
3. – ___________________________________?
– Қанатының ұзындығы 3 метрдей.
4. – ___________________________________?
– Бүркітпен 15 – 20 жылдай аң аулайды.
5. – ___________________________________?
– бүркіттің көзі адам көзінен 5 есе өткір.

# 2 Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы
## Приложение к Лексико-грамматическому блоку

### Үндестік заңы. Дауысты дыбыстардың үндестігі

Қазақ тілінде дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінеді.
В казахском языке гласные звуки делятся на жуан (твердые) и жіңішке (мягкие).
Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ұ, ы
Твердые гласные звуки: а, о, ұ, ы

Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, е, ө, ү, і
Мягкие гласные звуки: ә, е, ө, ү, і

Қазақ тілінің сөздері бірыңғай жуан немесе жіңішке болып келеді. Қосымшалар да жуан, жіңішке болып бөлінеді.
Слова в казахском языке бывают либо с твердыми гласными либо с мягкими гласными. Аффиксы также бывают либо с твердыми гласными либо с мягкими гласными.

Сөздің соңғы буынында жуан дауысты дыбыс болса, қосымшаның жуан нұсқасы жалғанады, жіңішке дауысты дыбыс болса, жіңішке нұсқасы жалғанады. Бұл заңдылық буын үндестігі деп аталады.
Мысалы: бала+лар; қалам+дар; ауыл+дар
дәрігер+лер; киім+дер; үй+лер
Если последний слог слова содержит твердый гласный, прибавляется твердый вариант аффикса, если мягкий - присоединяется мягкий вариант аффикса. Созвучие гласных звуков называется сингармонизмом гласных.
Например: бала+лар; қалам+дар; ауыл+дар
дәрігер+лер; киім+дер; үй+лер

Ескерту: и, у дыбыстары бірде жуан, бірде жіңішке болып қолданыла береді.
Примечание: и, у употребляются и как твердый и как мягкий звуки.

### Көптік жалғау

Заттың көпше түрде қолданылуы лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер жалғауы арқылы беріледі.
Значения предметов во множественном числе передаются с помощью окончаний множественного числа: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер.

| Жалғау<br>Окончание | Соңғы дыбыс<br>Последний звук | Мысалдар<br>Примеры |
|---|---|---|
| -лар, -лер | дауысты дыбыстар (гласные звуки);<br>үнді (сонорные): й, р,у | қала+лар, тау+лар, үй+лер |
| -дар, -дер | ұян (звонкие): з, ж;<br>үнді (сонорные): л, м, н, ң | қыз+дар, гүл+дер, күн+дер |
| -тар, -тер | қатаң дауыссыздар (глухие согласные),<br>ұян (звонкие): б, в, г, д | студент+тер, кітап+тар, әріптес+тер |

## Дауыссыз дыбыстардың үндестігі

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып бөлінеді.
В казахском языке согласные звуки делятся на глухие, звонкие, сонорные.
Қатаң (глухие): п, ф, с, ш, к, қ, т, щ, ц, х
Ұяң (звонкие): б, в, г, ғ, д, ж, з, һ
Үнді (сонорные): р, л, й, у, м, н, ң

1. Сөздің соңғы дыбысы дауысты немесе ұяң, үнді болса, жалғанатын қосымша ұяң немесе үндіден басталады.
Мысалы: бөлме+лер, қыз+дар, орын+дар
Если последний слог слова оканчивается на гласный или звонкий, сонорный согласный, то и аффикс, следующий за корнем, начинается со звонкого или сонорного.
Например: қыз+дар, орын+дар.

2. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, жалғанатын қосымша қатаңнан басталады.
Мысалы: ұшақ+тар, жас+тар, жігіт+тер.
Если последний слог слова оканчивается на глухой согласный, то и аффикс, начинается с глухого согласного.
Например: ұшақ+тар, жас+тар, жігіт+тер.

3. Сөз соңы п, к, қ дыбыстарына аяқталып, оған дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, олар ұяңданып, сәйкесінше б, г, ғ болып өзгереді.
п→б
қ→ғ
к→г
Мысалы:
жауап+ым→жауабым
сұрақ+ым→сұрағым
көйлек+ім→көйлегім

Если последний звук основы глухой согласный п, қ, к, а прибавляемый к основе суффикс или окончание начинаются с гласного, эти глухие звуки становятся звонкими:
п→б
қ→ғ
к→г
Например:
жауап+ым→жауабым
сұрақ+ым→сұрағым
көйлек+ім→көйлегім

**Көптік жалғау**

**1-жаттығу**
Керекті көптік жалғауын қойыңыз.
Вставьте нужное окончание множественного числа.

Қызметкер... . Дәрігер... . Кітап... . Дәптер... . Қалам... . Олар оқушы... ма? Сіздер студентсіз... ме? Сендер қалайсың...? Сіздер жұмысшысыз... ма? Сәлеметсің... ме, бала...? Мыналар не...? Аналар кім...? Бұлар не...? Бұлар құжат... .

***Жауабы:***
*Қызметкерлер. Дәрігерлер. Кітаптар. Дәптерлер. Қаламдар. Олар оқушылар ма? Сіздер студентсіздер ме? Сендер қалайсыңдар? Сіздер жұмысшысыздар ма? Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мыналар нелер? Аналар кімдер? Бұлар нелер? Бұлар құжаттар.*

**Дыбыс үндестігі: қатаң, ұяң, үнді**

**1-жаттығу**
Сөздерді соңғы дыбысына қарап, бағандарға орналастырыңыз.
Расположите слова в столбцах по последнему звуку.

**Қажетті сөздер:**
сағат, қаз, орындық, қыз, күн, жаз, өнім, еңбек, жұлдыз, негіз, теледидар, цех, құрылыс, ай, мезгіл

| Қатаң | Ұяң | Үнді |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

***Жауабы:***

| Қатаң | Ұяң | Үнді |
|---|---|---|
| цех | жаз | ай |
| сағат | қаз | күн |
| еңбек | қыз | өнім |
| орындық | негіз | мезгіл |
| құрылыс | жұлдыз | теледидар |

## Антонимдер

### 1-жаттығу

Екінші бағанға қарама-қарсы мәндегі сөздерді орналастырыңыз.
Расположите во второй столбик слова с противоположным значением.

**Қажетті сөздер:**
жабық, жаман, кіші, жеңіл, ерте, суық, қысқа, көп, қымбат, жақын

| | |
|---|---|
| үлкен | |
| жақсы | |
| аз | |
| кеш | |
| арзан | |
| ұзын | |
| ыстық | |
| ауыр | |
| алыс | |
| ашық | |

***Жауабы:***

| | |
|---|---|
| үлкен | кіші |
| жақсы | жаман |
| аз | көп |
| кеш | ерте |
| арзан | қымбат |
| ұзын | қысқа |
| ыстық | суық |
| ауыр | жеңіл |
| алыс | жақын |
| ашық | жабық |

**2-жаттығу**

Жақшаны ашып, тиісті сөзді қойып жазыңыз.
Раскройте скобки и напишите нужное слово.

1. Әділ адам әрқашан (адал, арам) істі жақтайды. 2. Омар үнемі үстіне кір жуытпай, (лас, таза) киініп жүретін. 3. Жадыра – тәрбиелі (әдепсіз, әдепті)
қыз. 4. (Жас, кәрі) бала қарт кісіге сәлем берді. 5. Оның пәтер сатып алуға ақшасы (аз, көп) болды да, банкіден несие алды. 6. Студент жатақханада бір бөлмеде (жалғыз, көп) өзі тұрады.

> ***Жауабы:***
> *1. Әділ адам әрқашан адал істі жақтайды. 2. Омар үнемі үстіне кір жуытпай, таза киініп жүретін. 3. Жадыра – тәрбиелі, әдепті қыз. 4. Жас бала қарт кісіге сәлем берді. 5. Оның пәтер сатып алуға ақшасы аз болды да, банкіден несие алды. 6. Студент жатақханада бір бөлмеде жалғыз өзі тұрады.*

**Зат есім (дара зат есім)**

**1-жаттығу**

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, вставив вместо многоточия нужные слова.

1. Дүкеннен ... ертегі кітап сатып алды. 2. Айнаш – екінші ... оқушысы. 3 Менің әпкем – дүкенде ... . 4. Ағам - зауытта ... . 5. Әлем бойынша бес мыңдай ... бар.
Тиісті сөздер: жұмысшы, сатушы, сынып, тіл, бала

> ***Жауабы***:
> *1. Дүкеннен бала ертегі кітап сатып алды. 2. Айнаш – екінші сынып оқушысы. 3. Менің әпкем – дүкенде сатушы 4. Ағам – зауытта жұмысшы.*
> *5. Әлем бойынша бес мыңдай тіл бар.*

**2-жаттығу**
Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып жазыңыз.
Поставьте нужные слова, данные в скобках.

1. Теңізде (тікұшақ, кеме) жүзіп барады. 2. Аспанда (құстар, балықтар) ұшып барады. 3. Жайлауда (аң, мал) жайылып жүр. 4. Біздің үйге екі (қонақ, мейманхана) келді.

> ***Жауабы:***
> *1. Теңізде кеме жүзіп барады. 2. Аспанда құстар ұшып барады. 3. Жайлауда мал жайылып жүр. 4. Біздің үйге екі қонақ келді.*

**Зат есімнің күрделі түрлері**

**1-жаттығу**
Қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, вставив нужные слова.

1. Бүгін менің – ... . 2. Апам маған ... сатып әперді, ал ағам маған күшік сыйлады. 3. Ит – адамның досы, ол - ... . 4. Аю орманда өмір сүреді, себебі аю – ... . 5. Досым маған үлкен қоңыр ... сыйлады.

**Қажетті сөздер:** ойыншық аю, жабайы жануар, үй жануары, туған күнім, қолсағат

***Жауабы:***
*1. Бүгін менің – туған күнім. 2. Апам маған қолсағат сатып әперді, ал ағам маған күшік сыйлады. 3. Ит – адамның досы, ол – үй жануары. 4. Аю орманда өмір сүреді, себебі аю – жабайы жануар. 5. Досым маған үлкен қоңыр ойыншық аю сыйлады.*

**Біріккен зат есімдер**

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения, вставив вместо многоточия нужные слова.

1. Астанада ... конференция болды. 2. Таразда үлкен ... салынды. 3. ... – адамның басты байлығы. 4. «Оқжетпес» ... Көкшетауда орналасқан.
5. Ауданда жаңа ... іске қосылды.
Тиісті сөздер: шипажайы, халықаралық, өнеркәсіп, балабақша, денсаулық

***Жауабы:***
*1. Астанада халықаралық конференция болды. 2. Таразда үлкен балабақша салынды. 3. Денсаулық – адамның басты байлығы. 4. «Оқжетпес» шипажайы Көкшетауда орналасқан. 5. Ауданда жаңа өнеркәсіп іске қосылды.*

**2-жаттығу**
Жалқы есімдерді кестеге топтастырып жазыңыз.
Впишите в таблицу имена собственные по группам.

| Кісі есімдері | Қала және елді мекен атаулары | Өзен-көл атаулары |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

**Жалқы есімдер:** Алматы, Нұрсұлу, Зайсан, Есіл, Қарағанды, Айдар, Жетісу, Ақтөбе, Ғалия, Ақтау, Қорғалжын, Әлібек

*Жауабы:*

| Кісі есімдері | Қала және елді мекендердің атаулары | Өзен-су аттары |
|---|---|---|
| Айдар | Ақтау | Есіл |
| Ғалия | Ақтөбе | Жетісу |
| Әлібек | Алматы | Зайсан |
| Нұрсұлу | Қарағанды | Қорғалжын |

**Жалпы зат есімдер**

**1 жаттығу**
Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

1. Алматы – Қазақстандағы ең үлкен әрі әсем ... 2. Мемлекеттік ... – еліміздің рәмізі. 3. Біздің ауылда жаңа ... ашылды. 4. Біздің сыныпта 24 ... бар. 5. Бүгін ... жылы болып тұр. 6. Қыста ... қалың жауды. 7. Үйде көп ... бар сияқты.
Тиісті сөздер: оқушы, күн, қала, ту, қар, адам, мектеп

*Жауабы:*
*1. Алматы – Қазақстандағы ең үлкен әрі әсем қала. 2. Мемлекеттік ту – еліміздің рәмізі. 3. Біздің ауылда жаңа мектеп ашылды. 4. Біздің сыныпта 24 оқушы бар. 5. Бүгін күн жылы болып тұр. 6. Қыста қар қалың жауды. 7. Үйде көп адам бар сияқты.*

**Жалқы зат есімдер**

**2 жаттығу**
Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужными словами.

1. Мен ... атамыздың «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындаймын.
2. Кеше театрдан ... пьесасын көрдік.
3. Апорт алмасы тек ... ғана өседі.
4. Атақты «Шарын» шатқалы ... орналасқан.
5. Тұрғын үй несиесін алуға ... жеңілдіктер жасайды.
6. ... Жамбыл облысы, Жуалы ауданында туылған.
7. Б. Соқпақбаевтың ... повесін барлық бала оқыған шығар.

**Қажетті сөздер:** Абай, Алматы облысында, М.Әуезовтің «Қаракөз», Бауыржан Момышұлы, «Халық »банкі, «Менің атым Қожа», Алматыда

*Жауабы:*
*1. Мен Абай атамыздың «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындаймын.*
*2. Кеше театрдан М.Әуезовтің «Қаракөз» пьесасын көрдік.*
*3. Апорт алмасы тек Алматыда ғана өседі.*
*4. Атақты «Шарын» шатқалы Алматы облысында орналасқан.*
*5. Тұрғын үй несиесін алуға «Халық» банкі жеңілдіктер жасайды.*
*6. Бауыржан Момышұлы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында туылған.*
*7. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесін барлық бала оқыған шығар.*

**Зат есімнің жіктелуі, көпше, жекеше түрлері**

**1-жаттығу**
Қажетті жалғауларды қойыңыз.
Вставьте нужное окончание.

1. Сіз оқытушы... ба? 2. Ол – заңгер... . 3. Мен қазір жұмыста... . 4. Танысқаныма қуанышты... . 5. Сен Маржан... ба? 6. Сен кәсіпкер... бе? 7. Мен Алматылық... . 8. Қазір үйде... . 9. Мен сіздің әріптесіңіз... . 10. Сен Айгүлдің ағасы... ба?

***Жауабы:***
*1. Сіз оқытушысыз ба? 2. Ол – заңгер. 3. Мен қазір жұмыстамын.*
*4. Танысқаныма қуаныштымын. 5. Сен Маржансың ба? 6. Сен кәсіпкерсің бе?*
*7. Мен Алматылықпын. 8. Қазір үйдемін. 9. Мен сіздің әріптесіңізбін.*
*10. Сен Айгүлдің ағасысың ба?*

**Тәуелдік жалғау**

**1-жаттығу**
Қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте нужный аффикс.

1. Оның кітаб... көп. 2. Менің үй... жаңа. 3. Сенің жағдай... қалай. 4. Сіздің аты-жөн... кім? 5. Сендердің денсаулық... қалай? 6. Сіздердің кеңселер... қайда? 7. Олардың жұмыстар... қалай? 8. Біздің оқу... жақсы. 9. Менің әке... ауылда. 10. Сенің ат... Самат па? 11. Сіздің есім... кім? 12. Оның ана... жас. 13. Менің бала... оқушы.

***Жауабы:***
*1. Оның кітабы көп. 2. Менің үйім жаңа. 3. Сенің жағдайың қалай? 4. Сіздің аты-жөніңіз кім? 5. Сендердің денсаулықтарың қалай? 6. Сіздердің кеңселеріңіз қайда? 7. Олардың жұмыстары қалай? 8. Біздің оқуымыз жақсы. 9. Менің әкем ауылда. 10. Сенің атың Самат па? 11.Сіздің есіміңіз кім?*
*12. Оның анасы жас. 13. Менің балам оқушы.*

**2-жаттығу**
Сәйкес сөздерді қойыңыз.
Вставьте соответствующие слова.

1. ... сыныбымыз тату. 2. ... оқуларыңыз жақсы ма?. 3. ... сабақтарың қалай? 4. ... жағдайымыз тамаша. 5. ... оқуың қалай? 6. ... үйіңіз алыс па? 7. ... денсаулығым өте жақсы. 8. ... отбасымыз үлкен. 9. ... хал-жағдайлары қалай? 10. ... ата-анасы жас адамдар. 11. ... аты-жөнім – Мұратов Бағлан.

**Сәйкес сөздер:**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сендер | Менің | Сенің | Біз | Сіздің |
| Олар | Оның | Біздің | Сендердің | Ол |
| Сіздердің | Олардың | Мен | Сен | Сіз |

***Жауабы:***
*1. Біздің сыныбымыз тату. 2. Сіздердің оқуларыңыз жақсы ма? 3. Сендердің сабақтарың қалай? 4. Біздің жағдайымыз тамаша. 5. Сенің оқуың қалай? 6. Сіздің үйіңіз алыс па? 7. Менің денсаулығым өте жақсы. 8. Біздің отбасымыз үлкен. 9. Олардың хал-жағдайлары қалай? 10. Оның ата-анасы жас адамдар. 11. Менің аты-жөнім – Мұратов Бағлан.*

**Ілік септік**

**1-жаттығу**
Сөздің сәйкес бөлігін қойыңыз.
Вставьте подходящую часть слова.

1. ...дің үйі жақын. 2. ...тің президенті жиналысқа кетті. 3. ...ның кабинеті екінші қабатта. 4. ...тың қабылдауы аяқталды. 5. ...дың жұмысы өте көп. 6. ...нің баласы кішкентай.
Қажетті сөздер: Банк, Майгүл, Бағлан, Сіңлім, Директор, Бастық

*Жауабы:*
*1. Майгүлдің үйі жақын. 2. Банктің президенті жиналысқа кетті.*
*3. Бағланның кабинеті екінші қабатта. 4. Бастықтың қабылдауы аяқталды.*
*5. Директордың жұмысы өте көп. 6. Сіңілмнің баласы кішкентай.*

**2-жаттығу**
Қажетті қосымшаны жалғаңыз.
Вставьте соответствующий аффикс.

1. Асқар... немересі келді.
2. Дәрігер... кеңесін тыңдаңыз.
3. Мұрат... атасы бата берді.
4. Біз... өтінішімізді орындады.
5. Қасен... отбасы той жасады.
6. Айдар... телефонын білесің бе?
7. Жеңгем... аты – Арайлым.

**Қажетті қосымшалар:** -ның/-нің, -тың/-тің, -дың/-дің

*Жауабы:*
1. Асқардың немересі келді.
2. Дәрігердің кеңесін тыңдаңыз.
3. Мұраттың атасы бата берді.
4. Біздің өтінішімізді орындады.
5. Қасеннің отбасы той жасады.
6. Айдардың телефонын білесің бе?
7. Жеңгемнің аты – Арайлым.

**Жатыс септік**

**1-жаттығу**
Қажетті қосымшаларды қойыңыз.
Вставьте соответствующие аффиксы.

1. Есет кабинет... отыр. 2. Ол ауыл... тұрады. 3. Бүгін жұмыс... боламын. 4. Ертең университет... кездесу болады. 5. Асхат машина... отыр. 6. Менің ата-анам шетел... 7. Азамат үйі... жоқ екен. 8. Мектеп... жас мамандар көп. 9. Дәурен мұражай... жұмыс істейді.
Қосымшалар: да/-де, -та/-те, -нда/-нде, -тан/-тен, -ға/-ге

*Жауабы:*
*1. Есет кабинетте отыр. 2. Ол ауылда тұрады. 3. Бүгін жұмыста боламын. 4. Ертең университетте кездесу болады. 5. Асхат машинада отыр. 6. Менің ата-анам шетелде 7. Азамат үйінде жоқ екен. 8. Мектепте жас мамандар көп. 9. Дәурен мұражайда жұмыс істейді.*

**2-жаттығу**
Қажетті сөздерді қойыңыз.
Вставьте нужные слова.

1. Біздің университет ... . 2. Асан ертең мұз ... болады. 3. Ермек ... шахмат ойнайды. 4. Орталық емхана ... . 5. ... құстың түрі көп. 6. Арман ... оқып жатыр. 7. Бағлан ... тұрып жатыр. 8. Сәуле ... оқып жүр.

**Сөздер:** а) Медеу мұзайдынында, ә) Қызылордаға, б) Мәскеуде, в) Астанада, ғ) бос уақытында, г) Абай даңғылында, д) Жамбыл көшесінде, ж) Қазақстанда, з) университетте, и) мектептен

***Жауабы:***
*1. Біздің университет Абай даңғылында. 2. Асан ертең Медеу мұзайдынында болады. 3. Ермек бос уақытында шахмат ойнайды. 4. Орталық емхана Жамбыл көшесінде. 5. Қазақстанда құстың түрі көп. 6. Арман Мәскеуде оқып жатыр. 7. Бағлан Астанада тұрып жатыр. 8. Сәуле университетте оқып жүр.*

**Шығыс септік**

**1-жаттығу**
Қажетті сөздерді қойыңыз.
Вставьте нужные слова.

1. Мен ол туралы ... сұрадым. 2. Біз ... шықтық. 3. Ол ... қашан шықты? 4. Спорт жарыстары туралы ... естідім. 5. Арман ... шықты. 6. Әкем ... келді. 7. Бұл концертті ... көрдім. 8. ... кеңес алдым.

**Сөздер:** а) оқытушыдан, ә) ауылды, б) ауруханадан, в) радиодан, ғ) Арманнан, г) университеттен, ж) жұмыстан, з) Алматыдан, и) теледидардан. қ) қалаға, к) көшенің

***Жауабы:***
*1. Мен ол туралы Арманнан сұрадым. 2. Біз университеттен шықтық. 3. Ол ауруханадан қашан шықты? 4. Спорт жарыстары туралы радиодан естідім. 5. Арман Алматыдан шықты. 6. Әкем жұмыстан келді. 7. Ол концертті теледидардан көрдім. 8. Оқытушыдан кеңес алдым.*

**Зат есім тудырушы –шы/ші, -хана жұрнақтары**

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына -шы,-ші, -хана қосымшаларының тиістісін қойып жазыңыз.
Вместо многоточия вставьте подходящие аффиксы: -шы, -ші, -хана.

1. Жаңа ауру... салынды. 2. Оқу... емтиханнан бес алды. 3. Айнұр – әрі ән..., әрі би..., өнерлі қыз . 4. Біздің ауылда үлкен ем... бар. 5. Майра – бүгін сыныпта кезек... .
Тиісті қосымшалар: -шы, -ші, -хана

***Жауабы:***
*1. Жаңа аурухана салынды. 2. Оқушы емтиханнан бес алды. 3. Айнұр – әрі әнші, әрі биші, өнерлі қыз . 4. Біздің ауылда үлкен емхана бар. 5. Майра –бүгін сыныпта кезекші.*

**2- жаттығу**
Жақшаны ашып, тиісті қосымшаны қойыңыз.
Раскрывая скобки, вставьте соответствующие аффиксы.

Оқыту... (шы/ші), кітап...(хана, шы), бас...(шы/ші), дәрі...(ші, хана), сату...(хана, шы), күзет...(ші/шы), ас...(ші, хана), есеп...(шы/ші), дәм...(хана, ші), спорт...(шы/ші), шай...(шы, хана), көмек...(шы/ші), мейман...(шы, хана)

> ***Жауабы:***
> *Оқытушы, кітапхана, басшы, дәріхана, сатушы, күзетші, асхана, есепші, дәмхана, спортшы, шайхана, көмекші, мейманхана*

**Сөз түрлендіруші жұрнақтар**

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужные аффиксы.

1. Кішкентай Мирас – өте ерке... бала. 2. Ана..., өзіңді қатты сағындым. 3. Қар..., сіз маған көмектесіп жіберіңізші. 4. Бейсе..., сізді ағам шақырып жатыр. 5. Аға..., сәлеметсіз бе?

**Тиісті қосымшалар:** -еке, -жан, -ке, -й, -тай

> ***Жауабы:***
> *1. Кішкентай Мирас – өте еркетай бала. 2. Анажан, өзіңді қатты сағындым. 3. Қареке, сіз маған көмектесіп жіберіңізші. 4. Бейсеке, сізді ағам шақырып жатыр. 5. Ағай, сәлеметсіз бе?*

**Дара сын есімдер. Негізгі сапалық сын есімдер**

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные слова.

1. Менің отбасым үлкен емес, ... . 2. Менің ата-анам – мейірімді, ... адамдар.
3. Олар маған ойыншық мысық сыйлады, оның түсі ... . 4. Мен ... ойыншықтармен ойнауды ұнатамын. 5. Менің ... ойыншығым бар.

**Тиісті сөздер:** сұр, шағын, көп, жақсы, жұмсақ

> ***Жауабы:***
> *1. Менің отбасым үлкен емес, шағын. 2. Менің ата-анам – мейірімді, жақсы адамдар. 3. Олар маған ойыншық мысық сыйлады, оның түсі сұр. 4. Мен жұмсақ ойыншықтармен ойнауды ұнатамын. 5. Менің көп ойыншығым бар.*

**Жіктеу есімдігі**

**1-жаттығу**
Сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

1 ... бүгін атам мен әжеме қонаққа барамыз. 2. ... ауылда тұрасыңдар. 3. ... атам мен әжемді өте жақсы көремін. 4. Көкем де ауылда тұрады, ... атам мен әжеммен бірге тұрады.

**Қажетті сөздер:** сендер мен, ол, біз

> ***Жауабы:***
> *1. Біз бүгін атам мен әжеме қонаққа барамыз. 2. Сендер ауылда тұрасыңдар. 3. Мен атам мен әжемді өте жақсы көремін. 4. Көкем де ауылда тұрады, ол атам мен әжеммен бірге тұрады.*

**Сілтеу есімдігі**

**1-жаттығу**
Жақшаны ашып, тиісті сөзді қойып жазыңыз.
Раскрывая скобки, дополните предложения нужными словами.

1. (Бұл, сол) ... мұртты кісі – менің әкем. 2. Ал (бұл, мына) ... ер кісі – ол көкем.
3. (Осы, мынау)... үлкен ақ үй – біздің үйіміз. 4. Біз, ата-әжемізбен бірге (бұл, осы) ... үйде тұрамыз. 4. Ал (сол, мына) ... шағын бөлме менікі. 5. (Анау, міне) ... шеткі бөлме ағамдікі.

> ***Жауабы:***
> *1. Бұл мұртты кісі – менің әкем. 2. Ал мына ер кісі – ол көкем. 3. Мынау үлкен ақ үй – біздің үйіміз. 4. Біз, ата-әжемізбен бірге осы үйде тұрамыз.*
> *4. Ал мына шағын бөлме менікі. 5. Анау шеткі бөлме ағамдікі.*

**2-жаттығу**
Сөйлемдерден сілтеу есімдігін тауып, астын сызыңыз.
Найдите и подчеркните указательные местоимения.

1. Біз бұл кісіні танымаймыз. 2. Ол кісіні бұрын көрген емеспін. 3. Біз де сол көшеде тұрамыз. 4. Досым анау үйде тұрады. 5. Біздің мектеп осы жерге жақын орналасқан.

> ***Жауабы:***
> *1. Біз бұл кісіні танымаймыз. 2. Ол кісіні бұрын көрген емеспін. 3. Біз де сол көшеде тұрамыз. 4. Досым анау үйде тұрады. 5. Біздің мектеп осы жерге жақын орналасқан.*

**Сұрау есімдігі**

**1-жаттығу**
Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

1. Менің әкем зауытта жұмыс істейді. 2. Ол – инженер. 3. Анам – мектепте мұғалім. 4. Анам таңертең сабаққа кетеді. 5. Ол бастауыш сыныпқа сабақ береді.
Сұрақтар: кім? қайда? қашан?кімнің? қандай?

> ***Жауабы:***
> *1. Кімнің әкесі зауытта жұмыс істейді? 2. Ол – кім? 3. Анам – қайда мұғалім? 4. Анам қашан сабаққа кетеді? 5. Ол қандай сыныпқа сабақ береді?*

**Есептік сан есімдер. Сан есімдер мен зат есімдердің байланысы**

**1-жаттығу**
Сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы.

**Үлгі:** Қанша адам келді?
25 адам келді.

1. Сағат қанша болды? … .
2. Анаңыз неше жаста? … .
3. Қанша балаңыз бар? … .
4. Тойға қанша адам шақырасыз? … .
5. Топтарыңда қанша студент бар? ... .
6. Бүгін жиналысқа қанша адам қатысты? ... .
7. Ұжымдарыңда неше адам жұмыс істейді? ... .

> ***Жауабы:***
> *1. Сағат жеті болды.*
> *2. Анам алпыс жаста.*
> *3. Үш балам бар.*
> *4. Тойға жүз елу адам шақырамын.*
> *5. Тобымызда жиырма бес адам бар.*
> *6. Бүгін жиналысқа он төрт адам қатысты.*
> *7. Ұжымымызда он жеті адам бар.*

**2-жаттығу**
Тиісті тіркестерді қойыңыз.
Вставьте соответствующие словосочетания.

1. Менің … бар. 2. Сәбит … алма сатып алды. 3. Оның – жұбайы … жаста. 4. Біздің … келді. 5. Фирманың … іссапарда. 6. Ол бүгін … әңгімелесті. 7. Аулада … тұр.
Сөз тіркестері: төрт әріптесіміз, үш килограмм, отыз екі, екі машина, төрт оқушымен, екі қызметкері, екі қызым

> ***Жауабы:***
> *1. Менің екі қызым бар. 2. Сәбит үш килограмм алма сатып алды.*
> *3. Оның жұбайы отыз екі жаста. 4. Біздің төрт әріптесіміз келді. 5. Фирманың екі қызметкері іссапарда. 6. Ол бүгін төрт оқушымен әңгімелесті. 7. Аулада екі машина тұр.*

**Реттік сан есім. Реттік сан есім мен зат есімнің байланысы**

**1-жаттығу**
Сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы.

1. – Сенің туған күнің қашан?
   – … .
   2. – Кеш нешінші залда өтеді?
   – ... .
3. – Сіз нешінші вагонда келе жатырсыз?
   – … .
4. – Олар қай пойызға билет алды?
   – ... .
5. Сен он бірінші сыныпты қай мектепте оқыдың?
... .
6. – Сіздердің кеңселеріңіз нешінші қабатта?
   – ... .
7. – Сенің үйіңе қай автобус барады?
   – ... .

***Жауабы:***
*1. – Менің туған күнім бесінші мамырда.*
*2. – Кеш үшінші залда өтеді.*
*3. – Мен төртінші вагонда келе жатырмын.*
*4. – Олар тоғызыншы пойызға билет алды.*
*5. – Екінші мектепте оқыдым.*
*6. – Кеңсеміз екінші қабатта.*
*7. – Он алтыншы автобус барады.*

**Негізгі етістіктер**

**1-жаттығу**
Сөйлемдерді тиісті сөздермен аяқтаңыз.
Закончите предложение подходящими по смыслу словами.

1. Сен бүгінгі тапсырманы ... ба? 2. Ертең университетке ... бе? 3. Айсар анасына орамал ... . 4. Кеш жақсы ... . 5. Мен сізді... . 6. Жастарға сәнді киім ... . 7. Сабаққа ... . 8. Досжан қоңыр түсті ... .

**Тиісті сөздер:** а) келесің; ә) құттықтаймын; б) сыйлады; в) орындадың; ғ) дайындалдық; г) жарасады; д) еді; ж) өтті; з) ұнатады; и) жұмыс істеді

***Жауабы:***
*1. Бүгінгі тапсырманы орындадың ба? 2. Ертең университетке келесің бе? 3. Айсар анасына орамал сыйлады. 4. Кеш жақсы өтті. 5.Мен сізді құттықтаймын. 6. Жастарға сәнді киім жарасады. 7. Сабаққа дайындалдық. 8. Досжан қоңыр түсті ұнатады.*

**2-жаттығу**
Сәйкес сөзді табыңыз.
Найдите соответствующее слова.

| | |
|---|---|
| 1. Мен бөлмені ... | А. алды |
| 2. Азамат ауланы ... | Ә. қарсы алдық |
| 3. Еліміз тәуелсіздік ... | Б. болды |
| 4. Біз президентті ... | В. риза болды |
| 5. Жазда Қуаныш Түркияда ... | Г. түсті |
| 6. Ата-анам маған ... | Ғ. оқуға түсті |
| 7. Ерлан биыл ... | Ж. салдым |
| 8. Олар ұшақтан ... | З. ән салды |
| 9. Қарлығаш тамаша ... | И. тазаладым |
| 10. Кітабыңды сөмкеңе ... | Д. тазалап жатыр |

## Етістіктің өткен шағы. Жедел өткен шақ формасы

**1-жаттығу**
Керекті қосымшаларды қойыңыз.
Вставьте нужные аффиксы.

1. Балам мектеп бітір… . 2. Мен екі фирмада жұмыс істе… . 3. Біз асханадан тамақтан… . 4. Сен Алматыда туыл… ба? 5. Сендер қай мектепте оқы… . 6. Сіз бұрын қайда жұмыс істе… ? 7. Олар кеше қонаққа бар… ма? 8. Сіздер кеше футбол ойна… ма? 9. Кеше қар жау… . 10. Асқар университет бітір… . 11. Балалар сабақ оқы… ма?
Қосымшалар: -ды/-ді, -ты/-ті, -ды -м/-ді-м, -ды -қ/-ді -к, -дыңдар/-діңдер, -дыңыздар/-діңіздер

***Жауабы:***
*1. Балам мектеп бітірді. 2. Мен екі фирмада жұмыс істедім. 3. Біз асханадан тамақтандық. 4. Сен Алматыда туылдың ба? 5. Сендер қай мектепте оқыдыңдар. 6. Сіз бұрын қайда жұмыс істедіңіз? 7. Олар кеше қонаққа барды ма? 8. Сіздер кеше футбол ойнадыңыздар ма? 9. Кеше қар жауды. 10. Асқар университет бітірді. 11. Балалар сабақ оқыды ма?*

**2-жаттығу**
Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужными словами.

1. … Шарында демалдық. 2. … дүкенге кетті. 3. … түсіндің бе? 4. … оны түсіндім. 5. … Бурабайда болдыңдар ма? 6. … кеше қайда болдың? 7. ... Астанада қанша жыл тұрдыңыз? 8. … былтыр университет бітірді. 9. … Тенгиз шеврон компаниясында екі жыл жұмыс істедім. 10. … қашан келдіңдер? 11. … қайда оқыдың?.
Сөздер: мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар

***Жауабы:***
*1. Біз Шарында демалдық. 2. Ол дүкенге кетті. 3. Сен түсіндің бе? 4. Мен оны түсіндім. 5. Сендер Бурабайда болдыңдар ма? 6. Сен кеше қайда болдың? 7. Сіз Астанада қанша жыл тұрдыңыз? 8. Ол былтыр университет бітірді. 9. Мен Тенгиз шеврон компаниясында екі жыл жұмыс істедім. 10. Сендер қашан келдіңдер? 11. Сен қайда оқыдың?*

**Етістіктің болымсыз түрі**

**1-жаттығу**
Сөздерді қажетті бағандарға орналастырыңыз.
Расположите слова в соответствующий столбик.

**Сөздер:** жаз, бер, кет, күт, айналыс, қуан, түсін, ки, жұмыс істе, сатып ал, тапсыр, бар, қой, жаса, орнат, түс, көтер, қатыс, жүз, кездес, сыйла, кел, айт, таныс, іш

| -ма | -ме | -па | -пе | -ба | -бе |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

***Жауабы:***

| -ма | -ме | -па | -пе | -ба | -бе |
|---|---|---|---|---|---|
| бар | ки | айт | іш | жаз | түсін |
| жаса | бер | орнат | күт | қуан | жүз |
| сыйла | кел | таныс | түс | | |
| тапсыр | көтер | қатыс | кет | | |
| сатып ал | жұмыс істе | айналыс | кездес | | |

**Нақ осы шақтың жай түрі**

**1-жаттығу**
Қажетті қосымшаларды қойыңыз.
Вставьте нужные аффиксы.

1. Сен сабақта отыр... ба? 2. Сіз Испанияда жүр... бе? 3. Мен жиналыста отыр... . 4. Біз дүкенде жүр... . 5. Сендер қонақта отыр... ма? 6. Ол ауруханада жатыр... ма?

***Жауабы:***
*1. Сен сабақта отырсың ба? 2. Сіз Испанияда жүрсіз бе? 3. Мен жиналыста отырмын. 4. Біз дүкенде жүрміз. 5. Сендер қонақта отырсыңдар ма? 6. Ол ауруханада жатыр ма?*

**Қосымшалар:** -мын/-мін, -сың/-сің, -сыңдар/-сіңдер, -сыз/-сіз, -сыздар/ -сіздер, -мыз/-міз

**2-жаттығу**
Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужные слова.

1. Айнұр кинода ... .
2. Арман университетте ... .
3. Мен аялдамада ... .
4. Сен саябақта ... ба?
5. Сіз көрмеде ... бе?
6. Біз бақта ... .
7. Сіздер демалыста ... ме?

**Сөздер:** тұрмын, отыр, жүр, отырсың, тұрмыз, жүрсіз, отырмыз, жүрсіздер, тұрсыздар

**Ауыспалы осы шақ**

**1-жаттығу**
Берілген сөздерден ауыспалы осы шақ формасында сөйлем құрастырыңыз
Из данных слов составьте предложения в настоящем переходном времени.

1. Әлі, оқу, мен, университетте.
2. Тұру, ерте, мен, күнде.
3. Ағылшынша, жолдасым, жақсы, білу.
4. Бәріміз, оны, тану, жақсы.
5. Дәрігер, ол, жұмыс істеу, емханада, болып.
6. Ата-анасын, сыйлау, Асылбек.
7. Біз құрметтеу, қазақ тілін.
8. Асан, тамаша, ойнау, домбырада.

> ***Жауабы:***
> *1. Мен әлі университетте оқимын.*
> *2. Мен күнде ерте тұрамын.*
> *3. Жолдасым ағылшынша жақсы біледі.*
> *4. Оны бәріміз жақсы танимыз.*
> *5. Ол дәрігер емханада болып жұмыс істейді.*
> *6. Асылбек ата-анасын сыйлайды.*
> *7. Біз қазақ тілін құрметтейміз.*
> *8. Асан домбырада тамаша ойнайды.*

**Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі**

**1-жаттығу**
Керекті сөздерді жазыңыз.
Впишите нужные слова.

1. Біз ешқашан ... 2. Ол құжаттармен ... 3. Жайна асты дәмді … 4. Мен жұмысқа көлікпен … 5. Сен қазір спортпен … ба? 6. Сіз Абай көшесін ... бе? 7. Ерлан суық су ... 8. Қазір мен Астанада ...
Сөздер: бармаймын, кездеспейміз, пісірмейді, таныспайды, айналыспайсың, тұрмаймын, ішпейді, білмейсіз

*Жауабы:*
*1. Біз ешқашан кездеспейміз. 2. Ол құжаттармен таныспайды. 3. Жайна асты дәмді пісірмейді. 4. Мен жұмысқа көлікпен бармаймын. 5. Сен қазір спортпен айналыспайсың ба? 6. Сіз Абай көшесін білмейсіз бе? 7. Ерлан суық су ішпейді. 8. Қазір мен Астанада тұрмаймын.*

**2-жаттығу**
Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.
Дайте отрицательные ответы на вопросы.

**Үлгі:**
– Сіз ағылшынша түсінесіз бе?
– Жоқ, түсінбеймін.

1. – Таңертеңгі асты сіз әзірлейсіз бе?
   – ... .
2. – Катя қазақша түсінеді ме?
   – ... .
3. – Мына жерде темекі шегуге бола ма?
   ... .
4. – Сіз таңертең серуендейсіз бе?
   ... .
5. – Сен парашютпен секіруді ұнатасың ба?
   ... .
6. – Сіз қоғамдық көлікпен жүресіз бе?
   ... .
7. – Сен кофені жиі ішесің бе?
   ... .

*Жауабы:*
*1. Жоқ, мен әзірлемеймін.*
*2. Жоқ, Катя қазақша түсінбейді.*
*3. Жоқ, бұл жерде темекі шегуге болмайды.*
*4. Жоқ, мен таңертең серуендемеймін.*
*5. Жоқ, ұнатпаймын.*
*6. Жоқ, қоғамдық көлікпен жүрмеймін.*
*7. Жоқ, жиі ішпеймін.*

**Шылау. Ыңғайлас жалғаулық шылау**

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойыңыз
Вместо многоточия вставьте соответствующие союзы.

1. Асқар ... Қайрат – тату достар. 2. Олар балабақшаға ... бірге барды, мектепте ... бір сыныпта оқиды. 3. Асқар – әнші ... күйші бала. 4. Айшат ... Айгүл – олардың достары. 5. Гүлнәз ... Гүлнәр көрші тұрады.
Тиісті шылаулар: және, әрі, пен, да, де, мен

*Жауабы:*
*1. Асқар мен Қайрат – тату достар. 2. Олар балабақшаға да бірге барды, мектепте де бір сыныпта оқиды. 3. Асқар - әнші әрі күйші бала. 4. Айшат пен Айгүл – олардың достары. 5. Гүлнәз және Гүлнәр көрші тұрады.*

**2-жаттығу**
Жақшаны ашып шылаулардың қажеттісін қойыңыз.
Раскрывая скобки, вставьте соответствующие союзы.

1. Алмас (пен/бен) Марат саябаққа барды. 2. Олар саябақта Айдар (мен/пен) Нұрланды көрді. 3. Төртеуі хайуанаттар бағына барды (және/әрі) балмұздақ жеді. 4. Оларға кішкентай қонжық (бен/пен) аққулар өте ұнады. 5. Айдар тек сусын ғана ішті, ал Нұрлан сусын ішті (мен/және) самса да жеді.

***Жауабы:***
*1. Алмас пен Марат саябаққа барды. 2. Олар саябақта Айдар мен Нұрланды көрді. 3. Төртеуі хайуанаттар бағына барды әрі балмұздақ жеді. 4. Оларға кішкентай қонжық пен аққулар өте ұнады. 5. Айдар тек сусын ғана ішті, ал Нұрлан сусын ішті және самса да жеді.*

**Сұраулық шылаулар**

**1-жаттығу**
Шылаулардың тиістісін қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложение соответствующими частицами.

1. Маржан, бүгін дүкенге бардың ...? 2. Өзіңе сәнді көйлек сатып алдың ...?
3. Маған лайық әдемі жейде көрдің ...? 4. Ал оның бағасы қымбат ...?
5. Менікі арзан, сенікі ...?
**Тиісті шылаулар:** ба, бе, ше, па, ба

***Жауабы:***
*1. Маржан, бүгін дүкенге бардың ба? 2. Өзіңе сәнді көйлек сатып алдың ба?*
*3. Маған лайық әдемі жейде көрдің бе? 4. Ал оның бағасы қымбат па?*
*5. Менікі арзан ал сенікі ше?*

**Қаратпа сөздер**

**1-жаттығу**
Кестені толықтырыңыз.
Заполните таблицу.

| Тапсырмалар | қаратпа сөздер |
|---|---|
| Ресми қатынаста айтылатын | |
| Еркелеткенде айтылатын | |
| Құрметтеу мәнінде айтылатын | |
| Кішірейту мәнінде айтылатын | |
| Жалыну мәнінде айтылатын | |

**Қажетті қаратпа сөздер:** ағаеке, мырза, балақай, отандастар, атеке, әкетай, қалқатай, ханымдар, сәулеш, еркежан, көкетай, апатай, ағажан, балақан, халайық, інішек, ағай

***Жауабы:***

| Тапсырмалар | қаратпа сөздер |
|---|---|
| Ресми қатынаста айтылатын | отандастар, ағай, халайық |
| Еркелеткенде айтылатын | қалқатай, сәулеш, еркежан |
| Құрметтеу мәнінде айтылатын | ағеке, мырза, ханымдар |
| Кішірейту мәнінде айтылатын | балақай, балақан, інішек |
| Жалыну мәнінде айтылатын | әкетай, көкетай, апатай, ағажан |

**Одағай сөздер**

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына қажетті одағайды қойыңыз.
Вставьте соответствующие слова вместо многоточия

1. ..., сабаққа кешігетін болдым-ау. 2. ..., ағам мектепті «Алтын белгіге» бітірді. 3. ..., жарыстан 1-орын алсам ғой. 4. ..., сен қайда барасың? 5. ..., мына бала суретті керемет әдемі салады екен.
Қажетті одағайлар: алақай, ей, мәссаған, пай-пай, шіркін, қап, бәрекелді

***Жауабы:***
*1. Қап, сабаққа кешігетін болдым-ау. 2. Алақай, ағам мектепті «Алтын белгіге» бітірді. 3. Шіркін, жарыстан 1-орын алсам ғой. 4. Ей, сен қайда барасың? 5. Пай-пай, мына бала суретті керемет әдемі салады екен. 6. Мәссаған, сен осылай істейді деп ойламап едім. 7. Бәрекелді, өнер деп осыны айт!*

**2-жаттығу**
Сөйлемдерден одағайларды тауып, астын сызыңыз.
Найдите в предложениях междометия и подчеркните их.

1. Ойпырым-ау, не деп тұрсың? 2. Түу, тағы да кітапшамды ұмытып кетіппін-ау. 3. Әлди-әлди, ақ бөпем, ұйықтай ғойшы, жан бөпем. 4. Уа, әпке, қойшы енді, ұрса бермеші. 5. Өй, өзің айтқанды тыңдамайды екенсің ғой.

***Жауабы:***
*1. Ойпырым-ау, не деп тұрсың? 2. Түу, тағы да кітапшамды ұмытып кетіппін-ау. 3. Әлди-әлди, ақ бөпем, ұйықтай ғойшы, жан бөпем. 4. Уа, әпке, қойшы енді, ұрса бермеші. 5. Өй, өзің айтқанды тыңдамайды екенсің ғой.*

# 3 Оқылым бөлігінің қосымшасы
## Приложение к блоку Чтение

### Оқылым бөлігі бойынша дағды қалыптастыратын жаттығулар
Упражнения для формирования навыков чтения

**1-мәтін**
26 тамыз күні Студенттер Сарайында атақты композитор Алтынбек Қоразбаевтың ән кеші өтеді.

**1** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

26 тамызда ... өтеді.
A) студенттердің ән-жыр кеші өтеді
B) Студенттер Сарайының ашылуы
C) А. Қоразбаевпен кездесу кеші
D) танымал композитордың ән кеші

Ė Мұндай тапсырма тіл үйренушінің төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің мағынасын дәл түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты салыстыру;
3) мәтінде берілген сөздердің баламасын пайдалану;
4) мәтін мазмұнын анықтайтын ақпаратты табу.

**2-мәтін**
18 тамыз күні Тараз қаласының орталығындағы Самал ықшамауданында «Рахат» кондитерлік фабрикасының азық-түлік дүкенінің ашылуы болады.

**2** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Он сегізінші тамызда ... .
A) «Рахат» дүкені ашылады
B) кондитерлік фабрика ашылады
C) азық-түлік дүкенінің ашылуы болады
D) «Самал» дүкенінің ашылуы болады

Ė Мұндай тапсырма тіл үйренушінің төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің мазмұнын нақты түсіну;
2) мәтін мазмұнын анықтайтын ақпаратты табу;
3) мәтінде келтірілген ақпаратқа ұқсас ақпаратты жүйелеу;
4) мәтінде берілген ақпаратты есте сақтау дағдылары.

**3** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) «Рахат» – кондитерлік фабрика.
B) Тараз қаласында азық-түлік дүкені ашылды.
C) Самал ықшамауданы – Тараз қаласының орталығы.
D) Тараз қаласында кондитерлік фабрика ашылды.

Ė

Аталған тапсырма тіл үйренушіде төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіндегі ақпарат мазмұнын толық түсіну;
2) мәтінде айтылған ақпарат қарама-қайшы келетін ақпаратты табу;
3) мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу;
4) мәтіннің мазмұнын түсінуді бағалау;
5) мәтіндегі ақпаратқа сәйкес келетін сөздердің баламасын дұрыс табу.

**3-мәтін**

Менің есімім – Азамат. Мен Алматыдағы Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназияның он бірінші сыныбында оқимын. Мен болашақта заңгер болуды армандаймын.

**4** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Азамат ... .
A) Алматыда оқиды
B) мектепте жұмыс істейді
C) Алматы қаласында жұмыс істейді
D) №159 гимназияда заңгер болып істейді

Ė

Бұл тапсырма тіл үйренушіде келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің мағынасын дәл түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты салыстыру;
3) сөздердің баламасын пайдалану дағдылары;
4) мәтін мазмұнындағы негізгі ақпаратты анықтау;
5) мәтінде берілген ақпаратты есте сақтау дағдылары.

**5** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Менің атым – Азамат.
B) Азамат – танымал заңгер.
C) Азамат – 11 сынып оқушысы.
D) Азамат Алматы қаласында тұрады.

Ė

Аталған тапсырма тіл үйренушіде төмендегідей дағдыларды қалыптастырады:
1) мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну;
2) мәтінде айтылған ақпаратқа қайшы келетін ақпаратты табу;
3) мәтіндегі негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты салыстыру;
4) мәтіннің мазмұнын түсінуді бағалау;
5) мәтінде берілмеген ақпаратты табу дағдысы.

**6** Мәтін бойынша сәйкес жауабын табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий тексту.

| | |
|---|---|
| | дәрігермін |
| | мұғаліммін |
| Мен | заңгермін |
| | кітапханашымын |
| | банк қызметкерімін |
| | оқушымын |

Ė

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің жалпы мазмұнын дұрыс түсіну;
2) мәтін бөліктеріндегі берілген ақпараттың шынайылығын анықтау;
3) мәтін мазмұнындағы сөздердің баламасын білу және ұқсас ұғымдарды пайдалану;
4) мәтінде берілген ақпараттың шынайы немесе жалғандығын анықтау;
5) мәтінде келтірілген ақпаратқа ұқсас ақпаратты салыстыру;
6) мәтіндегі ақпаратқа сәйкес келетін сөздердің мағынасын және олардың баламасын дұрыс түсіну;
7) мәтін ақпараттарын қорытындылай білу;
8) мәтіннің мазмұнын түсінуді бағалау.

**4-мәтін**

Менің мамандығым – кітапханашы. Мен Ұлттық кітапханада жұмыс істеймін. Кітапхана Алматы қаласындағы Абай даңғылы мен Абылай хан көшесінің қиылысында орналасқан. Кітапханаға күн сайын көп оқырмандар келеді. Сенбі күні кітапханаға келуші оқырмандар саны өте көп. Кітапхана қоры да бай. Кітапханадан әрбір оқырман өзіне қажетті кітаптардың барлығын да таба алады.

**7** Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с текстом.

Абылай хан даңғылында ... орналасқан.
A) Ұлттық кітапхана
B) Абай атындағы кітапхана
C) Алматы қаласы
D) Кітапханашылар тұрады

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену;
2) мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл түсіну;
3) мәтін мазмұны бойынша берілген ақпаратты анықтау;
4) мәтіндегі ақпараттардың шынайылығын анықтау;
5) мәтінде берілген ақпаратты толық және дұрыс түсіну;
6) мәтін мазмұнын анықтайтын ақпаратты нақтылау;
7) мәтіндегі ақпаратты салыстыру дағдыларын қалыптастырып, бағалайды.

**8** Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на следующие вопросы по тексту.

1. Ол қайда жұмыс істейді?
2. Ұлттық кітапхана қайда орналасқан?
3. Кітапханаға күніне неше оқырман келеді?

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіндегі ақпараттың мазмұнын дұрыс түсіну;
2) мәтіндегі негізгі ақпараттың шынайылығын анықтау;
3) сұрақ-жауап арқылы мәтін мазмұнын анықтай білу;
4) мәтіндегі ақпараттарды талдау қабілеті;
5) сұрақтың мәтін мазмұнына сәйкес немесе сәйкес еместігін анықтай білуі;
6) мәтін мазмұнында жауабы бар сұрақты табу.

**5-мәтін**

Қазақстан – өте бай республика. Қазір республика астанасы – Астана қаласы. Бұл – болашақтың қаласы. Астана күн сайын гүлдене түсуде.

Астана – жаңа қала, бірақ оның бай тарихы бар. Маған Қазақстан өте ұнайды.

**9** Мәтінге сәйкес келетін сөйлемді табыңыз.
Найдите соответстующее тексту предложение.

1. Мен күнде кітап оқимын. 2. Мен Қазақстанда тұрамын. 3. Бүгін киноға бардық. 4. Қазақстаннның әсем қалалары көп. 5. Қазір емтихан басталады. 6. Менің туған жерім – Қазақстан.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтінді құрауға негіз болатын басты тірек сөздерді табу;
2) мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл түсіну;
3) сөздердің баламасын, мағыналары ұқсас ұғымдарды пайдалану.
4) мәтін мазмұнын толық түсіну;
5) мәтіндегі ақпараттардың шынайылығын анықтау;
6) мәтінде берілген ақпаратты толық және дұрыс түсіну.

**10** Көп нүктенің орнына басты тірек сөздерді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте главные опорные слова.

1. Қазақстанда ... мұражайлар бар. 2. Мен Қазақстанның ... . 3. Шетелден біздің отандастарымыз ... келді. 4. Қазақ халқы – ... халық.

**Тірек сөздер:** көшіп, азаматымын, қонақжай, тарихи

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіндегі ақпараттың мазмұнын дұрыс түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл ұғыну;
3) мәтінде берілген басты тірек сөздерді есте сақтау;
4) мәтіндегі тірек сөздерді анықтай білу;
5) мәтіндегі тірек сөздердің мағынасын толық және нақты түсіну;
6) берілген сөздерді мәтін мазмұнымен салыстыру, ақпаратты жүйелеу;
7) мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну үшін тілдік құралдарға сүйену.

**6-мәтін**

Мен билет алу үшін вокзалға келдім. Вокзалда пойызға билет алушылардың саны онша көп емес екен. Менің кезегім тез келді. Екі билет сатып алдым. Маған пойыздың қай кезде келетінін, қашан жүретінін кассада түсіндіріп берді. Кассадағы билет сатушыға алғысымды білдірдім.

**11** Берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.
Сопоставьте данные слова.

| | |
|---|---|
| Вокзалда | орындар |
| Бос | жолаушылар |
| Кассада | пойыз |
| Кезек | билет |
| Екі | келді |
| Жаңа | алдым |
| Сатып | адамдар |

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіндегі сөздердің баламасын дұрыс түсіну және ұқсас ұғымдарды пайдалану;
2) мәтін мазмұнына сәйкес келетін негізгі ақпаратты нақты түсіну;
3) мәтін мазмұнын толық түсіну;
4) мәтіндегі ақпараттардың шынайылығын анықтау;
5) мәтінде берілген ақпаратты толық түсіну;
6) мәтін мазмұнын анықтайтын ақпаратты нақтылау.

**7-мәтін**

**Туған жер**

Қазақстан – біздің сүйікті Отанымыз. Көрсең көз тоймас асқар шыңды таулары, айдын шалқар көлдері мен өзендері, ну ормандары бар. «Отан отбасынан басталады» – деп халқымыз айтқандай, Отан – кең мағыналы, қасиетті ұғым. Әрбір адамның отбасы, тұрған мекені, өскен ортасы, аймағы, мемлекеті – оның жарық дүниедегі жансаясы, өмір өрісі, оттай жандырған Отаны. Отанымызды сүйіп, аялау үшін еліміз, туған жеріміз оның тарихын, өткені мен бүгіні жайлы жақсы білуіміз қажет.

**12** Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на данные вопросы.

1. Қазақстанда қандай өзендер, көлдер бар?
2. Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?
3. Әрбір азамат нені білуі керек?

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнының жалпы мағынасын түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл түсіну;
3) сұрақ-жауап арқылы мәтін мазмұнын анықтау.

**8-мәтін**

## Дастарқан жаю

Дастарқан жаю мынадай мәндерді білдіреді: үстелдің таңертеңгі асқа, түскі асқа, кешкі асқа дайындалуы, үстелдегі ыдыс-аяқтардың, құрал-аспаптардың, асханалық маталардың орынды қойылуы. Қазақта дастарқанға алдымен нан қояды.

**13** Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.
Составьте предложение с данными словами.

Бауырсақ, ет, шелпек, қазы-қарта, соғым, қуырдақ, наурыз көже, жент, құрт, майсөк, талқан, ірімшік, сүзбе, сүрленген ет

**Ė** Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты салыстыру;
3) мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну;
4) мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу дағдысы;
5) сөздердің баламасын пайдалану дағдылары.



**9-мәтін**

## Алатау

Алатау – басынан қысы-жазы қар кетпейтін биік тау. Алатау өңірін адамдар ежелден мекен еткен. Қазір мұнда достығы жарасқан көп ұлттың өкілдері тұрады. Алатаудың етегінде Алматы қаласы орналасқан. Алматы – жасыл желекті әсем қала.

**14** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

1. Алатаудың басынан ... кетпейді.
2. Алатау – ... тау.

**Ė** Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің мазмұнын нақты түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты салыстыру;
3) мәтіннің мағынасын дәл түсіну;
4) сөздердің баламасын пайдалану;
5) мәтін мазмұнындағы негізгі ақпаратты анықтау.

**15** Берілген тірек сөздер арқылы сөйлем құраңыз.
Составьте предложения с помощью опорных слов.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнын түсіну;
2) мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену;
3) мәтін құрауға негіз болып отырған тірек сөздерді анықтай алу;
4) мәтіндегі ақпараттарды ажырата білу.

1. Алатау, Алматы, қала
2. Алматы, тау, достық
4. Алатау, мекен, өкіл
3. Биік, жасыл, ежелгі

**16** Тірек сөздерді бағдарсызыққа орналастырыңыз.
Распределите опорные слова к стрелкам.




Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнын түсіну;
2) мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену;
3) мәтіндегі тірек сөздерді таба білу;
4) мәтіндегі тірек сөздердің баламасын таба білу.

**17** Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.
Составьте предолжение с данными словами.

| | |
|---|---|
| Алатау | әсем қала |
| Алматы | Алматы орналасқан |
| Алатаудың етегінде | көп ұлт өкілдері тұрады |
| Алматы қаласында | биік тау |

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіннің мазмұнын нақты түсіну;
2) мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу;
3) мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну;
4) сөздердің баламасын пайдалану дағдылары.

**18** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

1. Алматы – жасыл қала.
2. Алатаудың етегінде ешуақытта қар болған емес.
3. Алатаудың баурайында Алматы қаласы салынғалы ел мекендейді.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнын жалпы түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну;
3) мәтіндегі ақпаратты салыстыру;
4) мәтіндегі ақпараттарды есте сақтай білу;
5) мәтінде берілмеген ақпаратты табу дағдысы.

**19** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который есть в тексте.

1. Алатау қандай тау?
2. Алатаудың етегінде қай қала орналасқан?
3. Алатау өңірінде кімдер тұрады?
4. Жасыл желекті әсем қала қалай аталады?

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнын жалпы түсіну;
2) мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл түсіну;
3) мәтін мазмұнына сәйкес сұрақты таба білу;
4) сұрақ-жауап арқылы мәтін мазмұнын анықтау.

**10-мәтін**

Алманы тұрақты түрде жеп тұру адам ағзасының жасаруына көмегін тигізеді. Мұны Ұлыбританияның Норич қаласындағы Тағам зерттеу институтының ғалымдары дәлелдеп берді.

Зерттеушілер алманың жүректі, қан айналымын жақсартатындығын анықтады. Алмада қорғаныш жүйесінің қорғау деңгейін арттыратын эпикатехин полифенол атты күрделі химиялық зат бар болып шықты. Бұл элемент қан тамырларының эластикасын жаңартып, тамыр қабырғалары қатаюын 21 пайызға төмендетеді екен. Бұл жағдай адамды инфаркт пен инсульт сияқты қауіпті аурулардан қорғайды.

**20** Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.
Ответьте на следующие вопросы по тексту.

1. Алманы тұрақты пайдалану адам ағзасына пайдалы ма?
2. Зерттеушілер алманың нені жақсартатындығын анықтады?
3. Алманың құрамында қандай химиялық зат бар?
4. Алма құрамындағы эпикатехин полифенол неге үшін пайдалы?

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнын жалпы түсіну мен негізгі ақпаратты анықтау;
2) мәтіндегі бөліктеріндегі берілген ақпаратты нақты және дәл түсіну;
3) сұрақ-жауап арқылы мәтін мазмұнын анықтау қабілеті және есте сақтау.

**21** Берілген басты тірек сөздерді пайдалана отырып, мәтін бойынша сөйлем құраңыз.
Используя опорные слова, составьте предложение по тексту.

алма, адам, ағза, пайда, өмір, жақсарту, көмек, жүрек, қан айналымы, қорғаныш, жүйе, арттыру, қорғау, химиялық зат

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұны бойынша ақпараттың жалпы мазмұнын түсіну;
2) мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену;
3) мәтін мазмұнындағы негізгі ақпарат болатын басты тірек сөздерді табу.

**11-мәтін**

Астана – мемлекеттің саяси орталығы. Астананың негізі 1830 жылы қаланған. Астана – Қазақстанның елордасы. Қала 1832-1961 жылдар аралығында Ақмола қаласы болып аталды да, КСРО-да тың және тыңайған жерлерді көтергенде Целиноград қаласы болып өзгертілді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін астананы көшіру шешімі қабылданды. Сөйтіп, Қазақстанда жаңа Астана пайда болды. Қаланың аты жаңаша Астана деп аталды.

XXI ғасырда Астана әлемдегі ең сұлу, гүлденген астаналардың біріне айналмақ.

**22** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Астананың іргетасы ... қаланды.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтіндегі ақпаратты нақты және дұрыс түсіну;
2) мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпаратпен салыстыру;
3) мәтіндегі мағыналары ұқсас ұғымдарды дұрыс пайдалана білу;
4) мәтін бойынша негізгі тірек сөздердің баламасын дұрыс пайдалану.

**23** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

1. Қала тың және тыңайған жерлерді көтерген жылдары Ақмола деп аталды.
2. Астана қаласының негізгі іргетасы 1830 жылы қаланған.
3. Қаланың аты – Астана деп атанды.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін жауаптарында берілген ақпараттың шынайы, шынайы еместігін анықтау;
2) мәтінде негізгі берілген ақпаратқа қарама-қайшы ақпаратты табу;
3) мәтінде берілмеген ақпаратты жауаптан табу;
4) мәтіндегі негізгі сөздердің баламасын табу және пайдалану.

**12-мәтін**

Қазақстан Республикасының табиғаты әр алуан. Мұнда жазық дала, тау, орман, өзен, көлдер кездеседі.

Жетісу өңірінде ақ басты таулар мен одан басталатын сарқырамалар, жидегі мол сайлар мен көгалдар көршілес жатыр. Орталық Қазақстан жазық даласын, ұсақ қыраттарын, әдемі де сирек құстар мекені – Теңізді мақтан етеді. Солтүстік пен Шығыста қарағайлы ормандардың әдемілігі көз тартады.

Маңғышлақ бұғазында теңіз деңгейінен төмен орналасқан Қарақия ойпаңы бар. Елімізде бірнеше табиғат қорығы бар, олар мемлекет қамқорлығына алынған.

Қазір Қазақстанда табиғат байлығын қорғау, оны арттыру үшін «Жасыл ел» бағдарламасы жұмыс істеуде. Ол дүниежүзілік «Гринпис» қозғалысымен үндес. «Жасыл ел» жастарды табиғаты қорғауға, сақтауға шақырады.

**24** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

1. Қазақстанның табиғаты ... .
2. Қазақстанда ... , ..., ..., .., бар.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін бойынша ақпараттың жалпы мазмұнын түсіну;
2) мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпаратпен салыстыру;
3) мәтін бөліктерінде берілген ақпаратты нақты және дұрыс түсіну;
4) мәтін мазмұнында берілген сөздердің баламасын пайдалану.

**25** Берілген басты тірек сөздер арқылы сөйлем құраңыз.
С помощью опорных слов составьте предложения.

1. Маңғышлақ, Қарақия, ойпат, Теңізді, құстар
2. Жетісу, тау, жеміс, жидек, сарқырама
3. Шығыс Қазақстан, Өскемен, орталық, мекен, қорық
4. Қазақстан, табиғат, дала, тау, өзен, көл

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену;
2) мәтін мазмұнын құрауға негіз болатын кілт сөздер мен ұғымдарды табу;
3) мәтінде берілген ақпараттың нақты екенін табу және дәл пайдалану;
4) мәтін мазмұнындағы негізгі ақпаратты қосымша ақпаратпен салыстыру.

**26** Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.
Ответьте на следующие вопросы по тексту.

1. Қарақия ойпаңы қайда орналасқан?
2. «Жасыл ел» қандай қозғалыспен үндес?
3. Қазақстан Республикасының табиғаты қандай?
4. «Жасыл ел» бағдарламасы жастарды неге шақырады?

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады:
1) мәтін мазмұны бойынша ақпаратты жалпы түсіну;
2) мәтіндегі мағыналары ұқсас ұғымдарды пайдалана алу;
3) сұрақ-жауап арқылы мәтін мазмұнын анықтау қабілетін білу.

**27** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

1. Қазақстанның табиғаты әр түрлі.
2. Жетісу өңірінде таулар бар.
3. Қазақстанда көптеген қорықтар бар.
4. Алатау тауы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларды қалыптастырады:
1) мәтін мазмұнындағы ақпараттың шынайылығын анықтау;
2) мәтіндегі негізгі ақпараттарды толық және дәл түсіну;
3) мәтін бөліктеріндегі ақпараттарды мәтін мазмұнымен салыстыру.

**28** Мәтінге сәйкес келетін басты тірек сөздерді көрсетіңіз.
Укажите главные опорные слова, соответствующие тексту.

1. Қазақстан, табиғат, таулар, қорықтар, байлық, қорғау.
2. Тау, көл, теңіздер, балықтар, жануарлар, кен, өсімдік.

Ė Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдысын қалыптастырады:
1) мәтіннің жалпы мазмұнын толық түсіну;
2) мәтіндегі негізгі тірек сөздерді дәл анықтау;
3) мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену.

# 4 Жазылым бөлігінің қосымшасы
## Приложение к блоку Письмо

**1** Көп нүктенің орнына к, ғ, қ, х дауыссыздарының бірін қойып жазыңыз.
Вставьте вместо многоточия один из согласных к, ғ, ғ, қ, х.

1) Қазақстанда өзен-... өлдер ...өп.
2) Ол ... аламмен сурет сал... анды ұнатады.
3) Мен досымды ма...тан тұтамын.
4) Кітап...анада о...ушылар кездесу өткізді.
5) Әкем өзен жа...асында ұза... отырды.
6) Электронды поштамен досыңа ...ат жіберіп, ...абарласып тұру...а болады.
7) Жолдасым бокспен шұ...ылданады.

**2** Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқасын қойып жазыңыз.
Выберите правильный вариант и вставьте его вместо многоточия.

1) Апам ұзақ (шай, шәй) ішті.
2) Интернет (әлемге, алемге) кең тараған.
3) Бұлттар (жәй, жай) қозғалады.
4) (Қазір, қәзір) компьютерсіз жұмыс жасау қиын.
5) Демалысты (арбір, әрбір) адам асыға күтеді.
6) Алматы – (асем, әсем) қала.
7) (Әрқашан, әр қашан) өз тіліңді қадірле.
8) Кездесуге (әріптестер, аріптестер) келді.

**3** Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқасын қойып жазыңыз.
Выберите правильный вариант и вставьте его вместо многоточия.

1) Қазақстанда университеттер к...п.
2) Шымкентте Тұрар Рысқұловқа ескерткіш ...рнатылған.
3) Ақын туған жер туралы ...лең жазды.
4) Астанада желт...қсанда саммит ...тті.
5) Қыздар да б...рік киеді.
6) ...зімді бақыттымын деп санаймын.

**4** Көп нүктенің орнына ы, і әріптерінің бірін қойып жазыңыз.
Вставьте вместо многоточия одну из букв ы или і.

1) Ана т..лі ана сүт...мен сіңеді.
2) Жинал...сқа кеш...г...п келді.
3) Наурызға ұлтт...қ ки..м ки...п келді.
4) Қаз...р жастар электронды пошта арқылы хабарласад... .
5) Ана мей...р...мі шексіз.

**5** Көп нүктенің орнына н, ң әріптерінің бірін қойып жазыңыз.
Вставьте вместо многоточия один из букв н или ң.

1) Интернет желісіне қосылуы... керек.
2) Ақындар өле...дерін оқыды.
3) Ауыл тауды... етегінде орналасқан.
4) Қиы... жұмыс шаршатады.
5) Ішік а...ның терісінен тігіледі.
6) Әселдің сі...лісі – ша...ғышы.
7) Ол суреттерін маға... көрсетті.

**6** Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қойыңыз.
Вставьте необходимые знаки препинания.

1) Менің ағамның аты – Өркен
2) Ол тауды ұнатады
3) Досым – суретші
4) Құрбым электронды мекенжайыңды хабарла деді
5) Алақай, мен оқуға түстім
6) Ал сіз ше
7) Бірінші байлық денсаулық деген мақалдың мәні зор
8) Жаңа үйге көшіп келген досым Әділжан

**7** Жақшадағы сөздердің дұрыс нұсқасын қойып жазыңыз.
Выберите правильный вариант из слов в скобках.

1) (Кейбіреулер, кей біреулер) күзгі жаңбырды ұнатпайды.
2) Жаз (әлде қашан, әлдеқашан) аяқталған.
3) (Ешуақытта, еш уақытта) ата-анаңды ренжітпе.
4) (Әр адам, әрадам) уақытын тиімді пайдалану қажет.
5) (Кейкезде, кей кезде) жігіттер аңның терісінен бөрік киеді.
6) Бір сөзді (әлденеше, әлде неше) рет қайталап үйрен.

**8** Жақшадағы сөздердің дұрыс нұсқасын қойып жазыңыз.
Выберите правильный вариант из слов в скобках.

1) Айтатын сөзіңді (алдын-ала, алдын ала) ойлан.
2) (Қысы жазы, қысы-жазы) стадионда жүгіреді.
3) Маған Астананың (ауа райы, ауа-райы) ұнайды.
4) Қонақ күтуге арналған (ыдыс-аяқ, ыдыс аяқ) сатып алдым.
5) Қазақтар өз тілін (ана-тілі, ана тілі) деп атайды.
6) Демалысты (әке шешеммен, әке-шешеммен) өткізгім келеді.
7) Досым электронды (мекенжайымды, мекенжайымды) сұрады.

**9** Белгіленген сөздерді қажетті синоним сөздермен ауыстырыңыз.
Выделенные слова замените соответствующими синонимами.

1) Алматы – әдемі қалалардың бірі.
2) Асқар салмақты жігіт екен.
3) Мұғалімдердің жалақысы өсетін болды.
4) Ағамның жолдасы ауыр атлетикамен шұғылданады.
5) Есжан құрылысшы мамандығын меңгерген.
6) Астанада тұратын ағайындарым көп.
Қажетті сөздер: кәсіп, ұстаз, сабырлы, туыстар, әсем, досы, айналысады

## 10 Жалғауларды дұрыс жалғаңыз.
Добавьте соответствующие окончания.

1) Күзгі жапырақ (-дар/-тар/ -лар) сары түске боялды.
2) Ана тіл (-ым/-ім) – қазақ тілі.
3) Бекзат Саттарханов – бокс (-ден/ - тан/ -лен/- -дан) Олимпиада чемпионы.
4) Мен Абайдың өлеңдерін ұната (-сың/ -ды/ -сыз/ -мын).
5) Досым (-ні/ --ты/ -ды/ -лі) кітапханадан таптым.
6) Әнді домбыра (-ман/ - бан/ -пен/ -мен) айтты.
7) Шетелден келген студенттер жатақхана (-ге/ -қа/ -ке/ -ға) орналасты.

## 11 Синонимдік қатарды жалғастырыңыз.
Продолжите синонимический ряд.

1) Адам ~ ...
2) Азайту ~ ...
3) Анық ~ ...
4) Әдіс ~ ...
5) Айлық ~ ...
6) Ақылдасу ~ ...
7) Ақылды ~ ...
8) Алыс ~ ...
9) Сұрау ~ ...
10) Сүйкімді ~ ...
11) Көмектесу ~ ...
12) Қыдыру ~ ...
13) Әзіл ~ ...
14) Күшті ~ ...
15) Жеңу ~ ...
16) Шыдамсыз ~ ...

## 12 Сөздерді дұрыс тіркестіріңіз.
Составьте правильные словосочетания.

1) Күлу (шаттанып, қарш-қарш, тәйт, қой, ақырын, сайын, алтыншы, жүзден бір, қышқылтым, өте өткір, қарқылдап, жиегі, сыңғырлап, ғой, яғни).
2) Ащы (тамақ, кел, жел, кеме, көңіл, шанышқы, бұрыш, қияр, өмір, арасы, күрк-күрк, көгілдір, қап-қара, әдейі, күндіз, айтты, жарысты).
3) Былтыр (жазды, қоңыр, үлгі, келді, қап, әрең, күткен, аяғы, тау, тас, ақшыл, түгел, айтты, қойды, қырықтан, жеңді, міне, барлығы).

## 13 Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құраңыз.
Составьте предложения, расположив слова в правильном порядке.

1) Қатты / бүгін / өзгерді / Астана.
2) Терісінен/ аңның / тігеді /бөрікті/ бағалы.
3) Саны /үйренгендер/ тілін / көбеюде/ қазақ.
4) Сусындардың/ қымыз/ ұлттық/ бірі.
5) Көрген/тон/ана/пішер.
6) Қорқақ/қол/батыр/көз.
7) Студенттер/оқиды/ Қазақстанда/көп/шетелдік.

## 14 Жалғасын табыңыз.
Найдите продолжение.

1) Оқысаң... ...сусын ішіңіз.
2) Аяғың ауырса... ...күн жылынады.
3) Көп ұйықтасаң... ...қолыңмен сүртпе.
4) Шөлдесеңіз... ...басың ауырады.
5) Көзің ауырса... ....көп жүрме.
6) Жаз шықса... ...түсінесің.

# Қосымша мәліметтер
## Дополнительная информация

Спортпен, денсаулық, бассейнге, қызметтес, достарыммен сияқты сөздерде жуан-жіңішке дауыстылар араласып кеткен. Неге?
Себебі:
1) спорт, бассейн, қызмет сөздері басқа тілден енген;
Орыс, араб және т.б. тілдерінен енген кірме сөздерде жуан, жіңішке дауыстылар аралас қолданылады.
Заимствованные слова не подчиняются действию закона сингармонизма. Например: мұғалім, қазір, кітап, физика, геометрия т.б.

Денсаулық сөзі «ден(і)» + сау (лық) сияқты екі түрлі сөздің бірігуінен жасалған сөз, сол себепті кейбір біріккен сөздерде жуан, жіңішке дауыстылар аралас қолданылады.
Правописание некоторых сложных слов не подчиняются закону сингармонизма.
Мысалы, Жезқазған, Шымкент, шекара, баспасөз, телефонхат, дәрісхана, емхана т.б.

Кейбір күрделі сөздер баспасөзде әртүрлі жазылуы мүмкін. Бұндай сөздердің дұрыс емлесі орфографиялық сөздікте берілген.
Некоторые сложные слова иногда пишутся через дефис. В орфографическом словаре приведены правила написания таких слов.

| Қате нұсқасы<br>Неправильный вариант | Дұрыс нұсқасы<br>Правильный вариант |
|---|---|
| алдын-ала | алдын ала |
| ауа-райы | ауа райы |
| жан-дүниесі | жан дүниесі |
| мекен-жай | мекенжай |
| көңіл-күйі | көңіл күйі |

| **Диктант мәтіндерінде кездесетін сөздерге балама (синоним) сөздердің үлгілері:** |
|---|
| Образцы некоторых близких по значению слов (синонимов), встречающихся в диктантах: |
| **А** |
| *Айналысу ~ шұғылдану,*<br>*Ақшыл жүзді~ аққұба*<br>*Армандау ~ қиялдау*<br>*Асыл ~ қымбат*<br>*Ата-ана ~ әке-шеше* |
| **Ә** |
| *Әлем ~ дүние жүзі ~ жер жүзі*<br>*Әріптес ~ қызметтес*<br>*Әсем ~ әдемі ~ көрікті* |
| **Б** |
| *Бала күнінен ~ кішкентай кезінен*<br>*Барлығы ~ бәрі*<br>*Басқаша ~ өзгеше*<br>*Бірінші ~ алғашқы ~ алдымен* |

| |
|---|
| ***Д*** |
| *Достар ~ жолдастар ~ құрбылар ~ таныстар*<br>*Дұрыс ~ жөнм*<br>*Дүниеге келген күн ~ туған күн* |
| ***Е*** |
| *Ертеден ~ ежелден*<br>*Есептеу ~ санау*<br>*Ешқандай ~ ешбір* |
| ***Ж*** |
| *Жай ~ ақырын ~ баяу*<br>*Жай отырмау ~ бос отырмау*<br>*Жақсы көру ~ сүю ~ ұнату*<br>*Жаны таза – адал*<br>*Жиі ~ көп*<br>*Жұмыс істемеу ~ еңбек етпеу*<br>*Жылжу ~ қозғалу* |
| ***К*** |
| *Кәсіп ~ мамандық*<br>*Кішірек ~ шағындау* |
| ***Қ*** |
| *Қажет ~ керек*<br>*Қатар ~ бірге*<br>*Қиын ~ күрделі*<br>*Қуанды ~ риза болды* |
| ***М*** |
| *Мереке ~ мейрам*<br>*Музей ~ мұражай*<br>*Мұғалім ~ ұстаз* |
| ***О*** |
| *Ойламаған жерден ~ күтпеген жерден*<br>*Оқу ~ білім алу*<br>*Онша ұзын емес ~ орта бойлы* |
| ***С*** |
| *Салмақты ~ сабырлы ~ байсалды*<br>*Себебі ~ өйткені*<br>*Сенімді ~ тиімді; қолайлы ~ ыңғайлы*<br>*Сияқты ~ секілді ~ ұқсас*<br>*Сыйлау ~ құрметтеу ~ ардақтау* |
| ***Т*** |
| *Тиімді ~ ұтымды ~ пайдалы*<br>*Туыстар ~ туысқандар ~ ағайындар*<br>*Түбінде ~ етегінде*<br>*Түр ~ келбет ~ бет-жүз ~ рең ~ өң* |
| ***Ү*** |
| *Үлкен ~ ірі*<br>*Үнемі ~ барлық уақытта ~ ұдайы* |
| ***Ш*** |
| *Шаршау ~ қажу ~ қалжырау* |

# Жазбаша жұмыстарды бағалау межелері

«Жазылым» бөлігі бойынша тапсырмалардың орындалуын бағалау арнайы бланкіде, балл жүйесі арқылы жүргізіледі.

1. Аудиоқұрылғыда дыбысталған диктант мәтінін жазуға жоғары балл – 25, яғни жалпы көрсеткіштің 50%-ы.

2. Диктант мәтініндегі мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде өз пікірін жазуға берілетін жоғары балл – 25, яғни жалпы көрсеткіштің 50%-ы.

Қарапайым деңгей бойынша тапсырма орындауды бағалаудағы жоғары балл – 50, жеткілікті балл – 30, яғни жалпы көрсеткіштің 60%-ын құрайды.

Қарапайым деңгей бойынша тапсырма түрлері мен жазба жұмыстарын тексеруге қойылатын талаптар мазмұны, межелері төмендегі кестеде көрсетілген:

| **Тапсыр-ма түрлері** | **Мәтін көлемі** | **Жазба жұмыстарын тексеруге қойылатын талаптар** | **Межелер** | **Балл** |
|---|---|---|---|---|
| 1)шығарма-шылық диктант | 60-80 сөз | - тіл қолданушының сауатты және таза жазуы | - грамматикалық қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қате (1/0) немесе тыныс белгісінен жеңіл 1 қатесі бар (0/1) | 25 |
| | | | - грамматикалық 6 қатесі бар: орфографиялық 3, тыныс белгісінен 3 қатесі бар (3/3) немесе орфографиядан 2, тыныс белгісінен 4 қатесі бар (2/4) немесе емледен 1, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (1/5) | 20 |
| | | | - грамматикалық 11 қатесі бар: емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (6/5) немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қате бар (5/6) немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі бар (3/8) | 15 |
| | | | - грамматикалық 14 қатесі бар: емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (9/5) немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі бар (8/9) | 10 |
| | | | - 14-тен жоғары грамматикалық қатесі бар диктантқа қойылады | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2) диктант мәтініне байланысты берілген сұрақтар негізінде өз пікірін жазу | - | - тапсырмаларды орындауда мәтіндегі сөйлемдердің сөзбе-сөз жазылмауы; | - сұрақтарға толық жауап бергенде; | 5 |
| | | - сөздердің баламасын қолдану; | - тапсырмаға байланысты әр сұраққа жауап бергенде сөздердің баламасын қолданғанда; | 5 |
| | | - сөйлемдердің бір-бірімен байланысы; | - лексикалық минимумдегі сөздік қорды дұрыс қолдана алғанда; | 5 |
| | | - тапсырмаларды орындауда жауаптың толық, мәтіндегі мәселелеге қатысты болуы. | - мәтін идеясын толық түсінгенде; | 5 |
| | | | - күрделі грамматикалық құрылымды жоғары деңгейде дұрыс орындаған жағдайда. | 5 |
| | | | - сұрақтарға дұрыс, бірақ толық жауап бермеген жағдайда; | 4 |
| | | | - тапсырмаға байланысты екі сұрақтың жауабында сөздердің баламасын қолданғанда; | 4 |
| | | | - оңай сөздерді дұрыс қолданса немесе күрделі сөздерді аз қатемен жазғанда; | 4 |
| | | | - тіл қолданушы мәтіннің негізгі идеясын түсінгенде; | 4 |
| | | | - оңай грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдаланғанда немесе күрделі грамматикалық құрылымдарды аз қатемен қолданғанда. | 4 |
| | | | - тіл қолданушы сұраққа жалпы дұрыс жауап бергенде; | 3 |
| | | | - тапсырмаға байланысты бір сұрақтың жауабында сөздердің баламасын қолданған жағдайда; | 3 |
| | | | - сөздерді бірнеше қателермен жазса немесе негізгі сөздік қорды дұрыс қолданғанда; | 3 |
| | | | - мәтін идеясын жалпылай түсінеді; | 3 |
| | | | - бірнеше грамматикалық қателер жібереді немесе негізгі грамматикалық сауаттылықты сақтайды. | 3 |
| | | | - сұраққа тікелей жауап бермейді, бірақ тапсырманы талқылай алады; | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | - барлық сұрақтың жауабында сөздердің баламасын қолданбаған жағдайда; | 2 |
| | | | - сөзді қолданудағы қателері сөз мағынасын өзгертіп жіберсе; | 2 |
| | | | - жауаптары дұрыс емес жағдайда; | 2 |
| | | | - грамматикалық қателері сөз мағынасына әсер еткен жағдайда. | 2 |
| | | | - жауаптардың тақырыпқа еш қатысы жоқ; | 1 |
| | | | - тапсырмаға байланысты 3 сұраққа да толық жауап бермеген; | 1 |
| | | | - тіл қолданушының сөздік қоры өте төмен; | 1 |
| | | | - ойлау жүйесі, логикасы мүлдем дұрыс емес; | 1 |
| | | | - жауаптарының грамматикалық сауаттылығы өте төмен. | 1 |
| | | | - тіл қолданушы ештеңе жазбаған немесе барлық сұраққа жауап бере алмаған. | 0 |

Бағалау кезінде қателердің қайталануы мен бірдейлігіне назар аударылады. Егер бір қате бір сөздің құрамында немесе түбірлес сөздердің түбірінде қайталанса, бір қатеге саналады. Бір ережеге жататын қателер бір қате болып есептелінеді. Тіл қолданушы жұмыс орындау барысында диктант мәтінінде 5-тен артық түзету жасаса, жалпы көрсеткіштен 5 балл кемітіледі.

# Критерии оценки письменных работ

Оценивание выполненных заданий по блоку Письмо осуществляется на специальном бланке по балльной системе.

1. Высший балл за написанный диктант по тексту, воспроизведенному на аудионосителе – 25 баллов, т.е. 50% от общего показателя.

2. Высший балл за отражение своего мнения на основе вопросов, имеющих отношение к проблеме текста диктанта – 25 баллов, т.е. 50% от общего показателя.

Высший балл при оценивании выполненных заданий по элементарному уровню – 50 баллов; необходимый балл для прохождения данного уровня – 30 баллов, т.е. 60% от общего показателя.

Виды заданий по данному уровню, содержание требований, предъявляемых к проверке письменных работ, критерии к ним указаны в таблице:

| Виды заданий | Объем текста | Требования, предъявляемые к проверке письменных работ | Критерии | Балл |
|---|---|---|---|---|
| 1) творческий диктант | 60-80 слов | - грамотное написание текста и каллиграфия. | - нет грамматических ошибок или 1 незначительная (1/0) орфографическая ошибка или 1 незначительная пунктуационная ошибка (0/1); | 25 |
| | | | - 6 общих грамматических ошибок: 3 орфографических, 3 пунктуационных (3/3) или 2 орфографических, 4 пунктуационных (2/4) или 1 орфографическая, 5 пунктуационных ошибок (1/5); | 20 |
| | | | - 11 общих грамматических ошибок: 6 орфографических, 5 пунктуационных (6/5) или 5 орфографических, 6 пунктуационных (5/6) или 3 орфографических, 8 пунктуационных ошибок (3/8); | 15 |
| | | | - 14 общих грамматических ошибок: 9 орфографических, 5 пунктуационных (9/5) или 8 орфографических, 9 пунктуационных ошибок (8/9); | 10 |
| | | | - свыше 14-и грамматических ошибок в диктанте | 5 |
| 2) выражение своего мнения на основе вопросов, имеющих отношение к теме диктанта | | - при выполнении заданий не использовать дословно предложения и слова из текста; | - дал полный ответ на вопросы; | 5 |
| | | - правильно использовать слова, близкие по значению (синонимы); | - при ответе правильно использовал близкое по значению слово (синоним); | 5 |
| | | - взаимосвязь слов в предложений; | - правильно использовал словарный запас в пределах лексического минимума данного уровня; | 5 |
| | | - при выполнении заданий дать полный ответ, соответствие ответа проблеме, изложенной в тексте. | - полностью понял идею текста; | 5 |
| | | | - употребления сложных грамматических конструкций на высоком уровне | 5 |
| | | | - на вопросы ответил правильно, но не полностью; | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | - в ответах на два вопроса правильно использовал близкое по значению слово (синоним); | 4 |
| | | | - правильно использовал простые слова или написал с незначительными ошибками сложные слова; | 4 |
| | | | - пользователь языка понял основную идею текста; | 4 |
| | | | - правильно использовал простые грамматические конструкции или сложные грамматические конструкции использовал с незначительными ошибками; | 4 |
| | | | - пользователь языка ответил на вопросы в целом правильно; | 3 |
| | | | - в ответе на один из вопросов задания правильно использовал близкое по значению слово (синоним); | 3 |
| | | | - написал слова с несколькими ошибками или использовал только основной словарный запас; | 3 |
| | | | - понял идею текста обобщенно; | 3 |
| | | | - допустил несколько грамматических ошибок или соблюдает основы грамотности; | 3 |
| | | | - ответил на вопросы косвенно, но сумел проанализировать задание; | 2 |
| | | | - во всех ответах на вопросы не использовал близкие по значению слова (синонимы); | 2 |
| | | | - неправильное употребление слова изменило значение данного слова; | 2 |
| | | | - все ответы неправильные; | 2 |
| | | | - если грамматические ошибки тестируемого повлияли на значение слов; | 2 |
| | | | - ответы не соответствуют теме текста; | 1 |
| | | | - не дал полный ответ на все 3 вопроса; | 1 |
| | | | - словарный запас пользователя языка очень низкий; | 1 |
| | | | - неправильное логическое мышление; | 1 |
| | | | - грамотность на низком уровне; | 1 |
| | | | - пользователь языка ничего не написал или не ответил на все вопросы. | 0 |

Ė При оценивании учитывается повторение одних и тех же ошибок и их однообразие. Если одна ошибка повторяется в составе одного слова или в корне однокоренных слов, то считается за одну ошибку. Ошибки, имеющие отношение к одному и тому же правилу, также считаются за одну ошибку. Если пользователь языка при написании диктанта допускает более 5-ти исправлений, то снижается 5 баллов от общего показателя.

# Өзін-өзі бағалау парағы

| | | |
|---|---|---|
| 1-дағды | – | Жазған диктант мәтінін мұқият оқып шықтым. |
| 2-дағды | – | Әрбір сөйлемнің мағынасын түсінуге тырыстым. |
| 3-дағды | – | Тақырыптағы негізгі мәселелерді анықтадым. |
| 4- дағды | – | Сұрақтардың жауабына негіз болатын сөйлемді, тірек сөздерді таптым. |
| 5- дағды | – | Сөйлемдегі сөздер мен кейбір сөз тіркестерінің баламасын таптым. |
| 6-дағды | – | Оларды пайдаланып, пікірімді жүйелеп жаздым. |
| 7- дағды | – | Жауабымдағы сөйлемдердің құрылымын тексердім. |
| 8- дағды | – | Жауабымның грамматикалық сауаттылығын тексердім. |

# Лист самопроверки

| | | |
|---|---|---|
| 1-ый навык | – | Внимательно перечитал написанный диктант. |
| 2-ой навык | – | Постарался вникнуть в суть каждого предложения. |
| 3-й навык | – | Определил основные моменты темы. |
| 4-ый навык | – | Нашел предложение, опорные слова, которого являются основой для ответа на вопросы. |
| 5-ый навык | – | Нашел близкие по значению слова для тех слов, которые нужно заменить. |
| 6-ой навык | – | Используя данные синонимы, написал свое мнение в логической последовательности. |
| 7-ой навык | – | Внимательно проверил правильность конструкции предложений. |
| 8-ой навык | – | Проверил грамматически правильное написание ответов. |

# 5 Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
## Блок Аудирование. Тексты аудиозаписей и ключи правильных ответов тестовых заданий

### Алдын ала тест бойынша аудиожазба мәтіндері
### Тексты аудиозаписей предварительного теста

**1-диалог**
– Әселді шақырып жібересіз бе?
– ... .

**2-диалог**
– Балам, ісіңді сәтті күні бастағаның жөн.
– ... .

**3-диалог**
Күздің соңғы айы – ... .

**4-диалог**
– Еңбек демалысың көктемде ме?
– Иә, ... .

**5-диалог**
– Арман, жаныңдағы қыз әпкең бе?
– Жоқ, ол менен кіші.

**6-диалог**
– Қай жеріңіз ауырады?
– Тісім ауырып тұр.
– Аузыңызды ашыңыз.

**7-диалог**
– Алтай, менің дәптерімді көрдің бе?
– Жоқ, Әсел, сен оны тағы жоғалттың ба?
– Қызық. Қайда қойғанымды ұмытып қалдым.

**8-диалог**
– Азамат, сен кеше не істедің?
– Дос қызыммен “Ғашық жүрек” фильміне бардық.
– Ол фильм қай кинотеатрларда жүріп жатыр?
– Көптеген кинотеатрларда: “Арман”, “Байқоңыр”, “Алатау”, “Сарыарқада”, т.б.
– Біз жанымыздағы “Байқоңырдан” көрдік.

**9-диалог**
– Алтай, Ажардың туған күні жақындап қалды ғой. Сыйлық алдың ба?
– Сыйлық әлі алғам жоқ. Не аларымды білмей жүрмін.
– Қыздарға сыйлық көп емес пе? Гүл, иіс су, ойыншық, жақсы конфет, ұялы телефон, т.б.
– О! Соңғысы дұрыс екен.

**10-диалог**
– Ажар, кешірші, 15 минут кешігіп қалдым.
– Ештеңе етпес, Алтай. Бәрі дұрыс қой?...
– Иә, бәрі дұрыс. Тек шығарда телефонымды ұмытып кетіппін. Қайта кіріп телефонымды алдым. Таксимен тез жетемін деп ойладым.
– Такси ұзақ тоқтамады ғой?
– Иә, сондықтан автобуспен келдім.
– Жарайды, мен де қазір ғана келген едім.

**11-диалог**
– Бұл жетінші вагон ба?
– Иә, билеттеріңізді көрсетіңіздер. Сіздерде 22-ші, 23-ші, 24-ші орындар екен. Ол вагонның ортасына қарай орналасқан. Өте беріңіздер.
– Жақсы. Астанада қашан боламыз?
– Таңертең 7.30-да боласыздар.
– Вагонда кісі көп-ау деймін...
– Барлық орындар сатылған екен, келіп отырып жатыр. Қазір 10 минуттан соң жүреміз.

12-диалог
– Әлімбаев мырза, сіздер біз жіберген ұсыныс хатты алдыңыздар ма?
– Рақмет, алдық.
– Ендігі ойларыңыз қандай?
– Сіздердің өнімдеріңіз бізге ұнайды. Біздің талаптарымызға толық сәйкес келеді. Дегенмен бағасы қымбаттау екен. Төмендете аласыздар ма?
– Әрине, егер сіздер тапсырыс көлемін ұлғайтатын болсаңыздар...
– Қанша пайызға төмендетесіздер?
– Алдымен келіп, өнімді көріңіздер, қанша алатындарыңызды анықтаңыздар. – Сосын келісеміз.

**1-мәтін**
Еркіндік статуясы Америка құрама штаттарының символы. Бірақ ол Францияда жасалған. 1884 жылы 4 шілдеде Париж қаласында француз халқы атынан Америка елшісіне ресми сыйлық ретінде тапсырылған. Статуяны бөлшектеп, теңіз арқылы Нью-Йоркке жеткізген. Ал статуяны орнататын тұғырды (постамент) американдықтар өздері жасаған. Статуяның биіктігі – 46 метр, ал тұғыры – 47 метр. Французадар Еркіндік статуясы арқылы Америка мемлекетіне сезімін таңдану (таңырқау) және мадақтау сезімін білдіргісі келді, әрі америка және француз халықтарының бір-біріне ықыласын оятуға тырысты.
(газеттен)

**2-мәтін**
Бүкіл әлемге әйгілі Константин Эдуардович Циалковский он екі жасында гимназияға түседі. Көзі жақсы көрмейтін, құлағы дұрыс естімейтін жартылай кембағал бала үшінші курста гимназияны тастауға мәжбүр болады. Болашақ ұлы ғалымның алдында бір-ақ жол қалды. Ол - өз бетімен шұғылданып, білімін көтеру. Сөйтіп жүріп ол 18 жасында “Аэростат теориясы” атты еңбегін жазды. Екі жылдан кейін политехникалық мұражайда баяндама жасайды. Оны ықыласпен тыңдаушылар ішінде Ресейдің әйгілі адамдары А.Г.Столетов, Н.Е.Жуковскийлер болды.
Адамды ғалым қылатын мектеп те, жоғары оқу орындары да емес. Оқымысты болу, білімді болу тек өз қолыңда. Ол үшін, әрине, қабілет, жігер-қайрат, ең бастысы – білімге құштарлық керек.

*(Қ. Мырзаәлі “Жазмыш”)*

## Қорытынды тест бойынша аудиожазба мәтіндері
## Тексты аудиозаписей итогового теста

**1-диалог**
– Демалыс күні қайда бардың?
– ... .

**2-диалог**
– Біз енді қашан кездесеміз?
– ... .

**3-диалог**
– Мен сізді қонаққа шақырайын деп едім.
– ... .

**4-диалог**
– Апа, рақмет, тамағыңыз дәмді болыпты.
– ... .

**5-диалог**
– Менің телефонымды жазып аласыз ба?
– ... .

**6-диалог**
– Шығыстану факультетінде қандай бөлімдер бар?
– Араб, қытай, корей, түрік тілдерін оқытатын бөлімдер бар.
– Сен қай бөлімге құжат тапсырасың?
– Түрік тілі бөліміне.

**7-диалог**
– Балам, сабағың нешеде басталады?
– 8-де, апа.
– Онда тұр, сағат 7 болды. Жуынып, тамақтанып ал.

**8-диалог**
– Әкемнің басы жиі ауырады. Оны басатын қандай дәрілер бар?
– Анальгин, баралгин, цитрамон, көп қой. Қайсысын берейін?
– Әкемнен сұрайын, қайсысын қолданып жүр екен ...

**9-диалог**
– Мерей, сенің туылған күнің қашан?
– 23 қарашада. Өзің ше?
– Мен 23 қазанда туылғанмын.

**10-диалог**
– Әсет, Таразға қашан қайтасың?
– Аптаның соңында, демалыс күні қайтамын.
– Немен қайтасың, билет алдың ба?
– Әрине, пойызбен. Бүгін билетке барамын. Табылса, дұрыс болар еді.
– Таразға пойыз көп қой. Бірінші Алматыдан Ақтөбе, Атырау, Екінші Алматыдан Мәскеу, Шымкент пойыздары бар емес пе?
– Маған ыңғайлысы Ақтөбе пойызы, өйткені олар Таразға таңертең жетеді.

**11-диалог**
– Алло, бұл "Шолпан" сән үйі ме?
– Иә, тыңдап тұрмын.
– Сіздерде қандай қызмет түрлері бар?
– Бізде көптеген қызмет түрлері көрсетіледі: шашты сәндеу, қысқарту, бояу. Сізге қандай қызмет түрі қажет?
– Шашымды қысқартайын деп едім. Бағалары қандай?
– Шаш қию 2000 теңге.
– Жұмыс нешеге дейін?
– Кешкі 8-ге дейін жұмыс істейміз. Келіңіз.

**12-диалог**
– Шілденің соңғы күндері өте ысып кетті!
– Иә, биылғы шілденің басы жауынды басталып еді, аяғы тіпті жанып тұр-ау.
– Павлодар, Петропавл, Көкшетауда да ыстық 30-дан жоғары болып тұр.
– Шымкентте аптаның басында 40 градустан асыпты.
– Кешегі болжамда Ақтауда 38-ді көрсеткен еді.
– Алматы оңтүстіктегі әсем қала, тауға жақын тұрғандықтан ба, бізде түн жақсы, салқын боп тұр ғой.

**1-мәтін**
Әлі есімде, әлденені бүлдіріп алсақ немесе бір жаққа баруға сұрансақ, анамыз "Әкең ренжитін болды ғой", "Әкеңнен сұрансаңшы" деп айтатын еді. Содан кейін біз не істесек те, ең алдымен әкемізбен ақылдасып шешетінбіз. Дегенмен, анамыздың бұлай айтқанына таң қалатынбыз. Өйткені, әкеміз ашуланбайтын кісі. Ол, тіпті, біреуге дауыс көтеруді ұят көретін, жібек мінезді еді. Соған қарамастан отбасындағы үлкенді-кішілі істің түйінін әкем айтатын. Жаман қылығымызбен әке көзіне түсуге кәдімгідей сескенетін едік.
Өз әкесін құрметтеп өспеген адам өзгені де сыйлап жарытпайды.
Ж.Солтиева "Сыпайылық сыры"

**2-мәтін**
Токио қаласында 13 миллионнан астам халық тұрады. Қалада үйлер тығыз орналасқан. Зауыттар мен фабрикалар өте көп. Автомобильдер мен автобустар күндіз-түні тоқтаусыз жүреді. Осының бәрі ауаны ластаған. Тіпті тұрғындардың біразы еркін дем ала алмай, таза ауа толы маска киюге мәжбүр болған. Еңбекқор жапондар бұл азаптан қалай құтылған дейсіз ғой?
Ең алдымен, астана әкімінің орнына конкурс жариялаған. Негізгі шарты: "Кім ауаны жедел тазалайтын озық жоба ұсынса, сол қала әкімі болсын", - деген. Сонымен, сан мыңдаған талапкер өз жобаларын ұсынады. Жеңіп шыққан азамат билік басына келеді. Ол өзінің жобасы бойынша берген уәдесіне сәйкес Токионы алты ай ішінде әлемдегі ең таза қалалардың қатарына қосқан
(газеттен)
Қосымша берілген жаттығулардың аудиожазба мәтіндері

**1-диалог**
– Серік, сен қай салада жұмыс істейсің?
– Мамандығым – заң қызметкері. Құқық қорғау саласында істеймін.
– Ол салада қызмет ету қиын емес пе?
– Адам қиындықты жеңе білуі керек.
– Қызмет бабымен іссапарға жиі баратын шығарсың?
– Әрине, іссапарға жиі барамын.

**2-диалог**
– Жүріңіз, үйді көрсетейін. Мынау ұлдарым Асан мен Үсеннің бөлмесі. Қарсы есік – Айшаның бөлмесі.
– Үйлеріңіз неше бөлмелі?
– Төрт бөлмелі. Мына екі бөлменің бірі біздің бөлме де, бірі қонақ бөлмесі.
– Жақсы, жақсы! Бөлмелеріңіз кең, төбесі биік екен.

**3-диалог**
– Елорда да тұңғыш рет Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумы өтті.
– Форум қай кезде болды?
– Биылғы жылдың қазан айында өтті.
– Форумға қанша елден қонаққа келді?
– Оған жер шарының 71 елінен әйгілі ғалымдар мен саясат және қоғам қайраткерлері қатысты.
– Елбасының жолдауын тыңдадыңыз ба?
– Әрине, форумға қатысушыларға Елбасы жолдау арнады. Мен оны мұқият тыңдадым.

**4-диалог**
– Ертең күні бойы демаламыз. Уақытты қалай өткіземіз?
– Асқардың ауылында үлкен атасына ас беріледі екен, сонда барып ат жарысын тамашалайық.
– Бізге баруға бола ма?
– Әрине болады. Әкемнің жеңіл көлігімен барамыз.
– Тағы не болады екен? «Күрес», «көкпар» болар ма екен?
– Оны барған соң көреміз. Сен ертерек кел.

**1-мәтін**
Бүркіт – қаршыға тектес құстардың ірісі. Оның салмағы 6,5 килограммға жетеді. Қанатын жайғандағы ұзындығы 3 метрдей. Төрт жасынан бастап ұя салады. Бүркіт күніне 1кг ет жейтін, бірақ азықсыз жарты айға төзетін құс. Жанары адам көзінен бес есе өткір. Ол тау – тас, құз – шың, орман – даланы мекендейді. Азығын күндіз аулайды. Тауешкі, қасқыр, түлкі т.б. аңдарды қорек етеді. Құстардан үйрек, қаз ұстайды. Бүркітпен, әдетте, 15 – 20 жылдай аң аулайды. Ол 50 жыл өмір сүреді.

*(Қазақ энциклопедиясынан)*

# Алдын ала тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

## Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

| Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | B | 11 | C | 21 | C |
| 2 | A | 12 | B | 22 | D |
| 3 | C | 13 | D | 23 | D |
| 4 | A | 14 | C | 24 | C |
| 5 | D | 15 | D | 25 | D |
| 6 | A | 16 | D | 26 | C |
| 7 | B | 17 | B | 27 | B |
| 8 | D | 18 | C | 28 | B |
| 9 | C | 19 | D | 29 | C |
| 10 | D | 20 | B | 30 | A |

# Тест тапсырмаларын талдау бойынша дұрыс жауап кілттері

## Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

| Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | D | 11 | D | 21 | A |
| 2 | B | 12 | D | 22 | B |
| 3 | C | 13 | A | 23 | C |
| 4 | A | 14 | C | 24 | D |
| 5 | B | 15 | D | 25 | A |
| 6 | A | 16 | B | 26 | A |
| 7 | B | 17 | A | 27 | B |
| 8 | C | 18 | C | 28 | D |
| 9 | B | 19 | D | 29 | A |
| 10 | B | 20 | D | 30 | C |

# Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

## Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

| Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | B | 11 | A | 21 | B |
| 2 | D | 12 | B | 22 | C |
| 3 | C | 13 | A | 23 | A |
| 4 | A | 14 | C | 24 | D |
| 5 | D | 15 | D | 25 | A |
| 6 | C | 16 | A | 26 | C |
| 7 | B | 17 | D | 27 | D |
| 8 | D | 18 | B | 28 | C |
| 9 | B | 19 | D | 29 | B |
| 10 | A | 20 | C | 30 | D |

# 6 Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
## Лексико-грамматический блок. Ключи правильных ответов тестовых заданий

### 6.1 Алдын ала тест бойынша тес тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | D | | D | | A | | A | | D | | D | | B |
| 2. | A | | A | | A | | D | | C | | B | | B |
| 3. | C | | A | | C | | D | | C | | A | | B |
| 4. | C | | A | | C | | D | | C | | A | | C |
| 5. | B | | D | | D | | B | | C | | D | | D |
| 6. | A | | A | | D | | D | | D | | D | | B |
| 7. | A | | C | | B | | C | | D | | C | | C |
| 8. | A | | C | | D | | D | | A | | C | | A |
| 9. | D | | C | | D | | D | | A | | A | | D |
| 10. | D | | B | | B | | C | | A | | D | | B |

### 6.2 Тест тапсырмаларын талдау бойынша дұрыс жауаптар кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | A | 21. | C | 41. | D | 61. | D |
| 2. | D | 22. | D | 42. | C | 62. | A |
| 3. | B | 23. | B | 43. | A | 63. | C |
| 4. | D | 24. | B | 44. | B | 64. | D |
| 5. | C | 25. | D | 45. | C | 65. | C |
| 6. | D | 26. | D | 46. | B | 66. | D |
| 7. | A | 27. | B | 47. | B | 67. | B |
| 8. | D | 28. | B | 48. | C | 68. | C |
| 9. | A | 29. | A | 49. | C | 69. | D |
| 10. | C | 30. | C | 50. | C | 70. | A |
| 11. | D | 31. | B | 51. | D | 71. | D |
| 12. | A | 32. | B | 52. | A | 72. | A |
| 13. | D | 33. | B | 53. | B | 73. | A |
| 14. | C | 34. | B | 54. | D | 74. | A |
| 15. | B | 35. | C | 55. | D | 75. | A |
| 16. | D | 36. | B | 56. | D | 76. | B |
| 17. | D | 37. | C | 57. | D | 77. | D |
| 18. | D | 38. | D | 58. | B | 78. | D |
| 19. | D | 39. | B | 59. | D | 79. | D |
| 20. | D | 40. | C | 60. | A | 80. | D |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 81. | D | 101. | A | 121. | D | 141. | D |
| 82. | A | 102. | A | 122. | C | 142. | C |
| 83. | A | 103. | A | 123. | D | 143. | B |
| 84. | D | 104. | A | 124. | B | 144. | C |
| 85. | A | 105. | B | 125. | D | 145. | A |
| 86. | D | 106. | A | 126. | C | 146. | D |
| 87. | B | 107. | C | 127. | D | 147. | D |
| 88. | C | 108. | D | 128. | B | 148. | D |
| 89. | A | 109. | A | 129. | D | 149. | D |
| 90. | A | 110. | A | 130. | D | 140. | D |
| 91. | C | 111. | A | 131. | C | 141. | D |
| 92. | B | 112. | B | 132. | C | 142. | B |
| 93. | D | 113. | D | 133. | A | 143. | A |
| 94. | B | 114. | D | 134. | B | 144. | B |
| 95. | D | 115. | C | 135. | A | 145. | C |
| 96. | B | 116. | C | 136. | B | 146. | C |
| 97. | C | 117. | A | 137. | B | | |
| 98. | C | 118. | B | 138. | C | | |
| 99. | A | 119. | D | 139. | C | | |
| 100. | C | 120. | A | 140. | D | | |

## 6.3 Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | A | 11. | C | 21. | D | 31. | A | 41. | C | 51. | C | 61. | B |
| 2. | C | 12. | B | 22. | B | 32. | B | 42. | A | 52. | A | 62. | A |
| 3. | C | 13. | C | 23. | B | 33. | C | 43. | D | 53. | B | 63. | B |
| 4. | D | 14. | B | 24. | D | 34. | D | 44. | A | 54. | D | 64. | D |
| 5. | B | 15. | B | 25. | C | 35. | D | 45. | B | 55. | B | 65. | B |
| 6. | D | 16. | B | 26. | B | 36. | D | 46. | C | 56. | A | 66. | C |
| 7. | C | 17. | D | 27. | B | 37. | D | 47. | C | 57. | D | 67. | D |
| 8. | B | 18. | D | 28. | C | 38. | C | 48. | A | 58. | A | 68. | C |
| 9. | D | 19. | C | 29. | D | 39. | C | 49. | A | 59. | D | 69. | D |
| 10. | D | 20. | D | 30. | C | 40. | C | 50. | B | 60. | D | 70. | A |

# 7 Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
## Блок Чтение. Ключи правильных ответов тестовых заданий

### 7.1 Алдын ала бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A | 11 | D | 21 | A | 31 | A | 41 | C |
| 2 | C | 12 | C | 22 | A | 32 | B | 42 | D |
| 3 | A | 13 | D | 23 | B | 33 | C | 43 | C |
| 4 | D | 14 | C | 24 | C | 34 | C | 44 | D |
| 5 | A | 15 | B | 25 | B | 35 | A | 45 | D |
| 6 | C | 16 | B | 26 | A | 36 | A | 46 | A |
| 7 | D | 17 | B | 27 | C | 37 | D | 47 | D |
| 8 | D | 18 | D | 28 | A | 38 | C | 48 | C |
| 9 | D | 19 | D | 29 | B | 39 | A | 49 | B |
| 10 | C | 20 | C | 30 | B | 40 | A | 50 | B |

### 7.2 Талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A | 11 | D | 21 | D | 31 | D | 41 | C |
| 2 | B | 12 | A | 22 | B | 32 | C | 42 | B |
| 3 | A | 13 | D | 23 | B | 33 | B | 43 | C |
| 4 | C | 14 | B | 24 | D | 34 | C | 44 | A |
| 5 | B | 15 | C | 25 | C | 35 | A | 45 | D |
| 6 | A | 16 | C | 26 | B | 36 | B | 46 | C |
| 7 | D | 17 | B | 27 | A | 37 | C | 47 | B |
| 8 | B | 18 | D | 28 | D | 38 | B | 48 | D |
| 9 | D | 19 | C | 29 | A | 39 | D | 49 | B |
| 10 | A | 20 | B | 30 | B | 40 | B | 50 | C |

## 7.3 Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | D | 11 | A | 21 | B | 31 | C | 41 | D |
| 2 | B | 12 | B | 22 | D | 32 | B | 42 | C |
| 3 | C | 13 | D | 23 | B | 33 | C | 43 | D |
| 4 | D | 14 | C | 24 | B | 34 | B | 44 | A |
| 5 | A | 15 | B | 25 | A | 35 | C | 45 | B |
| 6 | B | 16 | C | 26 | C | 36 | B | 46 | D |
| 7 | A | 17 | D | 27 | D | 37 | D | 47 | A |
| 8 | A | 18 | C | 28 | B | 38 | C | 48 | B |
| 9 | D | 19 | B | 29 | D | 39 | A | 49 | A |
| 10 | C | 20 | B | 30 | B | 40 | D | 50 | D |

# 8 Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері
# Блок Письмо. Тексты аудиозаписей и образцы правильных ответов заданий

8.1 Алдын ала тапсырмалардың аудиожазба мәтіндері мен дұрыс жауап үлгілері
Тексты аудиозаписей и образцы правильных ответов предварительных заданий

**Алдын ала тексеруге арналған шығармашылық диктант**

**1. Электронды пошта**

Электронды пошта – әлемнің кез-келген жеріне хабар жіберудің ең сенімді жолы. Хабар дегеніміз тек жай мәтін ғана емес, сурет немесе жазылған файл болуы мүмкін. Хатты немесе хабарды алу үшін алдымен өзің сондай поштаға қосылуың қажет. Ал хабар жіберу үшін оны алушының электронды мекенжайын білуің керек. Менің электронды мекенжайым бар. Көптеген достарыммен осы электронды пошта арқылы хабарласа аламын. Бұл қазіргі кезде өте қажет деп ойлаймын.

1 Электронды поштамен маңызды құжат, сурет, баяндама, хабарлама жолдауға болады.

2 Электронды поштамен байланысу үшін Интернетке қосылу және арнайы мекенжай болу керек.

3 Ол маған алыстағы достарыммен, әріптестеріммен хабар алмасу үшін, оларға маңызды хабарлар, ғылыми баяндама жіберу үшін қажет.

8.2 Талдауға арналған диктант мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері
Тексты диктантов и образцы правильных ответов заданий для анализа

**1-нұсқа**

**1. Спорт – денсаулық кепілі**

Спортпен айналысқан адамның дені сау, жаны таза болады. “Денсаулық – зор байлық”, – дейді халқымыз. Мен спортты өте жақсы көремін. Аптасына үш күн бассейнге барып, суда жүземін. Футбол, волейбол сияқты доп ойындарын бала күннен ойнап өстім. Қазір де қызметтес достарыммен бірге апта сайын спортзалға барып, спортпен айналысамын.

Қыс айларында коньки тебуді жақсы көремін. Таза ауа адамның шаршағанын жеңілдетеді. Спортпен айналысатын адамның көңіл күйі үнемі жақсы болады.

**2.**

** Дұрыс жауап нұсқаларының біреуін ғана қолдануыңызға болады. Рекомендуется из всех правильных вариантов выбрать один ответ.*

1 А) Иә, мен (тенниспен/ жүзумен/ баскетболмен/ шаңғымен/ күреспен/ жүгірумен/ ауыр атлетикамен/ бокспен/ самбомен т.с.с.) шұғылданамын.
В) Жоқ, мен спортпен шұғылданбаймын. Себебі, оған уақытым жоқ (қызықпаймын).

2 Мен жүзу+ді (теннис+ті/ баскетбол+ды/ шаңғы+ны/ күрес+ті/ коньки+мен сырғанау+ды/ жүгіру+ді/ ауыр атлетика+ны/ бокс+ты/ самбо+ны т.с.с.) ұнатамын.

**Өйткені:**
A) жүзу көптеген ауруларға пайдалы;
B) теннис – жеңіл спорт түрі;
C) баскетбол бойды өсіреді;
D) самбо қорғану жолдарын үйретеді т.с.с.

3 A) Спорт адамның денсаулығын жақсартады, өмірін ұзартады.
B) Спортпен шұғылданған адамдар сергек, жинақы, әдемі болады.

**2-нұсқа**

**1. Сәлемдесу мәдениеті**

Сәлемдескенде адамдар бір-бірінің амандығын біледі. Бір-біріне тілегін білдіреді. Сәлемдесу адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады. Әрбір адам «қайырлы таң», «қайырлы күн», «қайырлы кеш» деген сөздермен амандасуда мәдениеттілік белгілерін көрсетеді. Осылай олар тәуліктің үш мезгілінде де бір-бірімен ақжарқын амандаса алады.

Қазақ салтында оң алақанын жүрегінің үстіне қойып, басын изейді. Не болмаса қол беріп амандасады. Бұл «Сізді шын жүректен құрметтеп, амандығыңызды тілеймін» деген мағынаны білдіреді.

*(Ғаламтор материалдарынан)*

**2.**

1 Адамдар амандасқанда бір-біріне денсаулық тілейді.

2 1) Амандасу адамгершіліктің, әдептіліктің бір көрінісі (үлгісі, нышаны) болып есептеледі (саналады).
2) Амандасу адамгершіліктің, әдептіліктің бір көрінісіне (үлгісіне, нышанына) жатады.

3 Біз таңертең «қайырлы таң», түсте «қайырлы күн», кешке «қайырлы ...» деп сәлем береміз.

**3-нұсқа**

**1. Жексенбі**

Қала тұрғындары әр жексенбіні асыға күтеді. Бұл күн – демалыс. Апта бойы қызметшілер компьютер алдында отырады. Қарапайым жұмысшы қиын жұмыстан шаршайды.

Ата-аналардың балаларымен еркін араласатын күні де – жексенбі. Сансыз сұрақ қойып, олардың несі бар, несі жоқ екенін біледі. Сабағы қалай, ол бірінші кезекте сұралады. Ұлы кіммен дос, қызы кіммен құрбы – бәрі де жауабын күтетін сұрақтар.

Отбасы болып таза ауада демалу – жақсы нәрсе. Жаз айында суға шомылып, күнге күю де керек.

Ендеше, жексенбі күн – әрбір адам үшін асыға күтетін күн.

**2.**
** Дұрыс жауап нұсқаларының біреуін ғана қолдануыңызға болады. Рекомендуется из всех правильных вариантов выбрать только один ответ.*

1 Адамдар аптаның соңғы күнінде жұмыс істемейді, демалады. Әке-шешелері балаларының жанында болады.

2 Мен үшін демалыс үй шаруаларымен айналысу үшін/ келесі жұмыс күніне дайындалу үшін/денсаулыққа пайдалы болған соң/ серуендеу үшін/достарыммен, туыстарыммен араласу үшін/ үй жинау, кір жуу үшін/ балаларыма қарау үшін т.с.с. керек.

3 A) Қол боста тауға шыққан дұрыс.
B) Мен жұмыстан бос кезде бассейнге, өзенге барып шомыламын.
C) Жұмыстан босағанда достарыммен кездескен жөн.
D) Демалыс күні ұл-қыздарыммен қыдырған дұрыс.

**4-нұсқа**

**1. Астана жазы**
Жаз келді. Жаз айында жапырақтар жайқалып, көлеңке түседі. Жылы жел соғып, кей күндері ыстық болады.
Адамдар жеңіл киіне бастайды. Қала тұрғындары Астана күнін асыға күтеді. Бұл – үлкен мереке. Аспан көк түсті, бұлттар жай жылжиды. Астана аспанына әркім ғашық. Әсіресе – жастар. Олар аспанға қарап армандайды.
Осы жыл мезгілі әрбір адам үшін қымбат. Мен үшін де қымбат. Менің туған күнім осы жаз айында. Бұл күні құшағың гүлге, көңілің тілекке толады.

**2.**
** Дұрыс жауап нұсқаларының біреуін ғана қолдануыңызға болады. Рекомендуется из всех правильных вариантов выбрать только один ответ.*

1 A) Жазда күн жылы болады;
B) Жаз айларында аспан ашық болады;
C) Жазда Астананың туған күні атап өтіледі;
D) Көп адамдар жазда демалысқа шығады т.с.с.

2 Сіз төмендегі жауаптардың бірін таңдаңыз:
A) Себебі олар биікке ұмтылады;
B) Өйткені, көп нәрсе туралы қиялдайды;
C) Себебі жоғарыға қарасаң, көңіл күйің жақсарады т.с.с
.

3 Сізге қай жыл мезгілі ұнайды? Не себепті?

A) Маған жаз ұнайды, себебі күн ыстық/маусымда//шілдеде// тамызда дүниеге келгенмін/ өзенде шомылғанды жақсы көремін/ жеміс-жидектер піседі т.с.с.
B) Маған қыс ұнайды, себебі салқын күнді жақсы көрем/ Жаңа жыл – сүйікті мерекем/ ақпанда дүниеге келгенмін/ жауған қарды ұнатам/ шаңғы мен коньки тебуді қалаймын т.с.с.
C) Маған көктем ұнайды, себебі ағаштар гүлдейді/ табиғат жаңарады/айнала жап-жасыл болады/ күн жылиды т.с.с.
D) Маған күз ұнайды, себебі жапырақтар сарғаяды/ сабақ басталады/ күзгі жаңбырды жақсы көрем/ қыркүйекте// қазанда// қарашада дүниеге келгенмін т.б.

**5-нұсқа**

**1. Шетелдік студенттер**

Алматы қаласында шетелдік студенттер өте көп оқиды. Олар қаладағы жоғары оқу орындарында түрлі мамандықтар бойынша оқып, білім алады. Шетелдік студенттер бірінші жылы қазақ, орыс тілдерін үйренеді. Олар жатақханаларда қазақстандық студенттермен бірге тұрады.

Менің шетелдік достарым, таныстарым көп. Біз демалыс күндерінде Медеу стадионына, Шымбұлаққа барып, спортпен шұғылданамыз. Менің достарыма Қазақстан өте ұнайды. Олар өз елдерін, туған жерлерін көп мақтайды. Бірақ Қазақстанға ешқандай жер жетпейтінін мен білемін.

**2.**

1 А) Иә, менің шетелдік досым (құрбым/ жолдасым/ әріптесім) бар/көп/). Олар – студент/ кәсіпкер/ көрші тұрады/ дүкенде жұмыс істейді т.с.с.
В) Менің шетелдік досым (құрбым/ жолдасым/ әріптесім) аз (жоқ).

2 2. А) Иә, шетелдіктердің жатақханада бірге тұрғаны жөн деп есептеймін, себебі олар бір-бірінен тіл үйренеді/ екінші бір халықтың, мәдениетін, салт-дәстүрін үйренеді/ достары көбейеді/ қиын кезде көмектеседі т.с.с.
В) Жоқ, меніңше, шетелдіктердің жатақханада бірге тұрғаны дұрыс емес, себебі бір-бірінің тілін білмейді/ дүниеге көзқарастары сәйкес келмейді/ түсініктері әр түрлі т.с.с.

3 А) Студенттер мұзда сырғанайды.
В) Олар тауға шығады.
С) Жастар шаңғы тебеді т.с.с.

8.3 Қорытынды тапсырмалардың аудиожазба мәтіндері мен дұрыс жауап үлгілері
Тексты аудиозаписей и образцы правильных ответов итоговых заданий

**1. Кітап**

Ол екеуміз ойламаған жерден таныстық. Оның аты Қуаныш екен. Бәріне себепкер болған – кітап. Менің де атым – Қуаныш. Ол – мен сияқты студент. Қуаныш қазаққа ұқсамайды. Бірақ қазақ тілінде жақсы сөйлейді. Менің түрім де басқа ұлтқа ұқсайды. Бір қызығы, екеумізге қажет кітап біреу ғана болып шықты. Кітап екі тілде басылған. Маған орысшасы, Қуанышқа қазақшасы керек. Екеуміз қатар отырып, бірге дайындалдық. Осылай кітап достығымызға себеп болды. Біз оған қуандық. Жақсылап танысып алдық.
Жақын дос табу қандай жақсы!

**2.**

1 Жаңа достық кітапханада бір оқулықты іздеуден басталды.

2 Дос болуға бір кітапты қатар пайдалану ықпал етті.

3 Ағайын арасында бір-бірін көре алмайтындар кездеседі. Ал жолдасың үнемі қасыңда, қиын кезде көмектеседі.

# Қосымша жаттығулардың дұрыс жауап нұсқалары
# Варианты правильных ответов дополнительных упражнений

### 1-жаттығу

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | көлдер көп | 5 | жағасында ұзақ |
| 2 | қаламмен,салғанды | | хат жіберіп, хабарласып тұруға |
| 3 | мақтан тұтамын | 7 | бокспен шұғылданады |
| 4 | кітапханада, оқушылар | | |

### 2-жаттығу

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | шай | 5 | әрбір |
| 2 | әлемге | 6 | әсем |
| 3 | жай | 7 | әрқашан |
| 4 | қазір | 8 | әріптестер |

### 3-жаттығу

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | көп | 4 | желтоқсанда; өтті |
| 2 | орнатылған | 5 | бөрік |
| 3 | өлең | 6 | өзімді |

### 4-жаттығу

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | тілі; сүтіме | 4 | қазір; хабарласады |
| 2 | кешігіп | 5 | мейірімі |
| 3 | ұлттық киім киіп | | |

**5-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | қосылуың | 5 | аңның терісінен |
| 2 | өлеңдерін | 6 | сіңлісі – шаңғышы |
| 3 | таудың | 7 | маған |
| 4 | қиын | | |

**6-жаттығу**

| | |
|---|---|
| 1 | Менің ағамның аты – Өркен. |
| 2 | Ол тауды ұнатады. |
| 3 | Досым – суретші. |
| 4 | Құрбым: «электронды мекенжайыңды хабарла», - деді. |
| 5 | Алақай, мен оқуға түстім! |
| 6 | Ал сіз ше? |
| 7 | «Бірінші байлық – денсаулық» деген мақалдың мәні зор. |
| 8 | Жаңа үйге көшіп келген досым – Әділжан. |

**7-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Шымбұлақ | 5 | демалыс |
| 2 | медбике | 6 | балмұздақ |
| 3 | денсаулық | 7 | саябақ |
| 4 | теледидар | | |

**8-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | кейбіреулер | 4 | әр адам |
| 2 | әлдеқашан | 5 | кей кезде |
| 3 | еш уақытта | 6 | әлденеше |

**9-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | алдын ала | 5 | ана тілі |
| 2 | қысы-жазы | 6 | әке-шешеммен |
| 3 | ауа райы | 7 | мекенжайымды |
| 4 | ыдыс-аяқ | | |

**10-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | әсем | 4 | досы; айналысады |
| 2 | сабырлы | 5 | кәсібін |
| 3 | ұстаздардың | 6 | туыстарым |

**11-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | -тар | 5 | -ды |
| 2 | -ім | 6 | -мен |
| 3 | -тан | 7 | -ға |
| 4 | -мын | | |

**12-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | кісі | 9 | өтіну |
| 2 | кеміту | 10 | сүйікті |
| 3 | айқын | 11 | жәрдемдесу |
| 4 | тәсіл, айла | 12 | серуендеу |
| 5 | жалақы, еңбекақы | 13 | қалжың |
| 6 | кеңесу | 14 | әлді, қуатты |
| 7 | есті | 15 | ұту |
| 8 | қашық, шалғай, ұзақ | 16 | сабырсыз, төзімсіз |

**13-жаттығу**

| | |
|---|---|
| 1 | шаттанып, ақырын, қарқылдап, сыңғырлап |
| 2 | тамақ, бұрыш, қияр, өмір |
| 3 | жазды, келді, күткен, айтты, қойды, жеңді |

**14-жаттығу**

| | |
|---|---|
| 1 | Астана бүгін қатты өзгерді. |
| 2 | Бөрікті бағалы аңның терісінен тігеді. |
| 3 | Қазақ тілін үйренгендер саны көбеюде. |
| 4 | Қымыз – ұлттық сусындардың бірі. |
| 5 | Ана көрген тон пішер. |
| 6 | Көз – қорқақ, қол – батыр. |
| 7 | Қазақстанда шетелдік студенттер көп оқиды. |

**15-жаттығу**

| Дұрыс жазылған сөздер | Қате жазылған сөздер |
|---|---|
| әке-шешесі, қаламмен, мектебі, қорыққа, алдын ала, қызығы, жиі-жиі, құшағың, ешқандай, әйтеуір | дыбыслар, досға, түңгі; мұғалым, кітәп, өлөң, ауа-райы, күндүз, құсамайды, құрылышшылар, бейсембі, әргім, оқыйды, менімше |

**16-жаттығу**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | түсінесің | 4 | сусын ішіңіз |
| 2 | көп жүрме | 5 | қолыңмен сүртпе |
| 3 | басың ауырады | 6 | күн жылынады |

# ӘДЕБИЕТТЕР

**1.** ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».

**2.** ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».

**3.** ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».

**4.** ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

**5.** ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

**6.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 30 бет.

**7.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 54 бет.

**8.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 66 бет.

**9.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 108 бет.

**10.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 156 бет.

**11.** Preparation Course for the TOEFL Test, DEBORAH PHILLIPS, Pearson Longman, Education Testing Service, USA

**12.** IELTS with answers. Examination papers from University of Cambridge ESOL examinations: English for Speakers of Other Languages, Cambridge University Press, UK, 2007

**13.** Pamela J. Sharpe, TOEFL IBT Internet-Based test, Barrons Educational Series, NY, 2007

**14.** Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. – 784 бет.

**15.** А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991. – 384 бет.

**16.** М. Балақаев, А. Ысқақов, Т. Қордабаев, А. Хасенова. Қазақ тілінің грамматикасы. I Морфология, Алматы, 1967. – 264 бет.

**17.** Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым, А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамади, Р. Рахметова, Ж. Көпбаева. Қазіргі қазақ тілі (оқу құралы), Алматы, 2005. – 535 бет.

**18.** З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ Әбдірәсілов. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы, Алматы, 2009. – 156 б.

**19.** Ғ. Смағұлова. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі, Алматы, 2002, – 191б.

**20.** Г.Қ. Рысбаева. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. – 192 бет.

**21.** А. Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, – 462 б.

**22.** Н. Оралбай, К.Құрманәлиев. Қазақ тілі. Алматы, 2007, – 454 б.

**23.** Н.Т. Сауранбаев редакциясымен, Орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1954.

**24.** Д. Ақанова, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші-екінші-үшінші деңгей. Алматы, Арман-ПВ, – 2010.

**25.** Қ. Бектаев. Үлкен қазақша-орысша/орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1999.

**26.** Ұ.А. Жанпейісова, Х.К. Мауленова. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік, Алматы, 1997.

**27.** Э.Д. Сүлейменова, А.М. Алдашева, Д.Х. Аканова, Ж.Б. Алдаш. Ресми-іскери тіл: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі, Алматы, 2005.

**28.** З.С. Күзекова, Т. Тұяқбаев. Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық сөздік, Астана: Елорда, 1998.

Пішімі 210x275
Қаріп түрі «Arial»
Таралымы 5000 дана
Тапсырыс № 732

Дизайн және басып шығару «Ақарман-медиа» ЖШС
Астана қ-сы, К. Байсейітова к-сі, 114/2
тел. 28 96 67, 28 96 68

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

# ТІЛ-ҚҰРАЛ

Элементарный уровень **A1** Қарапайым деңгей

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

**Қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген оқу-әдістемелік құралдар қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау емтиханына дайындалу үшін ұсынылады.**

Емтиханға дайындық нәтижелі болу үшін оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны төмендегідей берілген:

- тіл қолданушыға бастапқы бағыт ретінде әр сөйлеу әрекетінің түріне қысқаша шолу жасалынған;
- қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін алдын ала тест ұсынылады;
- тілдік дағдыларды қалыптастыру мақсатында әр бөлік бойынша тест тапсырмаларына талдау жасалынып, дұрыс жауапты анықтау тәсілдері берілген;
- тілдік дағдыларды шыңдау үшін қорытынды тест ұсынылады;
- қосымшада қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес жаттығу тапсырмалары мен анықтамалық ақпарат берілген;
- сондай-ақ қосымшада тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері мен аудиожазбалардың мәтіндері қамтылған.

Оқу-әдістемелік құралдарға **CD-дискіде** қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес Тыңдалым және Жазылым бөліктерінің аудиожазба мәтіндері қосымша беріледі.

**Емтиханды сәтті тапсыруға тілектеспіз!**

**Учебно-методические пособия по пяти уровням владения казахским языком рекомендованы для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком.**

Для эффективности подготовки предложено следующее содержание:

- в качестве экскурса дана краткая характеристика каждого вида речевой деятельности;
- для определения своего уровня владения казахским языком предложен предварительный тест;
- с целью формирования речевых навыков приведен подробный анализ достаточного количества тестовых заданий по каждому блоку, в ходе которого предложены способы определения правильного варианта ответа;
- для закрепления речевых навыков предлагается итоговый тест;
- в приложении даны тренировочные упражнения и необходимая для определенного уровня справочная информация;
- ключи правильных ответов тестовых заданий, тексты аудиозаписей, материалы самопроверки также приведены в приложении.

К учебно-методическим пособиям прилагаются **CD-диски** с аудиозаписями текстов по блокам Аудирование и Письмо, соответствующими уровню владения казахским языком.

**Желаем успешной сдачи экзамена!**

Для базового, среднего,уровня выше среднего и высокого уровней предлагаются следующие фонды слов и словосочетаний




ISBN 978-601-7185-00-0




ISBN 978-601-7185-00-0




ISBN 978-601-7185-00-0




ISBN 978-601-7185-00-0